

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Сулейман Демирель атындағы университет

ӘОЖ: 378.016:81'271

Қолжазба құқығында

Дуйсебекова Жайнагул Муратқызы

**Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы
филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі**

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Куралай Кудеринова

Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Жарқынбике Сүлейменова

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD, профессор Гүлайхан Ақтай
(Польша, Адам Мицкеевич атындағы университет)

Қазақстан Республикасы
Қаскелең, 2019

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
КІРІСПЕ	8
1 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері	
1.1 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың тілбілімдік негіздері	16
1.2 Ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс	50
1.3 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы	74
1.4 Ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың дидактикалық ұстанымдары ...	85
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	103
2 Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі	
2.1 Жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқытудың қазіргі жайы	105
2.2 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	115
2.3 Ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңа әдістері.....	123
2.4 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік оқыту тәжірибесінің нәтижелері	141
Екінші бөлім бойынша тұжырым	163
ҚОРЫТЫНДЫ	164
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	167
ҚОСЫМШАЛАР	180

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегідей нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

1 Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І тіл туралы Заңы (ҚР 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №269-V Заңымен енгізілген өзгертулермен). Қазақстан республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 32 бет.

2 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 32 бет.

3 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған Типтік оқу бағдарламасы, VI бөлім. – Алматы: ҚР БЖҒМ, 2003. – 99 бет.

4 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған Типтік оқу бағдарламасы. – Алматы: ҚР БЖҒМ, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015. – 99 бет.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Адресант – коммуникативтік актіге қатысушы, сөйлесім жағдаятында тілдік бірліктерді айтылым немесе жазылым іспетті сөйлесім әрекеттерін жүзеге асыру үдерісінде қолданып, тыңдаушысына өз ойын жеткізуші коммуникант.

Адресат – сөйлесім жағдаятында тілдік бірліктер арқылы адресанттың жүзеге асырған сөйлеу актілерін қабылдаушы, прагматикалық лингвистиканың ядролық құраушыларының бірі.

Артикуляция (лат. articulation – бөлшектеу) – дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасау барысындағы қызметі.

Ауызша тіл дегеніміз – ішкі сөйлеуді ауыз мүшелерінің қозғалысы арқылы дыбыс толқындарымен сыртқа шығаратын, белгілі бір тілдік таңбаға кодталған, естілетін және айтылатын тілдік жүйе немесе ойдың дыбысталуы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы.

Әдеби тіл – орныққан, тұрақты нормалары бар, жалпыға бірдей түсінікті, ортақ, қоғамдық қызметі әртүрлі, жалпы халықтық тілдің ерекшеленген, сұрыпталған, сымбатталған жүйелі түрі.

Әдеби тіл нормасы – белгілі кезеңде тілдік құралдарды қоғамдағы барлық адамдарға ортақ, орнықты түрде қолдану үлгісі.

Әдіснама – ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың қағидаттары туралы өмір тәжірибесінің жиынтығы.

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы.

Әлеуметтік бағыт – тілді адамдардың қарым-қатынас құралы және әлеуметтік құбылыс ретінде танитын ағымдардың, концепциялардың, мектептердің жиынтығы.

Билингвизм (лат. bi – екі; lingua – тіл) – қостілділік: белгілі әлеуметтік топтың (мемлекеттің) екі тілде сөйлеуі.

Валенттілік (лат. valentia – күш) – сөздің басқа сөздермен синтаксистік байланыс жасау қабілеті.

Барваризм (грек. barbarous – жат жерлік) – өз тілінде баламасы бола тұра, бөтен тілдің сөздерін еліктеумен (сән үшін) қолдану.

Дәгды – қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтандыру.

Дәйексөз (цитата) – басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей берілуі.

Диалог (грек. dialogos – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – екі немесе бірнеше адамның сұрақ-жауап ретіндегі сөйлесіп, тіл қатысуы.

Дидактика – оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, оқытудың басты ұстанымдарын және әдіс-амалдарын қарастыратын педагогиканың бір саласы.

Дидактикалық ұстанымдар – оқытудың негізгі мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерін, әдістерін мақсатына, заңдылықтарына сай орындайтын қағидалар

жүйесі.

Дискурс (фр. discours – сөйлеу) – экстралингвистикалық, яғни парадигматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлармен байланыста болатын мәтін.

Интерференция (лат. inter – аралық, ferio – соғу, тигізу) – қостілділік жағдайында тілдердің бір-біріне тигізетін әсері, ықпалы.

Интонация (лат. intonation – қатты айтылатын) – әуен, интенсивтілік, ұзақтық, сөз қарқыны, айту тембрі сияқты бір-бірімен байланысты сыңарлардың бірлігі.

Жазба тіл дегеніміз – ішкі сөйлеуге (белгілі бір тілге, мысалы, қазақ тілі) кодталған ойдың фонемалық сүзекіден өтіп жазу, көруге бағытталған графикалықкодқа айналған жүйесі.

Жаргон (фр. argon) – тұрақты жеке әлеуметтік топтың ауызекі тілде сөйлеуі.

Коммуникация (лат. communication – байланыс, қатынас) – араласу, ойлармен, идеялармен, деректермен бөлісу.

Коммуникативтік стратегия дегеніміз – белгілі бір тілдік құралдар арқылы берілетін коммуникативтік мақсат пен міндеттерге жетуге бағытталған сөйлеу әрекеті.

Көптілділік (мультилингвизм, полилингвизм) – бір мемлекет ішінде бірнеше тілді пайдалану немесе бір адамның бірнеше тілде сөйлеуі.

Қарапайым сөйлеу – ұлттық тілдің бір түрі. Қарапайым сөйлеу диалект, жаргон және халық говорларымен бірге халықтың ауызекі тіліне жатады.

Қыстырма сөз – сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын білдіретін оқшау сөздің бір түрі.

Мағына – сөз арқылы айтушы мен тыңдаушыға ортақ түсінікті, нақты ұғымды білдіретін шындық өмірдің көрінісі.

Модель – өлшем, үлгі, норма. Кең мағынада – нысанның ойда немесе белгіде жасалған образы.

Монолог (грек. monos – бір және logos – сөз, сөйлеу) – белсенді сөйлеудің нәтижесінде пайда болатын бір тұлғаның сөйлеуі.

Орфоэпия – сөздердің жалпыға бірдей қалыпты айтылу нормасы.

Парадигма – ғылыми тәжірибеге негізделетін, нақты ғылыми зерттеуді айқындайтын теориялық және әдістемелік алғышарттардың жиынтығы.

Педагогикалық дискурс мақсаты, қатысушылары, бағытталатын құндылықтары, білім алу ортасы, құрылымдық мазмұны секілді аспектілерді қамтиды. Педагогикалық дискурс үш үлкен коммуникативтік-педагогикалық функцияларды атқарады: 1) гносеологиялық (пәндік, мәдени, әлеуметтік т.б. білімдерді алуы); 2) коммуникативтік-реттеуіштік (мақсатқа жету үшін қолданатын стратегия мен тактикаларды қамтиды) және 3) коммуникативтік-тәрбиелілік (білім алушының жалпы тұлға ретінде дамуы).

Педагогикалық технологиялар – теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін тәжірибе жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен білім алушылардың

өздерін кәсіби тұрғыдан дамытуына мүмкіндік беретін жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Сленг – әдеби тіл нормасынан алшақ тұратын, тілдегі эмоционалды-экспрессивтілікті көрсететін, белгілі бір деңгейде әлеуметтік топтарда қалыптасқан ережелерге деген қарсылықты білдіретін, шығу тегі жағынан бірегей лексикалық қабат.

Сөз – айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас құралы.

Сөз әдебі – қоғамда қабылданған ресми не бейресми жағдайда әңгіме құраушылардың әлеуметтік рөліне сай болатын сұхбаттасу ережелерінің тұрақты жүйесі.

Сөздің байлығы дегеніміз – әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі.

Сөздің дәлдігі дегеніміз – сөздің реалды шындықтағы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі.

Сөз дұрыстығы дегеніміз – сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау.

Сөздің логикалылығы дегеніміз – ойдың қайшылыққа ұрынбауы.

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз – адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы.

Сөйлеу – бір мезгілде болатын нақтылы сөйлеу. Сөйлеуге сөйлеу қызметі және сөйлеу нәтижесі (жадта сақталған және жазылған шығармалар) жатады.

Сөйлеу актісі – қоғамда қалыптасқан сөйлеу ережелеріне сай, белгілі бір мақсатта жүзеге асырылатын сөйлеу әрекеті.

Стиль – стилистика ғылымының ең басты категориясы. Сөйлеудің сапалылығы, экспрессивтілігі, белгілі бір сөйлеу жағдайы мен түріне, қатынас жасау мақсатына сай келетін бейнелеу құралдарын пайдалануы дегенді білдіреді.

Стилистикалық мағына – тілдік тұлға-бірліктің мағыналық құрылымындағы лексикалық, заттық, грамматикалық мағыналарынан тысқары қосымша белгісі.

Тіл дегеніміз – жұрттың барлығына ортақ мағыналары бар, шартты жалпыға бірдей дыбыстар жүйесі болып табылады. 1) қызметі тұрғысынан: тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы, ойды білдіру құралы; 2) құрылым тұрғысынан: тіл – тілдік бірліктер мен ережелердің жиынтығы; 3) өмір сүруі тұрғысынан: тіл – қоғамдық, ұжымдық дағдының нәтижесі; 4) семиотикалық тұрғыдан: тіл – таңбалар жүйесі; 5) ақпараттық тұрғыдан: тіл – ақпараттық мағынаның коды.

Тілдік норма – қоғамда байланыс жасау барысында тұрақталған тілдік жүйе.

Тіл саясаты – қоғамда, мемлекетте тіл мәселелерін шешуде қолданылатын идеологиялық ұстанымдар мен шаралардың жиынтығы.

Тіл және қоғам – қазіргі тіл білімінің өзекті мәселесі. Тілдің пайда болуы, дамуы мен қызметі, әлеуметтік топтарға қатысы, тілдің қолданылуы мен басқа тілдермен арақатынасы, қоғамның тілге деген саналы көзқарасы – бәрі де

тілдің қоғамдық табиғатынан туындайды.

Тілдік қате – белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі.

Шешендік – шаршытоп алдында сөйлеудің негізі.

Шешендік канон – шаршытоп алдында сөйленер сөздің құрылымдық жүйесі. Ол айтар ойдың туындауынан бастап, сөз арқылы жарыққа шығу кезеңдерін толығымен қарастырады.

Эмоционалды-экспрессивті сөздер – тіліміздегі сан алуан стильдік мәні бар, сезімге түрлі әсері бар сөздер. Эмоционалды-экспрессивті сөздер адам сезімін білдіруге, мәнерлілік пен суреттілікті күшейтуге қызмет етеді (Терминдердің анықтамасы негізінен А.Салқынбай, Е.Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздік». – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б. және Б.Жұмақева, Ш.Ерхожина, А.Тымболованың «Мұғалімнің кәсіби бағдар: оқу құралы». – Алматы: ИП «Балауса», 2018.- 176 б. бойынша берілді).

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Тұтас бір елдің тәуелсіздігін мызғымас ететін факторлардың бірі – оның ана тілі. Заң тілімен айтсақ: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» [1]. Себебі бір халықты екіншісінен айқын ерекшелеп, бүкіл болмысын, табиғатын көрсетіп тұратын – оның тілі, соның ішінде оның әбден екшеліп, сұрыпталған ұлттық әдеби тілі.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында аталған бағдарламаның басты мақсаттары ретінде мына мәселелерді атап көрсеткен: «1) мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы; 2) мемлекеттік тілді көпшіліктің кеңінен қолдануына қол жеткізу; 3) дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті; 4) қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту» [2]. Зиялы ұлттың әлеуетін құруға ұстаздар қауымы қатысатыныдаусыз. «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлеу, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етіп түсіндіруі керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді пайдаланбау керек», – деп Ы.Алтынсарин атап өткендей [3], болашақ мұғалімдердің, жалпы «сөз» атты құдіретті құралды пайдалануын міндетті деп санаймыз. Ұлы ақын Абай да осы ретте: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады» деп ұстазды ерекше атап кеткені мәлім. Ұстаз – алдындағы шәкіртінің бойында ізгі, асыл қасиеттерді қалыптастырып, дамытатын тұлға. Түптеп келгенде, Абай айтқан сол ата-ананы да, құрбыны да тәрбиелеп шығаратын – ұстаз. Ал тәрбие сөз арқылы жүзеге аспақ.

«Мәңгілік ел» құрып отырған мемлекетіміздің ұлттық идеясын жүзеге асырудың тетігі – бүгінгі білім алушылардың, ертеңгі жас мамандардың қолында. Осы тұрғыдан ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңірген, әлемдік бәсекеге қабілетті, кәсіби-әдістемелік құзыреттілігі қалыптасқан жоғары білікті маман даярлау – жоғары білім беру жүйесінің міндеті.

Болашақ филолог мамандардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру қазақ халқының рухани құндылықтарының маңыздысы сөз құдіретінің қасиетін түсінуге, сөз мәдениеті туралы ғылыми танымының кеңейіп, сөйлеудің этикалық-эстетикалық ұстанымдарын жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді.

Тіл, сөз, сөйлеу ұғымдары, олардың арақатынасы, олардың халық санасындағы орны, ауызша тілдің лексикасы, оның ерекшеліктері, сөздің қатысымдық сапалары, ауызша сөз мәдениетінің педагогикалық дискурс аясындағы мән-маңызын білу – болашақ филолог мұғалімдердің кәсіби қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың басты буыны.

Осы мәселелер тұрғысынан сөз мәдениетінің нормалық, этикалық аспектілерін, ауызша сөз мәдениетіне қойылатын талаптарды, педагогикалық

дискурс, оның білім беру үдерісіндегі қызметі мен жанрлық түрлерін меңгертудің әдістемелік жүйесін жасау жоғары мектеп дидактикасының өзекті тақырыптарының бірі болып табылады.

Академик Р.Сыздық: «Бүгінгі таңда ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны әсіресе кеңсе-іс қағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі одан кем түспейтін – тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп жұмсау үшін күрес болуға тиіс», – деп сөз мәдениеті үшін күрестің маңыздылығын атап көрсетеді [4].

Тілдің куммулятивтік қызметінің еркін жүзеге асуы үшін филолог мамандарға тілді пәндік және коммуникативтік тұрғыдан ғана емес, тілдің бүкіл бойындағы нәрлілігімен білімгерлерге жеткізу міндеті жүктелмек. Бұл өз кезегінде сөз мәдениетіне қатысты пәндердің маңыздылығын арттыра түседі. «Тілдің ауызша және жазбаша түрінің қатар дамып, қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуі үшін оны түрлі ауытқулардан арылтып отыру, қоғамның, тілдік ұжым мүшелерінің сөз мәдениетін көтеру «сөз мәдениеті» деген ғылыми-теориялық пәннің алдында тұрған гуманистік, әлеуметтік жауапкершілік болып табылады» [5, б.3].

Сөз мәдениеті немесе оған мазмұны жақын пәндердің қалыптасу және даму алғышарттары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов т.б. ғалымдардың еңбектерінен бастау алса, кейінірек Р.Сыздық, Н.Уәли, Р.Әмір, Б.Шалабай, Қ.Күдерінова, З.Ерназарова, сөз мәдениетінің әдістемелік жүйесіне қатысты Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, Г.Қосымова, С.Рахметова, А.Жапбаров, А.Қыдыршаев т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын табады. Ғалымдардың зерттеулерінің басым бөлігі – жазбаша тілдің табиғатын ашуға бағытталғаны еңбектер. Алайда кез келген әдеби тілдің бастауында ауызша тіл тұратыны белгілі. Осы мәселе тұрғысынан ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтау тіл білімінің өзекті мәселесі болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесінде болашақ филолог мамандардың кәсіби қатысымдық құзыреттілігінің басты мазмұндық бөлігінің бірі – ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы. Осымен байланысты ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің өзегі болып табылатын ғылыми-дидактикалық қағидаттары, құрылымдық-мазмұндық моделі, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері мен жаңаша құрылған оқыту құралдары, сондай-ақ ауызша сөз мәдениетінен берілетін ғылыми білім мазмұнын анықтайтын жаңа пән енгізудің әдістемелік жүйесін анықтау зерттеу жұмысының **өзектілігін** көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты – түрлі жағдаяттағы ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтау арқылы жоғары білім беруде болашақ педагог, филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негіздерін жасау және оны тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізіп, тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің нысаны – ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу пәні – ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы

филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі (білім мазмұны, әдістемелік жүйесі, ғылыми негіздері, теориялық тұжырымдары).

Зерттеудің міндеттері:

- ауызша сөз мәдениетіне қатысты ғылыми ұғымдарды анықтайтын зерттеу жұмыстарын зерттеп-зерделеу;
- тіл, сөз, сөйлеу ұғымдарының арақатынасы мен ауызша сөйлеудегі мән-маңызын айқындау;
- ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын түрлі жағдаяттағы қолданысына қарай, тілдік және прагматикалық қырынан анықтау;
- филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетінің педагогикалық дискурстағы алатын орны мен ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамаларын белгілеу;
- жоғары білім беру жүйесінде филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін анықтау;
- ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңаша әдістері мен оқу құралдарын айқындап, ұсынылған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» таңдау пәнінің әдістемелік жүйесінің оқыту тәжірибесінде тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер ауызша тілдің ерекшеліктерін меңгертудің негізінде сөз мәдениетін қалыптастырып, дамытудың әдістемелік жүйесі әзірленіп, оны оқыту кезінде білім алушылармен арнайы құрастырылған оқу-әдістемелік кешен бойынша дәрісханалық және одан тыс жұмыстар жүргізілсе; оқыту формасы филологияның басқа да туыстас салаларымен (атап айтар болсақ, шешендіктану, әдебиет т.б.) байланыстырылса, ауызша тілдегі уәжді, уәжсіз ауытқушылықтар анықталып, уәжді ауытқудан дұрыс бағытта пайдаланудың жолдары қарастырылып, уәжсіз ауытқушылықтарды болдырмауға, керісінше әдеби тілдің сипаттарын түсініп, қолдануға бағытталған жұмыстар жүргізілсе; ауызша сөз мәдениетін меңгертудің тиімді әдісі ретінде үлгісөздер моделі пайдаланылса, ауызша тілдің құрылымы ретінде шешен сөйлеуге машыктанса, **онда** білім алушының ауызша сөз мәдениетін жетілдіруге, кәсіби тілдік тұлғасын дамытуға болады.

Зерттеудің жетекші идеясы: ауызша тілді ғылыми-теориялық зерттеу және оның жүйесі мен құрылымын меңгертуге негізделген әдістемелік жүйесін ұсыну ауызша сөйлеу мәнері дамыған, бәсекеге қабілетті, өз бойында ұстаздық қабілетін дамытуға даяр маман дайындауға жол ашады.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеудің әдіснамалық негізін тіл, сөз, сөйлеу арақатынасын ажырату, тіл мен сөйлеуге ықпал ететін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар, сөз мәдениетін жетілдіру, шешендіктану, лингвоэкологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелеріне қатысты жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі, педагогикадағы, білім беру философиясындағы, психологиядағы, лингводидактикадағы зерттеулер, ғылыми пікір-көзқарастар мен тұжырымдар құрады.

Зерттеу әдістері. Қойылған мақсатқа сәйкес міндеттерді шешу және зерттеу болжамын тексеру үшін төмендегідей әдістер қолданылды:

- теориялық әдістер: талдау, сараптау, ой қорыту, салыстыру, жалпылау,

педагогикалық үдерістерді жүйелеу және жобалау;

- эмпирикалық әдістер: сауалнама, сұхбаттасу, тікелей, қосалқы қысқа мерзімді бақылау, педагогикалық тестілеу, эксперттік бағалау, оқу эксперименті, эксперимент мәліметтерін статистикалық-сапалық өңдеу және т.б.

Эксперименттік база. Сулейман Демирель атындағы университет пен Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті базасында құрылды.

Зерттеудің негізгі кезеңдері

1. Бірінші кезеңде (2016-2017 жж.) жоғары оқу орнында білім алушылардың ауызша сөз мәдениеті деңгейін, оны оқытудың іске асырылуын анықтау мақсатында студенттермен сауалнама, сабақтарға, қоғамдық-мәдени іс-шараларға қатысу жұмыстары жүргізілді, тақырыпқа қатысты нормативтік құжаттар талданды.

Сөз мәдениеті мәселелерін оқытудың ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздері бойынша зерттеу үшін отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбына сәйкес еңбектеріне талдау жасалып, зерттеудің басым бағыттары, болжамы айқындалды.

2. Екінші кезеңде (2017-2018 жж.) зерттеу жұмысының жетекші идеясы анықталды; оқыту үдерісіне «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» таңдау пәні енгізілді; ауызша сөз мәдениеті мәселелерін оқытудың дидактикалық ұстанымдары сараланды және оны оқытудың кешенді әдістемесі әзірленді; филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыратын жаттығу-тапсырмалар жүйесі жасалды; ауызша сөз мәдениеті мәселелерін меңгерудің тиімді оқыту әдіс-тәсілдері, оқу құралдары, қалыптастырушы эксперимент арқылы сынақтан өткізілді.

3. Үшінші кезеңде (2018-2019 жж.) зерттеу нәтижелері жүйеленіп, қорытындыланды; филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды; оны оқыту әдістемесі жетілдірілді; бақылау және қалыптастыру эксперименттерінің нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасалды; ауызша сөз мәдениетін оқытудың қазақ тілінің өміршеңдігін қамтамасыз етудегі, білікті маманның қалыптасуындағы маңызы дәйектелді; әдістемелік тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ауызша сөз мәдениетінің тілбілімдік негіздері (тіл, сөз, сөйлеу арақатынасы, ауызша тілдің ерекшеліктері мен ауызша тілдің негізгі түрлері, сөздің қатысымдық сапалары) айқындалды;

- ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурстың өзекті мәселелері анықталды;

- филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы танытылды;

- сөз мәдениеті мен оған жақын пәндердің оқытылу жайы және оқыту барысында қолданылатын оқу-әдістемелік құралдардың мазмұны талданды;

- ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оқытудың жаңаша әдістері мен жаңа оқыту құралдары сараланды;

- оқу үдерісінде «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау пәні енгізіліп, оның әдістемелік жүйесімен бағдарламасы түзіліп, тиімділігі тәжірибеде дәйектелді.

Жұмыстың теориялық маңызы тіл, сөз, сөйлеу ұғымдарының арақатынасы тілдік, психолінгвистикалық қырынан ажыратылуымен; қазақ ауызша тілі мәселелерінің зерттелу тарихына шолу жасалып, оны зерттеу мен оқытудың маңызы көрсетілуімен; ауызша тілдің түрлі жағдаяттағы көрінісі арқылы оның тілдің құрылысы лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды ескере отырып, талдануымен айқындалады. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Шешендіктану», «Сөз мәдениеті» т.б. пәндерді оқытудың мазмұнын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы кәсіби біліктілікті дамытуға бағытталған бағдарлама және ұсынылған жаттығулар жүйесінен тұратын оқу-әдістемелік кешеннің болуымен; сөз мәдениетін оқытудың жаңа технологиялары, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегіне жүгінуге қадам жасалуымен айқындалады. Зерттеу жұмысын тіл білімі, әдістеме, дидактика саласында зерттеулер жүргізіп жүрген барлық ізденушілер мен мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындары оқытушылары пайдалана алады. Сондай-ақ ауызша сөз мәдениетін жетілдіру, шаршытопта сөйлеу мәнерін жетілдіру мәселесімен айналысып, өз бетінше ізденіп жүргендер үшін тиімді болмақ.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы тіл білімі, педагогика, психология, оқыту әдістемесі ғылымдарының жетістіктеріне, жүргізілген эксперимент нәтижелеріне, қойылған мақсатқа жетудегі тиімді оқыту әдіс-тәсілдері мен дидактикалық ұстанымдардың болуымен айқындалады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- ауызша тіл – жазба тілмен қатар зерттеу нысаны бола алады, оны ауызша тілдің өзіндік жүйесі мен құрылымының болуы дәлелдейді;
- филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру, қайта қалпына келтіру және дамыту – қазіргі үштілділік саясаты жағдайында ұлттық тілді сақтап қалу үшін аса қажет;
- қазақ ауызша тілі тұрмыстық тіл деңгейінде қалып қоймас үшін, оның барлық функционалдық стильдер аясындағы қолданысын жақсарту керек;
- ауызша сөз мәдениетінің дамуы коммуниканттардың сөйлеу жағдаятына тікелей байланысты;
- ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгеру филолог-студенттерге болашақта педагогикалық дискурсты еркін меңгеруге мүмкіндік береді;
- ауызша сөз мәдениеті тұлғаның когнитивтік-танымдық, тәрбиелік негіздерін қалыптастыруға септігін тигізеді;
- жоғары оқу орындарында сөз мәдениетін филологияның өзге салаларымен байланыстыра оқыту оң нәтиже береді;
- ауызша сөз мәдениетін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданудың мағызы зор;
- білім алушыларға ауызша тілдің жүйесі мен құрылымы арқылы сөз

мәдениетін дамытуда арнайы жасалған оқу-әдістемелік кешен білім сапасының кепілі болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен мақұлдануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, тұжырымдары мен нәтижелері бойынша барлығы 27 мақала, 1 оқу құралы, 1 оқу-әдістемелік құрал және 1 практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жинағы жарық көрді. Олар:

1. Rhetoric as art of eloquence in the ancient greek culture// Bolivarian Republic of Venezuela, University of Zulia, Experimental Faculty of Science, Journal Option. ISSN: 1012-1587/Legal Deposit pp 198402ZU45; ISSNе 2477-9385. Vol. 34. No. 85. April, Maracaibo, Venezuela, 2018. – P. 374-393.

2. The Theory of Phoneme in Kazakh Linguistics // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303, Vol. 7. No. 4. November, 2016. – P. 285-290.

3. Тұлғаның бойында сөйлеу әрекеті арқылы тіл мәдениетін қалыптастыру сатылары мен әдістемесі // Ш.Уәлиханов атындағы ҚМУ Хабаршысы, Филология сериясы, №4, 2017. – 58-62 бб.

4. «Ауызша дамыған әдеби тілдің озық үлгісін» оқыту арқылы филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру (Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесі негізінде)//«Қазақстанның ғылымы мен өмірі», Филология сериясы, №4 (60), 2018ж.– 74-79 бб.

5. Ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», Филология сериясы, №4 (62), 2018ж. – 250-254 бб.

6. Linguodidactic basis for teaching culture of speech to foreign students // «ВестникАкадемииПедагогическихНаукКазахстана» №4, 2019 г.– С. 89-96.

7. The specificity of popular science oral speech // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы №2(68), 2019. – 71-75 бб.

8. Using internet testing in evaluating the culture of speech of future teachers // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы №2(68), 2019. – P. 385-391.

9. Ауызекі сөйлеу тілінің жалпы сипаттамасы // Сулейман Демирель атындағы университет Хабаршысы №2, 2016 ж. – 28-34 бб.

10. Тіл мәдениетін үйрету әдістемесінің шешендіктану негіздері // «Қазіргі қазақ тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2017 жыл, 26-27 қазан. – 356-359 бб.

11. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына қазақ әдеби тілінің тарихи парадигмасынан орын берген ғалым // «Қазіргі қазақ тіл білімінің инновациялық әлеуеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2017 жыл, 26-27 қазан. – 42-45 беттер. – 42-45 бб.

12. Педагогикалық дискурстан шығатын құндылықтар: «тізімді» толықтыру (В.И.Карасиктің еңбегі негізінде)//IV Жаһандық ғылым және инновациялар 2019: Орталық Азия халықаралық-ғылыми практикалық конференция матриалдары. – Астана 21 қаңтар, 2019 жыл. – 182-185 бб.

13. «Тіл мәдениеті», «Риторика» және «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәндерінің жоғары оқу орындарында оқытылуы туралы // «Педагог кәсібилігі:

білім берудегі құзыреттілік тәсіл» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері Жинағы. – Silkway International University, Шымкент, 2019 жыл. – I-том. – 359-363 бб.

14. Устная речь как ключевой фактор развития ораторских способностей школьников // «Образовательная система: новации в сфере современного научного знания». Материалы Международных научно-практических мероприятий Общества Науки и творчества / Под общ. ред. С.В.Кузьмина. – Казань, 2019. – С. 157-163.

15. Влияние устной литературы на развитие детской речи // «ScienceTime»международный научный журнал. Выпуск №2. – Казань, 2019. – С. 28-31.

16. How to develop a culture of speech under the conditions of general educational standards // Материалы Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развитиянауки и образования в условиях глобализации».– Переяслав-Хмельницкий, Украина, 2019 года. – С. 181-183.

17. Controversial issues of teaching speech culture disciplines // Актуальные проблемы социально-экономического развития общества: взгляд молодежи»: Сборник конференции. – Астана: ТОО «Астанинский учебно-методический центр», 2019. – С. 73-76.

18. Spaces and fire vocabulary in modern household dialogical discourse // Actual Problems of the Theory and Practice of Philological Researches. Materials of the IX International Scientific Conference on March 25–26, 2019. Prague 2019. – P. 47-50.

19. "First impression" as the defining phase of communicative discourse // Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы / Ш.А. Құрманбаева ғыл. ред. негізінде – Семей: ҚазИГЗУ, №6, 2019. – 148-149 бб.

20. “Communicative culture” – definition of concept // «Global Science and Innovations 2019: Central Asia» атты V Халықар. ғыл.-тәж. конф. материалдары (IX том)/ Құраст.: Е. Ешім, Е. Абиев т.б. – Астана, 2019. – P. 97-99.

21. The culture of human speech is the mirror of his soul // L International Correspondence Scientific and Practical Conference «European Research: Innovation in Science, Education and Technology». March 25-26, 2019, London, United Kingdom. – P. 18-22.

22. Elimination of communicative barriers in oral speech– as a way to increase the quality of education // The 7th International conference“Science and society – Methodsandproblemsofpractical application” (February 15, 2019) Accent Graphics Communications & Publishing, Vancouver, Canada. 2019. – P. 41-43.

23. Сөз мәдениетіне қатысты ұғымдарды нақтылау және олардың ішкі мазмұны туралы // «Инновационные методы, средства и приемы повышения эффективности образовательной деятельности»: Сборник конференции. Астана: ТОО «Астанинский учебно-методический центр», 2019. – С. 45-47.

24. Effectiveness of formative assessment of formation of speech culture of

students // Problems and prospects of professional education development in the 21st century: materials of the IX international scientific conference. – Prague, April 10-11, 2019. – P. 5-12.

25. Communicative circle, matrix: the concept of terms // М.Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан мемлекеттік университет Хабаршысы. №2 (43), 2019 ж. – P. 61-67.

26. Шешендік өнердің болашақ тілші тұлғасының қалыптасуына тигізер әсері // Сулейман Демирель атындағы университет Хабаршысы №2, 2019 ж. – 31-37 бб.

27. Speech situation and case-study method: Different methods or merging or terms? // The 6th Eurasian Conference on Language&Social (ECLSS2019b), organized by Samarkand State University, Daugavpils University, Kazakh National Pedagogical University named after Abay Kunanbayev, University of Roehampton, Yenilikci Adimlar dernegi, Ural federal University, Busan University of Foreign Studies and Vytautas Magnus University on April 30-May1, 2019, in Samarkand, Uzbekistan. – P. 265-269

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 ФИЛОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ АУЫЗША СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың тілбілімдік негіздері

Қазіргі кезде тілді қатысымдық тұрғыдан зерттеуде көптеген ұғымдар бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылуда. Сол себепті зерттеу жұмысын қарапайым «тіл», «сөз», «сөйлеу» арасындағы ұғымдық ерекшеліктер мен ұқсастықтарды ажыратып алудан бастаған дұрыс. Аталмыш ұғымдарды салыстыра қарау тіл білімі саласындағы ертеден қалыптасқан үрдіс десек болады. Алғаш рет лингвистикаға мұндай салыстыруды ғалым Фердинанд де Соссюр алып келген болатын. Ол тіл мен сөзді ортақ құбылыс – сөйлеу әрекетінің екі жағы деп есептеген. Яғни олар өзара тығыз байланыста болғанымен, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Бұл салыстыруларды тіл білімінің негізін қалаушы Вильгельм фон Гумбольдттың зерттеулерінен де таба аламыз. Ол алғаш рет тілді дайын өнім (*Ergon*) және сөйлеу әрекеті ретінде(*Energeia*) бөліп көрсеткен. Соның ішінде біз «тіл» мен «сөз» ұғымдарын жеке-жеке алып қарастырайық.

Тіл – тылсымға толы адамзат жұмбақтарының бірі. Оның сырларын ашуға ғалымдар әлі күнге дейін аз күш жұмсап жатқан жоқ. Ғылымның қалыптасуына дейін де тіл мифтік, діни көзқарастарға, аңыз-эпсаналарға да арқау болған. Демек, тіл ежелден бері қоғамдық өмірдің бастауы, жалпы мәдениеттің бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Ғылыми әдебиеттерде тілге қатысты көптеген анықтамалар мен түсініктемелерді кездестіре аламыз. Бұл өз кезегінде тілдің лингвистика, психология, логика, философия, әдебиеттану, мәдениеттану, антропология, семиотика секілді ғылым салаларының да нысаны болатынын дәлелдейді. Тілге анықтама беруде ғалым В.М.Солнцев тілді әр тұрғыдан қарау керектігін айтады: 1) қызметі тұрғысынан: тіл – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы, ойды білдіру құралы; 2) құрылым тұрғысынан: тіл – тілдік бірліктер мен ережелердің жиынтығы; 3) өмір сүруі тұрғысынан: тіл – қоғамдық, ұжымдық дағдының нәтижесі; 4) семиотикалық тұрғыдан: тіл – таңбалар жүйесі; 5) ақпараттық тұрғыдан: тіл – ақпараттық мағынаның коды. Тілдің қатысымдық қызметі басым болғандықтан, оның өзі мақсатына қарай фатикалық (әңгімелесушімен тығыз байланыс орнату), эмотивті (сөйлеушінің өз сөзінің мазмұнына субъективті-психологиялық қатынасы), конативті (ақпаратты екінші адамның қабылдауы), аппелятивті (белгілі бір әрекетке шақыру), куммулятивті (ұлттық сана мен мәдени дәстүрді, халық тарихын сақтап жеткізу), эстетикалық (пікірлесушінің сезіміне әсер ету) түрлерге бөлінеді. Ғалым Н.Уәли де аталған қызметтерін жинақтай келе: «Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы конструктивтік функциясы, рухани мәдениетті жасау қызметі эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы куммулятивтік функциясы»,– деп көрсетеді [6, б.10-11].

Тіл – белгілі бір таңбалар жүйесі ретінде және белгілі бір әлеуметтік топта қолданылатын нақты құрал ретінде жұмсалады [7, б.341].

Тіл дегеніміз – жұрттың барлығына ортақ мағыналары бар, шартты жалпыға бірдей дыбыстар жүйесі болып табылады [8, б.8]. Демек, тіл – көпқызметті құбылыс. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны, оның ғажайып сырларын танып біледі, өткенін сүзгіден өткізеді, келешегін болжайды, қиялдайды, көңіл-күйін жеткізеді, оқуға, еңбек етуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Тілдің аталған қызметтерінің іске асуы сөз арқылы болатыны белгілі [6, б.11]. Енді сөйлеудің екінші қыры – сөзге кеңірек тоқталсақ.

«Сөз» (речь) терминін тұңғыш рет функционалдық стилистиканың нысаны ретінде Пермь мектебінің өкілдері ұсынған болатын. Бұл термин ең алдымен жеке ғылыми мақалаларда, баяндамаларда айтылып, кейіннен ғалымдардың қызығушылығын тудырып, ғылыми-зерттеу нысанына айнала бастады. Яғни «сөз» термині толықтай ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 60-жылдарында енді десек болады. Дегенмен ғылымға еңбес бұрын «сөз» атауы тұрмыстық қарым-қатынас деңгейінде кеңінен қолданылып келді. Қазіргі кезде «сөз» терминімен тіркесіп, басқа да көптеген терминдік мағынадағы сөздер жасалуда: сөз мәдениеті, сөз актісі, сөз әдебі, сөз сапасы, сөз экологиясы, сөз жанрлары, сөздік қатынас, сөз орамдары т.б. Ол өз кезегінде сөздің де зерттеуге тұрарлық нысан екенін дәлелдейді [9, б.341].

Қазақ тіл білімінде «сөзге» ерекше тоқталып, оның мағыналарын дәл ашқан академик Р.Сыздық болатын. Ғалым еңбектерінде: «Сөз деген сөздің өзі – мағыналық өрісі кең дүние. Тіл жеке сөздерден тұрады, яғни сөз – тілдің бір элементі. Бұл – оның түпкі мәні. Ал қазақ тілінде «сөз» сөзінің қосалқы, ауыспалы мағыналары және бар. Мысалы, ақындар «сөз» деп поэзияны, өлеңді ұғынған. Ұлы Абай «Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз», «Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ, ондай жерде сөз айтып болма мазақ», «Қуатты, күшті, нұрлы сөз, қуатын білген абайлар... Жалын мен оттан жаралған сөз ұғатын қайсың бар» немесе «Сөз түзелді, тындаушы сен де түзел» десе, айтпағы – өзінің жаңа мазмұндағы, өзгеше сападағы поэзиясы жайында. Сонымен қатар қазақ «сөз» деп адамның ой-пікірін, көзқарасын, идеясын да атайды. Мысалы, біреу туралы «ол артында сөз қалдырды» десек, оның кейінгі ұрпаққа белгілі бір ой-пікір, идея қалдыруы деп ұғамыз. «Сөзі өтімді» дегенде де әңгіме біреудің көзқарасы, пікірі туралы екені аян. «Сөз» деп әңгіме, хабарды да айтады. Қысқасы, санай берсек, «сөз» сөзінің беретін ұғымы көп», – деп «сөз» ұғымын өте ұтымды ашқан [10, б.3]. Қазақ танымындағы «сөз» ұғымының аясы кең екендігін төмендегі «сөз» атауына қатысты «сөз» тіркестерінің өзі мысал бола алады:

Кесте 1 – Қазақ тілінің көп томдық түсіндірме сөздігін құрастыруға дайындық барысында ғалым Ә.Болғанбаевтың бастауымен бөлім қызметкерлерінің бір ғана «сөз» атауына қатысты жинаған сөз тіркестері

Жағымды сөздер	Жағымсыз сөздер
Аталы сөз, арналы сөз, аманат сөз, нұрлы сөз, шұрайлы сөз, өрелі сөз, жүйелі сөз, орынды сөз, қолайлы сөз, ұшқыр сөз, өтімді сөз, ұтымды сөз,	Лепірме сөз, көпірме сөз, көп сөз, даурықпа сөз, қызыл сөз, сылдыр сөз, сыпсың сөз, сумаң сөз, қотыр сөз, сөз, күйдіргі сөз, нәрсіз сөз,

1-кестенің жалғасы

Жағымды сөздер	Жағымсыз сөздер
өткір сөз, жылы сөз, ғибрат сөз, салауатты сөз, өнегелі (үлгілі) сөз, зерделі сөз, ұлы сөз, алтын сөз, асыл сөз, بازیна сөз, басалқы сөз, парасатты сөз, қалжың (ойын, әзіл) сөз, төрелік сөз, әділ сөз, жөнтекі сөз, жөн сөз, жанашыр сөз, жағымды сөз, оң сөз, мәнді сөз, күлдіргі сөз, қуақы сөз, қисынды сөз, орамды сөз, салмақты сөз, салиқалы сөз, тартымды сөз, үйлесімді сөз, әрлі сөз, нәрлі сөз, адал сөз, ақ сөз, тілек сөз, алғыс сөз, өнімді сөз, тиімді сөз, жайлы сөз, көңілді сөз, ұнамды сөз, әдемі сөз, мәнерлі сөз, сыпайы сөз, сынық сөз, тәтті сөз, түйінді сөз, берекелі сөз, жалынды сөз, отты сөз, қалаулы сөз, тиісті сөз, ұлағатты сөз, ереже сөз, байлаулы сөз, ойлы сөз, ұйғарым сөз, ишарат сөз, қошемет сөз, кесімді сөз, жанды сөз, уәделі сөз, түгел сөз, мінәжат сөз, кезекті сөз, мазмұнды сөз, дәлелді сөз, кісілік сөз, көсем сөз, ашық сөз, рас сөз, жұғымды сөз, шын сөз, дұрыс сөз, батыл сөз, июі қанған сөз, жүрек сөзі, көңіл сөзі, құнарлы сөз, дәнекер сөз, мардымды сөз, жұбату сөз, түзу (тура) сөз, достық сөз, әкелік сөз, ағалық (үлкендік) сөз, ұстаздық сөз, киелі сөз, қарымта сөз, сырлы сөз, сұлу сөз, жұмсақ сөз, майда сөз, мөлдір сөз, тұнық сөз, жатық сөз, зілсіз сөз, бағалы сөз, тың сөз, құнды сөз, айшықты сөз, бедерлі сөз, ақтық сөз, сүйікті сөз, қадірлі сөз, қасиетті сөз, танымал сөз, мақтау сөз, тоқтау сөз, семіз сөз, құлаққа сіңген сөз, қолқа сөз, тірі сөз, сүйекке сіңген сөз.	шымшыма сөз, шаншу сөз, шанышқы сөз, қаңқу сөз, дықты сөз, қыздырма сөз, құлық сөз, қу сөз, жел сөз, бөспе сөз, ғайбат сөз, қырсық сөз, қыңыр сөз, қиқу сөз, қысыр сөз, қышыма сөз, қағажу сөз, өгей сөз, шикан сөз, бықсық сөз, былжыр сөз, қоқырсық сөз, сілімтік сөз, былапыт сөз, жылымшы сөз, бейпіл сөз, көлденең сөз, бұралқы сөз, кесір сөз, бос сөз, жиіркенішті сөз, қорқынышты сөз, суық сөз, азалы сөз, оспақ сөз, кекетінді сөз, мысқыл сөз, әжуа сөз, пасық сөз, ұсақ сөз, шайпау сөз, шақпа сөз, құрғақ сөз, күңкіл сөз, шырмау сөз, шығарып салма сөз, шәлкеу сөз, алып қашпа сөз, іліп-тартпа (қақпа) сөз, лақап сөз, ілмелі-шалмалы сөз, арзан сөз, ащы сөз, ауыр сөз, зілді сөз, ереуіл сөз, жауыр сөз, тосын сөз, егеу сөз, жылтыр сөз, пәлелі сөз, жүйесіз сөз, боктық сөз, өрескел сөз, боғауыз сөз, ұят сөз, анайы сөз, тұрпайы сөз, оғаш сөз, дөрекі сөз, қияңқы сөз, жүгірінді сөз, жегінді сөз, үлгісіз сөз, әдепсіз сөз, қоқан-лоқы сөз, жағымсыз сөз, мәнсіз сөз, кесапатты сөз, өтірік сөз, орынсыз сөз, домбытпа сөз, бұлдыр сөз, көмескі сөз, қағытпа сөз, жарымжан сөз, жартыкеш сөз, несие сөз, жайсыз сөз, бөгде сөз, сүмелек сөз, шала сөз, қарғыс сөз, бұрыс сөз, күмәнді сөз, өлі сөз, жансыз сөз, екіұшты сөз, қашыртқы сөз, жат сөз, өсек сөз, жалған сөз, дүдәмал сөз, жаттанды сөз, сырғытпа сөз, жылжытпа сөз, қисық сөз, керіс сөз, қисынсыз сөз, жайсыз сөз, жеңіл-желпі сөз, секіртпелі сөз, мардымсыз сөз, өкінішті сөз, қоспа сөз, дұшпандық сөз, тұлдыр сөз, улы сөз, ұры сөз, берекесіз сөз, құнарсыз сөз, шірік сөз, қосалқы сөз, байбалам сөз, өксікті сөз, су татитын сөз, дәмі жоқ сөз, қатты сөз, қиғаш сөз, жайдақ сөз, жылмағай сөз, жарамсақ сөз, шикі сөз, жалған сөз, бөтен сөз.

Келтірілген сөз тіркестерінен қазақ халқының сөзге қаншалықты мән-мағына бергенін, әрбір сөзді ұтымды жұмсай білгендігін көреміз. Сөз тіркестерінен «сөздің» айтылу мақсатына, сапасына, мазмұнына қатысты сипатын да байқай аламыз.

Термин болудың басты шарттарының бірі – ұғымның бір ғана мағынаға ие болуы. Алайда сөз қазіргі кезде үш түрлі мағынада жұмсалып жүр:

- 1) сөз – адамның әрекеті, тілдесім үрдісі;
- 2) сөз – сөйлеу әрекетінің нәтижесі;
- 3) сөз – шешендік жанр [6, б.12].

Енді әр мағынасына қысқаша тоқталайық.

Сөздің бірінші мағынасына *сөйлеу әрекеті, сөйлеу актісі* секілді ұғымдар жақын келеді. Сондай-ақ сөзді зерттеудің психологиялық негіздемесі де осы мағынасынан келіп туындайды. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас,

ақпарат, оймен, сезімдерімен бөлісу. Сөз – тілдік бірліктер арқылы жүзеге асатын қарым-қатынастың түрі. Мұнда бейвербалды амалдардың да өзіндік орны бар.

Сонымен, *сөздің* бірінші мағынасы аясында төмендегідей мәселелер қаралады:

- а) сөйлеу әрекетінің физиологиялық негіздері;
- ә) сөйлеу әрекеті түрлерінің механизмдері (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым);
- б) сөйлеу мен ойдың арақатынасы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы;
- в) тіл функцияларының сөйлеуде жүзеге асуы;
- г) адамның әр жасындағы тілдік құзыреттілігінің дамуы;
- ғ) тілдік сезімнің қалыптасуы.

Аталмыш мәселелер психолингвистика, жалпы тіл білімі, сөйлеу актісі теориясы сияқты салалардың негізінде қарастырылып, зерттелуде.

Сөздің екінші мағынасы, яғни сөйлеу әрекетінің нәтижесі ретінде *мәтін* ұғымына синонимдес қолданылады. Біз мәтінді, әдетте, санамызда жазылған өнім деп қабылдаймыз. Бірақ мәтіннің жазба түрі ғана емес, сонымен қатар ауызша, тіпті ойша түрі де (ішкі сөзде) болуы мүмкін. Тіпті XX ғасырдың ортасына дейін мәтін тіл категориясы ретінде саналмай, тек әдебиеттану, логика, мәтінтануда зерттеліп келген. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана тіл білімінің мәтін лингвистикасы атты жаңа саласы пайда болды.

Оқулықтарда мәтінге «өзара мағыналық байланысы бар, бірнеше сөйлемдердің жүйесі» деген анықтама беріліп жүреді. Алайда бұл мәтіннің беретін мағынасын едәуір тарылтады. Қазір дискурс аясында қарастырылып жүрген «мәтін» ұғымы сөздің осы екінші мағынасын дәл ашады. Яғни бір ғана мақалдың да, әңгіме, өлең, мақала, хаттама, заңды құжат, ауызша диалог, әскери бұйрық, ғылыми монографияның т.б. да өзіндік мәтіні болады дей аламыз.


Сөздің екінші терминдік мағынасының аясында мынадай сөйлеу әрекетінің нәтижелері зерттеледі:

- а) мәтін құрылымы, оның компоненттері, мәтін ішіндегі байланыс;
- ә) функционалды стильтүрлері;
- б) сөз жанрлары;
- в) мәтін негізінде тілдік бірліктердің (лексикалық, грамматикалық т.б) қолданылуы;
- г) тілдік норма және оның сөзжасамдық, грамматикалық, орфоэпиялық, сөз тіркесімділігі деңгейінде бұзылуы, ауытқуы;
- ғ) сөзде көркемдеуіш құралдардың пайдаланылуы.

Олар мәтін лингвистикасы, поэтика, сөз мәдениеті, герменевтика т.б. ғылымдарының негізінде кеңірек қаралады.

Сөздің үшінші мағынасы шешендік өнердің жанры ретінде танылады. Мысалы: «*Қорғаушы сотта қысқа, бірақ өте әсерлі сөз сөйледі*» деген сөйлем сөздің осы үшінші мағынасын ашады. Шешендік сөздердің өзі айтылу мақсаты мен қолданылу аясына қарай түрлерге бөлінеді. Аталған сөздің мағынасы шешендіктану, сөз мәдениеті және әдебиеттанудың нысаны болып табылады.

Жалпы, тіл, сөз, сөйлеуді қарастыратын негізгі ғылым салаларының тоғысын төмендегідей беруді жөн көрдік:



Сурет 1 – Тіл, сөз, сөйлеуді зерттейтін ғылым салаларының тоғысы

Зерттеу жұмысына сөздің үш мағынасы да белгілі бір аспектілерде қарастырылады. Оның өзіндік себептері бар. Мысалы, зерттеу жұмысына арқау болған ұғымдар: «тіл мәдениеті», «сөз мәдениеті», «сөйлеу мәдениеті» және «ауызша тіл», «ауызша сөз» деп жарыспалы қолданыста жүр. Академик Р.Сыздықтың айтуынша, орыс тілінде көбінесе «культура речи» деген термин қолданылып жүр. Себебі орыс тіл білімінде «язык» және «речь» деген терминдер – дербес атаулар: «язык» – тілдің өзі («таңбалар жүйесі») болса, «речь» – сол тілдің қолданыстағы күйі (көрінісі). Тіл мәдениеті, яғни тілдік элементтердің дұрыс қолданысы, сол тілді жұмсау барысында талап етіледі, Демек, бұған «культура речи» деген термин дәлірек келеді [11, б.21]. Ағылшын тілінде де «language» (язык) және «speech» (речь) ұғымдарының аражігі ажыратылып, сөз (тіл) мәдениеті «culture of speech» деген түсінікті терминмен аталады [12]. Ойын жалғастыра келе, Р.Сыздық: «Ал қазақ тіл білімінде «язык» пен «речь»-ті айырып атайтын терминдер әлі қалыптаспай келеді. «Язык» дегенді «тіл» делік, ал «речь»-ті қалай атауымыз керек. Оны «тіл», «сөз», «сөйлеу», «тіл қолданысы», «қолданыс» деп әрқайсымыз әртүрлі беріп жүрміз. «Культура речи» деген сияқты білім-ғылымның жалпы бір саласын атау керек болғанда «сөз мәдениеті» деп алған дұрыс сияқты, ал баяндау барысында, контексте «қолданыс», «тіл», «тіл қолданысы», «сөйлеу» деген сөздер де «речь»

мағынасын бере алады (мен өз еңбектерімде тығырықтан осылайша шығып жүрмін). Сірә, жалпы пәндік термин ретінде «сөз мәдениеті» дегенді таңдаған дұрыс болар. Өйткені бұл жерде әңгіме ойымызды ауызша да, жазбаша да дұрыс («мәдениетті») білдіру туралы болмақ. Ал «ой» дегеніміздің өзі – сөз» деп көрсеткен [11, б.21-22]. Өз жұмысымызда **ауызша тіл, сөз мәдениеті** терминдік ұғымдарын тірек етіп алуымыздың себебі осы болмақ. Яғни «ауызша тілдің жүйесі мен құрылымы» дегенде, оның астарында «ауызша сөздің жүйесі мен құрылымы» ұғымы тұрады.

Сонымен, сөз әрі үдеріс, әрі сөйлеу әрекетінің нәтижесін білдіреді. Сөз бағытталуына қарай *сыртқы* және *ішкі* сөз болып бөлінеді. Екеуі келесідей сипаттамаларының негізінде бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы зерттеледі:

1) мақсатына қарай: сыртқы сөз тұлғаны әлеуметтік жүйенің бір бөлшегі етіп қояды, ал ішкі сөз бұл функцияны атқармайды, онымен қоса ол сыртқы факторлардан өзін мықтап қорғайды, тек субъектінің өзіне ғана бағынады;

2) сыртқы сөздің өзіндік акустикалық, графикалық, дене қимылдары, интонация секілді басқаларға қолжетімді кодтары болса, ішкі сөз аталған кодтардың қолжетімсіздігімен ерекшеленеді. Ішкі сөздің түпкі деңгейлерінде түрлі образдар, елестер, түсініктер т.б. қолданылады. Әдетте мұның бәрі «ой» атты психологиялық ұғымның аясында қалып қояды. Ішкі сөз сыртқы сөздің жүзеге асуына қызмет етеді десек болады. Себебі кез келген сыртқы сөз бен жазу ішкі сөзден басталары анық. Күнделікті өмірде сыртқы сөз адамның мұғалімдік, тілші секілді кейбір мамандық иелерінен басқа күніне екі-үш сағат уақытын ғана алады, ал ішкі сөз адамға тәулік бойы қызмет етеді [13, б.38-39]. Болашақ мұғалімдерге сыртқы мен ішкі сөздің екеуі де аса маңызды рөл атқарады.

«Сөз» ұғымына қатысты тағы бір мәселелердің бірі – сөз жанрлары. Сөз жанрлары қарым-қатынастың белгілі жағдаяттарында пайда болған тілдің өмір сүруінің алғашқы түрі болып табылады. Сөз жанрлары қазірге дейін лингвистикалық, мәтін ерекшеліктері тұрғысынан, стилистикалық, психолингвистикалық, концептілік, шешендіктану, педагогика, тарих және гендерлік аспектіде зерттеліп келген. Аталған зерттеулерді В.Дементьев [14], Б.Норман [15], Л.Балашова [16], Я.Анушевич [17], Б.Балмер [18], А.Вежбицкая [19], Ж.Милованова [20], Т.Ладыженская [21], С.Хэрринг [22], Д.Шифрин [23], Д.Уилсон [24] т.б. ғалымдар жүргізген болатын. Сондай-ақ сөз жанрларын жан-жақты қарастырған М.Бахтинді [25] атап өтпеске болмайды. Аталған ғалымдардың көзқарастарының негізінде сөз жанрлары дегеніміз: «Тақырып жағынан тұрақты, айтылымның композициялық, стилистикалық, біртектілік түрлерінің негізгі критерийлері» [9, б.48] деп қорытуымызға болады. Зерттеушілер жанрдың түр-түрін зерттеу үстінде. Мысалы, қазір өсек-аяң, өтірік айту, электронды коммуникацияның кейбір түрлерін (чат (*chat*), электронды пошта (*E-mail*) хаттары) де сөз жанрларына жатқызып жүр. Кей ғалымдар (А.Вежбицкая) сөйлеу актісін сөз жанрлары деп қолдануды ұсынады. Олай деуінің де өзіндік орны бар. Себебі сөз жанрлары функционалды стильдердің жіктелуімен тікелей байланысты. Сондықтан жанр – ауызша айтылған немесе жазбаша жазылған сөз өндірісінің жиынтығы іспеттес.

Мәселен, ауызша сөз сөйлеудегі сөздің өзіне тән жанрлары болады. Бір ғана өтініш сияқты сөз жанрында айтушының прагматикасы бойынша стратегия мен тактикасы қоса жүреді [9, б.51]. Яғни кез келген тұлғаның сөз мәдениетін дамытуда сөз жанрлары туралы түсініктің болуы аса маңызды болмақ.

Ендігі кезекте зерттеуіміздің үшінші тірек ұғымы – сөйлеуге келейік. Дәлірек айтар болсақ, сөйлеу актісі. Аталған терминдерді (сөйлеу мен сөйлеу актісі) бір деуге келмейді. Өйткені олардың өзіндік ерекшеліктері бар.

Сөйлеу – тілдің коммуникативті қызметінің жүзеге асуы. Сөйлеу – әрекет. Ол адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал, әсер етуін, әрекетке жұмылдыруын жүзеге асырады. «Әрекет» ұғымы лингвистикалық әдебиеттерде кеңінен қолданылады. Ол философия, логика, психологиядағы түсініктемелермен қатар алына отырып анықталады. Мысалы, А.Леонтьевтің «Основы речевой деятельности» еңбегі сөйлеу әрекетін әрекеттің басқа түрлерінен ерекшелігі мен арақатынасы, оның екі түрлі ұғынылуы тұрғысынан анықтайды. Сөйлеу әрекеті өзін меңгертуді мақсат етпейді, ол – әрекеттің басқа түрлерін реттеуші, орындаушы қызметін атқарады. Яғни сөйлеу әрекеті еңбек үстіндегі жай қарым-қатынас жасаудың түрі емес, керісінше, сол еңбек үшін қажетті нәрсе. Әрекет етудің қарапайым бірлігі ретінде сөйлеу өзін тудырушы сөйлеу жағдаятымен байланысты. Сөйлеу әрекетінің жүзеге асуы өзінен кейінгі сөйлеу жағдаятын қалыптастырады. Ал сөйлеу актісі дегеніміз – белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу болып табылады [26, б.46-52]. Сөйлеу актісінің өзіндік кезеңдері де бар: коммуникацияға дейінгі кезең, мұнда жағдаяттық және уәждемелік факторлар үлкен рөл ойнайды; коммуникацияның өзі (ойдың немесе ішкі сөздің акустикалық я графикалық кодтарға өтуі) және коммуникациядан кейінгі кезең. Ол сөйлеу актісіне қатысушының жауабы ретінде вербалды немесе бейвербалды амалдың негізінде болуы мүмкін.

Кез келген сөйлеу актісі белгілі бір жағдаяттың негізінде туындайды. Ол жағдаяттардың өзі табиғи және жасанды болады. Соңғысына театр қойылымдары, педагогикалық технологияларда қолданылатын жағдаяттар т.б. жатады. Жағдаяттардың да тууына көптеген факторлар әсер етеді.

Сөйлеу актісі туындауының уәжі (сөйлеу ниеті) мәселесінің де аясы кең. Жалпы сөйлеу актісін тудырушы уәждің биологиялық және әлеуметтік, рухани-танымдық, жеке қызығушылықтарға, эмоцияларға байланысты түрлері бар. Уәждемелік кезеңнің созылу уақыты да әртүрлі болады. Мысалы, мақаланың немесе романның авторына өз ойын сыртқа шығару үшін апта, ай, тіпті жылдар қажет болса, пікірталас кезінде адамның өз ойын жинақтап, айтуы үшін небәрі 2-3 секунд берілуі мүмкін. Ол сол уақыттың ішінде жағдайды барлап, өзінің «қорынан» қажетті аргументтерді таңдап, келесі туындайтын жағдаяттың бөлігін болжап үлгеруі керек. Осындай жағдаят көбінесе мұғалімдік кәсіпке тән. Мәселен, мынандай бір көріністі елестетейік.

Мұғалім оқушыларға сабақ түсіндіріп жатыр. Оның түсіндіруі бірқалыпты. Дегенмен мұғалімнің ойы үш бөлікке бөлініп жатады:

а) іштей айтылып жатқан мәтінді құрады, тек құрып қана қоймай, оның жеткізілуі үшін қажетті сөздер таңдалып, ол сөздерден үйлесімді сөйлемдер

жасап, оларды интонация, логикалық екпін секілді көмекші құралдармен толықтырып үлгереді;

ә) сонымен қатар, айтқанын бағалап, өз сөзінің алдына түсіп, келесі айтар сөзін дайындап жатады;

б) үшіншіден, мұғалім аудиториямен байланыс орнатады, әр оқушыны бақылап, қажет болғанда жоспардан тыс мысалдар келтіреді.

Бұлардан басқа ойының бөлінуіне әкелетін сәттер де болуы мүмкін: дәлізден кенеттен шыққан дауыс, ұялы телефонның шырылдауы т.б. Алайда бір қызығы, мұғалімнің санасында болып жатқан ой арпалыстары оқушыларға еш әсерін тигізбейді: олар оқытушының айтқандарын қиындықсыз түсініп отыра береді.

Айтылған жағдаяттың сәтті өтуі мұғалімнің сөйлеу актісін дұрыс құруы, соның ішінде уәждемелік кезеңін орнымен жүзеге асыруымен байланысты болып отыр. Бұл, оқытушы тарапынан үлкен шеберлікті қажет етеді. Осы ретте филолог-студенттердің, яғни болашақ мұғалімдердің бойында аталмыш біліктілікті дамыту біздің зерттеу жұмысымыздың бір міндеті екенін атап кеткіміз келеді.

Кейбір ғалымдар сөйлеу актісінің коммуникацияға дейінгі кезеңіне интенцияны қосады. Адам тілдік жағдаятқа тап болып, уәждемелік кезеңін жүзеге асырғаннан кейін, өз ішкі сөзін сыртқа шығару үшін қажетті тілді таңдауы, таңдалған тілдің деңгейін белгілеуі, функционалды-стильдік әрлеуі (бұл адресатқа байланысты) қажет. Міне, осыларды интенция деп атайды. Бір ғалымдар интенцияны коммуникативтік ниет (сөйлеу интенциясы) ретінде таниды [9, б.63].

Сөйлеу актісінің коммуникация кезеңінің өзі екі бөліктен тұрады:

1) сөйлеушінің ойын акустикалық (ауызша) немесе графикалық (жазбаша) кодтарға өткізуі;

2) тыңдаушының аталған кодтарды қабылдауы.

Алғашқы бөлігін қысқаша төмендегідей сипаттасақ болады:



Сурет 2 – Сөйлеу актісінің коммуникация кезеңінің акустикалық және графикалық кодқа өтуі

Ал сөйлеушінің аталған кодтарды қабылдауының өзі іштей бірнеше кезеңдерден тұрады:



Сурет 3 – Адресаттың адресант жіберген кодтарды қабылдау сатылары

Демек, тыңдаушының сөйлеуші жіберген ақпараттың қабылдауының өзі – бір күрделі үдеріс. Осы жерде сөзді қабылдауға дайындық сатысына қысқаша тоқталып өткіміз келіп тұр. Сөзді қабылдауға дайындық адресаттың ауызша сөз жағдайында есту мүшелерін іске қосуы, тыңдауға деген қызығушылықтың туындауы, сөйлеушінің сыртқы бейнесін қабылдауы секілді факторларды қамтиды. Бұл мұғалімнің оқушының өз сөзін қабылдауда осы бір сатысының да дұрыс орындалуын қадағалау керектігін аңғартады.

Сөйлеу актісінің коммуникациядан кейінгі кезеңі жауап немесе әрекет формасында жүзеге асуы мүмкін. Айтылғандарды мысалдардың негізінде талдап көрейік.

Бірінші мысал. Құрылыс алаңында бір жұмысшы екіншісіне: «Бауырым, зілбалғаны беріп жіберші» дегенде, екінші жұмысшы үндемей, оған керегін алып береді.

Сөйлеу актісінің орындалу шарты: адресат та, адресант та қазақ тілін біледі, яғни тілдік кодқа ие; екеуі де бір кәсіптің иесі болғандықтан, құрылыс алаңындағы шу коммуникацияның жүзеге асуына кедергі келтірмейді; араларында достық немесе бейтарап қарым-қатынас орнағаны көрінеді.

Бір қарағанда, сөйлеу актісі біржақты ғана болған секілді көрінеді. Бірақ екінші жұмысшының зілбалғаны беруі оның айтылған сөзді дұрыс қабылдағанын көрсетеді. Демек, сөйлеу актісі орындалды.

Екінші мысал: Мектепте қазақ тілі сабағы жүріп жатыр. Оқушылар үйге берілген тапсырманы айтуға дайындалуда. Кенет мұғалім: «Азамат, үйге не берілгенін айтып жіберші» дейді. Азамат жауап береді. Алайда сөйлеу актісі мұнымен аяқталмайды. Себебі Азамат үйге берілген тапсырманың барлығын айтпағандықтан, басқа оқушылар оны кезекпен толықтыра бастайды. Сөйтіп бастапқы диалог полилогқа ұласады. Соңында мұғалім барлығын қорытып, үйге берілген тапсырманы өзі толығымен айтуды жөн көреді.

Жағдаят бірінші мысалға қарағанда, күрделі болғанымен, бұл мысалда да сөйлеу актісінің оқытушының сөзді бастауы, оқушылардың жауабы,

мұғалімнің берген кері байланысы секілді құрылымдық элементтерін көре аламыз.

Үшінші мысал. Жас физик-маман бірнеше ай түрлі аспаптардың көмегімен тәжірибе жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетеді. Жетекшісімен ақылдасып, алынған нәтижені ғылыми басылымға мақала етіп жариялауды ұйғарады. Мақаланы жазуға екі апта уақыт кетеді, тағы бір аптасы түзетулермен өтеді. Қарасақ, мақаланы жазуды аяқтау сөйлеу актісінің де бітуін көрсететін сияқты. Бірақ шынында олай емес. Себебі мақаланы ешкім оқыған жоқ (жазылу барысында жетекшісі оқуы мүмкін, алайда оны сөйлеу актісіне жатқыза алмаймыз). Мақала ақыры жарияланады. Енді сөйлеу актісінің қабылдау кезеңі басталады. Оны бір ғана маман оқымағандықтан, қабылдаушылардың саны өте көп. Түрлі зерттеу орталықтарында мақала қызу талқыланады, автор ауызша да, жазбаша да көптеген пікірлер алады. Сөйлеу актісін осы жерде толық аяқталған дей аламыз.

Сөйлеу актісі туралы сөзімізді түйіндей келгенде, сөйлеу актісі теориясында коммуникацияның үш деңгейі: пропозиция – локутивтік акт (хабардың пайда болу актісі), екінші сөйлеу деңгейі – иллокуция (хабардың айтылуы), үшінші тыңдаушының жауабы – перлокуция (хабарды қабылдау) да аясы кең зерттеу нысандары екенін көреміз.

Жоғарыда зерттеуіміздің үш тірек ұғымына (тіл, сөз, сөйлеу) да жеке-жеке тоқталдық. Енді олардың өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын санамызда бекіту үшін үшеуін бірге салыстырмалы түрде, осы уақытқа дейін аталмыш мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне сүйеніп айтып өтейік. Сонымен,

- 1) тіл – әлеуметтік, ал сөйлесім – жеке дара құбылыс;
- 2) тіл тұрақты және ұзақ өмір сүретін үдеріс, ал сөйлеу тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады;
- 3) тіл – адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеуді әркім өзі дамытып отырады;
- 4) тіл адамның қарым-қатынасында бәріне ортақ, ал сөйлеуде автордың өз қолтаңбасы болады;
- 5) тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу – психологиялық құбылыс [27, б.75].

Тіл – сөйлеу әркетінің ең маңызды және белгілі бір бөлігі, тіл – дыбыстық материяның жиынтығы, форма, қарым-қатынас құралы; ал сөйлеу – дыбыстың өзі, дыбысталу [28, б.100]. Қазіргі заман лингвистика теориясында Ф.Соссюрдің ізімен «тіл» (язык), «сөз» (речь) деп екі түрлі бөліп қарау іргелі теориялық ұғымға айналды. «Тіл – таңбалардың бірізді жүйесі», «тіл – индивидтің санасына тән, одан бос өмір сүреді, тіл – адамның өзінен тыс, әлеуметтік құбылыс». Ал «сөз – тілдің қолданысы», «сөз – индивидке тән» делініп, «тіл» мен «сөз» бір-біріне қарама-қарсы қойылды. Сонымен қатар мұндай дихотомиялық жүйені дамыту, оның ғылыми мазмұнын байыту мақсатында психолингвистика саласында үштік жүйе әдістемесі қолданыла бастады [29, б.13]. Осы жерде ғалым А.Леонтьевтің пікірін ерекше атап өтуге болады:

1) тілдік қабілет (языковая способность) – тілдік жүйенің белгілі бір тілде сөйлеушінің санасында бейнеленуі;

2) тілдік үдеріс, яғни санадағы тілдік қабілеттің жүзеге асуы – басқаша айтқанда – сөз (речь);

3) тілдік стандарт, яғни индивидтің, сөйлеушінің санасынан тыс тілдік жүйе [30, б.32].

Ф.Соссюрдің антиномиялық көзқарасынан кейін тіл мен сөйлеуді төмендегідей үш қырынан тануға болады, олар:

Гносеологиялық (грек. *gnosis* «таным, білім» + *logos* «ілім») сипаттан қарау. Тіл мен сөйлеу – жалпы мен жалқының ара қатынасындай. Тіл абстрактілік, ал сөз бен сөйлеу нақтылық тұрғысынан қаралады;

Онтологиялық (грек. *ontos* «болмыс» + *logos* «ілім») сипаттан қарау. Аталмыш сипат екі ұғымның пәндік мазмұнын, олардың тіл білімінің қай салаларында айқын көрініс тауып, арқау болатынын талдайды. Тілдің белгілі бір уақытқа дейін тек психикалық құбылыс ретінде қаралып келгені белгілі. XIX ғасырдан бастап, тілге әлеуметтік мағына үстемелене бастады. Осы кезден бастап тіл мен сөз, сөйлеу әрекеті тіл білімінің басқа салаларында тереңірек қарастырылатын болды.

Прагматикалық (грек. *pragma* «әрекет») сипаттан қарау. Бұл сипат тілдің қызметі, қолданылу мақсаты тұрғысынан зерттейді. Осы қырынан алғанда тіл мен сөйлеудің төмендегідей ерекшеліктерін көрсетуге болады:

Кесте 2 – Тіл, сөз, сөйлеуді прагматикалық тұрғыдан қарағанда көрінетін ерекшеліктері

Тіл	Сөйлеу, сөз
қарым-қатынас құралы	тілдік жүйенің жүзеге асырылуы
абстрактілі	нақты
әлеуметтік сипатқа ие	жеке тұлғаға қатысты
- тұрақты, өзгеріске баяу ұшырайды	- өзгермелі
тұтас бір ұлтқа, халыққа тиесілі	адресат пен адресантқа, тілдік жағдаятқа байланысты

Тілдің әлеуметтік сипатқа ие екендігі дау тудырмайды. Ал сөз бен сөйлеудің жеке тұлғаға ғана қатыстылығы біржақты пікір болып көрінеді. Мысалы, екі адамның арасындағы сөйлесімнің өзі – екіжақты үдеріс. Себебі бірі – түсіндіруге ұмтылса, екіншісі – түсінуге күш жұмсайды. Демек, сөз бен сөйлеудің әлеуметтік сипаты да бар деу орынды болмақ.

Осыдан келіп тілдің, сөз бен сөйлеудің келесідей бірліктерін көрсетсек:

Кесте 3 – Тіл, сөз (сөйлеу) бірліктері

Сөз (сөйлеу мағынасында) бірліктері	Тіл бірліктері
фон (дыбыс)	фонема
морф (түбір, жұрнақ т.б.)	морфема

3-кестенің жалғасы

Сөз (сөйлеу мағынасында) бірліктері	Тіл бірліктері
лекс (сөз формасы)	лексема
дериват	дериватема
грамм (грамма)	граммема
синтакс (синтакса): сөз тіркесі, сөйлем	синтаксема: сөз тіркесімі моделі, сөйлем моделі
фраза (фразеологиялық оралым)	фразема

Тіл – қарым-қатынастың таңбалық механизмі, сөз – тілдік таңбалардың белгілі бір заңдылықпен айтылымның қажетіне сай ұйымдастырылған бірізді жүйесі [31, б.32].

Тіл – қарым-қатынас құралы, ал сөз тілді қарым-қатынас мақсатында қолдану, әрекет [32, б.34].

Ғалым Ә.Хасенов тіл мен сөйлеу бір-бірімен мағыналас ұғымдар ретінде қолданылғанымен, ол ұғымдарды бір-бірінен ажырата білу керек дей келіп: «тіл дегеніміз – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралы болса, сөйлеу дегеніміз – сол тілді қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралын пайдалана білудің әртүрлі амалдары мен жолдары, тәсілдері», – деп сөйлеудің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі және сөйлеу іс-әрекеті процесінде жасалынған нәтиже, яғни сөйлемдер, мәтіндер;

Сөйлеу екі түрлі формада: ішкі және сыртқы формада жүзеге асады.

Сөйлеу ауызша түрде жүзеге асырылғанда, оны айтумен, екінші біреудің қабылдауы бір мезетте болады, ал жазбаша түрде сөйлеудің ғұмыры аса ұзақ. Тіл – бірліктер жүйесі. Тілдегі қалыптасқан белгілі бір жүйе арқылы адам өзінің алуан түрлі ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізеді [33, б.5].

Д.Әлкебаева да өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде тіл мен сөзге өте ұтымды сипаттамалар беріп өтеді: «Тіл ғылымында тіл мен сөзді ажыратуды негізгі нысана ете отырып, сөз – тілдің іс-әрекеті, ал тіл – жалпы, сөз – жеке деп анықталады. Тіл ұлттық байлық болғандықтан, жалпыға ортақ, айтушының сөзі жеке тұлғаға қатысты, сондықтан сөз – деректі айтылым, тілден сөздің айырмашылығы сөз жеке, деректі болып келеді. Тіл таңбаларының сөзге айналу «әрекетінде» ол адамдарды қарым-қатынасқа түсіреді. Сөз арқылы адамдар өз ойларын бір-біріне жеткізеді. Сөз адамның ақылы мен шындығын көрсетеді. Сөзбен адам бір-біріне ақыл-кеңесін жеткізеді. Сөзбен адамдар бір-бірінің өмірлік тәжірибесінің парасатты пайымдауларын жеткізеді. Сөз адамды табындырады, таңқалдырады, қуантады, сөз баяндайды, оқытады, үйретеді, дәлелдейді, түсіндіреді. Сөз – тірі ағза. Сөз туады, үлкейеді, күлдіреді, сүйсіндіреді, мұңайтады. Сөз жігерлендіреді, менсінбейді, ұнатады, жақсы көреді, жоғалады.

Жалпы, тіл – ұлттық байлық, сөз – жеке ата-бабалар сөзі, жеке тұлғаның сөзі, тіл – дерексіз ұғым, ұлттық тіл байлығы, мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері, тағы басқалар дерексіз ұғым ретінде танылады. Сөз – деректі, себебі индивид сөзі ешқашан қайталанбайды. Сөз – айтушы мен тыңдаушы

арасындағы қарым-қатынас құралы. Айтушы пікірін білдірсе, тыңдаушы қолдайды, қуаттайды немесе қарсыласады. Бұл – сөздің адамдар арасындағы коммуникативтік қызметі.

Сөз – адам санасының, ақыл-ойының, білім-парасатының құралы. Сондықтан сөз жеке тұлғаның қоғамдық санасын қалыптастырады. Бұл – сөздің танымдық қызметі. Тіл – код, сөз – хабарлау, ақпарат. Сөз – кез келген хабар-ақпаратты сақтап және жеткізуші. Бұл тек жеке тұлғаға емес, қоғамдық орта үшін де сөздің ең маңызды қызметі. Бұл – сөздің аккумулятивтік қызметі»[9, б.40-41].

Зерттеу жұмысында тіл, сөз, сөйлеу арақатынасы ғылыми тұрғыдан барынша талданды. Енді аталған үш ұғымның халық санасындағы орнын да айта кеткен жөн. Ол үшін «тіл», «сөз» және «сөйлеудің» сипатын ашатын ғалым С.Бизақовтың [34, б.5] жинақтаған мақал-мәтелдері келтіріледі. Себебі мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы түйген философиясы, даналығы ғана емес, тіл маржандары, әбден ықшамдалған, әрбір сөзінде бірнеше қосалқы мағына бар әрі құлаққа жағымды сазды ғаламат дүние екені мәлім [11, б.19].

Кесте 4 – Тіл, сөз, сөйлеуге қатысты мақал-мәтелдер

Тіл	Сөз	Сөйлеу
Жаманның <i>тілі</i> өз аяғын шалар.	Құлақтан кірген суық <i>сөз</i> көңілге барып мұз болар.	Жақсы <i>сөйлесе</i> , аузынан гүл төгіледі. Жаман <i>сөйлесе</i> , аузынан жын төгіледі.
Жаманның <i>тілі</i> – ащы, көк мияның гүлі – ащы.	Адамды адам еткен ой мен <i>сөз</i> .	Жақсы байқап <i>сөйлер</i> , жаман шайқап <i>сөйлер</i> .
<i>Тіл</i> – ақылдың өлшемі.	Бір жақсы <i>сөз</i> бітірер мың көңілдің жарасын.	Жақсы тауып <i>сөйлейді</i> , жаман қауып <i>сөйлейді</i> .
Қол қысқалығынан <i>тіл</i> қысқалығы жаман.	Іріген ауыздан шіріген <i>сөз</i> шығар.	Көп <i>сөйлеген</i> көптен айрылады.
<i>Тілдің</i> киесін сыйлаған – иесін де сыйлайды.	Жақсы <i>сөз</i> – шаршағанға медет, адасқанға жол, қаяу түскен көңілге дауа.	Білгеніңді <i>сөйлем</i> , <i>сөйлегеніңді</i> біл.
<i>Тіл</i> буынсыз, ой түпсіз.	<i>Сөзін</i> жоғалту – өзін жоғалту.	Көре-көре көсем боласың, <i>сөйлей-сөйлей</i> шешен боласың.
<i>Тіл</i> қорлайтын кешеге ем болмайды ештеме.	<i>Сөзде</i> қаңқу жаман, ауруда шаншу жаман.	Тауып <i>сөйлесең</i> – күміссің, таппай <i>сөйлесең</i> – мыссың.
Ой бұлдыр болмасын, <i>тіл</i> былдыр болмасын, <i>сөз</i> сылдыр болмасын.	Дуасыз ауызға сылдыраған <i>сөз</i> бітер.	Көп ішінде <i>сөйлеген</i> көсемдіктің белгісі, көпке сөзі ұнаған шешендіктің белгісі.
Ой – сөз атасы, <i>тіл</i> – анасы.	Тау мен тасты су бұзар, адамзатты <i>сөз</i> бұзар.	Жаңылыс <i>айтсаң</i> кешірер, жалған <i>айтсаң</i> тіресер.
<i>Тілі</i> жоқ аузындағысын алдырар.	Алашағым кетсе де, <i>айташағым</i> кетпесін.	Көңіл көзін <i>сөз</i> ашар, <i>сөйлемесе</i> кім ашар.
<i>Тіл</i> сүйексіз болса да, сүйекті сындырады.	Аузынан <i>сөзі</i> түскеннің қолынан бөзі түсер.	Ойнап <i>айтсаң</i> да, ойлап <i>айт</i> ; әзіл <i>айтсаң</i> да, әділ <i>айт</i> .
Тура <i>тілді</i> тыя алмадым, туғанымға сыя алмадым.	Аталы <i>сөзді</i> арсыз қайырады.	<i>Айтылмаған</i> ой жетім, <i>сөйлемеген</i> тіл жетім.

Байқағанымыздай, тіл, сөз, сөйлеуге қатысты мақал-мәтелдер өте көп. Зерттеу жұмысымызда 100-ге жуық «тілге», 200-ден астам «сөзге» және 50-ге таяу «сөйлеуге» қатысты мақал-мәтел жинақталып, қаралды. Мақал-мәтелдерді сұрыптау барысында «тіл» ұғымы көбінесе «сөз» мағынасына жуық қолданылатындығы, «сөйлеу», «айту» сөздері қатар келіп, бірақ «айтудың» мағынасы темпоралдылық категориясы тұрғысынан тездікті білдіретіндігі анықталды. Сонымен қатар «сөз» ұғымының мақал-мәтелде білдіретін бірнеше мағынасы көрінді. Тегі, қазақ тілінде «сөздің» семантикалық өрісі кең: 1) сөз – лингвистикалық бірлікті білдіретін термин («сөйлем бес сөзден тұрады», «бұл сөз ілік септікте тұр» деген сияқты қолданыстарда); 2) айтылған ой, пікірді де қазақ сөз деп атайды («сенің сөзіңе қосыламын» «оның сөзі дұрыс»); 3) топ алдында сөйлеген сөз, жасалған баяндама, оқылған лекцияларды да жалпы «сөз» деп атай береміз («жиналыста пәленшенің сөзі дұрыс шықты»); 4) поэзияны да «сөз»деп атауды ұлы Абайдың өзінен табамыз («Кім біледі, жабыраңқы жазған сөзімді»), қысқасы, осы сияқты толып жатқан мағыналарды білдіреді. Соның ішінде «айтылған ой, пікір» деген мағынасы жиі кездесетіндігі байқалады [11, б.22]. Соның ішінде мақал-мәтелдерде де «ой, пікір» (Сөз – түпсіз, өмір – шексіз) және «топ алдында сөйлеген сөз» (орайы келген сөз – орынды сөз) мағынасы кең таралғандығы анықталды. Кейіннен сөздің осы бір мағыналарын ақын-жазушылар мен ағартушы-ғалымдар да қолданған:

Кесте 5 – Халық зиялыларының сөз құдіреті туралы пікірлері

Көп іздедім дәмді сөз, ойы өссін деп баланың (Абай).
Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма (Абай).
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бейшарасы (Абай).
Қазақтың өзгелерден сөзі ұзын (Абай).
Қол бастаудан сөз бастау қиын (Бұхар жырау).
Сөз өлшеуін білмеген, шағалаша шулайды (Т.Ізтілеуұлы).
Сөз – ойдағы пікірдің құралы (М.Әуезов).
Адам ойында сөз емес, ой қалады (Ғ.Мүсірепов).
Іздеп, жарамды бір сөз, не бір ой тапсам, бір дорба жем жеген аттай-ақ көтеріліп. Шеберлік – сөздің орнын табуда, мөлшерін білуде. Әдемі ойды орашалақ сөз бұзса, орашалақ ойды шебер сөз түзеп тұрады. Зады сөз бен пікір тең түсуі шарт. Жақсы актер жаман сөзге жан бітіреді. Жаман актер жақсы сөздің жанын алады (Ғ.Мұстафин).
Жалғанда не терең? Сөз – терең. Не сұлу? Сөз – сұлу. Не өткір? Сөз – өткір (Ғ.Мұстафин).
Өзі жоқтың сөзі жоқ. Өзі бардың сөзі бар, сөзінің зілі бар (Б.Кенжебаев).
Тіл – халық қазынасы. Тілдің әдеби түрі – ғасырлар мен жылдардың, таңдау мен екшеудің, ізденіс пен табыстың жемісі. Сөз – сол қазынаның байлығы (Р.Сыздық).
Сөз де – іс. Сөзің үшін атыласың. Сөз де – күш. Жауды сөзбен жапырасың. Сөз де – өнер. Сөйлей білмей шашыласың. Сөз – асыл. Жақсы сөзге бас ұрасың (І.Жарылғапов).

Халық санасындағы «тіл», «сөз», «сөйлеу» сөздерінің танымдық ерекшеліктерін белгілі ғалым С.Негимов [35, б.207] өз еңбегінде келтірген

Бөлтірік шешеннің айтқанымен түйіндеген жөн:

Жатқа сөйлем, жаманға сөйлем,
Асырып сөйлем, батырып сөйлем,
Жасқа сөйлем, масқа сөйлем,
Ұрыға сөйлем, қараға сөйлем.
Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс,
Жаманға айтқан сөзден,
Жақсыға айтқан сөз дұрыс.
Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс,
Ойсызға айтқан сөзден,
Ойлыға айтқан сөз дұрыс.
Айтылмай қалған сөзден,
Айтылып қалған сөз дұрыс.
Сөйлемес жерді білсең,
Сөйлемес жерде сөйлемей қалуды білсең,
Бәрінен де сол дұрыс.
Олай болмаған жерде
Қанша асыл деме –
Сөзіңнің алды бұрыс,
Арты – ұрыс.

Сонымен, қорытындылай келсек:

1) Сөз – **шынайы** құбылыс, оны сөздің ауызша немесе жазбаша формада өмір сүруі дәлелдейді. Ал тіл әр адамның тілді меңгеру деңгейі әртүрлілігіне қарап, оның **әлеуеттік** сипатқа ие екендігін көреміз. Адам тілді (сөйлеуді) игеру үшін тілдік ортада, яғни қоғамда өмір сүруі тиіс. Себебі қоғамнан жырақ қалған адамның миының сөйлеуге жауапты орталықтары дамуында қиындықтар туатындығы белгілі. Көпшілік жақсы білетін Мауглидің жағдайының өзі – тіл әлеуеттілігіне дәлел. Ал сөз бен сөйлеу – сол әлеуеттің жүзеге асуы. Басқаша айтқанда, сөз – бір салынған ғимарат болса, тіл – ғимаратқа негіз болған құрылыс материалы. Ал ғимараттың түзу, әдемі, үйлесімді болуы көптеген факторларға, соның ішінде құрылысшыға (біздің зерттеуімізде болашақ мұғалімдерге) байланысты. Осыдан келіп, мынадай *әдістемелік тұжырым* жасауға болады: білім алушыға әлеуеті жоғары табиғи және жасанды тілдік орта мүмкіндігін тудырып отыру керек.

2) Тіл – **қоғамдық**, әлеуметтік құбылыс. Ол адамзат қоғамында сөйлеуге, қарым-қатынас жасауға деген қажеттіліктен туған. Ал сөз – **даралық** сипатқа ие құбылыс. Оны әр адамның өзіндік сөйлеу мәнері, сөз қолдану шеберлігі болатындығы дәлелдесе керек. Осындай әртүрлілік жағдайында біз ортақ тілдік бірліктерді қолданғандықтан, бір-бірімізді қиындықсыз түсіне аламыз. Яғни тіл тұтас бір қоғамның көрсеткіші болса, сөз – жеке тұлғаның сөйлеу көрсеткіші. *Әдістемелік тұжырым*: білім алушының сөз мәдениетін жетілдіру оның бүкіл тұлғалық дамуына әсер етеді.

3) Сөз даралық сипатта болғандықтан, ол көбінесе **субъективті**; ал тілдік

нормалар жалпыға ортақ болғандықтан, оны **объективті** дей аламыз. Осыған орай сөзде, сөйлеуде ауытқушылықтар болуы мүмкін, ал тілге ондай құбылыс жат. Мысалы, *үстелді* таныс емес ортада ешкім *орындық* немесе тағы басқалай атамайды (өзін түсінбей қалудан қорқады), ал отбасында оны *жозы* деп те қолдана беруі мүмкін. Сонымен қатар қатысымдық актіде сөйлеуші тыңдаушыға ойын жеткізе отырып, өзінің субъективті көзқарасын, айтылар ойға қарым-қатынасын білдіреді. Ал тыңдаушы айтылған ойды жай қабылдап қоймай, өзінің танымдық бағалауына сәйкес жауабын қайтарады [36, б.130]. *Әдістемелік тұжырым:* адамның сөзін жақсы-жаман, түсінікті-түсініксіз, әсерлі-әсерсіз емес т.б. деп бағалауға болады. Ал тілге ондай баға бере алмаймыз. Тілде кез келген ойды кез келген жағдаятта, стильде жеткізуге арналған тілдік құралдар бар. Сондықтан сөз мәдениетін үнемі шыңдап, жетілдіріп отыру қажет.

4) Сөз жекелеген **жағдаяттарға** тәуелді, ал тіл тұтас бір **әлеуметтік маңызы бар құбылыстарға** ғана тәуелді. *Әдістемелік тұжырым:* білім алушыларды нақты бір жағдаятқа негіздеп, сол жағдаятта қолданатын тілдік бірліктерді пайдалануға үйрету керек.

5) Сөз **көлденеңінен** орналасқан, ал тіл – **иерархиялық** сипатқа ие құбылыс. Сөз бірінен кейін бірі тізілген сөз бірліктерінен тұратын кесінді ретінде қаралады. Ал тіл бір-біріне тығыз байланысты бірліктерден құралған қабаттардан тұрады. Атап айтар болсақ, тілдің ең кіші дыбыс бөлшегі – фонема фонетикалық қабатта, ең кіші мағыналық бөлшек – морфемалар морфологиялық қабатта, лексемалар – лексикалық, сөз тіркесі мен сөйлемдер – синтаксистік қабатта орналасқан. Олар бір-біріне бағынышты иерархиялық қатынаста болады. Адамның сөйлеу қабілеті тіл қабаттарына сәйкес фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және семантикалық компоненттерден құралады. *Әдістемелік тұжырым:* тілдің әр қабатын меңгерте отырып, біз білім алушының сөз мәдениетін дамытуға негіз қалаймыз.

6) Сөз – **деректі**, ал тіл адамзат ойлауының құралы болғандықтан, **абстрактілі** деуге болады. Шындығында сөздің материяға тән сипаты бар. Сөз бен сөйлеуді көп зерттеушілер дыбыс толқындарының материяға ұқсас созылыңқылығы, салмағы бар екендігін де айтады [37, б.22]. Ал тілде ондай сипаттар жоқ. Ол сөз жүзінде жүзеге асқанда ғана материалды күйге енеді. Тілді таңбалар жүйесі дедік, Демек, кез келген таңбаның мазмұны мен формасы болады. *Әдістемелік тұжырым:* тілді ойлаудың іске асырылу формасы, сөздің мазмұны, таңбалар жүйесі ретінде зерттеп, қарастыру керек.

7) Сөз деректі және кеңістік пен уақытқа тәуелді болғандықтан, **қозғалмалы**, ал тіл – **тұрақты**. Алайда жалпы құрылысы сақталғанымен, тілді мүлдем өзгермейді деуге келмейді.

СӨЗ соңында А.Байтұрсынұлының пікірін [38, б.495] келтірген жөн. Себебі тіл, сөз бен сөйлеу табиғатын ғалымнан артық жеткізу мүмкін емес.

Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі –

құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машина бөлшектері жасалған заттардың қасиеттерін, олар үйлесуінен шығатын тетік заңдарының жайын жақсы білетін жұмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеуі бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тіпті білмеуі мүмкін.

Жалпақ жұрттың құрал тұтынуы көбінесе екінші жолды болады. Тігін машиналарын, пішен, егін машиналарын қолданушылар солардың ішкі, сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліп отырып жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сияқты жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліп қана жұмсайды. Бұлардың да машина біліп алатындары болады, бірақ оны құрал жұмсау жүзінде көп тәжірибе көргеннен кейін білінеді.

Расында, бір нәрсені «қалай үйрету» жолын қарастырмас бұрын, «не үйретіледі» деген сұраққа толыққанды жауап алынуы тиіс. Зерттеу жұмысында тіл, сөз бен сөйлеу ұғымдарына кеңінен тоқталу осы себептен болған еді.

Тіл («сөз» мағынасында) ауызша тіл немесе ауызша сөз, жазба тіл немесе жазба сөз деп екі түрге бөліп қарастырамыз. Бұл жердегі «сөз» термині тілдің қолданыстағы қалпы, орысша «речь» дегеннің баламасы ретінде алынып тұр [11, б.15]. Ауызша тіл мен жазба тілдің механизмдері әртүрлі. Ауызша тіл сөйлесім әрекетінің айтылым және оған қарама-қарсы тыңдалымға, ал жазба тіл жазылым мен оқылым әрекеттеріне сәйкес келеді екен. Демек, **ауызша тіл (АТ)** дегеніміз – ішкі сөйлеуді ауыз мүшелерінің қозғалысы арқылы дыбыс толқындарымен сыртқа шығаратын, белгілі бір тілдік таңбаға кодталған, естілетін және айтылатын тілдік жүйе немесе ойдың дыбысталуы, ойдың дыбыстық кодқа айналуы. Ал **жазба тіл (ЖТ)** дегеніміз – ішкі сөйлеуге (белгілі бір тілге, мысалы, қазақ тілі) кодталған ойдың фонемалық сүзекіден өтіп жазу, көруге бағытталған графикалықкодқа айналған жүйесі [39, б.287].

Ауызша тіл мен жазба тілдің аражігін ажырату кейде оңайға соқпайды. Себебі естігеніміздің бәрі – ауызша, ал оқығанымыздың бәрі – жазба тіл емес. Мысалы, жарлықты оқу ауызша орындалғанымен, оны жазба тілге жатқызған дұрысырақ. Немесе таспаға жазылған куәгердің сөзін қағазға түсірсек те, оны толыққанды жазба тіл дей алмаймыз [40, б.7]. Осы секілді француз тіл білімінде «табиғи ауызша тіл» және «жасанды ауызша тіл» деген ұғымдар бар [41, б.16]. Жасанды ауызша тілге француз ғалымдары өлең оқу мен жаңалықтар мәтінін ауызша баяндауды жатқызады. Өйткені олар ауызша формада айтылғанымен, негізінде жазба тіл стиліне жатады дегенді алға тартады.

Ауызша тіл мен жазба тіл тек өмір сүру формаларымен ғана емес,

коммуникация барысында қолданылатын тілдік құралдарымен де ерекшеленеді. Мысалы, ауызша тілдің басты айырмашылығы оның просодикалық сипатқа ие болуы, жазба тілде қолданылатын тыныс белгілері толыққанды оның орнын баса алмайды. Сонымен қатар ауызша қарым-қатынаста сөз тілдік емес амалдармен де үстемеленіп отырады [42, б.17].

Сондай-ақ ауызша тіл қайта қайтып келмейтін үдеріс екені белгілі. Ал жазба тіл жазу үдерісінен шығып, жазғанын өңдеуге, түзетуге мүмкіндік береді. Яғни ауызша тілде процессуалдылық басымдық көрсетсе, жазба тілде өнімділік (продуктивный) аспектісі алға шығады [43, б.88]. Аталған формаларды зерттеуде оларды адресат тұрғысынан да қарастыру керек. Ауызша тіл әрдайым бірізді. Жазба тілде бірізділіктен ауытқулар болып тұрады. Гипермәтін, сілтемелер, оқырманның мәтін ортасы мен соңын да көре алуы осыны дәлелдейді. Ал ауызша тілде алдағы айтылатын ойға бірден өтіп кету деген секілді мүмкіндік болмайды [44, б.88]. Ауызша тілді қабылдауға жауапты жедел жадтың көлемі де аз болады (7 ± 2 элемент). Адресат шұбалаңқы сөйлемдер мен құрылымдарды қабылдамайды. Егер шұбалаңқылық орын алса, адресат оны игере алмай, сөздің басын ұмытып, соңын түсінбей жатады. Осыдан келіп ауызша сөзді белгілі бір қалыпқа салудың тиімсіз екендігі шығады. Ауызша тілдің бірізділігі тағы бір шектеуге алып келеді: қандай да бір себеппен естілмей қалған бөліктері қайтарымсыздығынан жоғалады. Әрине, адресат адресанттан қайта сұрауы мүмкін, дегенмен ол кері қайтару емес, коммуникацияның жаңа кезеңіне ұласады [45, б.201].

Адресат сөзді оның соңында емес, айтылып жатқан кезінде ұғынып отырады. Осыған орай, ғалым Л.Якубинский диалог кезінде коммуниканттар сөзді қабылдаумен қатар, оны түсініп, оған жауап ретінде өз сөзін де дайындайтындығын айтады [46, б.35].

Ауызша мен жазба тілдің өзіндік белгілері де жоқ емес. Олар әдетте фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктерге ажыратылады [47, б.35]. Оларды талдау үшін төмендегі мысалдарға (ауызекі сөйлеу тілі негізінде) назар аударайық.

Кесте 6 – Ауызша тілдің (ауызекі сөйлеу тілі негізінде) фонетикалық ерекшеліктеріне келтірілген мысалдар

Ауызша формасы	Жазбаша формасы
Қазіргі гезде // біздің мемлекетіміз үшін әрбір қазақ // сандығ және сапалығ жағынан өтө маңызды. Сондұқтан да // жырақта жатқан бауұрларымызды неғұрлұм ертерег елге әкелуді ойлаууымыз герек. Бірақ кәзір// өкүнүшке ғарай, биза мәселесі қыйындап, көшүү прасесі бәсеңдеп барады. Кеше ғана дүнүйе жүзү қазақтарының құрұлтайында // През_дентіміз «Әлемнің қазақтарына еліміздің есігі айқара ашық» деп қууантты. Жерма мың отпасыға дейін	Қазіргі кезде біздің мемлекетіміз үшін әрбір қазақ сандық және сапалық жағынан өте маңызды. Сондықтан да жырақта жүрген бауырларымызды неғұрлым ертерек елге әкелуді ойлауымыз керек. Бірақ қазір өкінішке қарай, виза мәселесі қиындап, көшу процесі бәсеңдеп барады. Кеше ғана дүние жүзі қазақтарының құрылтайына Президентіміз: «Әлемнің қазақтарына есігіміз айқара ашық» деп қуантты. Жиырма мың отбасыға дейін көшіріп әкелу туралы бағдарлама жасатты. Бұл – зор қуаныш. Бірақ сол жарлық орындалмай

6-кестенің жалғасы

Ауызша формасы	Жазбаша формасы
көшүрүп әкелуу тууралы бағдарлама жасатты.Бұл // зор ғууаныш. Бірақ сол жарлығ орундалмай отур. Бунун бірдем бір себебі // атқарушы оргындардың бақлаусыз геткені болса гереқ. Шетелдегі қандастарымыздың да көңүлү ғала бастады. Нийет // бұзула бастады.	отыр. Бұның бірден-бір себебі, атқарушы органдардың бақылаусыз кеткенінде болса керек. Шетелдегі қандастарымыздың да көңілі қала бастады. Ниет бұзыла бастады.

Мысалдар ауызша тіл мен жазба тілдің айырмашылықтарын айқын көрсету үшін ауызша тілдің ауызекі сөйлеу түрінен алынды. Байқағанымыздай, ауызша тілдіңүндесімі, үйлесімісақталған: *отпасы, бұзула, көңүлү т.б.* Осы секілді фонетикалық ерекшеліктерден дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара алмасуы, ерін үндестігі мәселелері көрініс табады [48, б.50].

Кесте 7 – Ауызша тілдің (ауызекі сөйлеу тілі негізінде) лексикалық ерекшеліктеріне келтірілген мысалдар

Ауызша формасы	Жазбаша формасы
Содан әйтеуір <i>бұ йаққа</i> келемадым.	Содан әйтеуір <i>бұл</i> жерге келе алмадым.
Содан балама <i>звандап...</i>	Содан балама <i>қоңырау соғып/шалып ...</i>
<i>Бийтін</i> қолымен <i>негылды</i> .	Осылай қолымен ұстады/сипады т.б.
<i>Ұзигетүсті</i> .	УДЗ-ге түсті.
<i>Кистасы</i> өсіп, содаң гейін <i>жаман аурұуға</i> айналып кете ма?	Ісігі өсіп, содан кейін обырға айналып кетпей ме?
<i>Бүкіл-барлық</i> емдомын барлығын алды.	Қажетті емінің барлығын алды.
Сонда <i>мына</i> медреселердің жұмысы туралы жазған.	Сонда медреселердің жұмысы туралы жазған екен.

Ауызша тілдің лексикасы кез келген жат элементтерді қабылдап кетуге бейім «ашық» кеңістік іспеттес [49, б.76]. Жоғарыда келтірілген мысалдардан байқайтынымыз:

- сөз қысқартулардың, сол қысқартулар нәтижесінде сөз трансформациясы (*бұ йақ, о йақ, келемадым, келатыр, жазыватыр т.б.*);

- қазақ тіліндегі баламасы бола тұра, «бөтен кісідей» сіңісіп кете алмай жүрген сөздердің көп болуы (*звондау, УЗИ, уже, вообще, короче, неужели, просто, кстати, ладно, хотя бы, вроде т.б.*); Осыған орай, зерттеу жұмысының барысында күнделікті өмірде жиі қолданатын, бірақ қазақша баламаларын табуға қиналып қалатын сөздердің орысша-қазақша тілұстары жасалды (Қосымша А).

- негізгі етістіктердің орнына паразит сөздердің қолданылуы (*биітін, сөйтін, өстіп, негылды, нестеді т.б.*); Бұдан басқа да паразит сөздердің қатарын толықтырып жүрген «қыстырынды» сөздер көп кездеседі. Мысалы,

аталған мәселеге қатысты «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын 2-курс студенттерінің барлығы 200 минутқа созылған сабақ айту барысындағы сөздері таспаға жазылған болатын. Нәтижесінде, білім алушылардың тілінде ең көп ұшырасқан «қыстырынды» сөздердің жиілік тізімі шығарылды:

Кесте 8 – «Қыстырынды сөздер»-дің жиілік тізімі

№	Лексикалық бірлік	Қайталану жиілігі
1	Жаңағы	117
2	Жалпы	105
3	Негізі	91
4	Деп	77
5	Да (шылау)	65
6	Ғой	63
7	Енді	59
8	Кейін	54
9	Мысалы	51
10	Сол	47
11	Осы	39
12	Бұл	38
13	Болып табылады	33
14	Өзі	26
15	Жатыр	21
16	Бәрі	19
17	Осындай	17
18	Сияқты	15
19	Бір (белгісіздік есімдігі)	15
20	Ғана	12
21	Ал	12

- ауызша тілде эфвемизмдік қолданыстарының жиі ұшырасуы (*обыр – жаман ауру*);

- экспрессияны күшейту мақсатында бір мағынаны білдіретін сөздерді үсті-үстіне қолдану (*бүкіл-барлық*);

- есімдіктердің «орын басушы» сөз табына айналуы. Әдеби тілге қарағанда, сөйлеу тілінде есімдіктердің тым белсенді жұмсалатындығын байқауға болады. Зерттеулердің көрсетуінше, сөйлеу тіліндегі 1000 сөздің 475-і есімдік, 130-ы зат есім, 35-і сын есім екен [29, б.84]. Әсіресе, сілтеу есімдіктері ойды жеткізуде өте көп қолданылатыны дәлелденіп отыр.

- жұмыстың зерттеу нысаны – болашақ маман иелері, яғни жастар болғандықтан, олардың ауызша тілінде орын алған сленгтер жайында да айтпай кетуге болмайды. Сленг – әдеби тіл нормасынан алшақ тұратын, тілдегі эмоционалды-экспрессивтілікті көрсететін, белгілі бір деңгейде әлеуметтік топтарда қалыптасқан ережелерге деген қарсылықты білдіретін, шығу тегі жағынан бірегей лексикалық қабат екені белгілі [50, б.253]. Мысал ретінде қазіргі жастар ауызша тілінде кездесетін бірқатар сленгтерді келтірсек: ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың өмірімізге әбден сіңісуіне

байланысты *комп* – компьютер, *инет* – интернет, *юзер* – белгілі бір сайт немесе әлеуметтік желіні пайдаланушы, *пысы* – (ағылшын тілінде «P.S» сөзінен шыққан) айтылған мәселеге қосымша ақпарат секілді сленгтер қолданылады. Олармен қатар дөрекі мағыналарда жұмсалатын сленгтер де жетерлік: бір нәрсені түсінбей, «қақпай» тұрған адамды *тормоз*, *шәйнек*, *тундра*, *даун*, *мавр* деп атау кездеседі. Ал студенттер арасында бірінші курс студентін *фрэшман*, экономика факультетінің студенттерін *финик* деген сленгтерді де естуге болады. Сленгтерді зерттеудің маңызы айтпаса да түсінікті, себебі олардың қолданушысы – жастар, ал жастар – тіліміздің тікелей мұрагерлері.

Кесте 9 – Ауызша тілдің (ауызекі сөйлеу тілі негізінде) синтаксистік ерекшеліктеріне келтірілген мысалдар

Ауызша формасы	Жазбаша формасы
1940 жылы наурызда Қытайда тудым, кедей шаруада, 5 кластық орыс класын бітірдім, шешеміз сол жақта қалды, әкеміз <i>үлкен сол</i> . Елдің бәрі жапа-тармағай <i>аштық</i> . Аш болды, сотталуын соттап, жұмыс жоқ. Сонда шешем жарықтық, қашпақшы болыппыз. Ақыры 1955 жылы... Одан Павлодарға келдік. Оларда баяғы сол жұмыс. Өз шешеміз сол жақта қайтыс болған. Сол Зайсанда тұрдық <i>көбінде</i> . Сонда еркек балдар құсап, бригадир етіп қойған. Жұлысады екем <i>сонда</i> . Пысық болдым. Екі жылдай көрмеген азап көрдім ауылда, ағам айтады <i>сөйтіп жүрдім деп</i> . Сиырды қосып келем, 5-те <i>тұрып ап</i> . Жылап келеді, <i>жесір әйелдер</i> . Бір-ақ рет көмектесті, сонша жыл жақсылық <i>істегенде</i> (70 жастағы қария сөзінен).	Мен 1940 жылдың наурыз айында, Қытай жерінде, кедей шаруа отбасында дүниеге келдім. 5 жылдық орыс мектебін бітіргенде жапа-тармағай аштық басталды. Елдің бәрі аш-жалаңаш, жұмыс жоқ, сотталғандар сотталып, абақтыға жабылғандар айдалып жатты. Сонда шешем жарықтық, бізді алып, қашуға бел буыпты. Бірақ әкеміз үлкен кісі еді де, шешеміз соған қарайлап жолға шыға алмапты. Ақыры, сөйтіп жүргенде 1955 жылы шекара ашылып, елге оралдық. Алдымен Павлодар қаласына келдік. Кейін Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданына көшіп келіп, сонда тұрақтадық. Жұмысқа тұрдым. Мені пысықтығыма қарап, бригадир етіп қойды. Еркек балалар сияқты ренжіткен адаммен жұлыса кететін көрінемін. Оны ағам айтады. Азапты да көп көрдім. Таңертең 5-те тұрып алып сиырды қосып, кешке дейін жұмыста тұрамын. Талай (жесір) әйелдердің жағдайын әкімшілікке айтып, көмек алып бердім.

Ауызша тілдің синтаксисінде де бірқатар ерекшеліктер бар. Солардың ішінде:

- эллипсистік құрылымның кең таралуы;
- әдеби тілдегі синтаксистік ережелердің сақталмауы (сөз тіркесінде бағыныңқы сыңардың міндетті түрде басыңқы сыңардың алдында тұруы, баяндауыштың тек сөйлем соңында келуі);
- бөлшектенген (парцелляцияланған) сөйлемдердің көп қолданылуы секілді айырмашылықтарын көрсетуге болады.

Сонымен, ауызша тілдің жазба тілден айырмашылығын осы бағытта нәтижелі зерттеу жүргізіп жүрген зерттеуші Қ.Күдеринованың пікірімен түйіндесек:

- 1) ауызша тіл – уақыт пен кеңістік жағынан мобильді, айтылатын сөзді сол


мезетте, сол қалпында қайталау мүмкіндігі жоқ тіл. Ауызша тілде, ең алдымен, сөз үнемдеу заңдылығы болады. Ол: коммуниканттардың паралингвистикалық, экстралингвистикалық, суперсегментті тәсілдер қорына: интонация, тон, ым-ишара, қарқынға ие болуынан; осыған байланысты сөздердің семантикалық байланысының күштілігі, морфологиялық формасыз, шылауларсыз байланыса беруінен; аналитизм мен инверсияның күштілігінен; коммуниканттардың санасында вербалданбайтын жасырын мазмұнның болуынан шығады;

2) ауызша тілдің көбіне екі жақты болатыны, яғни коммуниканттардың бір-бірін көріп отыруы, мобильділік, қайта реакция жасау мүмкіндігі оның құрылымына әсер етеді. Сондықтан бір сарынды баяндау болмайды, сөз тіркестері қарапайым, коммуникантқа әсер етуші функциясы динамикалық түрде ашық болады, автокомментатор, сөз қайталау, гезитациялық кідірістер жиі пайдаланылады;

3) ауызша тіл ойлауға қарағанда баяу болғанымен, жазба тілге қарағанда тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады. Сыртқы тіл ойды өзіне кодтап үлгере алмайтындықтан, ауызша тіл синтаксистік құрылымға қарағанда логикалық құрылымға көбірек бағынады, себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еріктілігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актіге дайындықсыз кірісіп кетуі бар;

4) ауызша тілде жаңа сөздер, грамматикалық формалардың жаңа жұмсалымы көп болады [51, б.32].

Қазіргі кезде қазақ тіл білімі құрылымдық бағытта әбден зерттелген десек артық айтпаймыз. Тіпті әр саласы мектептен бастап, жоғары оқу орнына дейін жеке-жеке талданды. Күнделікті қолданыстағы тіліміз емес, жазба тілге кодталған қазақ тілі зерттеліп келді. Оған қазір мектеп бітіріп келген жастардың грамматикалық мазмұндағы тапсырмаларды өте жақсы орындап, өз ойын жеткізуге келгенде күмілжіп қалуы дәлел. Бірақ кез келген тілдің жаны – оның ауызша тілінде екенін ұмытпау керек. Батыста XX ғасырға дейін жазба тілге көп көңіл бөлініп келуінің бірден-бір себебі ауызша тілді жазып алуға техникалық мүмкіндіктің болмауынан деп есептейді. Ал бүгінде ауызша тілді зерттеуге толық жағдай жасалған. Әйгілі ағылшын ғалымы П.Линелл өзінің «Written Language Bias in Linguistics» («Лингвистикадағы жазба тілдің ығыстырылуы») еңбегінде ауызша тіл зерттелуінің кенжелеп қалуын тілшілердің ауызша тілдің үдеріс екендігін ескермеуінен туындағандығын айтады. Олар жазба тілді зерттеуге тән әдіс – «нысан» ретінде қарастыруды тоқтату керек деп есептейді [52]. Тіл білімінде ауызша тіл мен жазба тілдің аражігі ажыратылмай келгендіктен, кез келген тілдік талдаудың негізі жазба тіл элементтері болды. Осыдан келіп, әдеби тілді жақсы меңгерген адамның өзі ойын ауызша айтқанда «дәл жазба тілдегідей» айтып, сөзінің әрін қашырып алып жүр. Қазақ тілінде құрылымдық бағыт пен жазба тілге көп көңіл бөлініп келгендігін зерттеу жұмысының барысында алынған кейбір эксперимент нәтижелері де байқатады. Мысалы, 9-11 сынып аралығындағы оқушылардан: «Өз ойыңызды қандай формада толық жеткізе аласыз?» деген сұраққа жауаптары төмендегідей нәтижені көрсетті:



Сурет 4 – Оқушылардың ойын жазбаша (74%) және ауызша (26%) жеткізе алу көрсеткіші

Сонымен қатар тілді енді үйреніп жүрген Сомали елінен келген екі студентке бақылау эксперименті жүргізілді. Біріншісі – тек қазақ тілін оқытушының, оқулықтардың жетекшілігімен үйреніп жүрген болса, екіншісі «Өзге ұлттарға арналған қазақ тілі» сабағымен бірге, қазақ тілін жақсы білетін студенттермен тұратын еді. Нәтижесінде, екінші білім алушының көрсеткіші жоғары болды. Студенттің айтуы бойынша, оның қазақ тілін тез үйренуіне сабақтардан гөрі күнделікті қазақи ортада түскен тілдік жағдаяттары көп септігін тигізген [53].

Әрине, қазақ ауызша тілін мүлде қаралмаған деуге келмейді. Қазақ тіл білімінде бұл бағытта алғаш қадам жасаған белгілі ғалым Р.Әмір болатын. Ол ауызша тілдің синтаксистік ерекшеліктеріне (көбінесе Б.Майлин шығармалары негізінде) баса назар аударған [54]. Арада біраз уақыт ауызша тіл тілшілердің зерттеу нысанынан тыс қалған еді. Бір қуанарлығы, бүгінде Н.Уәли, Р.Сыздық, Қ.Күдерина, А.Фазылжан бастаған ғалымдар ауызша тілдің өзіндік терминологиялық базасын жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүр. Ауызша тілдің қатысымдық бірліктері мен басқа да аспектілері тұрғысынан бірнеше диссертациялар қорғалды. Ғылымда тек жазба тілдің басты нысан етіп алынуы қазақ тілінің сөйлеу мәдениетіне де өз кері ықпалын тигізіп жатыр. Сонымен қатар «сөйлеу тілін зерттеу тілдік жүйені жүзеге асыру мүмкіндіктері мен перспективасын білуге қызықты деректер бере алады, ол арқылы тіл мен сөйлеу арасын анықтауға болады» [54, б.11]. Шетелде ауызша тіл қазір дискурс-анализ, институционалды коммуникация, мәдениетаралық коммуникация, функционалды лингвистика т.б. аясында қарастырылуда. Орыс ғалымдары В.Герасимов пен С.Ромашко ауызша тілдің зерттелуіне сүйенетін нақты теориялық базаның болмауы кедергі болып тұрғанын айтады [55, б.210]. Шынында да, ауызша тіл мәселелерін қарастырғанда негізгі тірек ұғымдарды кейбіреуі сөйлеу актісі теориясынан, кейбіреуі әлеуметтік лингвистика мен психологиядан, енді біреуі прагматикадан алып жүр. Ал қазақ ауызша тілін аты аталған ғалымдардың айтуы бойынша, *құрылымдық-жүйелік және коммуникативтік-функционалдық* тұрғыдан зерттеу керек.

Ауызша тілді зерттеудің әдіснамасы зерттеу мақсатына қарай әртүрлі бола алатынын дәлелдеп отыр. Дегенмен барлық зерттеулердің негізінде психолінгвистикалық зерттеулердің тұруын табылған ортақ бір әдіснамалық көрсеткіш дей аламыз. Біз өз кезегімізде әдіснаманы зерттеу материалдары

болып табылатын ауызша сөзді жазу, жинақтау және оларды өңдеу тұрғысынан келгеніміз дұрыс. Осы жерде таспаға түскен ауызша сөзді қағазға түсіргенде қолданылатын әдістер, тіпті транскрипциялау мен шартты белгілер қоюда ғылымда нақты қалыптасқан бірізділік жоқ [56, б.84]. Сонымен, ауызша тілді зерттеуде ұстанатын кейбір алғышарттарды атап өтейік:

1) *Зерттеу нысаны етіп алынған материал сипаты.* Көптеген талдаулар эмпирикалық талдауларға сүйеніп, тек шынайы коммуниканттар арасындағы ауызша сөзге көңіл бөледі. Кейбір зерттеушілер ауызша тілдің табиғатын ашу үшін әдейі өзі келтірген мысалдарға жүгінеді. Сондай-ақ бірқатар зерттеушілер сөзді таспаға түсіру барысында коммуниканттароны білмеуі керек деп есептесе, енді бірі сөйлеушінің сөзі таспаға жазылып жатқанын ескертіп қана қоймай, оған мақсатты сұрақтар қою арқылы сөйлетеді екен. Шетелдік ғалымдар ауызша тілдің толыққанды бейнесін ашу үшін таспаға жазудың екі түрін де қолданған дұрыс деп есептейді [57, б.27].

2) *Жазылған материалдың көлемі.* Дұрыс нәтижеге қол жеткізу үшін қанша таспаға жазылған материалдың болу керектігі жауабын таппаған сұрақтардың қатарына жатады. Кейбір ғалымдар толыққанды талдауға 15 минуттық жазбаның өзі жеткілікті екендігін айтады [58, б.84]. Ал біздің бұл зерттеу жұмысымызда 5-50 минут арасындағы әртүрлі тілдік жағдаяттағы барлығы 7 сағатты құрайтын таспа жазбалары қолданылғандығын атап өту керек. Олардың кейбір үлгілері қосымшада берілген (Қосымша Ә).

3) *Коммуниканттар саны.* Д.Шиффрин бір жазғанында зерттеу жүргізгенде 7 коммуниканттың сөзінен аспау қажеттігін айтады. Оның ойынша, коммуниканттың саны көп болған сайын ауызша тілді зерттеу қиындай түседі [59, б.3]. Ал біздің жұмыстың негізі ретінде барлығы 50 коммуниканттың сөзі алынып отыр. Олар әртүрлі жаста, түрлі әлеуметтік топ өкілдері. Бірақ бәрі де ауызша әдеби тілді белгілі бір деңгейде меңгерген коммуниканттар болып табылады.

4) *Ауызша сөзді техникалық құрал көмегімен жазу үдерісі.* Ауызша тілді зерттеудің басты шарты ол, әрине, сөздің таспаға басылуы. Кейде ауызша коммуникацияда қолданылатын бейвербалды амалдардың да рөлін көрсету мақсатында видеожазбалар да пайдаланылады. Дегенмен ауызша тілдің просодикалық сипатын анықтау үшін таспаға жазылған материалды нысан етіп алған дұрыс.

5) *Таспаға жазылған сөзді қағаз бетіне түсіру және олардың транскрипциясы.* Таспадағы ауызша сөзді қағазға түсіруде қолданылатын шартты белгілер бар. Алайда ауызша тілдің бүкіл қанықтылығын жеткізу үшін ол шартты белгілердің аздық ететіндігін дәлелденіп отыр [60, б.9]. Жалпы алғанда, зерттеуші М.Макаров ауызша тілді қағазға түсірудің үш құрылымын атап көрсетеді [56, б.31]:

1) вертикаль бағыттағы түсіру:

А: Жағдайың қалай?

В: Ақырындаааа //

А: Ааа / жақсы онда //

Аталған құрылым негізгі әрі кең таралған түрі болып саналады. Осыған

орай, жұмысымызда осы құрылымды пайдалануды жөн көрдік.

2) бағанға бөлу тәсілін пайдалану:

А:

В:

Жағдайың қалай?

Ақырындааап //

Ааа / жақсы онда //

3) партитура (кезектестіру) арқылы түсіру:

А: Жағдайың қалай?

Ааа / жақсы онда //

В:

Ақырындааап //

Көп зерттеушілер қолайсыздығына қарамастан, аталған құрылымды ең нақты деп есептейді.

Сондай-ақ ауызша тіл құрылымын зерттеу үшін оны қағаз бетіне түсіру барысында бірқатар шартты белгілер де қолданылады:

- жай тынысқа – бір сызық (/);
- кіші тынысқа – екі сызық (//);
- үзілген, түсірілген сөз, тіркес, сөйлемді жақшадағы көп нүктемен ([...]) белгілеу;
- релевантты экстралингвистикалық ақпаратты жақша ішіне беру.

Кейде қағазға түсіргенде нүкте, үтір, сызықша, сұрақ, леп белгісі секілді жазба тілдің құралдарын пайдаланбау, бас әріпті, кісі есімдері мен жер-су аттарына болмаса, қолданбау да ұсынылады [61, б.144].

Енді ауызша тілдің негізгі түрлеріне өтпес бұрын типологиялық топтарына тоқталып өтсек. Ауызша тілдің типологиялық топтары оларды таптастыру критерийлеріне байланысты түрліше болып келеді. Әдетте, топтарға бөлуде коммуникацияның экстралингвистикалық факторларын басшылыққа алады. Сонымен, ауызша тілдің типологиясын жасауда төмендегілер кең таралған белгілердің қатарына жатады, олар:

- 1) тікелей немесе қашықтықтан жүзеге асқан ауызша тіл;
- 2) монолог / диалог / полилог;
- 3) ресми және бейресми;
- 4) сұхбат немесе шаршытоп алдында сөйленетін сөз;
- 5) дайындықты және дайындықсыз ауызша сөз;
- 6) ауызша тілдің өзге функционалды стильдердегі көрінісі;
- 7) ауызша тілдің өзіндік жанрлары;

Е.Земская бұл белгілердің жүзеге асуы үшін коммуникативтік актінің мынадай компоненттерін маңызды санайды:

- коммуниканттардың туған жері мен өскен аймағы;
- білімі;
- жасы;
- жынысы;
- коммуникация кезіндегі рөлі (мысалы: жүргізуші – жолаушы);
- коммуниканттар арасындағы қарым-қатынас деңгейі (бейресми, ресми, бейтарап);
- коммуниканттардың аялық білімі;
- коммуниканттар саны;


- адресаттың сипаты: (таныс, бейтаныс, көпшілік, ұжым т.б.);
- коммуниканттардың коммуникация кезіндегі қарым-қатынас түрі: визуалды немесе виртуалды [62, б.237].

Осыдан кейін ауызша қарым-қатынас сипатының мәтін типтеріне сәйкес жасалған классификациясына тоқталайық. Бұл бөліністің авторы – ауызша тілді зерттеуші Б.Зандиг ауызша коммуникацияның 3 белгісін атап көрсетеді: оның ауызша форматта болуы (А), машықсыз болуы (М1) және монологтік сипатқа ие болуы (М2). Ғалымның айтуынша, ауызша мәтіндердің типтері осы белгілердің комбинациялық қосындысынан туындайды. Оларға мысал келтірсек:

- 1) +М2+А+М1: адамның өз-өзімен сөйлесуі;
- 2) +М2+С–М1: дәріс, шаршысөз, радиобағдарлама, діни уағыз;
- 3) –М2+А+М1: әңгіме айту, телефонмен сөйлесу;
- 4) –М2+А–М1: ғылыми дискуссия, дөңгелек үстел т.б. [63, б.160].

Ғылымда көп қолданылатын тағы бір классификация бар. Ол классификацияның негізі ауызша қарым-қатынастың әлеуметтік аспектісіне құрылған. Оның авторлары неміс тілші-ғалымдары – Г.Хенне мен Г.Ребока болатын. Олар әрбір әлеуметтік топ арасындағы ауызша коммуникацияны оның типтеріне жатқызады [64, б.13]. Мысалы, зерттеуімізге сай мұғалім мен оқушының арасындағы ауызша коммуникацияны ғалымдар бөлек типке сәйкестендіреді.

Ауызша сөз типтерінің жинақталуынан оның түрлері қалыптасатындығы белгілі. Оның түрлері қазақ тіл білімінде Р.Әмір, Н.Уәли, Р.Сыздық еңбектерінде біршама айтылады. Айталық, академик Р.Сыздық: «Ауызша сөздің өзі ауызша әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі деп екіге бөлінеді де, олардағы сөзқолданыстарында айырмашылық болады» деп көрсеткен [11, б.15]. Соның ішінде ерекше ауызекі сөйлеу тіліне былайша тоқталады: «Ауызекі сөйлеу тілін анықтап тұрған – *ауызекі* деген атрибуты, яғни бұл – екі не одан да көп адамның ауызба-ауыз (жүзбе-жүз, құлақпа-құлақ) отырып сөйлесулері, сөйлеулері. Мұны тұрмыстық тіл деуге де болады. Адамдар жүзбе-жүз тілдескенде дыбыстап (ауызекі) сөйлейді (сөйлеседі), ал тілдің бұл көрінісі жазба әдеби тіл машығынан да, оның ауызша қолданысынан да бөлек. Оның лексикалық құрамында да, морфологиялық, әсіресе синтаксистік жүйесінде де әдеби тілдің жазба түрінен де, ауызша түрінен де бөлек (ерекше) қолданыстар едәуір көрініс табады [65, б.19]. Ал аты аталған ғалымдардың зерттеулерін жалғастырушы Қ.Күдеринова қалыптасқан жіктеулерді дамыта келе, ауызша тілді таптастырудың мынадай жүйесін ұсынады: «Тіл ауызша және жазба тіл арқылы көрінеді. Ауызша тіл **ауызекі сөйлеу тілі** (отбасы, аула т.б.), **бейтарап ауызша әдеби тіл** (БАҚ тілі, шешендік сөз, дәріс, жиналыс) және **ауызша әдеби тілге** (мектеп бағдарламасы, ғылыми конференция баяндаулары т.б.) бөлінеді. Әдеби тіл *көркемсөз стилі, шаршысөз стилі, ғылымсөз, ресмисөз стиліне* ажырайды. Ал жазба тіл де **жазба ауызекі тіл** (хат, қолхат, интернет тілі) және **жазба әдеби тілге** (көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми ісқағаздар стилі) бөлінеді» [51, б.44].



Сурет 5 – Ауызша және жазба тілдің бөлінісі

Зерттеуші Қ.Күдеринова аталмыш ауызша және жазба тілді олардың түрлеріне сәйкес бала санасында қалыптасуын өте жақсы сипаттап өтеді. Оныңайтуынша, адам ауызекі тілді бала кезінен бастап отбасында, аула, қоғамдық орындардың кейбір түрлерінен үйренеді. Мектепке барып, оқи бастағанда жазба тілді алдымен ауызекі тілдің деңгейінде қабылдайды. Оны мектепалды, бірінші сынып балаларының сөздерді естілуі бойынша жазуы немесе кітаптағы мәтіндерді үлкендерге ауызша айтып беруін өтінуінен байқауға болады. Бір қарағанда, ауызша сөйлеуді біраз меңгерген бала мектеп табалдырығын аттап, сауат ашқанда жазба тілді оңайлықпен игере қоймайды. Әріптерді дыбысқа айналдырып, буын құрай алмай, буынды сөзге «айналдыра алмай», едәуір қиналады. Ал естіген сөзді әріптер арқылы құрастырып, таңбалауды сауатты түрде меңгеру ұзақ уақытқа созылады. Сөзді буынға жіктеп, тұтас оқу қиындығы белгілі. Сол секілді оқыған мәтінін бірінші ауызша тілге аударып, алып, сосын өз түсінігін айтуға келгенде қайта әдеби тілге айналдыруға тырысып, бірнеше мәрте дайындалады. Себебі ауызша сөйлеу мәнерін де жазба мәтінге лайық сөйлеу нормасына «айналдырып» үйрену керектігі шығады. Ауызекі тілде толымсыз, жақсыз, жалаң сөйлемдер, қарабайыр сөздермен, экспрессивті сөздермен, кинесикалық амал-тәсілдермен ойын жеткізіп, үйреніп қалған бала жазба мәтін арқылы ойын қалай берерін білмей қиналады. Жазба дәстүрді игеруге уақыт көп кетеді. Ауызша құрған ой жазба тілге «аударылып», жазылған мәтін ауызша тілге аударылып қана түсінікті болады. Осыған орай, белгілі ғалым Л.Щерба: «Кез келген мәтінді түсіну үшін алдымен оны сөйлеу тіліне аудару керек» [66, б.30] деген болатын. Басқаша айтқанда, өз тілінен басқа екінші тілді үйренудің қиындығы сияқты. Осы кезде теледидар, түрлі мәдени орындар арқылы бейтарап сөйлеу тілін де қатар меңгере бастайды. Сөйтіп 7-8 сыныпқа дейін бала көркем шығармалармен танысып, эстетикалық талғамы қалыптасып, өз ойын көркемдегіш құралдар арқылы жеткізуге дағдыланады. Кейін 9-11 сыныптар аралығында бала сол шығармаларды талдау арқылы, сыни көзқарасы

калыптасып, публицистикалық стильге төселеді. Ал жоғары оқу орнында жүргізілетін дәріс пен сабақтардың арқасында ғылыми стильді игереді. Содан соң жұмысқа тұрғанда ресми сөйлеуді үйренеді [51, б.43].

Кез келген адамның сыртқы қоғаммен қарым-қатынасы өзіндік МЕН-інен басталады. МЕН-нің айналасындағы жақын кеңістікті **таныс орта** деп атаймыз. Ал МЕН-нен алыстай бастаған кеңістікті **таныс-бейтаныс орта** және **бейтаныс орта** десек болады. Сонда адам таныс ортада ауызекі сөйлеу тілін, таныс ортадан алшақтағанда, яғни таныс-бейтаныс ортада бейтарап сөйлеу тілін, ал бейтаныс ортада әдеби тілді қолданады екен [61, б.141].



Сурет 6 – Сөйлеу тілінің адамның жеке МЕН-іне қатынасы

Енді жоғарыда берілген бөліністі жеке-жеке талдап өтейік. Ауызекі сөйлеу тілі – күнделікті тұрмысқа тән. Анық емес артикуляция, дыбыстар мен сөздерді «жұтып қою», тез екпінмен сөйлесу – бұл тілге тән ерекшеліктер.

Бейтарап сөйлеу тілі – жеткілікті түрде анық артикуляциясы бар, бірақ дыбыстарды аздап «жұтып қоюымен» (редукция) ерекшеленеді. Айтылу екпіні – жылдамырақ, орташа. Іскерлік әңгімелер, келіссөздер және басқа да іскерлік қатынас түрлері осы бейтарап сөйлеу тілінде жүргізіледі.

Толық әдеби сөйлеу тілі – барлық дыбыстардың анық, түсінікті, асықпай жай екпінмен айтылуымен ерекшеленеді. Бұл сөйлеу тілінің үлгілерін тәжірибелі шешендердің көпшілік алдында сөйлеулерінен, радио мен теледидардың кәсіби дикторларының сөздерінен көреміз [8, б.19].


Көріп отырғанымыздай, адамның тілді меңгеруінің алғашқы сатысы ауызекі сөйлеу тілі болып отыр. Ауызекі сөйлеу тілінің сыртында қарапайым сөйлеу тілінің де ұшырасатыны мәлім. Ауызекі сөйлеу тілі деп қарабайыр, дөрекі, былапыт сөздер араласпаған, өзге тіл элементтері – варваризмдерді қолдану белгілі бір көлемде әдет болып кеткен, жаргон сөз жоқ, әдеби тіл

нормасынан ауытқу айқын көрінетін, диалект сөз бар өзара жақсы таныс, өздерін бөтен санамайтын ортада қолданылатын тіл болса, қарапайым сөйлеу тілі өзге тілдің сөз саптаулары, тіркестері, грамматикалық тұлғалары есепсіз қолданыла беретін, дөрекі, былапыт сөздер молынан ұшырасатын, белгілі бір шағын әлеуметтік ортаның коммуникациясында пайдаланылады.

Ауызекі сөйлеу тілінің ауызша коммуникацияда мынандай қызметтерін атап өтуге болады:

- коммуникативтік;
- коммуниканттардың МЕН-ін айқын көрсетеді;
- ұлттық тілдің негізі, себебі ауызекі сөйлеу тілінің сапасы әдеби тілге өз әсерін тигізеді;
- коммуниканттардың әлеуметтік тең ортасын қалыптастырады;
- ауызша тілдегі ресмилікті азайту үшін қолданылады [67].

Ауызекі сөйлеу тілінің қолданылу аясы отбасы, туған-туыс, дос-жаран, көршілер арасындағы коммуникация екенін атап өткен болатынбыз.



Ядролық кеңістігі: ОҚҚ – отбасы қарым-қатынасы, ТТҚҚ – туған-туыс қарым-қатынасы; *Перифериялық кеңістігі:* ДЖҚҚ – дос-жаран қарым-қатынасы, КҚҚ – көршілер қарым-қатынасы.

Сурет 7 – Ауызекі сөйлеу тілінің қарым-қатынас кеңістігінде орналасуы

Аталған қарым-қатынас түрлерінің релевантты сипаттары ретінде ерікті, машықсыз және дайындықсыз болуды, жағдаятқа тәуелділікті, көбінесе диалогқа негізделуді, әңгіме тақырыбының еркін өрбуін, тілдік құралдардың талғамай қолданылуы және бейвербалды амалдардың көптігін атауға болады. Жалпы ауызекі сөйлеу тілінің қарым-қатынас кеңістігіндегі орнын төмендегі кестемен негіздеп өткенді жөн көрдік:

Кесте 10 – Сөйлеу тілінің қарым-қатынас кеңістігіндегі орны

Қарым-қатынас аясы	Ядролық кеңістік, перифериялық кеңістік: күнделікті тұрмыс
Қарым-қатынас коммуниканттары	Ядролық кеңістік. ОҚҚ: отбасы мүшелері, үй жануарлары (қазіргі кезде адамдардың өз үй жануарларына сөйлеуі жиі орын алуда); ТТҚҚ: алыс және жақын туыстар, қандас бауырлар. Перифериялық кеңістік. ДЖҚҚ: достар, құрбылар; КҚҚ: көрші-қолаң.
Қарым-қатынас орны	Ядролық кеңістік. ОҚҚ, ТТҚҚ: үй Перифериялық кеңістік. ДЖҚҚ: достар мен құрбылардың көрісуі мүмкін жерлер; КҚҚ: аула.

10-кестенің жалғасы

Қарым-қатынас уақыты	Ядролық кеңістік. ОҚҚ: отбасы мүшелерінің үйде болатын уақыттары; ТТҚҚ: демалыс, мереке күндері. Перифериялық кеңістік. ДЖҚҚ: демалыс, мереке күндері; КҚҚ: күнделікті.
Қарым-қатынас мақсаты	Ядролық кеңістік. ОҚҚ: үй шаруасымен айналысу, бала тәрбиелеу, отбасы мүшелерінің бір-бірін психологиялық қолдауы т.б.; ТТҚҚ: туыстық қарым-қатынасты нығайту. Перифериялық кеңістік. ДЖҚҚ: бірге уақыт өткізу, қолдау көрсету; КҚҚ: ортақ үй шаруаларымен айналысу, фатикалық мақсатта – әңгімелесу.
Қарым-қатынас сипаты	Ядролық кеңістік. ОҚҚ: коммуникативтік-прагматикалық; ТТҚҚ: коммуникативтік, куммулятивтік. Перифериялық кеңістік. ДЖҚҚ: коммуникативтік, психологиялық; КҚҚ: коммуникативтік, әлеуметтік.
Сөйлеу ерекшеліктері	Ядролық кеңістік, перифериялық кеңістік: тілдік жағдаят маңызды, формадан мазмұн ізделеді (әдеби тілде мазмұнға арнап форма ізделеді), нақ осы шақта түсінікті болуды қалайды, сөз синкретті сипат алады, жағдаят пен сөз тұтасады, жаңа лексемалар жасалымпаз, қысқартулар, ықшамдаулар басым, экспрессивті-бағалауыштық реңк күшті, назар аударту, ден қойдырту мақсатында бір синтаксистік тұтастықта қайталап айтушылық орын алады, сілтеу есімдіктерінің коммуникативтік қызметі басым, өз ойын өзі мақұлдайтын қызметтегі шылаулар, қыстырынды сөздер көп, семантикалық байланыс күшті, анализм мен инверсия басым.

Ендігі кезекте ядролық және перифериялық кеңістікте орналасқан әрбір ауызекі сөйлеу түріне қысқаша тоқталып өтсек. Отбасы шағын әлеуметтік топ ретінде психология, әлеуметтану, педагогика, экономика, заң секілді ғылым салаларында терең зерттелуде. Қазіргі кезде лингвистика да отбасы тілін өз зерттеу нысан етіп алып отыр. Кейбір шетелдік ғалымдардың айтуынша, отбасында қолданылатын ауызекі сөйлеу тілі тілшілердің назарына тек XX ғасырдың басында ғана іліне бастады [68, б.460]. Әсіресе бұл салада зерттеуші М.Серевичтің еңбегін ерекше атап өтуге болады [69]. Орыс тіл білімінде де отбасы ауызекі сөйлеу тіліне байланысты бірқатар еңбектер жазылған болатын. Солардың ішінде А.Занадворованың «Функционирование русского языка в малых социальных группах (речевое общение в семье)» [70], А.Байкулованың «Устное неофициальное общение и его разновидности» [58], В.Анохинаның «Коммуникативный и адаптационные аспекты речевого общения в семье как в малой социальной группе» [71], О.Черничкинаның «Коммуникативная инициатива в межличностном общении (на материале супружеского дискурса)» [72] еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Мысалы, А.Занадворова өз зерттеуінде отбасындағы ауызекі сөйлеу тілінің өзін іштей топтарға бөлуге болатынын айтады: 1) ерлі-зайыптылар, 2) ата-ана>кішкентай балалар, 3) кішкентай балалар<ата-ана, 4) балалар – балалар. Ғалым бұл түрлердің әрқайсысының жанрларға бөлінетінін жазады [70, б.384-387]. Сондай-ақ отбасы

іші тілін бақылау барысында күнделікті қайталанатын стереотип-жағдаят, хронотоп-жағдаят және табан астында пайда болатын тілдік жағдаяттардың болатынын байқадық. Сонымен қатар әр отбасының белгілі бір сөздік қорының қалыптасатындығы анықталды. Ғалымдар ол сөздерді «фамилизм» деп атауды ұсынады [73, б.175]. Ол «сөздік қор» отбасы мүшелерінің құрамы, олардың адамгершілік қасиеттері мен жас-жыныстық ерекшеліктері, психологиялық және коммуникативтік құзыреттіліктерінің деңгейі секілді факторлармен тығыз байланысты [74, б.48]. Тағы бір қызық факті ретінде отбасы ауызекі сөйлеу тіліне оның мүшелерінің мамандықтары да әсер ететінін айтып кетуге болады. Бұл үйдің отағасы әскер адамы болған отбасының ауызекі сөйлеу тілін зерттеу барысында анықталды. Бақылау кезінде отбасы ауызекі сөйлеу тілінде төмендегідей құбылыстар байқалды:

1) Отбасы мүшелерінің сөйлеу мәнері әскер адамының сөйлеу мәнеріне жақын. Оны 14 жасар қызының құрбылары тым дөрекі сөйлейтінін ескертуінен, бірақ қыздың «ол – дөрекілік емес, тек өзінің қалыптасқан сөйлеу мәнері» екендігін айтуынан көре аламыз;

2) Күнделікті өмірде де әкесі әскери лексиканың элементтерін қосып сөйлейтіні байқауға болады. Мысалы: таңертең балаларды «*Рота, подъем!*» деп оятуы, ал жатқанда «*Отбой!*» деп бұйрық беруі, әр баласын үлкенінен кішісіне қарай әскери лауазымдармен атауы (*солдат, лейтенант, капитан, майор*).

Тағы сол сияқты мұғалімдер, дәрігерлер отбасындағы сөйлеу тілі бақыланған болатын. Олардан да жоғарыда аталған құбылыстар байқалды. Осыдан келіп, отбасындағы коммуниканттардың жеке бас қасиеттері тұтастай отбасы лексикасына, сөйлеу тіліне әсері мол екенін айта аламыз.

Отбасы мүшелерінің өзіндік рөлдері де ауызекі сөйлеу тілінде айқын көрінеді. Отбасын құрғанда адамдар бұрын еніп көрмеген жаңа рөлдерге ие болады. Ол рөлдердің көрінісі олардың тіліне әсер етпей қоймайды. Рөлдердің ең бастыларына күйеу мен әйел, әке мен ана, ата мен әже, балалар т.б. рөлдерін жатқызамыз. Соның ішінде күйеу мен әйелдің рөлдік ерекшеліктері мен олардың тілге әсерін байқау үшін 6 түрлі отбасындағы күйеуі мен әйелінің диалогтарын таспаға жазып, талдап көрдік. Нәтижесінде мынадай ерекшеліктерді айтуға болады:

1) Әйелінің тілінде күйеуіне қарағанда ұзақ сөйлемдер көп қолданылады, әрі сөйлемдер эмоционалды-эксперссивтілігімен ерекшеленеді. Ал күйеуі көбінесе хабарлы және сұраулы сөйлемдерді көп қолданады. Сондай-ақ күйеуі өз сөзінде көбінесе етістіктер мен модаль етістіктерін пайдаланса, әйелі көбінде сын есімдер мен есімдіктерді тіліне тиек етеді;

2) Күйеуі мен әйелінің тілінде басқа отбасы мүшелеріне қарағанда тілдік стратегиялар мен тактикалар көбірек қолданылады. Мәселен, ақпараттық стратегияда қамқорлық таныту мен сұрақ сұрау тактикалары байқалады: (күйеуі) *Айжан, аурып қалған жоқсың ба? // Өңің әппақ қудай ғой ...* Регулятивті (реттеу) стратегия абырой, беделді алға тарту, коммуникативті өзімсіну (интимизация) және фактілерді қарама-қарсы қою тактикалары арқылы жүзеге асады: (әйелі) *Сеңген қойым сен босаң дегендей // сенен оны күтпеп едім ...; (әйелі) Өз гүнүмізді өзіміз көрмөсөк, ертең бізге кімнің*

жанашид? Бұл стратегияда коммуникативтік шиеленісті болдырмау үшін күйеудің көбінесе тілдік ойын, әзіл-қалжыңның астары арқылы шындықты жеткізу тактикасы да көрінді. Мысалы: (күйеуі) *Бұрұн әкеең // ашуланад деп қорқытса // қазір // шешеең кележатыр деп қорқытатын болдық қой...* Сондай-ақ күйеуі мен әйелі қарым-қатынасында айыптау, шағымдану тактикасы да жиі қолданылатыны байқалды. Айталық, көп жағдайда әйелі шағымданып сөйлесе, күйеуі оны айыптау деп түсінеді екен. Бұл құбылысты атақты психолог Дж.Грэй «Мужчины – с Марса, женщины – с Венеры» еңбегінде де атап өткен болатын [75].

Ал ерлі-зайыптылардың әке мен ана ретіндегі рөлдері уақыт өткен сайын өзгеріп, дамып отыратыны белгілі болды. Яғни жаңа туған нәрестеге бағытталған сөйлеу тілі мен жасөспірім шақтағы баласына бағытталған сөйлеу тілінің арасында үлкен айырмашылық байқалады. Тіпті балалардың жыныстық ерекшеліктеріне байланысты да сөйлеу тілінде көп өзгешелік бар.

Сонымен, біз көптеген бақылаулар мен талдаулардың нәтижесінде отбасы тілінің өзінің мәдениеті болады деген тұжырымға келдік. Ол мәдениеттілік өз кезегінде сөздің дұрыстығы, дәлдігі, қисындылығы, өтімділігі секілді бірқатар сөз сапаларына тікелей байланысты.

Ал туған-туыс қарым-қатынасына келетін болсақ, олардың арасындағы коммуникацияның басты мақсаты – ақпараттандыру, қолдау көрсету, қалыптасқан ортақ дәстүрлерді сақтау. Туған-туыс арасындағы ауызекі сөйлеу тілінің сипаты туыстардың алыс-жақындығына, көрісу жиілігіне т.б. факторларға тәуелді. ТТҚҚ арасындағы тілдік ерекшеліктерді көрсету үшін оны ОҚҚ барысында көрінетін тілдік жағдаяттармен салыстырмалы түрде көрсеткен дұрыс деп шештік.

Кесте 11 – Отбасы қарым-қатынасы мен туған-туыс қарым-қатынасы арасындағы ауызекі сөйлеу тіліндегі ерекшеліктер

ОҚҚ	ТТҚҚ
Үйден шығу. 1) (әйелі күйеуіне) Жаксы онда // мен кеттім. 2) (қызы анасына) Мам, ақша берш // мен кеттім. 3) (күйеуі әйеліне) Есікті жауып алыңдар // мен кеттім.	Үйден шығу. 1) (қызы қонаққа келген анасын шығарып салуда) Так / мам / ешнәрсе ұмтып кеткен жоқсыңба? (анасы) Ұмұтпаған сияқтымын // (қызы) Жаксы онда // аман-есен жет // жеткен соң хабарлас // 2) (нағашы атасы немерелерін шығарып салуда) Ал жаксы алтындарым // келгендеріңе рақмет // жиі кеп тұрсандарш // не бұйымтайларың бар?
Үйге келу. 1) (анасы қызына) Сәлеем // Тоңған жоқсыңба // 2) (күйеуі жұмыстан кейін) Мәээ // тамақтың исі анаау жақтан шығыб жатыр //	Үйге келу. 1) (отбасы басқа қаладан келген туыстарын күтіп алуда) Ооо // қалай жеттіңіздер // бәрі жаксы ма // сағынып кеттік қой сіздерді // 2) (атасы мен әжесі немерелеріне келуде) Зеейнееп // қара гім келді // сіздерді азаннан бері күтіп жүр өзү //

Кестеден көріп отырғанымыздай, отбасы қарым-қатынасы мен туған-туыс қарым-қатынасы арасындағы ауызекі сөйлеу тілінде едәуір ерекшеліктер

байқалады. Мысалы, туған-туыстар арасындағы ауызекі сөйлеу тілінде прессупозиялық элементтер көп байқалады. Отбасы коммуникациясында сөз адресанттың позициясынан құрылса, туған-туыстарда көбінесе жағдай адресатқа қарай бағытталады.

Зерттеу нысанымыздан алшақтап кетпес үшін ауызекі сөйлеу тілінің тек ядролық кеңістігіне ғана ерекше тоқталдық. Ал перифериялық кеңістігі алда жазылатын ауызша тілге қатысты басқа жұмыстарға арқау болады деген сенімдеміз.

Жоғарыда ауызша тілдің тағы бір түрі – бейтарап сөйлеу тілі екенін айтып өттік. Таныс-бейтаныс ортада бейтарап сөйлеу тілін қолданатынымызды және жалпы әдеби тілдің базасын құрайтындығын да айтқанбыз. Бейтарап сөйлеу тілінің белгілері: а) әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық бірліктері мен құрылымы сақталған; ә) жергілікті, қарапайым сөйлеу тілінің, өзге тілдің элементтері жоқ; б) тілдің нормасында шықса да, ауызша тілдің құрылымы нақты көрінетін; в) ауызша аудиторияға бағытталған; г) сөйлеу тілінің үнемдеу, ықшамдау процестері көрініс тапқан тіл. Сөйлеудің бұл түрі көбінесе үлкен ұжым, ұйым мүшелері арасындағы күнделікті қарым-қатынаста, жиналыстарда, бейтаныс адамдар арасындағы тілдесуде, іскерлік қатынастарда, дәрігер мен науқас, банк қызметкері мен оның тұтынушылары, қызмет көрсету салаларына шалынған телефон тілдесулерінде қолданылады [67]. Біз бұл тізімге өз зерттеу жұмысымызға сәйкес оқытушы мен білім алушы арасындағы сөйлесуді де жатқызғымыз келеді. Сондықтан болашақ филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытудың әдістемесінде бейтарап сөйлеу тілін зерттеу мен оқытудың маңыздылығы арта түспек.

Бейтарап сөйлеу тілі ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілдің арасында біршама алшақтықты жымдастырып жібереді десек болады. Яғни бейтарап сөйлеу тілі – әдеби тілді тұтынуға, жеңіл тұтынуға, сөздің жүйесін жасауға жәрдем беретін аралық тіл болып табылады. Тілдімеңгеру деген ауызекі сөйлеу тілінен жазба әдеби тілге қарай (әсіресе ғылыми, ресми іс-қағаздары) қиындай түседі. Ол, ең алдымен, жазу жүйесінің күрделілігінен шығады. Ауызша тіл мен жазба тіл арасында бейтарап сөйлеу тілінің болуы алдыңғысынан соңғысына көшуді жеңілдетеді. Кез келген тілтұтынушы монологке майталман емес, біртуар тілдік тұлғалар ғана әдеби тілдің ауызша түрі мен кітаби түріне машықты келеді, яғни әдеби тілде ғана ойын жеткізетін элитарлық топ жалпы халықтың аз бөлігін қамтиды. Ендеше белгілі тіл маманы Н.Уәлидің бейтарап сөйлеу тілін меңгерген топ жалпы тілдік ортаның ұйытқысы болады деген сөзі бүгінгі қазақ тілін тұтынушы тұлға мен әдеби тілдің нормасы арасын айқындайтын нақты тұжырым [67]. Мұны кезінде М.Балақаев та: «Жұрттың бәрінің сөйлеу дағдысын, тіл жұмсау мәдениетін бір өлшеммен өлшеуге, бір үлгімен пішуге болмайды. Тілді қоғамдық құбылыс есебінде пайдаланушы қоғам мүшелерінің ақыл-ой парасаты, білімі, мәдениеті, өнер-ғылымға қанықтығы, іс-әрекеті біркелкі емес. Оның үстіне олардың туып-өскен айналасы, тілдік дағдысы бірдей емес», – деп айтып кеткен болатын [76, б.15]. Демек, бейтарап сөйлеу тілінің тұтынушыларының санын арттыру, бейтарап сөйлеу тілін толыққанды игерген филолог мамандарын даярлап

шығару – біздің басты міндеттеріміздің бірі деп есептеуіміз керек. **Экономика тұрақты болуы үшін орта тап өкілдерінің маңызы қандай болса, бейтарап сөйлеу тілін жақсы меңгерген тұтынушылардың саны – сол тілдің өміршендігінің кепілі болмақ.**

Әдеби сөйлеу тіліне келетін болсақ, «әдеби тіл» дегеннің мазмұны, сипаты жөнінде жалпы тіл білімінде анық, айқын, үзілді-кесілді айтылған тұрақты пікір жоқ [77, б.7] дегенімен, әдеби тіл қазақ тіл білімінде біршама жақсы зерттелген, жолға қойылған. Әрине, әдеби тіл ұғымы көбінесе жазба тіл тұрғысынан қаралғандықтан, ауызша әдеби тіл әлі де біраз зерттеуді қажет етеді. Зерттеуші Қ.Күдерінова әдеби тілдің бүгінде мынадай қызметтерін көрсетеді:

- қазақ ұлтын қалыптастыратын, тәрбиелейтін құрал;
- қазақ ұлтын бір мақсат-мүддеге біріктіретін күш, ұйытқы;
- жалпыхалықтық тілдің нормативті базасы;
- толыққанды коммуникация құралы;
- ойжасампаздық қызмет атқарады;
- танымдық қызметі бар;
- ойжүйелеуші қызметі бар [67].

Осы қызметтерін атай келе, ғалым әдеби сөйлеу тілін бізде халықтың қанша пайызы күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданады, тіпті оны қолданудың қажеттілігі бар ма, адамдар неге әдеби тілден гөрі қарапайым сөйлеу тілінде пікірлескенде нағыз өз ана тілінде сөйлеп отырғандай жеңіл сезінеді секілді сұрақтар қояды. Оның жауабын «Қазіргі әдеби тілдің келбеті өзгерді ме?» деген мәселеден іздеу керектігін де айтып өтеді. Яғни «қарапайым сөйлеу тілінің лексикасы, синтаксистік құрылысы әдеби тіл мәтінінде халықтың өзіне жақындау үшін арнайы қолданылып, әдеби тіл мен қарапайым сөйлеу тілінің арасында шекара алынып, тігісі жатқызылып бара жатқанын байқаймыз. Мысалы, қазіргі БАҚ-тың күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге әбден араласып, елдің түкпір-түкпіріне қолжетімді дүниеге айналуы әдеби тілді жалпы халыққа түсінікті етіп, жергілікті ерекшеліктерді бейтараптандырып отыр» [67] деп жауап береді. Бұдан бейтарап сөйлеу тілінің маңызы тағы көрінеді.

Осы жерде бейтарап сөйлеу тілі мен әдеби сөйлеу тілінің арасында қандай айырмашылық бар деген тағы бір заңды сұрақ туады. Ол екеуінің ерекшеліктерін төмендегідей кестемен берсек:

Кесте 12 – Әдеби сөйлеу тілі мен бейтарап сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері

Әдеби сөйлеу тілі	Бейтарап сөйлеу тілі
1	2
Қатаң нормаларға бағынады.	Нормадан гөрі тілдік дағдыға негізделеді.
Құрылымы жағынан белгілі бір талаптарға бағынады.	Құрылымы тыңдаушыға бағытталғандықтан, дискурс аясында дайындықсыз және машықсыз сипаты басым болады.
Адресанттың өзін-өзі бақылауы жоғары деңгейде, коммуникативтік рөлге толықтай кіреді.	Адресанттың өзін-өзі бақылауы сәл бәсеңдеу, бірнеше коммуникативтік рөлдерді қатар алып жүруі мүмкін.

1	2
Жағдаят нормаға бағынады	Жүйе жағдаятқа бағынады

Сөзімізді қорытындылай келсек, ауызекі сөйлеу тілін зерттеу антропоэзектік парадигма аясында зерттеудің маңызы бүгінде артып отыр. Әсіресе, болашақ ұстаздарға ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін білу аса қажет. Ауызша тілдің бұл түрінің қыр-сырын меңгеру арқылы мұғалім алдына келген оқушының тілдік портретін құрастырып, оған қажетті жол таба алады. Адамның МЕН-і ауызекі сөйлеу тілінде ерекше көрінетіндіктен, тұлға туралы көптеген мәлімет алуға да болады. Ал бейтарап сөйлеу тілі жалпы тілдің, әдеби тілдің негізін қалайды. Тіпті оқытушы – білім алушы арасындағы дискурстың түр-түрі де осы бейтарап сөйлеу тілі төңірегінде өрбиді. Сонымен қатар болашақ мұғалімге әдеби тілдің нормаларын білу керектігі айтпаса да түсінікті. Демек, ауызша тілдің қай түрін болмасын зерттеу және оқытудың қажеттілігі анық.

1.2 Ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс

Жоғарыда тілдің қызметі, оның сөз жүзіне асқандағы формалары жайында біраз «сөз» қозғадық. Енді сол «сөздің» мәдениет тұрғысынан жеке адам және бүкіл қоғамның өміріндегі орнына тоқталсақ.

«Мәдениет» ұғымына анықтама беру оңай емес. Латын тілінің сөзі бола тұра, біздің тілімізге «өңдеу», «тәрбие», «білім», «даму», «құрмет» деген түсініктерге жақын аударылады. Сонымен мәдениет деп:

- қоғамның белгілі бір тарихи кезеңдегі дамуы, сол кезеңдегі бүкіл қоғамның дамуын;
- адамзат қауымының рухани және материалдық тұрғыдан қол жеткізген табыстарының жиынтығын;
- адамның жекелеген сала бойынша даму көрсеткішін атай аламыз.

Мәдениет ұғымының болмысы оның мазмұны, қолданылу аясы, түрлері арқылы ашылады. Мәдениеттанушы ғалымдар жалпы мәдениеттің мынадай үш үлкен түрін атап көрсетеді:

1) Физикалық мәдениет. Физикалық мәдениет адамның денсаулығын, дене шымырлығын жақсартуға бағытталады. Ол гигиена, валеология, медицина, спорт, туризм т.б. ғылымдарының негізінде жүзеге асады.

2) Материалдық мәдениет. Бұл түріне адамның өмір сүруіне қажетті ішкер асы, киетін киімі, тұратын баспанасы, көлігі, қол-өнерінің бұйымдары, ауылшаруашылық және малшаруашылық құрал-саймандары, өнім өндіретін шикізаттары, қару-жарағы, аңшылық, саятшылық жабдықтары, саз аспаптары, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жатады. Этнографтар табиғат сыйынан тыс адам қолынан шыққанның бәрі материалдық мәдениеттің айғағы бола алады деп санайды [78, б.7]. Қазіргі таңда адам санасының жемісі болып табылатын компьютерлердің өзі материалдық мәдениеттің үлкен бір түрі. Басқаша айтсақ, материалдық мәдениет шындық өмірдегі, күнделікті тұрмыстағы заттармен тығыз


байланыста қаралады [79, б.65].

Материалдық мәдениет соңғы екі-үш ғасырда ерекше дамуда. Оның барлығығылым мен техниканың алға басуымен байланысты.

3) Рухани мәдениет. Рухани мәдениетке жеке адамнан бастап, бүкіл қоғамның дүниетанамы, ділі, діні, моральдық этикалық нормалары мен халықтың ұстанатын әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері т.б. жатады. Мәдениеттанушы С.Темірбеков рухани мәдениеттің бастауы жайында: «Мәдениеттің қалыптасу кезеңі адамның адам болуынан, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қажет қарапайым норма, ереже, тыйым, бұйрықтардан басталады, ал рухани мәдениетке жатқызатын әдебиет, өнер, дін, бұқаралық ақпарат құралдары т.б. кейінгі уақыттың жетістігі» деп көрсетеді [80, б.52].

Адамның рухани әлемінің құндылықтарын түсінбей, тұтас ұлттың мәдениетіне бойлау қиынға соғады. Себебі әрбір тұлғаның өз ішкі мәдениетінде халықтың мәдениетінің көріністерін тануға болады. Әр ұлттың таным мәдениеті әртүрлі болғанымен, белгілі бір жалпы адамзаттық құндылықтарға келгенде өзара тоғысады, мысалы: өмір мен өлім, жақсы мен жаман, білім мен надандық т.б. Тіл ұлттардың мәдениетін бөліп тұратын болса, сөйлеу оларды біріктіріп тұратын көпір іспеттес.

Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасын зерттеуші ғалым К.Күркебаев жоғарыда аталғандардың құрамдас бөліктері ретінде ғылымда *этнос мәдениеті, этникалық мәдениет, ұлттық мәдениет, шығыс мәдениеті, постфигуративтік (дәстүрлік) мәдениет, конфигуративтік (замандастық) мәдениет, предфигуративтік (жас ұрпақтық) мәдениет, сөз (сөйлеу) мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, тамақтану мәдениеті, киіну мәдениеті, төл мәдениет, жалпы адамзаттық мәдениет, аймақтық мәдениет, жазба мәдениет, кәсіби мәдениет, көркемөнер мәдениеті, экологиялық мәдениет, оқу мәдениеті, ғылым мәдениеті, экономикалық мәдениет* секілді топтастырушылық та бар екенін айта келе, рухани және материалдық мәдениетті төмендегідей бөліп көрсетеді [78, б.6-8]:



Сурет 8 – Рухани және материалдық мәдениет жүйесі

Сөз өзінің формаларының көптігімен, мәдениет салаларының барлығына дерлік қызмет етеді десек болады. Білімнің қалыптасуы, дамуы және берілуі сөз формалары арқылы жүзеге асады; түрлі эмоциялар, зияткерлік де сөз арқылы беріледі (жазбаша болса да); әлем мен адамды эстетикалық тұрғыдан танудың түрі болған поэзия, ән, театр, әдебиет – бәрі де сөзге негізделген. Физикалық мәдениет сөзге мұқтаж емес десек те, қарапайым жаттығу жұмыстары кезінде айтылатындардың барлығы да сөзге келіп тіреледі. Адамның ішкі мәдениетінің өзі оның сөйлеу мәдениетінен көрінеді. Жалпы айтқанда, мәдениеттің қандай түрі мен саласы болмасын, сөз формалары арқылы жүзеге асады немесе қолданады.

Сонымен, тіл, сөз бен мәдениеттің байланысы даусыз. Яғни мәдениеттің кез келген түрі адам әрекетіне, ал ол әрекеттің көрінісі «сөз» дейтін болсақ, мәдениет пен сөздің байланысы айқын. Зерттеу жұмысының нысаны – сөз болғандықтан, алдағы тақырып та ауызша сөз мәдениеті жайында болмақ.

«Мәдениет» сөзінің өн бойында «тәртіп», «жүйелілік» деген мағыналар жатыр. Бірақ осы ретте қандай тәртіп, ненің жүйелілігі деген сұрақтар тағы туындайды. Осыдан келіп, сөз мәдениетінің күрделі құбылыс екенін байқаймыз.

Сөз мәдениетінің өзін ауызша сөз мәдениеті және жазба сөз мәдениеті деп шартты түрде бөлеміз. Сөз мәдениетінің өзі тіл білімінің ерекше бір саласы ретінде XVIII ғасырдан бастау алады [81, б.10] десек те, ауызша сөз мәдениетін зерттеу нысандарының ішінде кенжелеу қолға алынған деп айтсақ болады. Оның себебі – ауызша сөз мәдениетінің күнделікті өмірмен, тілді қолданудың қайтарымыз болуына байланысты. Әйтсе де ауызша сөз мәдениетінің зерттеудің маңызы бүгінде артып отыр. Оны академик Р.Сыздық та өз еңбегінде: «Сөз мәдениетін ғылыми-практикалық тұрғыдан сөз етуде зерттеу жұмыстарына динамикалық-тарихи қырынан келуден гөрі, статикалық тұрғыда қарастыру бірінші кезекте тұрады, яғни сөз мәдениетінің қалыптасу тарихы, әр кезеңдердегі сипаты дегеннен гөрі, дәл бүгінгі жай-күйі, проблемалары, даму бағыты, болашағы (перспективасы) деген мәселелерге алдымен көңіл аударылады. Мұны тіл қолданысының өзі сұрайды, бұл – бүгінгі әлеуметтік сұраныс» [11, б.23] деп атап көрсетеді. Оның әлеуметтік сипаттағы мәселеге айналуының да себептерін ғалым жақсы атап көрсетеді [11, б.213-214] және біз өз тарапымыздан ғалымның сөзін мысалдармен дәйектей түстік:

1) Өртістер мен әншілердің, сонымен қатар радио мен теледидар жүргізушілерінің, тілшілердің төл дыбыстарымыздың табиғи үйлесімін сақтамай, бұзып айтуы. Актерлар өз рөлдерін, ал әншілер әндерін жазылған мәтін бойынша жаттайды, хабар немесе бағдарлама жүргізушілері алдын ала дайындалған жазба мәтінді оқу арқылы айтады. Яғни ауызша айтылу керек мәтінде жазба тілдің элементтері байқалып тұрады. Мысалы, қазір көп бағдарлама жүргізушілері *«жоғарыда айтқанымыздай»*, *«жоғарыда айтып өткеніміздей»* деген секілді сөздерді жиі қолданады. Ал шын мәнісінде, «жоғары» деген сөз көруге бағытталған нысан болғандықтан, оның жазба тілдің элементі екені белгілі. Осы секілді оқушылар мен студенттердің ауызша тілінде *«құрылысшы»*, *«жұмысшы»* деп айтудың жиілеп бара жатқанын байқаймыз.

2) Сөйлеу кезінде болуы керек логикалық, ой екпіні түсетін кідірістерді біле бермеу, ауызша сөздің құрылымын сақтай алмау. Жастар өлеңді, көркем шығарманы ауызша оқып беруде біршама қиналады. Ауызша сөйлеуде сөзінің бас-аяғын құрай алмай қалатын кездер жиі кездесетін болды.

3) Билингвизмнің салдарынан қазақ дыбыстары мен сөздерін, тіпті сөйлем құрылысын орыс тіліне салып айту: *мэн кэлэмін, жыным келеді (орыс тіліндегі «ы» дыбысының айтылуымен), мен ойлаймын т.б.*

Әрине, жоғарыда аталған мәселелердің себептері көп-ақ. Дегенмен, бастыларының бірі – біздің ауызша тілге, ауызша сөз мәдениетіне жіті көңіл бөле алмай келе жатқанымызда.

Қандай ғылым саласы болса да, оның дамуы зерттелуімен тығыз байланысты. Осы кезге дейін жалпы тіл білімі болсын, қазақ тіл білімі болсын ауызша тілдің толыққанды зерттелуіне біршама алғышарттар жасалды. Ауызша тілге деген қызығушылық Цицеронның кезінен басталады десек болады. Ол өз еңбегінде: «Дұрыс сөйлей білу – ол мақтаныш емес, ал сөйлей алмау – нағыз маскара, себебі «дұрыс сөз» – жеке оратордың қасиеті емес, ол барша рим халқының қасиеті» [82, б.49] деген болатын. Осы ұстанымды ұстанған қазақ халқы да сөзге, әсерлі сөйлеуге көп мән берген. Оны халық ауыз әдебиеті, ақын, жырау, жазушылардың айтқан-жазғандары дәлел. Қазақ халқы негізінен асқан шешендігіменерекшеленген халық болғанын білеміз. Алайда қазіргі кезде сол шешендіктің ізі де қалмай бара жатқан секілді. Қазақша шешен ойлаудан гөрі, қорқақтап, шошына сөйлеп, күмілжитін ұрпақ өсірудеміз. Осы күні біз өз ойымызды өзіміз дұрыс жеткізе алмайтын, ойының ұшқыр шабытына ырық бере алмайтын ынжықтық хәліне тап болғандаймыз. Әлеуметтік желілердің, уақыт ырғағының өте жылдам болуының әсерінен бұрын бес күнде орындайтын шаруаны қазір бес сағатта орындайтын болдық. Бұрын той, отырыстарда қыз-жігіттеріміз айтысқа түсіп айтысып, жыр-толғау айтып ақындық, шешендік өнерлерімен жарысқан болса, қазір шешендік бір жақта тұрсын, тіпті бір-бірімен тілдесуден де қалып, ұялы телефондарынан көз алмай отыратын болдық. Осыдан келіп адамдардың бойында ұқыптылық, сөздің мәніне терең бойлау секілді қасиеттер біртіндеп жоғалып бара жатыр. Бұл, әрине, ойланатын мәселе.

Қазақ тіл білімі сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектерінде де ауызша сөз мәдениеті жалпы сөз мәдениетінің аясында қаралып келді. Атап айтар болсақ, француз тіл білімінде *тіл сыны* (critique du langage), неміс тіл білімінде *сөз мәдениеті* (sprachkultur) және *тіл тазалығы* (sprachpflege), ағылшындарда *көпшіл тіл мәдениеті* (popular culture of language), Польшада *тілдік мәдениет* пен *тіл мәдениеті*, Болгарияда *тілдік этикет*, Венгрияда *сөйлеу мәдениеті* (besze kultura) секілді ұғымдармен шекаралас келеді. Қазақ тіл білімінде *тіл мәдениеті* мен *сөз мәдениеті* жарыспалы қолданылса, ал Чехия, Словакия мен Вьетнамда екеуі де бөлек-бөлек тұрақталып, қаралады [83, б.10].

Поляк тіл білімінде «сөз мәдениеті» үш мағынада қолданылады:

- 1) тілді жетілдіруге бағытталған әрекет;
- 2) тілді дұрыс қолдана білу деңгейі;
- 3) тіл білімінің бір саласы ретінде [84, б.9].

Кейіннен әйгілі поляк ғалымы Анджей Марковский «сөз мәдениеті дегеніміз – тілді кез келген жағдаятта еркін қолдана алу» деген мағынасын қосады [85, б.16].

Қазіргі кезде ауызша сөз мәдениетіне әлем ғалымдарының ерекше қызығушылығын байқауға болады. Мысалы, француз лингвисті Жан Веронис өз президенттері Николя Саркозидің шаршытоп алдындағы сөйлеген сөздерін жинақтап, «Николя Саркозидің сөздері» атты еңбек шығарды. Онда ол президенттің сөздері негізінде ауызша тілдің әртүрлі қырын суреттеп көрсетеді. Ал ағылшын ғалымы Л.Трастың ауызша сөз мәдениетіне қатысты «Eats, Shoots and Leaves» еңбегі өз отанында бірнеше миллиондаған тиражбен сатылуда. Автордың жұмысы, негізінен жазба сөз мәдениетіне арналғанымен, еңбекте ауызша сөз мәдениетіне қатысты да көптеген мәліметтер табуға болады. Мысалы, Л.Трастың айтуынша, ағылшын ойын-сауық бағдарламаларының 2/3 бөлігі ауызша сөз мәдениетін дамытуға бағытталған [86].

Жапонияда да қазіргі зерттеулер ауызша сөз мәдениетінің этикалық аспектісін дамытуға арналуда. Жапон тілінде тілдің ер және әйелге арналған нұсқалары болғандықтан, бұл өте маңызды болып саналады [87, б.136]. Ауызша сөз мәдениетінің этикалық аспектісі көптеген елдердің зерттеулерінде орын алады. Айталық, корей тілінде сөздік қатынастың үш формасы (төменгі – балалармен сөйлескенде, орташа – өз құрдастары мен достарымен сөйлескенде, ал жоғары – өзінен үлкен адамдармен қарым-қатынас жасағанда) болғандықтан, олар тілдегі этика мәселесіне көп көңіл бөлуге мәжбүр. Сондай-ақ иран тілші ғалымдары да қазіргі таңда ауызша тілдегі этикаға ерекше тоқталу керек деп есептейді. Ауызша тілдің ұлттық этикасын қайтару үшін тілдік пуризмге жүгіну керек дегенді алға тартады [88, б.136].

Орыс тіл біліміндегі ауызша сөз мәдениетінің зерттелуі жайында өткен бөлімдерде біршама тоқталған болатынбыз. Сондықтан бірден қазақ тіл біліміндегі ауызша сөз мәдениетінің зерттелуіне жасалған алғышарттарға көшсек. Ол алғышарттардың негізін жалпы сөз мәдениетіне, қазақ стилистикасына қатысты зерттеулер құрайды. Атап айтар болсақ, Н.Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» [5], М.Балақаев, М.Серғалиев «Қазақ тілінің мәдениеті» [89], Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» [90], І.Кеңесбаев «Сөз талғамы – өрелі ойдың кепілі» [91], Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» [92], Р.Әмір «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» [54], Қ.Неталиева «Орфоэпия нормалары туралы» [93], И.Ұйықбаев «Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері» [94], С.Исаев «Қазақ әдеби тілінің тарихы» [95], Б.Шалабай «Қазақ тілінің стилистикасы» [96], Р.Сыздық «Сөз құдіреті» [97], «Тілдік норма және оның қалыптануы» [11], «Қазақ әдеби тілінің тарихы» [77], «Ауызша дамыған әдеби тіл» [65], Ғ.Қалиев «Қазақ әдеби тілінің тарихы» [98] еңбектері қазақ ауызша тілі мен сөз мәдениетінің зерттелуіне негіз қалаған болатын. Бұл зерттеулер ауызша тілдің нормалық, қатысымдық аспектілерін қарастыруға, сөз мәдениетінің басқа тіл білімі салаларымен байланысын айқын бағамдауға мүмкіндік берді. Ал бертін келе, З.Ахметжанова, З.Ерназарова, З.Өмірзақованың «Дискурстың прагматикалық аспектісі» [99], Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» [27],

Қ.Күдеринованың «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» [51], Т.Аяпованың «Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы» [100], З.Ерназарованың «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» [101], О.Жұбаеваның «Қазақ тілі грамматикалық категорияларының антропоэзектілігі» [102] және А.Алдашеваның «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі лексикалық жаңа қолданыстар /1976-1991 жылдардағы баспасөз материалдары негізінде» [103] атты зерттеу жұмыстары қазақ ауызша тілі мәселелерін тереңірек зерттеуге жол ашты. Аталған еңбектер ауызша тілдің теориялық базасын қалыптастырып қана қоймай, оны қазіргі кездегі тіл білімінің маңызды салаларымен байланыстыра қарастырған. Сондай-ақ М.Жолшаеваның «Функционалды грамматика» [104], Қ.Мұхамадидің «Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың тездік тәсілінің мағыналық құрамы мен берілу жолдары» [105], З.Бейсенбайқызының «Сөз мәдениетінің негіздері» [106], З.Бейсенбаеваның «Тіл мәдениеті» [107] еңбектерінде қазақ ауызша тіліндегі қолданыстар мен олардың қазіргі кездегі өзгерістері туралы бірқатар тың ақпараттар беріліп өтеді. Ал Ә.Әлметова «Сұхбаттасу мәдениеті» [108], Д.Әлкебаева «Сөз мәдениеті» [9], З.Абдулжанова «Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты» [26], Қ.Айтмұхаметова «Институционалды коммуникация» [109] секілді ғалымдардың зерттеулері ауызша сөз мәдениетін теориялық тұрғыдан толықтырып отырған еңбектердің ішінен табылып отыр. Сонымен қатар ауызша сөз мәдениетін шешендіктану мен әдебиет саласымен байланыстыра зерттеген ғалымдар да аз емес. Мысалы: Ә.Болғанбаев «Насихатшының тіл шеберлігі жайында» [110], «Лекторлық өнер шеберлігі» [111], Г.Қосымова «Шешендік өнердің негіздері» [112], С.Негимов «Шешендік өнер» [113], Қ.Мәдібаева «XIX ғасырдағы ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің айырым белгілері мәселесі тұрғысында» [114], Г.Смағұлова, К.Күркебаев, Ә.Жұмағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» [115] еңбектері мен мақалаларын атай аламыз. Ал ауызша сөз мәдениетін оқытудың алғышарттарын М.Балақаев «Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту методикасы» [116], Ф.Оразбаева, С.Рахметова «Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері» [117], Ж.Дәулетбекова «Сөз мәдениетін оқыту: ғылым мен білім тоғысында» [118], А.Қыдыршаев «Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» [119], А.Жапбаров «Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері» [120], Н.Құрманова «Шешендік өнерге баулу» [121], Б.Жұмақаева «Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту әдістемесі» [122], А.Фазылжанова «Дұрыс сөйлейік» [123], Ж.Сүлейменова «Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» [124], Ш.Ерхожина «Студенттердің кәсіби қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру – модульдік технологияның түпкі нәтижесі» [125], М.Құдайбергенова «10-сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыра оқытудың әдістемесі» [126], М.Әжіғалиев «Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі» [127], Ж.Абилхаирова «Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі» [6], А.Игінісова «Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті»

[29], Б.Керімбекова «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» [128], Г.Чукенаева «Лингвэкологияны жоғары оқу орындарында оқыту әдістемесі» [129] т.б. сияқты ғалымдар өз зерттеу еңбектерімен негіздеп берген. Аталған еңбектердің барлығы зерттеу жұмысының барысында қаралып, әрқайсысы тиісті бөлімдердің жазылуына арқау болды.

Сондай-ақ қазақ ақын-жазушылары, ағартушылары да қазақ ауызша сөз мәдениетінің дамуына көп үлесін қосқан. Соның ішінде А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» [130], М.Жұмабаев пен Ж.Аймауытовтың педагогика мен психологияға арнаған зерттеулерін, Ғ.Мүсіреповтың әдеби-сын еңбектеріндегі сөз мәдениетіне қатысты жазғандарын айтпай кетуге болмайды.

Ғ.Мүсіреповтың әдеби тілге, сөз мәдениетіне қатысты ойлары көп айтыла бермесе де, жазушының олар жайында біршама тұжырымдары бар. Тілге қатысты «Сөз талғамы – өрелі ойдың кепілі» (баспасөз мәдениетіне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция баяндамасы), «Асқындырып алмайық, достар» (бір топ жас ақын-жазушылардың сол жылдары газет, журнал беттерінде жариялаған шығармалары тіліне сын), «Авгейдің ат қорасынан бастайық» (қазақ тіл мәдениеті жайлы) т.б. еңбектерінде Ғ.Мүсірепов қазақ тілі ауызша және жазбаша сөз мәдениетінің көптеген мәселелерін қозғайды [131, б.76-77]. «Тіл өз бойындағы бас асылды – айқын, дәл, әсем, әуезді сөздерді мұқият сұрыптап алып, оны әрі қарай сүйіспеншілікпен дамытуды талап етеді. Осы тұста ешкімнің аулында тіл академиясы жоқ. Ана тіліміздің академиясы – қазақ деген халық, көше жүрсе де, бытырай жүрсе де, оқымаса да, ана тілін таза сақтаған. Тіл – халықтікі. Жазушы тілді халықтан үйренеді. Сөйте тұра, жазушы халыққа тіл үйретуі тиіс» [132, б.120] деп, әдеби тілдің бастауы – халықтың ауызша сөйлеу тілінде жатқанын баса айтып кеткен.

А.Байтұрсынұлы болса, ауызша сөз мәдениетіне қатысты *шешенсөз, бейнесөз, қимылсөз, шешенсөзгер, замансөз, биліксөз, насихатсөз, қошаметсөз, білімірсөз* т.б. секілді терминдік ұғымға ие сөздерді ұсынып, «айтушы» мен «сөйлеушінің», «естуші» мен «тыңдаушының» бір еместігін айтады. «Кез келген адам өмірде көргенінен, естігенінен, байқағанынан, аңғарғанынан ақпарат жиып, өзінше ой түйіп оны келесі адамға, айналасына, өз ортасына *ауызша* айтады. Мұны қалай атауға болар еді? Сонымен бірге адам өз өмірінен өткен жайттарды немесе көзі көрген адамдардың өнегелі істері, тағылымды сөздерін есіне ала отырып, өз ортасына *ауызша* айтып береді. Мұндай айтылымдарды не деп атау керек? Адам табиғаттың тамаша бір суретін алғаш көрді, таңданды. Соны қолмен қойғандай қылып айтты. Болмаса өзі туып-өскен жердің табиғатын тамсана отырып *ауызша* суреттеп берді. Оның бұл суреттеуін зерттеуде не деп атайды? Адамдар жақсы адамнан жақсы тағылым алады. Айналасына тек ізгілік нұрын шашып жүретін адамдардың жақсылығын, адамгершілігін, жалпы адамдық келбетін, сырт сұлулығын сөзбен сомдап, екінші біреуге үлгі ретінде *ауызша* айтады. Оның бұл айтынын не деп атау қажет?» [133, б.61-62] дегендей, ауызша сөздің өзінің түр-түрі (Байтұрсыновша – айтыны) бар екенін айтады. Осы түрлерін жеткізу барысында мағына, мазмұн құрастыру машығы жетіліп, *үн қату, тіл қату, сөйлеу, айту* мәдениеті қалыптасады. Соның ішінде «айтудың» басқаларына қарағанда, мағыналық-

мазмұндық мәні ауқымды әрі салмақты. Айту – нақты ойды, деректі мағлұматты, ең бастысы, екі жаққа да қажетті ақпаратты мақсатты, мүдделі түрде сыртқа шығару. Айту – нақты мекенатқа (адресатқа) бағытталады. Айту естушіге емес, тыңдаушыға қаратылады [133, б.45]. Осылайша ауызша сөз мәдениетінің шыңы – айту екендігін атап өтеді. Тағы да сол секілді С.Медеубекұлы өзінің «Шешенсөз» [133] еңбегінде А.Байтұрсынұлының сөз мәдениетіне қатысты пікірлерін шебер тұжырымдап береді.

Жоғарыда аталған зерттеулерді топтастыра келе, жалпы сөз мәдениеті *нормалық, қатысымдық және этикалық* аспектілерден қарастырылып жүргендігін байқаймыз. Сөз мәдениеті ғылымының негізгі аспектілерін Н.Уәли өз зерттеу жұмысында сызба түрінде төмендегідей көрсетеді [5, б.42].



Сурет 9 – Сөз мәдениетінің негізгі аспектілері

Ауызша сөз мәдениетін де көрсетілген аспектілер тұрғысынан қарауға әбден болады. Тек **нормалық аспекті** тұрғысынан келгенде ғана біраз даулы мәселелер туындайды. Әрине, сөз мәдениетінің тірек ұғымы – норма. Дегенмен ауызша тілде норма бола ма? Нақтырақ айтсақ, ауызша тіл нормаға бағына ма? «Сөз мәдениеті дегеніміздің өзі – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Тілдік норма тек жазба әдеби тілдің «мүлкі» емес, диалектілік сөздер де, қарапайым сөзқолданыстарының да нормасы болады, яғни ауызша сөйлеуде де белгілі бір «белгілердің» нормалардың болатыны аян. Бірақ норманың жазба мен ауызша қолданыстағы бөліністері түп-тамырымен өзгеше, яғни жазба әдеби тілдің нормалары кодификацияланады, ал ауызша сөйлеу нормалары кодификацияланбайды, «еркіндік» мол болады» [11, б.26-67] деп академик Р.Сыздық өз зерттеуінде анық айтып кеткен болатын. Алайда біз ауызша сөйлегенде қаншалықты норманы сақтауды мақсат етеміз?

Л.В.Щерба: «Жеке адамның сөйлеужүйесінзерттеу – ең дұрыс зерттеу. Егер ауызша тілді сол қалпында жазуға түсірсек біз, фонетика, морфология,

синтаксистен қаншама қате жібергенімізді көрер едік. Өз сөзін қайталап оқыған адам «қалай ғана қате жібергем» деп таң қалар еді» [66, б.36]. Сондай-ақ ғалым ол қателердің өзіндік себептері бар екендігін алға тартып, керісінше ауызша тілді белгілі бір қалыпқа, нормаға салудан қорқу керектігін айтады. Қазіргі таңда тура «қағаздағыдай» етіп сөйлеу осыдан шығып жатса керек. Мысалы, төмендегі ғалым Р.Сыздықтың ауызша сөйлеген сөзіне назар аударайық:

Мен баяндама әуәлі // сөзүмдү мынадан бастасам ба дейм // Оздан дәл 45 жыл бұрұн // Құдайберген Жұбанов туралы өмірбаянынан алғашқы мағлұматтарды берп // сол кезде көрүнген / танылған еңбектері туралы ең болмаса атап, тақырыбын айту жөнүнде тапсырылған баяндаманы жасап едім, университетте өткен конференцияда // Сонда осы Нұргелділер студент екен // Нұргелді. Үйгө сыймай // есігінен сығалап тұрып тыңдадық деді // ол баяндаманы. Сол баяндамада // әрине ол баяндаманы жасау // жазуға // жасауға ең үлкөн көмөкті мен Құдекеңнің туған інісі бірге замандас болып жүрген // бір инстит // қатар институтта жұмыс істеп келе жатқан Ахмет Қуанұлы Жұбановтан // Ахмет ағадан алып едім // Ол кісі енді ... / әйтпесе мен қайда туды, неде // қайда оқыды // түгел білмейміз ғой // жазылып қалған да ешнәрсе жоқ екен // Сол 45 жыл бұрұн айтылған / тыңдаған / көргөн / білген портреттерімді Жұбанов туралы // Құдайберген Жұбанов тұр портретімде // Аханның айтуы бойынша // Жұбановтың өң бойнда Құдай Тағала берген бірнеше ... // немене дейміз // қасиет бар екен // Адамға тән қасиет бар екен // Соны... // Сол қасиеттерді... // Бес алты түрлі қасиет екен // Сол кімнің / Аханның айтуы бойынша / мен кейінгі бір мақаламда кейінгіде бір он шақты, оннан аса мақала жазғам екен // Сол бір мақаламда әдейі жазыптын былай деп:...

Қарап отырсақ, тілдік қабат нормалары, әсіресе синтаксистік норма сақталған деуге келмейді. Бірақ «сөз» дәл сол сәтте түсінікті болды, әрі өз адресаттарына әсерлі болды. Бұл – ауызша әдеби тілдің үлгісі болатын. Ал ауызекі жәнебейтарап сөйлеу тілі үлгілерінің қағазға түскен түрі мүлдем түсініксіз болып келеді. Демек, ауызша әдеби тілге келгенде біз нормаға жақындаймыз да, ал ауызекі, бейтарап сөйлеу тілінде әрбір сөзімізді нормаға сай түзетіп тұра алмайды екенбіз. Бірақ ауызша тіл бей-берекетсіз сөйлене береді деген сөз емес. Сөйлеуде өз дітімізге жету үшін біз белгілі бір жүйеге, ережеге, құрылымға бағынамыз. Яғни ауызша тіл нормалық тұрғыдан қатаң түрде тек орфоэпиялық нормаға ғана бағынып, қалған нормаларда «еркіндік» болады.

Ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуына оның **қатысымдық аспектісі** де үлкен рөл ойнайды. Адам табиғатынан әлеуметтік қатынастарға тәуелді.

Біріншіден, адам үшін өзі секілді қоғамдық ортаның бір бөлшегі болу аса маңызды. Біз қашан да жалғыздықтан қорқамыз. Жалғыз адам өзін қорғансыз, керексіз сезініп, айналаға деген қызығушылығы, белсенділігі төмендей бастайды. Осыдан келіп, оның отбасыға, достарға, әріптестерге, таныстарға қажеттілігі туындайды. Қазақ мұны «Жалғыздық Құдайға ғана жарасады» деп бір сөзбен шебер айтып кеткен.

Екіншіден, адам тек тілдік қатынасқа түскенде ғана тұлға ретінде

калыптасады. Зияткерлік және тағы да басқа өзінің қабілеттерін аша алады. Тілдік қатынас тұлғаның эмоционалдық қырын да шыңдайды. Дүниетанымын кеңейтеді, ойлауын, есте сақтауын, қиялын дамытады.

Үшіншіден, адам әрқашан басқалардың өзін жақсы жақтан бағалағанын қалайды. Бұл бағалау өз кезегінде адамда белгілі бір эмоция мен сезімдер тудырады. Ол эмоциялар адам үшін аса маңызды. Себебі олар адамның психикалық және физикалық қалпына үлкен әсер етеді. Ғалымдардың зерттеуінше, тұлғаның психикалық тұрғыдан тұрақты болуы үшін жағымды және жағымсыз эмоциялардың ара қатынасы 7:1 болуы керек екен. Қазіргі таңда адамдардың жағымды эмоцияларға деген қажеттілігі артып отыр. Осының бәрі адамның басқалармен жағымды көңіл-күй тудыра алатындай етіп сөйлесуіне тікелей байланысты.

Ауызша сөз мәдениетінің қатысымдық сипатының жүзеге асуына көбінесе коммуникативтік бөгеттер кедергі келтіреді. Коммуникативтік бөгеттердің өзін үлкен үш топқа (әлеуметтік-мәдени, психологиялық және тілдік) бөліп қарасақ, соның ішінде тілдік бөгеттерді ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына ықпалы зор [134, б.159]. Сонымен қатар коммуникативтік бөгеттердің қай түрі филолог-студенттердің оқу үдерісінде жиі ұшырасады? Дұрыс сөйлеу дағдысы мен коммуникативтік бөгет, білім алушылардың үлгерімі арасындағы байланыс қандай?

Білім алушылардың оқу үдерісінде тілдік коммуникация дағдысын меңгеру деңгейі мен коммуникативтік бөгеттерге тап болуының арасында белгілі бір байланыс бары даусыз, яғни тиімді коммуникация дағдысын еркін меңгерген білім алушылар коммуникативтік бөгеттерге сирек ұшырайды; ал коммуникативтік бөгет аз болған сайын, оқу үлгерімі де жоғарылайды. Аталған өзара байланысты Қазақстандағы Сулейман Демирель университеті, филология факультетінің 2, 3, 4-курс студенттеріне жүргізілген сауалнама да дәлелдеп отыр.

Осылайша, білім алушылардың басым бөлігі (70%, сауалнамаға қатысушылардың жалпы саны – 67) оқу үдерісінде ұялшақтық, коммуникативтік сәтсіздіктен туындайтын шаршытоп алдында сөйлеуге деген қорқыныш сияқты психологиялық сипаттағы бөгеттер жиі кездесетінін атап көрсеткен. Содан соң оқу үдерісінде коммуникативтік бөгеттермынадай себептерге байланысты екендігін түсіндіреді, олар: есте сақтау қабілетінің төмендігі (*«есте сақтауым нашар, түсініп тұрамын, бірақ ойымды жеткізе алмаймын»*), уақыт тапшылығы (*«оқуға, кейбір әдебиеттермен танысуға уақыт жетпейді»*), өз-өзіне сенімсіздік, ойын ашық айтуға қорқыныш.

Шаршытоп алдында сөйлеу кезінде, студенттердің байқауынша, ұялшақтық, қобалжу, жайсыз көңіл-күй, сенімсіздік, шаршытоптан қорқу секілді бөгеттер ұшырасады. Мысалы: *«Тыңдармандарға белгілі бір ақпаратты жеткізу – үлкен жауапкершілік, сондықтан көпшіліктің алдында сөйлеуді ұнатпаймын»*, *«Өзімді тыңдалмай қалудан қорқамын»*, *«Өзіме аса назар аударылғанын қаламаймын»*. Студенттердің 30%-ы сөз мағыналарын жете білмеу, оларды орынды қолданбау, сөйлеу техникасы сынды бөгеттер болатынын көрсеткен.

Ал «Оқу үдерісіндегі коммуникативті бөгеттерді жоюдың қандай тәсілдері бар?» деген сұраққа студенттер мынадай жауаптар берген екен: «Өз ұялшақтығыңды жеңу үшін көбірек топ алдына шығу», «Бәріне түсінікті етіп ойыңды жеткізуге дағдылану», «Есте сақтау қабілетін жаттықтыру, көп оқу және тек ана тілінде сөйлесу», «Сабақ кезінде көбірек сабақ айту», «Адамдармен көп араласып, көпшіл болу», «Шаршытоп алдында сенімді түрде сөйлеуге машықтану және сұрақтарға жауап бере білуді үйрену», «Ауызша сөзді жетілдіру, үлгісөздерді көбірек тыңдау», «Өз ойыңды сауатты дәлелдей білу», «Тіл табиғатын сезіну, ауызша сөздің құрылымын меңгеру» және т.б.

Байқағанымыздай, «оқу үдерісіндегі (тұлғааралық коммуникацияда да) кездесетін коммуникативті бөгеттерді жеңуде коммуникант пен рецепиенттің жеке қалаулары, өзара дұрыс коммуникация орнатуға деген ынталары, өз алдында тұрған адамды тыңдауға ниеті, оған ақпараттың маңызды тұстарын жеткізе білуі және соңында ортақ бір шешім шығара алуы үлкен рөл ойнайды».

Сауалнаманың нәтижесінде оқу үдерісінде психологиялық және тілдік бөгеттер көбірек ұшырасатыны көрінді. Ал оқу үлгерімі коммуникативтік бөгеттерді жоюға тікелей байланысты екендігіне сауалнамаға қатысушылардың барлығы келісіп отыр [135, б.42-43].

Ғалымдар жоғарыда айтылған коммуникативтік бөгеттерді болдырмаудың бірден-бір жолы – сөздің қатысымдық сапаларын жақсы білу және оны дұрыс қолдану деп есептейді [136, б.147]. Н.Уәли сөз сапасының өзі алдымен тілдік және тілдік емес (экстралингвистикалық) шарттарға тәуелді деп көрсетеді. Яғни сөйлеушінің ойлау мәдениеті, тыңдаушыға қарай сөз таңдауын сөз сапасына әсер ететін тілден тысқары шарттар десе, тілдік факторға сөйлеушінің тілдік амал-тәсілдерді дұрыс қолдануды жатқызады [137, б.135-136].

Сөз мәдениеті саласын терең зерттеушілердің бірі, орыс ғалымы Б.Головин сөздің төмендегідей қатысымдық сапаларын атаған болатын:

- 1) сөздің дұрыстығы (точность речи);
- 2) сөздің тазалығы (чистота речи);
- 3) сөздің дәлдігі (ясность речи);
- 4) сөздің логикалығы (логичность речи);
- 5) сөздің мәнерлілігі (выразительность речи);
- 6) сөздің бейнелілігі (образность речи);
- 7) сөздің қолжетімділігі (доступность речи);
- 8) сөздің өтімділігі (действенность речи);
- 9) сөздің орындылығы (уместность речи);
- 10) сөз байлығы (богатство речи) [138, б.214].

Ал А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, М.Серғалиев, Н.Уәли, Б.Шалабай бастаған бір топ қазақ ғалымдары сөздің *дұрыстығы, дәлдігі, логикалылығы, байлығы, тазалығы, мәнерлілігі, қысқалығы мен нұсқалығы* секілді сапаларын негіздеп көрсеткен.

Алайда аталған сапаларын сипаттауда көбінесе жазба тілдегі мысалдар алынған болатын. Біз өз кезегімізде сөздің қатысымдық сапаларының ауызша тілдегі көрінісін келтіріп көрейік.

Сөзді, грамматикалық тұлғаларды, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі

мағынасына сай қолдану, ақиқатты дәл бейнелейтіндей етіп жұмсау **сөз дұрыстығы** деген ұғымды білдіреді [137, б.138]. Мысалы: «*Мәғә / оссабақтан жанымызды шытқа түйп тұрұп охитын едік ...*» (2-курс студентінің сөзі). Біріншіден, қазақ тілінде *жанын шытқа тую* емес, *жанын шүберекке тую* деген тұрақты тіркес бар. Екіншіден, жанды шүберекке тую тіркесінің астарында тәуекел, батырлық деген сөздер жатыр. Яғни бұл тұрақты тіркес аталған жағдаятта қолданылмауы керек еді. Н.Уәли «сөз дұрыстығынан жөнсіз ауытқудың мұндай түрлері тіл білмегендіктен емес, көбіне мұқиятсыздықтан болып жатады» [137, б.138] деп есептейді.

Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен олардың арасындағы айырмашылықты білуге тиіспіз. Айталық, бір адам екіншісінің қал-жағдайын сұрағанда, «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар – әдеби нормаға сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді. Ал сөздің дәлдігі талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені сол «жаман емес»-тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сыяды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес»-тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің біреуін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады [89, б.114]. Дәлдік – ауызша тілде адресаттың сөйлеушіден аса талап ететін сөз сапаларының бірі. Тіпті кейде бүкіл диалогтың өзі осы дәлдікті іздеумен өтуі мүмкін. Мысалы:

- *Қарап // әдемі боп тұрм ба?*
- *Ммм // иә // жақсы*
- *Түууу, айтсаңш дұрұстап, әдемі боп тұрм ба?*
- *Иә / иә // әдемісің // көйлегің әдеміі жарасып тұр // өткенде алған көйлегің ба? (әйелі мен күйеуі арасындағы диалогтан)*

Байқасақ, әйелі күйеуінің көйлегінің әдемі жарасып тұрғанын айтуды диалогтың басынан бері күткен болатын. Сондықтан күйеуінің «жақсы» деген жауабына қанағаттанған жоқ. Әдетте коммуникацияда тілдесушілер жауапқа көңлі толмаса, сұрақ қою арқылы әрі қарай сол дәлдікті іздей бастайды. Немесе: «*Кеше кел дегенде / келмегеніміз үшін апай бүгүн екі аяғымызды бір етікке тықты*» (3-курс студенттерінің сөзінен) дегенде, мұғалімнің қалай наразы болғанын «екі аяқты бір етікке тығу» деген тіркес дәл ашып тұр. Демек, тұрақты тіркестер – сөз дәлдігін беруде біздің таптырмас құралымыз болып табылады.

Сөздің логикалылығы деп ойымыздың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз [89, б.118]. Сөз логикалылығының сақталмауына логикалық екпінді сәйкес жеріне түсірмеу, қыстырма сөздерді дұрыс пайдаланбау секілді себептер әсер етуі мүмкін. Мәселен:

- *Магистратура оқығыңыз келе ма?*
- *Жоқ*
- *Неге?*
- *Осы білімім жетед деп ойлайм.*

- Мәә

- Ойнап айтам, құрсын // Жоқ проста ... Мен өзүм мамандығым бар ғой мхм ... мен мамандығыммен жұмыс жасағым келмит та // Мамандығымды жек көрем дә // И мен төөөрт жыл зорға шыдаватрм да // И арғы бетінде екі жыл тағы да бұл мамандыққа оқығым келмит // болды // И екіншіден менің мамандығым біздің сдуда несі жоқ ... магистратурасы

- Ыммм

- Казахская литература бар который педагог болып шығатын // И он ваще оққым кемит // И сондықтан... Ал СДУ-дан емес басқа вариант қарастратын болсақ... // Жоқ мен проста менің арманыма бар ғой // менің қалайтын нәрсе ме магистратура керек емес та //

- Сіз қалайтын нәрсе не сонда?

- Свобода // (4-курс студентінің сөзінен).

Қарап отырсақ, сұраққа жауап берушінің өзінің жоспарының айқын емес болуынан, сөзінің логикалылығы да қашып отыр. Тіпті сұхбаттасушының өзінде соңында магистратурада оқығысы келмегені мамандығының ұнамағаны үшін бе, әлде өз оқу орнында оқып жатқан мамандығын жалғастырудың мүмкін болмауынан ба деген сұрақ қалып қойды. Сонымен қатар қазір: «Денсаулығыңыз мықты болсын! Ешқашан қартаймаңыз!» деп тілек айтып жатады. Ешқашан қартаймау – адам жаратылысына жат нәрсе. Сондықтан логикалылыққа қайшы келеді. Оның орнына өмір жасыңыз ұзақ болсын деу әлдеқайда дұрысырақ. Сөздің логикалылығын асыра сілтеп, жастардың арасында «туған күнді» «туылған күн» деп жүргендер бар. Осы мәселе төңірегінде А.Фазылжан өте ұтымды ой айтады: «Қазақ тілінде де басқа тілдердегідей нормадағы дүниенің бәрі жүйеге сәйкес келе бермейді. Жүйеден ауытқыған да нормалар болады. Мысалы, «туған күн» деген біздің нормамызға еніп кеткен, өзінің сол «туған күн» дегендегі «туған күн» деген сөздің мағынасы міне дүниеге келген күн дегенді білдіретін сөз ретінде баяғыдан бекіп кеткен. Енді осыны апарып жүйеге салып, логика бойынша бұл «туылған күн» болу керек деп, «туылған күн» дұрыс қолданыс деп «бүйректен сирақ» шығарып жүргендер бар. Тіл де тірі ағза сияқты. Өзінің заңдылықтары болады. Қанша жерден жөндеймін десеніз де, ол өзінің даму жолымен кетеді. Сондықтан «туған күн» деген норманы білген абзал. «Туылған күн» – ол жасанды қолданыс» [123].

Ауызша тілдің машықсыз болуына байланысты сөздің логикалылығын сақтау өте қиын. Алайда бейтарап және әдеби ауызша сөйлеуде сөздің логикалылығын сақтай отырып сөйлеу аса маңызды десек болады.

Сөздің байлығы дегеніміз – әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндігін еркін пайдалана білуі [89, б.131]. Сөзі жұтаң адамның ойы да таяз тартып тұрады. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болады. Орынсыз қайталау тілдің қатысымдық сапасын күрт төмендетеді, ойды дәлме-дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болады. Мысалы, қазір хайуанаттар бағына барғанда аңның атауын қазақша оқысақ түсінбей, тек орысшасын оқығанда немесе сол аңды көргенде ғана түсінетініміз – тіліміздегі қанша жануар атауларына байланысты лексикамыздың таяздығының көрсеткіші. Сол секілді ойымызды қалай

жеткізерімізді білмей, тілді енді үйреніп жүрген адам секілді күмілжіп қаламыз. Қарап отырсақ, күнделікті әр адамның қолданатын өзіндік стандартты «сөздік қоры» қалыптасқан. Ол қордан ешкім ауытқығысы келмейді. Соның сыртында тіліміздің қанша байлығы қалып қойып жатады.

Сөз байлығынан келіп ұласатын тағы бір қатысымдық сапа – ол **сөз тазалығы**. Сөз тазалығы дегенде, ойымызға өз сөзімізде бөгде «элементтер»-ді (өзге тілдің сөздері, қажетсіз қыстырмалар) пайдаланбау деген келеді. Ауызекі сөйлеу тілінде аса міндеттей алмасақ та, бейтарап сөйлеу тілінде, әдеби ауызша тілде сөз тазалығын сақтауымыз – міндет. Тіпті ауызекі сөйлеу тілінің өзінде сөз тазалығын аса сақтамау айтар ойдың «өңін» қашырады. Мысалы:

- Балапанчик, нестеватсың?

- Тока үй жинап біттім //

- Ух, маладес!

- Этат // комет бітіп қапты // сосұн ваннийды жартылай комет//
напалавину порошокпен жудым.

- Алооо ... а вот оказца наушник шығып кетіпті // а мен саған
непереставая сөйлеватсам ...

- Түуу // настроенем жоқ // проста не успеваю // ертең бізде презентация
// МИД и риторику надо атправить бүгүн ... (2-курс студенттері сөйлесуінен).
Мұндай ауытқушылықтар бейтарап сөйлеу тілінде де кездеседі: «... Жаңағы /
өзү кішкентайақ // ...көбемес...соны охыпкел // содан кейн жаңағы Жюль Верн
деген / «Таинственный остров» деген бар // иээ?... сонны / панедельникке дейн
бітіресін депойлайм // шамаң кесе «Жизньді» қосып оқу керекқодим/ ваапце
қатып кетет та...» (сабақ кезіндегі оқытушының сөзі).

Күнделікті өмірде әркімнің сөйлеген сөзін бағып жүре алмасақ та, ұстаздар қауымы сабақта болсын, сабақтан тыс кезде болсын, мейлі ол тіл маманы болмаса да өз сөйлеген сөздеріне мән беруі керек. Соған жаттығу керек. «Сөз тазалығын сақтауға талаптанған адам белгілі бір мәселе жөнінде әңгіме қозғамас бұрын сөйлейтінін кесіп-пішіп, ой елегінен өткізіп алып, жұрт алдына шығады. Тіл тазалығын сақтауға талаптанған адам сөз арасын ыбырсыта бермейді» [137, б.155].

Келесі бір сөз сапасы – ол **сөздің мәнерлілігі**. Сөз мәнерлілігі дегеніміз – сөйлеушінің тыңдарманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті. Ол сөздің эмоционалдық және экспрессивтік қасиеттеріне, яғни сөздің стилистикалық бояуына тікелей байланысты. Төменде сөз мәнерлілігі жақсы сақталған үлгі сөз берілген, соған назар аударайық:

«Ал енд мен // мектепте / қазахша оқұдұм // осұнда // Мәскеуге бардық /
онда Война и мирдан шығарма жаздық // бірақ мен // қазақ мектебін бітіргесін
/ ұлттық мектеп бітірд деп / маған / мазмұндама жаздыртты // Бірақ
мазмұндаманың өзүн де / мен құлатыбалдым // Үйткөні Война и мирдің ішінде
үш парақ бөлүм бар // Княз Балконский келе жататтағы / әскермен құлап /
аспаңға гарап ... // жатады гой // өмүрдүң мағынасы деп // Сонда Напален геліп
/ қарайт та // Мұнау гандай батыр // нәгіп жатыр деп // со үш парақ // Соны
жаздым гой // Соны жазғанда / Талстойға еліктеп // ... күрделүүү сөйлөммөн
жазамызго/ жаңағ / сложносочиненный предложеня деп // Сүйтсөм // бәрі

қате болып шықты ғой // Содаңгейін // нестейміз енді // кетүгерек ... // Сүйтүп баражатсам ...// оезде жаңағ қабылдау комиссия онекінші этажда // МГУ-дың онекінші этажында // МГУ-ды білесіздер ғой // Отыз / қырқ этаж үлкөөн // Содан лексияда отырсам // бір орыс кездесті: «Че ты // грустишь» -деп менен сұрад // «Осұндай-осұндай / құлап қалдым нестиім // үйгөғайтам» - дедім // «Жарайд / жүр / бірге барып көрөйүк...» // Мені танып тұрекен // Сүйтсөөм // мен алтыншы кластан бастап олимпиадаға қатысқам / математикадан / Талай жеңімпаз болдым // анда болдым // мұнда болдым / енді / сонда есінде қалғанекен // Сосұн геліп көрд // мұнда аппияция деген болад / жаңағ Асқар сен соны жаз деді // Мен жазып берібедем / ол айтты: «Жо бұл болмайд»- деді // Бұналса / сен бір алып қалуың мүмкүн // болмайд / деп / өзү қайттан көшүрүп жазып перді // сен битіп жаз деп // Сосұн жазып қолдұ ғойып бердік // Содан ... // менің бағым жанды // Мен ұшалып // түсүп кеттім // Қалған бағаларым бәрі дұрұс // математика / физикам // бәрі дұрұс // Сүйтүүп түсүп кеттім // Содаңгейін мен // мындай екі горытындыға гелдім // бірінші горытынды // Егер Талстой болмасаң // ешуахытта / күрдөлү сөзбөн сөйлөме! // Екінші / Әл Харезмидің ақылын ұмытпа // керісті оңға айналдыруға тырыс // кемшілікті артыққа айналдыруға тырыс // Болды!!! // Менің өмүрлүк ұстанымым осы // сонымен өмүр сүрүп гелем әзіргешейн ...» (Академик А.Жұмаділдаев сөзінен).

Қарап отырсақ, ғалымның сөзінде көп әдеби сөздер де жоқ, дегенмен ол тыңдаушысына өте әсерлі болды. Себебі сөздің басы бар, негізгі айтар ойы бар, соңы бар. Экспрессия жөнімен қолданылған. Мысалы, А.Жұмаділдаевтың «сложносочиненный» деген орыс сөзін қолдануы нормадан уәжсіз ауытқу ма, әлде мақсатты қолданыс па? «Біздіңше, соңғысы. Бірақ бұл нормадан ауытқу емес, норма да емес. Сөйлеу тілінің нормасы деген ұғымнан гөрі сөйлеу тілінің мәдениеті, жүйесі деген ұғымды негіздеу керек деуіміз осыдан. Өйткені сөз адамдар арасындағы жақсы//жаман қатынасты қалайды. Сөйлеу тілі коммуниканттардың тұлғасын танытады» [67]. Сол секілді кейде мұғалімдер сабақтың мазмұнын бірінші кезекке қойып, оны білім алушы түсінетіндей етіп жеткізуді назарынан тыс қалдырып кетіп жатады. Нәтижесінде бала сабақты түсінбейді. Сондықтан кез келген дәрісті түсіндіру барысында ұстаздың сөз мәнерлілігі үлкен рөл ойнайды.

Ауызша сөзде ерекше мән беру керек қатысымдық сапалардың бірі – **сөздің қысқалығы мен нұсқалығы**. Себебі дәл ауызша тілде жазба тілге қарағанда сөз шұбалаңқылығы көп кездесіп жатады. Мысалы, көп студенттер айтар ойын арыдан келіп, өз сөзінің дәмін кетіріп алып жатады. Аз сөзбен көп мағынаны жеткізу – ауызша сөз мәдениетінің бір қыры. Бірақ қысқа баяндаудың бәрі – шеберлік емес. Мәселе аз сөзге көп мағына сыйғыза білуде. Француздың белгілі ғалымы, жазушысы Б.Паскаль өзінің бір хатында: «Қысқа жазуға уақытым болмағандықтан, хатты ұзыннан-ұзақ жазуға мәжбүр болып отырмын» деген екен. Шынында, белгілі бір ойды ойсыратпай жеткізу, басы артық қолданыстардан сөзді арылтып отыру, аз сөзбен көп мағынаны беру оңай емес, оған аз уақыт кетпесі анық [137, б.158-159]. Мысалы, төменде мынадай туысқандар арасындағы диалог берілген:

А: - Не жаңалық бар?

Ә: - Не жаңалық ... // Сол қу тіршіліктің қамы деп ... //

А: - Айтпа // бір-бірімізд көрмегелі қаниа // көрүспесе ағайын жат деп // ертең көзүмүз кетсе // балаларымыз бір-бірін танымайды ...

Ә: - Иә ... // араласып тұру керек ...

Бұл диалогтың ұзақтығы көп болуы мүмкін еді. Сөйлесушілердің қалауымен ол небәрі 1,5 минутқа созылды. Дегенмен мақсат орындалды, туысқандар бір-бірін түсінді, сөздері өзара әсерлі болды. Айталық, адресант Ә өзіне қойылған сұраққа өзінің өмірінде болып жатқан майда-шүйде жаңалықтардың бәрін жіпке тізгендей етіп айтып беруіне де болатын. Егер олай болған жағдайда, диалог тіпті басқа арнада жалғасуы мүмкін еді. Ал барлық ісін «қу тіршілік» деген сөз арқылы бергенінен адресант А да оның меңзеген ойын іліп алып кетті. Ол да ұтымды ой айта білді. Нәтижесінде коммуниканттар тек қана бір-біріне жаңалықтарын айтып беруден гөрі, «туыстық қатынастарды үзбеу керек» деген маңызды тұжырымға келді. «Біздіңше, қазақ сөзінде сөйлемнің толымсыздығы, редуцияланған лексикалық бірліктер жасайтын мәтін астары санаға көп ақпарат береді. Сонда қазақы сөйлеу мәдениетінде тілдік бірлік аз – мазмұн кең болып шығады. Қазақы сана аз тілдік бірлікпен көп ақпарат алғанды «жақсы көреді». Сана «өзінде» бар, «өзі» білетін ақпаратты қайталап қабылдай алмайды, өзіндегі білімді толықтыратын ақпараттарды ғана қабылдайды» [67]. Демек, сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік тәрізді қасиеттерді дағдыға сіңіре отырып, сіреспе тіркес, қызметсіз қолданыстардан сөзді арылта түсіп, айтар ойды икемді, орамды тілмен жеткізу – ауызша сөз мәдениетіне қойылар талаптардың бірі [137, б.159].

Енді ауызша сөз мәдениеті зерттелуінің этикалық аспектісіне біраз тоқталайық. Этикалық аспектісі кейде сөздің қатысымдық сапасының бірі – **сөз әдебі** ретінде де қаралады (Н.Уәли бойынша). Сөз әдебі дегеніміз – қарым-қатынастың әртүрлі жағдаятына тән тілдесу ережелерінің жиынтығы [6, б.36]. Сөз әдебі өз кезегінде тілдесім барысында:

1) коммуниканттардың жеке басының ерекшеліктерін (әлеуметтік мәртебесі, қоғамдық рөлі, жынысы, жасы);

2) сөйлеу жағдаятын (ресми, бейресми, бейтарап, жағдаяттың өту уақыты, жері т.б.);

3) ұлттық таным ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

Сондай-ақ тілде сөз әдебінің дайын конструкциялары өмір сүреді де, сөйлеуде олар белгілі бір жағдаятқа байланысты іс жүзіне асады. Сөз әдебі адамның орынды сөйлеуімен ғана өлшенбейді, ол оның жүріс-тұрыс мәдениетіне де тікелей байланысты. Сондықтан сөз әдебі жалпы қарым-қатынас мәдениетіне тәуелді. Осы орайда психолог ғалымдардың ұстанатын мәдени қарым-қатынас нормаларын да айта кеткен жөн:

1) Сыпайылық. Жазушы Сервантестің айтуынша, «сыпайылықтан асқан өзі арзан тұратын, бірақ бағасы қымбат нәрсе жоқ». Адам өз өмірінде түрлі адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Әрі олармен тең дәрежеде, сыпайы сөйлесуді үйренеді.

2) Әдептілік. Адамның кез келген жағдайда өзін-өзі ұстауы (сөзінде, ісінде) аса маңызды.

3) Толеранттылық. Бұл термин қазір көптеген әлеуметтік қатынастарда да кеңінен қолданылып жүр. Ол қолданыс, әрине, қарым-қатынас кезіндегі қажеттіліктен туындайды.

4) Қарапайымдылық. Адам қаншалықты өзін-өзі көрсетуді қаласа да, сөз жүзінде де, ісінде де қарапайымдылықты ұстанғаны дұрыс.

Біз ауызша тілдің зерттелу деңгейіне, оның зерттелу аспектілеріне біршама тоқталдық. Енді қазіргі таңда қоғам прагматикалық ойлауға бейім болғандықтан, ауызша сөз мәдениеті қандай мамандық немесе кәсіп иелеріне ерекше қажет дегенге келейік.

Ауызша сөз мәдениетін қажететпейтін мамандық жоқ шығар. Дегенмен ауызша сөз мәдениеті жоғары деңгейде болуы керек мамандық иелері де бар. Ол мамандықтарды ауызша сөз зерттеу нысаны, әрі құралы болатын және ауызша сөзді тек құрал ретінде жұмсайтындар деп шартты түрде бөлуге болады. Бірінші топқа ана тілі немесе шет тілі мұғалімдері, шешендіктану, сөз мәдениеті оқытушылары, редактор, актер, аудармашы, ақын-жазушылар жататын болса, екіншісіне саясаткерлер, тілдік емес бағыттағы оқытушылар, психолог, режиссер, заңгерлер мен елшілерді айтсақ болады. Әрине бұл тізімде ауызша сөз мәдениетін қажет ететін барлық мамандық пен кәсіп иелерін атадық дей алмаймыз. Осының ішінде біз, өз зерттеу нысанымызға сәйкес, филолог-студенттердің, яғни болашақ мұғалімдердің ауызша сөз мәдениетін педагогикалық дискурс аясында қарастырып көрейік.

Жалпы, мұғалімдікті шығармашылыққа жақын мамандықтардың қатарына жатқызады. Әйгілі педагог В.Загвязинскийдің айтуынша, мұғалім үнемі әртүрлі әдіс-тәсілдерді салыстыра отырып, ең жақсыларын таңдай немесе жасай алуы керек және оларды түрлі педагогикалық жағдаяттарда қолданысқа енгізе алуы тиіс [139, б.50]. Төменде мұғалімнің жұмысы барысында алып жүретін рөлдік репертуарына назар аударайық:




Сурет 10 – Мұғалімнің рөлдік репертуары

Байқағанымыздай, бір мамандық иесі бола тұра, оның артында қанша

басқа да мамандардың бойында болуы керек біліктіліктер тұрады. Ал ол біліктіліктерді дұрыс жүзеге асыру үшін міндетті түрде ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілік туындайды. Осыдан келіп, ауызша сөз мәдениеті тек тіл мен әдебиет оқытушылары ғана емес, басқа да пән мұғалімдеріне аса қажет екендігі көрінеді.

Қазіргі кезде ұстаздарға қойылатын талап өте жоғары. Бұрын, бәлкім, өз беретін білімінің мазмұнын жақсы білу жеткілікті болатын болса, қазір оны білім алушыларға дұрыс, сауатты жеткізе алуға көп нәрсе байланысты. Осыған орай, біздің тарапымыздан жоғары оқу орнының 3-4 курс студенттеріне «Сіз үшін оқытушының бойында өз саласы бойынша білімінің тереңдігі мен аз да болса, білгенін дұрыс жеткізе алу қабілеттерінің қайсысы маңыздырақ?» деген сұрақ қойылған болатын. Нәтижесінде ұстаздар қауымы арасында дау тудыратын жауап алынды. Яғни студенттердің жартысынан көбі оқытушының бойында коммуникативтік қабілеттіліктерінің жоғары болуын қалайтынын айтты. Олар көбінесе тәжірибелерінде өз саласы, беретін пәні бойынша білім деңгейі жоғары, алайда оны білім алушыларға дұрыс жеткізе алмаудың есебінен ешқандай оқу нәтижесіне жете алмаған жағдайларын алға тартқан болатын. Бір сөзбен айтқанда, білім алушылардың басым бөлігі оқытушыны лекторлық шеберлігіне қарай бағалайтынын ашып көрсетті.



Сурет 11 – Білім алушылардың оқытушы бойында ерекше бағалайтын қабілеттерінің салыстырмалы көрсеткіші

Білім алушылар лекторлық шеберліктің өзіндік критерийлерін көрсеткен болатын. Оларды жинақтай келе, төмендегідей талаптарды айта аламыз:

- материалдың ақпараттық-танымдылығының жоғары болуы;
- айтылғандарды мысалдармен дәйектей алуы;
- баяндалып отырған мәселенің көзделетін басты мақсатқа негізделуі;
- материалдың методикалық тұрғыдан қамтылуы;
- көрнекілік (аудио және визуалды) құралдарын пайдалануы;
- баяндауда бірізділік қағидатының сақталуы;
- оқытушының баяндауда шығармашылық қабілетін қолдана білуі.

Жоғарыда көрсетілген талаптардың барлығы ауызша сөз мәдениетінің қатысымдық сапаларынан көрінетінін айта кеткіміз келеді.

Демек, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытуға жалпы дискурс, соның ішінде шаршытоп алдында сөйлей білу, педагогикалық дискурс тұрғысынан келудің маңыздылығы артып отыр.

«Дискурс» (латын тілінде *discursus* – пайымдау, француз тілінде *discourse* – сөйлеу, ағылшын тілінде *discurs* – талқылау) – қазіргі таңда көптеген гуманитарлық салалардың зерттеу нысанына айналып отырған категория. Осыған дейін дискурс мәселесіне бірқатар ғалымдар (П.Сериот, Р.Бартес, Д.Шиффрин, Л.Васильев, М.Бахтин, В.Карасик, Н.Арутюнова, Э.Бенвенист, Т.Дейк, Е.Кубрякова, В.Демьянков, О.Иссерс, З.Ахметжанова, З.Ерназарова, Х.Ордабекова, Қ.Мұхамади, Г.Смағұлова, К.Күркебаев, Ә.Жұмағұлова т.б.) өз еңбектерінде тоқталған болатын. Мысалы, сондай көрнекті ғалымдардың бірі – орыс ғалымы В.И.Карасик. Оның еңбектері коммуникация мәселелері теориясын, дискурс анализін, мәтін лингвистикасын, сөйлеу жанрлары теориясын едәуір кеңейтті [140]. Ең алғаш дискурс лингвистикалық категория ретінде З.Харисс пен Э.Бенвенисттің тарапынан қарастырылған. Аталған ғалымдардың зерттеулерінде «дискурс» ұғымының әртүрлі тұжырымдарын кездестіруге болады. Айталық, Н.Арутюнова дискурсты «барлық экстралингвистикалық факторлар ескерілген өзара байланысқан мәтін, яғни шынайы өмірге кіріктірілген сөз» [141, б.136] деп түсінсе, австриялық ғалым Р.Водак дискурсты «мәтіндер жиынтығы» [142, б.15], ал америкалық зерттеуші В.Дейк «шынайы тілдік жағдаятқа негізделген мәтін» [143, б.345] деп көрсетеді. Осы секілді дискурсқа берілген басқа да түсініктерді жинақтай келе, мынадай тұжырымға келуге болады: «Дискурс деп прагматикалық, әлеуметтік, психологиялық факторлармен байланыста алынған мәтінді айтады. Сөйлесімді диалог ішінде қарастыру оның қалыптасуына ықпал ететін экстралингвистикалық факторлардың қатарын айқындайды. Дискурс – белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің қарым-қатынасын осы факторлармен байланыста алып қарастыруды қажет етеді. Адамдардың қатысымына «үнсіз түрде үйлестіруші» қызмет атқаратын ережелер тән. Мәселен, өтініш айтуға қатысты қабылдау, қарсылық білдіру, бас тарту сияқты сөйлеу әрекеттері дүниеге келеді. Бұл қарым-қатынастың адамдар арасында қалыптасқан ережесімен байланысты» [99, б.48]. Осы тұста дискурс пен мәтіннің аражігін көрсете кеткен жөн. Мәтін көп жағдайда жазба тілдің формасы деп қарастырылса, дискурс ауызша тілдің бірлігі ретінде аталады. Мәтін мен дискурс кей әдебиетте мағыналас қолданылатыны да белгілі. Дегенмен Г.Смағұлова, К.Күркебаев, Ә.Жұмағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» атты еңбектерінде аталған екі ұғымның төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді [115, б.16]:

Кесте 14 – Дискурс пен мәтіннің өзіндік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде көрсету


Дискурс	Мәтін
1	2
қарым-қатынас акустикалық тұрғыда жүзеге асырылады;	қарым-қатынас визуалды түрде жүзеге асырылады;
қарым-қатынас тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асырылады;	қалыпқа түскен сөйлеу әрекеті;

14-кестенің жалғасы

1	2
қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады;	қарым-қатынасқа түсушілердің арасында жекелеген байланыс болмайды;
қарым-қатынастың жүзеге асуы мен оны қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырылады;	қарым-қатынастың тууы мен оны қабылдау әр кезеңде, түрлі кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырыла береді;
дискурс белгілі бір уақыт аралығында өтеді;	қарым-қатынастың жүзеге асуында жанды байланыс жоқ;
қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлесуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды байланыс арқылы жүзеге асырылады;	мәтін – когнитивтік әрекеттің жемісі;
дискурсқа ағымдылық сипат тән, ол коммуниканттар арасындағы үздіксіз үдеріс.	мәтін – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші;

Сонымен қатар дискурстың тіл мен сөзден айырмашылығын да айта кеткен дұрыс. Дискурс коммуникативтік жағдайдың ажырамас бөлігі болғандықтан, дискурста тіл нақтыланады, туындайды, толығыады. Ал сөз дискурстың макро және микроқұрылымдарында жұмсалады. Дискурстың макроқұрылымына адресаттың берілген ақпаратты түсінуіне негізделіп, дискурстың негізі мазмұнының жалпы сипаттамасы танылып, оған мысал ретінде ауызша сөйлесудегі репликаларды жатқызсақ болады. Микроқұрылымын өзара семантикалық байланысы бар жекелеген сөйлемдер және предикацияланған сөйлемдер құрайды [115, б.17].

Қазіргі кезде дискурс пәнаралық ұғымдар қатарына кіреді. Әр сала дискурсқа қатысты өзіндік бағыттарын, тәсілдерін қалыптастырып, дискурсивті талдау жүргізеді. Атап айтар болсақ, пәнаралық ұғым ретінде тіл білімінен басқа әдебиеттану, философия, әлеуметтану, журналистика, саясаттану, психология, педагогика, мәдениеттану, заң, дінтану т.б. салаларда көрініс тапқан. Осыған байланысты дискурстың түрлері де әртүрлі жіктелуде. Бұл жіктеулерді қорыта келе, мынадай дискурстың түрлерін ұсынуға болады:



Сурет 12 – Дискурс түрлері

Дискурстың аталған әр түрі жекелей зерттеуге тұрарлық нысан. Себебі бұдан басқа әр дискурстың өзіндік жанрлық түрлері де болады. Оған қатысты қазір қазақ және шетелдік ғалымдар тарапынан көптеген зерттеулер жүргізіліп жатыр десек болады. Мысалы, Х.Ордабекова бұқаралық-ақпараттық дискурс ішіндегі жарнама дискурсындағы неолфразеологиялық қолданыстарды атап көрсетеді [144]. Сондай-ақ бүгінде компьютерлік дискурсқа деген қызығушылық та ерекше артып отыр. Ағылшын ғалымы Д.Кристал компьютерлік дискурсты терең зерттей келіп, оның:

- веб-дискурс;
- электронды пошта дискурсы;
- асинхронды қарым-қатынас дискурсы (форум, конференция, вебинар т.б.);
- синхронды қарым-қатынас дискурсы (чат, ісқ, ойындар т.б.) секілді жанрлық түрлерін көрсетіп береді [145, б.176].

Кейбір ғалымдар дискурстың түрін тек жеке адамға қатысты және институционалды деп бөліп, қалған түрлерінің барлығын осы екеуінің типтері ретінде көрсетеді [146, б.94]. Қалай десек те, айтылғанның барлығы дискурстың психологиялық, прагматикалық, тілдік және әлеуметтік тұрғыдан күрделі құбылыс екендігін дәлелдейді. Осындай құрылымдық, әрі мазмұндық жағынан ауқымды дискурс түрінің бірі – ол *педагогикалық дискурс*.

Педагогикалық дискурс формасы жағынан институционалды, ал мазмұны жағынан жеке тұлғаға бағытталған дискурстың түріне жатады. Педагогикалық дискурстың мақсаты тек тұлғаның танымдық үдерісін ұйымдастыруға ғана бағытталмайды, сонымен қатар ол тұлғаның толыққанды дамуына жағдай жасай алуы тиіс» [147, б.25].

Педагогикалық дискурс оның мақсаты, қатысушылары, бағытталатын құндылықтары, білім алу ортасы, құрылымдық мазмұны секілді аспектілерді қамтиды. Ал сипаттары ретінде төмендегілерді атасақ болады:

- әлеуметтік сипаты (дискурстың қай түрі болмасын, ол әлеуметтік сипатқа ие);
- полисубъектілік (бірнеше қатысушысының болуы);
- полифункционалдылық (педагогикалық қарым-қатынасқа тән функциялардың барлығын атқаруы);
- когеранттылық (дискурс компоненттері арасындағы құрылымдық-мазмұндық байланыстың болуы);
- динамикалық сипаты (әсер етуші факторларға байланысты дамуы);
- прагматикалық сипаты (белгілі бір дітті көздеуі);
- жағдаятқа тәуелділігі (әлеуметтік, мәдени, жеке тұлғаға қатысты т.б. жағдаяттардың толыққанды ескерілуі).

Педагогикалық дискурстың хронотопына сол дискурстың жүзеге асатын қандай да бір оқу орны (мектеп, колледж, университет, дәрісхана, сынып т.б.) және оған белгіленген уақытты (сабақ, дәріс, емтихан т.б.) жатқызамыз. Ал педагогикалық дискурстың қатысушылары депоқытушы мен білім алушыны атай аламыз. Ғалымдар педагогикалық дискурста қатысушылар арасындағы айқын теңсіздікті де атап өткен болатын. Оған оқытушының дискурстың өрбу

траекториясын белгілеуі, репликалардың реттілігін айқындауын дәлел ретінде келтіреді [148, б.10]. Сондай-ақ қоғамда оқытушының іс-әрекетіне байланысты стереотиптік көзқарастар да қалыптасқан. Ол көзқарастар мұғалімнің тұлғасына ғана емес, сонымен қатар оның сөзіне (сөйлеуіне) де қатысты. Мысалы, оқытушының сөзі күрделілігі кез келген деңгейдегі материалды түсінікті әрі кодификацияланған әдеби тілде баяндауы керек. Мұғалімнің сөзі әрқашан өзінің дидактикалық сипатымен ерекшеленуі тиіс. Алайда қазір бұл көзқарастарға байланысты педагогикада бірқатар даулар да жоқ емес. Оқытушы өзінің кәсіби құзыретімен көптеген коммуникативтік міндеттерді шешеді. Ол түсіндіреді, ақпараттандырады, дәлелдейді, сынайды, бағалайды, сұрайды, қорытындылайды, жұмылдырады және бағыттайды. Ал аталған міндеттерді шешу үшін қалыптасқан стереотиптік талаптардың болуы жеткілікті ме деген сұрақтың туындауы заңды.

Педагогикалық дискурстың өзіндік жанрлық түрлерінің де болатынын айта кеткіміз келеді. Олардың қатарына сабақ, дәріс, семинар, емтихан, оқытушы мен білім алушының әңгімелесуі, мұғалімнің түсіндіру монологі, оқу-педагогикалық диалог, түрлі тақырыптардағы нұсқаулық жүргізуді т.б. жатқыза аламыз.

Дискурс болған соң оның жүзеге асырылуы үшін міндетті түрде өзіндік коммуникативтік стратегия мен тактикалары болатыны анық. Коммуникативтік стратегия дегеніміз – белгілі бір тілдік құралдар арқылы берілетін коммуникативтік мақсат пен міндеттерге жетуге бағытталған сөйлеу әрекеті. Ол өз кезегінде коммуникативтік діттен туындайды. Стратегия сөздік қатынастың өрбуін қадағалауға, сөйлеушінің өз сөзін жүйелі құрып, жұмсауына, қажетті тілдік құралдарды таңдауға мүмкіндік береді. Ал коммуникативтік тактика сол стратегияның жүзеге асырылуы үшін қолданылады.

Белгілі ғалым О.Иссерс өзінің «Коммуникативные стратегии и тактики» атты еңбегінде жалпы стратегияны когнитивтік және лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға болады дей келе, коммуникативті стратегияларды шартты түрде негізгі (семантикалық, когнитивтік) және көмекші деп бөліп көрсетеді. Көмекші стратегиялардың өзін іштей прагматикалық, диалогқа негізделген және риторикалық деп жіктейді [149, б.106]. Ал Н.Ипполитова О.Иссерстің ойын дамыта келе, педагогикалық дискурста қолданылатын басты үш стратегияны атап айтады, олар: *ақпараттық*, *императивті* және *коммуникативті-реттеуіштік* стратегиялар. Ғалымның айтуынша, аталмыш стратегиялар оқытушының сабақтағы әрекетіне қойылатын педагогикалық талаптардан туындайды. Осылайша, мұғалім жаңа материалды білім алушыларға меңгерту кезінде көбінесе ақпараттық; сабақ сұрау, өтілгенді қорытындылау, бекіту кезінде императивті стратегияны; ал коммуникативті-реттеуіштік стратегияны сабақтың ұйымдастырушылық кезеңдерінде қолдана алады. Сонымен қатар Н.Ипполитова педагогикалық дискурстағы императивті стратегияны доминант стратегия ретінде көрсетеді [150, б.13]. Енді бұл стратегиялар қандай коммуникативтік тактикалар арқылы жүзеге асады деген мәселеге келейік. Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде коммуникативтік тактиканың

абырой, беделді алға тарту, коммуникантты өзімсіну (интимизация) және фактілерді қарама-қарсы қою секілді үш түрі жиі айтылып жүр (әсіресе баспасөз мәтіндеріне дискурстық талдау жүргізгенде). Зерттеу жұмысы барысында мектепте жүргізілген 30-ға жуық мұғалімнің сөздері аудиотаспаға жазылған болатын. Нәтижесінде гуманитарлық пән оқытушылары (соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті) көбінесе абырой, беделді алға тарту тактикасын, ағылшын тілі пәні мұғалімдері коммуникантты өзімсіну, ал жаратылыстану пәндері оқытушылары фактілерді қарама-қарсы қою тактикасын қолданатыны анықталды. Мұндай айырмашылықтар бірнеше себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, оқытылатын пәннің мазмұны таңдалатын стратегия мен тактикаларға өзіндік әсерін тигізеді. Мысалы, ағылшын тілі, ағылшын халқының өзі қарым-қатынас барысында коммуникантты өзімсіну тактикасын жиі қолданады. Ал жаратылыстану ғылымдары фактілер мен дәлелдердің негізінде құрылғандықтан, оқытушының сөзінде де дәл осы тактиканы қолдануы әбден орынды. Екіншіден, аталған тактикаларды таңдауға мұғалімдердің жеке бас қасиеттері, сабақ жүргізу стилі де әсер етпей қоймайды.

Дискурс аясында көп зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдардың бірі – Н.Антонова таза педагогикалық дискурста қолданылатын коммуникативтік тактикалардың жіктелімін жасап кеткен. Олардың жоғарыда аталған стратегияларға арақатынасын төмендегідей кестемен көрсетсек болады [151, б.43-44]:

Кесте 15 – Педагогикалық дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың арақатынасы

Педагогикалық дискурс тактикалары	Императивті стратегия	Ақпараттық стратегия	Коммуникативті-реттеуіштік стратегия
1. тілдік қарым-қатынас құру тактикасы	жоқ	жоқ	иә
2. тілдік қарым-қатынасты қолдау тактикасы	иә	иә	иә
3. жұмысқа ынталандыру тактикасы	иә	иә	иә
4. зейінді шоғырландыру тактикасы	иә	иә	иә
5. физикалық белсенділікті арттыру тактикасы	иә	иә	жоқ
6. сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тактикасы	иә	иә	жоқ
7. бағалауыштық тактика	иә	иә	иә

Ұстаздардың басым көпшілігін әйелдер құрайтыны ешкімге жасырын емес. Дегенмен гендерлік мәселе де педагогикалық дискурсты зерттеушілердің назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Біз де, өз кезегімізде, аталған мәселеге шағын тәжірибе жүргізіп көрдік. Ол үшін 5 әйел және 5 ер адамның сабақ жүргізуі аудиотаспаға жазылып алынды. Әр сабақтың ұзақтығы – 50 минутты құрайды. Кейбір ғалымдардың пайымдауынша, ауызекі сөйлеу тіліне қарағанда, бейтарап және әдеби сөйлеу тілінде ер мен әйел адамның сөздерінде аса айырмашылық байқалмайды [152, б.113] десе де, бақылау тәжірибесі нәтижесінде төмендегідей ерекшеліктер анықталды:

1) әйелдер сабақ барысында білім алушылармен диалог құруға бейім тұрады;

2) ер адамдар аудитория назарын көбінесе өмірден мысалдар келтіру арқылы шоғырландырса, әйелдер аудиторияға сұрақ қойғанды ұнатады;

3) сабақ үстінде ер адамның жасаған ескертпелеріне білім алушылар бірден жауап береді;

4) әйел адамның сөзінде эмоционалды-экспрессивтілік басым;

5) ер адамдар әйел адамға қарағанда сабақ кезінде тосын, келеңсіз жағдайларда көбірек әзілге жүгінеді екен. Осылайша, педагогикалық дискурс аясында гендерлік мәселенің де зерттеуге тұрарлық нысан бола алатыны дәлелденді.

Сонымен, педагогикалық дискурс үш үлкен коммуникативтік-педагогикалық функцияларды атқарады: 1) гносеологиялық (пәндік, мәдени, әлеуметтік т.б. білімдерді алуы); 2) коммуникативтік-реттеуіштік (мақсатқа жету үшін қолданатын стратегия мен тактикаларды қамтиды) және 3) коммуникативтік-тәрбиелілік (білім алушының жалпы тұлға ретінде дамуы). Ал осы функциялардың жүзеге асуында ауызша сөз мәдениетінің маңызы зор екені даусыз.

Сөзіміздің соңында айтарымыз, сөз мәдениеті тек сөз таңдау, сөз жасау, сөйлем құрастыруда ғана емес, сөйлеу кезінде сөздерді дұрыс айтуда, сөзді дұрыс қолдануда, бүкіл ойын дұрыс құрылымға салуға келгенде айрықша мәнге ие болады. Осы кезге дейін жазба тілдің куммулятивтік қызметіне байланысты жүгін ауыр деп келдік, алайда қазіргі ауызша тілімізде туындап отырған мәселелерге қарап, оның да жүгі жеңіл еместігін көреміз. Бұл орайда жұмыс аталған ережелерді түзіп берумен ғана шектелмейді, ол ережелерді қалың көпшілікке үйрету, насихаттау істері де алдымызға тартылады.

Тәрбиешілер мен мұғалімдер – балаларды тек тәрбиелеп, білім берушілер ғана емес, сонымен қатар тіл үйретушілер, тілдің байлығы мен әсемдігін бала бойына сіңірушілер. Ал актерлар мен әншілер – халыққа тек өнер көрсетіп, эстетикалық ләззат берушілер ғана емес, сонымен қатар ана тілінің құдіретін танытушылар. Жүргізушілер – радио мен теледидардан тек хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үйрететіндер болуға тиіс [11, б.206]. Ал қазіргі филолог-студенттердің жүгінің ауырлығы сол – олар болашақта аталған барлық мамандық иелерін оқытады, тілдік «үлгі тұлға» болады. Сондықтан білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетіне қарай бағдарланған кешенді бағыттар (негізгі пәнмен

ұштастырылған таңдау және арнаулы курстар ұйымдастыру, негізгі пәндердің бағдарламалары мен дидактикалық базасын ауызша сөз мәдениетімен кешенді байланыстыру), шаршытоп алдында этикалық-эстетикалық ұстанымдарға негіздей сөйлеуге дағдыландыру тәріздес іс-шаралар жалпы сөз мәдениеті мәселелерінің жаңа арналарына айналуы тиіс [153, б.7].

1.3 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасы

Зерттеу нысанымыз – болашақ филолог-мұғалімдер, яғни қазіргі жастар болғандықтан, ауызша сөз мәдениетінің бүгінгі жайын айтқанда, солардың ауызша сөз мәдениетіне назар аударған дұрыс.

Сөз мәдениеті көбінесе филологиялық тұрғыдан зерттеліп келген еді. Орыс тіл білімінің өкілі профессор В.Костомаров: «Сам язык не может быть хорошим или плохим. Он таков, каковы мы есть. Значит, *спасать надо не язык, а нас самих*» [154, с.15] деген екен. Сондықтан ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістемесін жасағанда когнитивтілік қағидатын ұстанған дұрыс. Ал студенттер белгілі бір әлеуметтік топ болғаны үшін, оны әлеуметтік-когнитивтік аспектіде қарастырған жөн.

Сөз мәдениеті мен когнитологияның байланысын ғалым Н.Уәли былайша түсіндіріп кетеді: «Когнитология ғылымының зерттеу нысанына адамның ақыл-ойы, ойлауы т.б. жатады. Адамдардың күнделікті іс-әрекетімен байланысты білім, таным процесі. Адам санасы ақиқат дүниені қабылдаушы, өңдеуші жүйе ретінде қарастырылады. Адам санасында ақпарат жинақталады, сақталады және өңделіп, қажет кезінде қолданылады. Міне, санада болып жататын, өтіп жататын күрделі бұл әрекеттерді физикалық тұрғыдан байқауға, байыптауға болады. Өйткені адам санасындағы әрекеттер, ең бірінші, тілмен байланысты. Мұндайда тілдің басты назарда болатыны да сондықтан. Бір-бірімізді түсіну үшін тіл қаншалықты деңгейде ойымыз бен сезімімізді дәл, толық жеткізіп тұр? Сөз мәдениетіне қатысты осы сұраудың жауабын табуға когнитивтік лингвистика көмектеседі» [5, б.48].

Тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеудің маңызы ғалым О.Жұбаеваның да еңбектерінде кездеседі: «Бүгінгі таңда адам факторы өзекті болуына байланысты тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Мұнда тілдің объективті (сөз субъектінің адресатқа ойын жеткізуі, хабарлауы) және субъективті (адамның тілдегі бейнесі) жағына ерекше мән беріледі. Когнитивті тіл білімінің дамуына байланысты тіл мен ойдың арақатынасы жаңа қарқынмен зерттеле бастады. Когнитивті тұрғыдан алғанда, тіл мен ойлау адамның танымдық қызметінің нәтижесі болып табылады. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдің ақиқат болмыс туралы білімді сақтап, жеткізуші ретіндегі қызметін ескере отырып, тілдік категориялар мен олардың құрылымдарын жаңаша сипаттауға мүмкіндік береді» [155, б.97]. Ғалымның айтуынша, когнитивтіліктің тілге қатысы сонау А.Байтұрсынұлының жазғандарынан бастау алады. Расында, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл мен сана, тіл мен ойлау, тіл мен таным, тіл мен ұғым мәселелері кеңінен баяндалады. Дәлел ретінде оның атақты мына сөзін келтірсек: «Сөз өнері адам санасының үш

негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адам табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [156, б.343]. Осылайша, ғалым ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік тұжырымдамасын жасап кеткендей.

Когнитивтілік, яғни сырттан қабылданған ақпаратты қабылдап, оны қорыта алу қабілеті жеке тұлға үшін аса маңызды болып саналады. Ауызша сөз мәдениетін дамытуда, филолог-студенттің тілдік құзыреттілігін жетілдіруде когнитивтілік үлкен рөл атқарады. Тіпті қазіргі білім беру философиясын зерттеушілер когнитивтілік қағидатының оқыту теориясы мен практикасында аса маңызды екендігін айтады.


Тіл табиғатының когнитивтілік қырын зерттеу антропоэекті бағыттың жеке дара ғылыми парадигмасына айналды. Себебі тіл әлемді танудың шарты мен құралы ретінде дәл осы когнитивистиканың аясында қарастырыла бастаған болатын. Когнитивтік тұрғыдан сөйлеу тілінің дамуы мен оның онтогенезін төмендегідей кестемен көрсетуге болады:

Кесте 16 – Сөйлеу тілінің дамуы және оның онтогенезі

Сөйлеу тілінің когнитивтік онтогенезі			Сөйлеу тілінің дамуы	
Кезең атауы	Жасы	Жетекші механизм	Кезең атауы	Жасы
Эмоционалды-сөздік	Туғаннан 6-7 жасқа дейін	сөйлеудің дамуы	Вербалды тілге дайындық	1 жасқа дейін
			Тілді бастапқы игеру	1-ден 3 жасқа дейін
			Қарым-қатынас үдерісіндегі тілдің дамуы	6-7 жасқа дейін
Когнитивті	6-7 жастан 14-15 жасқа дейін	интериоризация	Жазба тілді игеру	6-дан 11 жасқа дейін
Құндылыққа бағдарланған	14-15 жастан 18-19 жасқа дейін	интериоризация, рефлексия	Монологқа негізделген тілдің дамуы	11-ден 19 жасқа дейін
Мағыналық	18-19 жастан бастап	рефлексия, сөздің мағыналық қырына мән беру	Сөз құрылысының өзгеруі	20 жастан бастап

М.Лабащук аталған кезеңдік бөліністі дамыта келе, сөйлеу тілі

онтогенезінің тұлғаға бағытталған концепциясын жасаған болатын [157]:



Сурет 13 – М.Лабашук концепциясындағы сөйлеу тілінің онтогенезі

Көріп отырғанымыздай, адамның сөйлеу тілі физикалық – МЕН-інен әлеуметтік – МЕН-іне дейін күрделі үдерісті басынан өткізеді. Әр кезеңнің өзіндік айырмашылықтары болғандықтан, ол міндетті түрде адамның когнитивтік санасына әсерін тигізеді. Ауызша сөз мәдениетін дамыту барысында әрбір кезеңдегі ерекшеліктерді ескерген жағдайда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Когнитивтілік когнитивті лингводидактиканың да негізіне айналып, тілді оқыту теориясында кеңінен қолданыс тауып келеді. Когнитивті лингводидактикада кез келген нәрсені үйреткен кезде білім алушының тек физиологиялық ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, сонымен қатар оның психологиялық, соның ішінде когнитивтік санасы да назардан тыс қалмау керектігі айтылады. Ғалымдар жоғары оқу орнында білім алушылардың когнитивтік санасына келесідей сипаттама береді [158, б.136]:

Кесте 17 – ЖОО студенттерінің когнитивтік санасының сипаттамалары

Белсенділігі жоғары білім алушылар	Белсенділігі төмен білім алушылар
Метакогнитивтік сипаты:	
1. кез келген нәрсені үйренудің белгілі бір мақсаты болады; 2. саналы түрде білім алуды көздейді; 3. нені үйрену керектігін болжай алады; 4. өз білімін іс жүзіне асыра алады; 5. оқу үдерісін басқара алады; 6. жинақы және өз уақыттарын тиімді пайдалана алады.	1. оқуға деген ынтасы тұрақсыз; 2. алаңдаушылық басым; 3. өз мүмкіндіктеріне талдау жүргізу қиынға соғады; 4. жасаған қателіктерінен сабақ алуды көздемейді; 5. ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете алмайды; 6. қандай да бір жауапкершілікті алудан қашады.
Таза когнитивтік сипаты:	
1. өз білімін бекітуге, басқа да салалармен байланыстыруға тырысады;	1. себеп пен салдар арасындағы арақатынасты ажыратуда қиналады;

17-кестенің жалғасы

2. оқуда кездескен қиындықтарды шешуден қорықпайды. 3. тұтас алған білімін талдай алады.	2. бөлшекті бүтінге немесе керісінше, бүтінді бөлшекке айналдыра алмайды; 3. өзектілікті анықтап, қорытынды жасау қиындық келтіреді.
Эмоционалды сипаты:	
1. қобалжу секілді сезімдерін басқара алады; 2. кез келген істің жағымды тұсын таба алады; 3. саналы тәуекелге барады.	1. өз-өзіне деген сенімділігі төмен; 2. сәтсіздіктен қорыққандықтан, тапсырма орындаудан да қашады; 3. тәуекелге барудан бас тартады.
Әлеуметтік сипаты:	
1. басқалармен бірігіп жұмыс істей алады; 2. өзге білім алушылармен келісімге келе алады.	1. топтық және жұптық жұмыстардан қашады; 2. басқалардың және өзінің жұмысын бағалауда қиналады.

Ауызша сөз мәдениетін меңгерту мен жетілдіруде де жоғарыда көрсетілген сипаттамаларды ескеру өте маңызды. Тапсырмалар да белсенділігі жоғары білім алушылардың қабілеттерін шыңдап, белсенділігі төмендердің үлгерімін арттыратындай, білім алушылардың ойлау қабілеттерін ашып, дамытатындай болуы тиіс. «Ойы байдың – сөзі бай. Дұрыс ойлай білген адам дұрыс сөйлей де білетіні даусыз. Бұл мақсатта қазіргі білім беру жүйесінің талабы: студентті өз бетімен білім алуға тәрбиелеуі, кез келген жағдаяттан шығудың жолын табуға бағыттауы, сыни ойлауды қалыптастыруы маңызды. Осыған орай студенттің когнитивтік-танымдық белсенділігін арттыратын оқытудың тиімді әдістерін қолдану қажет. Сонымен бірге студенттерде болатын танымдық кедергілерді, оларды жоюдың жолдарын білу де маңызды деп ойлаймыз» [6, б.57-58].

Психологиялық және педагогикалық еңбектерде танымдық кедергілер алға қойған мақсатқа жету кезінде пайда болған санадағы қиындықтар ретінде сипатталады. Алайда танымдық кедергілер мотивациялық оқу факторы да бола алады. Аталған бағытта жазылған теориялық еңбектердің негізінде жоғары оқу орнында оқитын білім алушылардың (соның ішінде филолог-студенттердің) оқу барысында кездесетін танымдық кедергілерінің пайда болу кезеңдерін атап өтейік:

Бірінші кезең оқудың алғашқы жылында болады. ЖОО-да оқытылатын пәндер мектептегі пәндерден кәсіби бағытқа ие болуымен ерекшеленеді. Яғни кешегі мектеп оқушысы жаңа білім беру жүйесімен танысады, оған бейімделуіне тура келеді. Сондықтан сөз мәдениетіне қатысты пәндерді бірінші курста қою қаншалықты орынды деген сұрақ туындайды.

Екінші кезеңіндегі танымдық кедергілер оқу және педагогикалық практикадан өту барысында кездеседі. Мысалы, біздің жағдайымызда филолог-студент педагогикалық дискурстың шынайы өмірдегі қолданысымен бетпе бет жолығады.

Үшінші кезеңі студенттердің бітіру, яғни дипломдық жұмыстарын жазу кезіне сәйкес келеді. Бұдан шығатын қорытынды: ауызша сөз мәдениетін оқытуда білім алушыларда болуы мүмкін танымдық кедергілерді де ескере

отырып меңгерткен жөн.

Зерттеу нәтижелері тұлғаның когнитивтік санасындағы өзгерістер тек оқу кезіндегі үдерістерден ғана емес, сонымен қатар білім алушының әлеуметтік – МЕН-інің даму кезеңдеріне де байланысты екенін көрсетіп отыр. Әрбір адам сөз мәдениетінің белгілі бір деңгейінің иесі болып табылады. «Біз қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады» [156, б.321]. Сондықтан бірқатар социолингвистикалық және филологиялық зерттеулерді қорытындылай келе, сөз мәдениеті деңгейі иелерінің келесідей түрлерін ұсынған жөн:

Элитарлы деңгей. Бұл түрінің мынадай ерекшеліктері бар:

- әдеби тілдің барлық функционалды-стильдік тармақтарын меңгеру;
- әдеби тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және синтаксистік нормаларын сақтау;
- қарым-қатынастың этикалық нормаларын сақтау;
- сөздің қатысымдық сапаларын білу және сөйлеуде оларды ескеру;
- жазба тілде орфографиялық және пунктуациялық ережелерге бағыну;
- өз-өзіне сенімсіз болған жағдайда қазақ тілінің сөздіктері мен анықтамалықтарымен жұмыс жасай алу;
- сөздік қордың бай болуы;б.
- кез келген қарым-қатынас жағдайында дұрыс сөйлеуге ұмтылу;
- үнемі өзінің сөз мәдениетін шындауға деген талпыныстың болуы.

Орта деңгей. Оның келесідей сипаттарын атай аламыз:

- әдеби тілдің функционалды-стильдік тармақтарының кейбіреуін (қажеттісін) меңгеру;
- әдеби нормалары туралы түсініктің болуы, оны сақтауға тырысу.
- кейде ауызша және жазба тіл формаларының қолданылу ерекшеліктерін білмей қалу;
- қарым-қатынастың этикалық нормаларын сақтау;
- сөздің қатысымдық сапаларының негізгілерін білу және оны сөйлеу барысында ескеруге тырысу;
- жазба тілде орфографиялық және пунктуациялық қателер жіберу;
- сөздік қордың жеткілікті деңгейде болуы;
- жекелеген жағдаяттарда кірме сөздер, жаргон, термин мен кәсіби сөздерді қолдануда қателіктер жіберу;
- жалпы өзінің тілді игеру деңгейіне көңілі толады, кейде өз коммуникативтік дағдыларын жақсарту керектігін сезіну;
- бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, филологтардың сөйлеу тілін өзіне «үлгі сөз» ретінде қабылдау.

Ортадан төмен деңгей. Бұл түрінің келесідей ерекшеліктері бар:

- барлық жағдаятта ауызекі тұрмыстық сөйлеу тілі жүйесін қолдану;
- әдеби тіл нормалары туралы түсініктің болуы, дегенмен оны сақтауды өзіне міндет етіп қоймау;

- сөздің қатысымдық сапаларын ескермеу, бірақ қажетті кезде оны ұтымды пайдалана алу;
- жазба тілде орфографиялық және пунктуациялық қателер жіберу;
- сөздік қордың жетімсіздігі байқалады;
- жекелеген жағдаяттарда кірме сөздер, жаргон, термин мен кәсіби сөздерді қолдануда қателіктер жіберу;
- «үлгі сөз» ретінде отбасы, достар, кейде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тіліне қарап бой түзеу.

Төмен деңгей. Аталған түрінің сипаттары мынадай:

- әдеби тіл нормаларын мүлдем сақтамау;
- барлық жағдаятта ауызекі тұрмыстық сөйлеу тілі жүйесін қолдану;
- ауызша және жазба тіл жүйесін ажырата алмау;
- сөздің қатысымдық сапаларын ескеруге тырыспау;
- кейбір жағдайларда қарым-қатынастың этикалық нормаларын мақсатты түрде бұзу;
- жаргон, варваризм, дөрекі, былапыт сөздерді есепсіз қолдану;
- жазба тілде орфографиялық және пунктуациялық қателерді көп жіберу;
- сөздік қордың аздығы айқын байқалады;
- өзінің тілдік дағдысын жақсартуға деген қызығушылықтың болмауы;
- элитарлы сөйлеу деңгейін қажетсінбеу, кейде мойындамау жағдайларының кездесуі;
- «үлгі сөз» ретінде отбасы, достардың сөйлеу тіліне еліктеу.

Біздің эксперименттік зерттеуіміздің нәтижесінде филолог-студенттердің басым бөлігі сөз мәдениетін игерудің ортадан төмен деңгейіне жататындығы анықталды. Кейбір студенттер тіпті өз бойынан төмен деңгейге тиісті сипаттарды тапқан болатын.

Қазіргі кезде жастардың ауызша сөз мәдениетін игеруіне әсер ететін факторлар бар. Ол факторларды макро және микродеңгейдегі деп екі үлкен топқа ажыратуға болады.

Макродеңгейдегі факторлар:

сөйлеу тілінің стильдік бедері, идеология, БАҚ, өмір сүру салты, ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілік

Микродеңгейдегі факторлар:

субмәдениет, референтті топ, сөйлеу жағдаяты, білімі

Сурет 14 – Жастардың ауызша сөз мәдениетін игеруіне әсер ететін факторлар

Аталған факторларға қысқаша тоқталып өтейік. Ауызша сөз мәдениетін игеруге әсер ететін макродеңгейдегі факторлардың біріншісіне **сөйлеу тілінің стильдік бедері** жатады. Оған ғалым Н.Уәли былайша түсінік беріп өтеді: «Сөзді алдын ала кесіп-пішіп, елеп-екшеп, талғап-таразылап ой елегінен өткізіп жатпаймыз. Сөйлеу тілінде сөзді машықтанған (автоматты) түрде жұмсай береміз. Сөздің ақиқат өмірдегі зат, құбылыс, қимыл, қимылдың орындалу

тәсілі, заттың сыны, сапасын (денотаттарды) меңгеруі, тікелей солардың таңбасы болып жұмсалуды сөйлеу тілінің бедері деп атаймыз» [137, б.174]. Сөйлеу тілінің стильдік бедері әр ұлтта түрліше болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, сөйлеу тілінің бедері қаратпа сөз, амандасу, қоштасу, құттықтау, көңіл айту, тілек айту, бата беру секілді әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебінен көрінеді. Оларданхалықтың когнитивтік санасының көрінісін байқауға болады. Оған дәлел ретінде сөйлеу этикетіне жататын сөздердің бірі амандасуға қатысты сөз легінен бірнеше мысал келтірейік:

- қазақтарда: «Сәлеметсіз бе?» – басымдық амандық, есендік, саулық сұрауға беріледі. Бұрын «Мал-жаның аман ба?» формасы да жиі қолданылған. Мұнда халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты танымдық ерекшелік байқалады;
- орыстарда: «Здравствуйте!» – басымдық денсаулық тілеуге беріледі;
- америкалықтарда: «How are you?» (Қал-жағдайың қалай?) – басымдық жағдайдың прагматикалық қырына беріледі;
- танзаниялықтарда: «Hujambo!» (Аяғыңызға жығылдым!) – ұзақ уақыт бойы отар ел болудың тілдегі көрінісі байқалады;
- тай халқында: «สวัสดี» (Қарныңыз тоқ па?) – халықтың санасында адамға деген қамқорлық оны тамақтандыруында көрінеді.

Осылайша, ұлттық құндылықтарды, оның ауыша сөйлеу тіліндегі стильдік бедерін бойына қаншалықты сіңіре алуына байланысты тұлға сөз мәдениеті деңгейлері иелерінің бірі атанады. Алайда қазір ұлттық құндылықтардан алыстап бара жатқандықтан, ол тілімізден де көрініс тауып, тілді сезінбеу, жасандылықпен сөйлеу секілді құбылыстарға бой алдырып жүрміз. Сондай-ақ «әрбір жаңа ұрпақ ана тілін меңгерумен қатар ұлттық сипат, дүниетаным көрініс тапқан мәдениет кешенін де қабылдайды. Тіл ғалам мен мәдениетті бейнелеумен қатар сөйлеушісін қалыптастырады, оның салт-дәстүрін, дүниетанымын, ділін, ұлттық сипатын айқындайды. Әр халық мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вербалды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырады. Жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы немесе ақын-жазушылардың шығармаларын түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды» [155, б.100].

Сөз мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін макрофакторлардың бірі – ол **идеология**. Идеологиялық көзқарастардың тілдегі көрінісі бірден байқалмайды. Ол халықтың немесе тұлғаның санасына әбден сіңгеннен кейін ғана тілінде белгілі бір сөздер, штамптар, клише сөздер, сөздің астыртын мағыналары арқылы шыға бастайды. Мысалы, қазір демократиялық көзқарастар, демократиялық сөйлеу мәнері біздің қоғамымызда жастардың тілінде енді ғана көрініс тауып келеді. Сол секілді адамдардың дінге көптеп бет бұра бастауы да олардың сөйлеу тілінен байқалып жүр (сөйлеу барысында *машаллах*, *иншаллах* т.б. сөздерді қосып сөйлеу). Қалай дегенмен де, идеология қашан да күшті қару болғандықтан, оның біздің сөйлеу тілімізге де әсері мықты болмақ.

Макродеңгейдегі факторлардың келесі түрі – **бұқаралық ақпарат құралдары** болып табылады. Француз әлеуметтанушысы А.Моль осыдан отыз жыл бұрын өзінің еңбегінде адамдардың санасының «құранды» (мозаичная)

санаға айналып бара жатқанын айтып кеткен болатын. Ол құранды сананың қалыптасуына көбінде БАҚ-тың әсері болып жатқанын да айтқан: «Қазір адамдардың білімі мен танымы кездейсоқ, бір-біріне байланыссыз бөліктерден құралады. Ол тұлғаның санасына өз әсерін тигізбей қоймайды» [159, 6.45]. Расында да, адам ойындағы, санасындағы шашыраңқылық оның тілінен де көрінеді. Қазір жастардың арасында өз ойының бас-аяғын құрап, жинақтап айта алмау, талдау жасай алмау секілді жағдайлар жиі ұшырасады.

Тұлғаның ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуына оның **өмір сүру салты** да өз әсерін тигізеді. Өмір сүру салты дегенде, біз адамдардың қалада немесе ауылды жерде тұруы позициясынан келіп отырмыз. Қала тұрғындарының сөйлеу тілі өзінің кірме, термин, кәсіби сөздердің көп болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар қала тұрғыны бір күнде бірнеше коммуникативтік рөлге ене алатындығын байқаймыз (үй-іші, қоғамдық көлік, жұмыс орны, достары, таныстары, көршілері т.б.). Ал зерттеу жұмысы барысында ауылда туып-өскен студенттердің тілінде жергілікті сөйлеу тілінің әсері көп болатындығы, сөзінің эмоционалды-экспрессивтілігі басым болатындығы анықталды. Демек, адамның өмір сүру салты да оның тілінен көрініс табады.

Сөз мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін макрофакторлардың соңғысы – **ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілік**. Бір өкініштісі, қазіргі таңда қоғамымызда өз ана тілінде сауатты сөйлей, жаза білу құндылықтардың қатарынан алыстап барады. Мысалы, қайда барсақ та: «Оның шет тілін білу деңгейі жоғары», «Ағылшын тілін өте жақсы біледі» т.б. сияқты мақтауларды жиі естиміз. Сондай-ақ орыс тілінде өз ойын еркін жеткізе алу – сауаттылықтың белгісі ретінде көрінеді. Адамдардың өз ана тілінде сөйлеу мәдениетін көтеруден гөрі кезекті IELTS деңгейін алып шығуын құндылық деп санауы – қазақ ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттіліктің, қызығушылықтың аз болуының көрсеткіші. Осыған орай, 50-ге жуық 9-11 сынып аралығындағы оқушылардан *«Қазақ ауызша сөз мәдениетін дамытқыңыз келе ме?»* деген анонимді сұраққа жауап алынған болатын. Нәтижесінде басым көпшілігі *«Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлеу тіліме көңлім толады, оны әрі қарай дамытудың қажеттілігін сезінбеймін»* деген жауапты таңдаған болатын. *«Неліктен сезінбейсіз?»* дегенге: *«Қазақ тілінде үйде ғана сөйлесемін, ал сабақты кітап бойынша айтып бере саламын», «Ата-анам қазақ тілін емес, орыс, ағылшын тілдерін оқуды талап етіп отыр», «Менің болашақ мамандығыма ағылшын тілі керектірек», «Таза қазақ тілінде сөйлесем, маған біртүрлі қарайды»* сияқты жауаптар алынды. Демек, қазақ ауызша тілінің зерттелуі мен әдістемесінің жасалуы осы бір факторға да байланысты. Қазақ ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілікті айтқанда қазіргі кезде қоғамымызда орнаған көптілділікке де соқпай кетуге болмайды. Көптілділіктің адамның когнитивтік санасына әсері қандай? Оның өз ана тілінде сөз мәдениетінің дамуына ықпалы бар ма? Ағылшын тілі қоғамымызға енді еніп келе жатқандықтан, әзірге әбден бойымызға сіңіскен қостілділік туралы айтайық. Қарым-қатынас жағдаяттарында екі тілді еркін пайдалана алатын адамды біз қостілді деп атаймыз. Қостілділіктің бірнеше түрлері бар. Мысалы, сөйлеушінің өз ана тіліне қатыстылығы жағынан *координациялық* және *субкоординациялық*

деп ажыратсақ болады. Субкоординациялық түрінде екінші тіл толығымен адамның өз ана тіліне бағынышты. Яғни адамның бастапқы ойы ана тілінде туындайды да, кейіннен қажет кезінде санасында сол ой екінші тілге аударылады. Ал біріншісі толығымен сол тілде ойлауды да, сөйлеуді де қамтиды. Тілді адам санасының қабылдауына байланысты қостілділік *рецептивті* және *өнімді* болады. Рецептивті түріне ие адам екінші тілді көбінесе жазба мәтіндер арқылы қабылдайды, тіпті кейде өзі де жазбаша мәтіндер құрастырады. Ал ойын ауызша жеткізуге келгенде біраз қиналады. Оған кейбір ғалымдар өзге тілде ән айтатын әншілерді де жатқызады. Мысалы, әнші ағылшын тілінде әнді жақсы орындайды, алайда өзі ол тілде сөйлеуге қиналады, тіпті білмеуі де мүмкін. Ал кейбір зерттеушілер мұны қостілділікке мүлдем жатқызбайды [13, б.101]. Өнімді түрінде сөйлеуші екінші тілде ауызша да, жазбаша да өз ойын еркін жеткізуге дайын болады. Қостілділіктің пайда болуына байланысты *табиғи* және *жасанды* типтері де кездеседі. Жасанды түрінде адам екінші тілді саналы түрде оқу барысында меңгереді. Ал табиғи түрі сөйлеуші санасы үшін аса қауіпті. Біздің еліміздегі орыс тіліне қатысты мәселелер де қостілділіктің табиғи түрінің жүзеге асуына байланысты туындап отыр. Біздіңше, қазақ ауызша сөз мәдениетінің жастар арасында аса кең таралмай жатуының себебі де осыда. Мысалы, қазір мынадай жағдайды көп кездестіреміз: білім алушы өз ойын ешбір бөтен сөзді қоспастан, таза қазақ тілінде жеткізеді. Айтқан сөйлемі грамматикалық құрылысы жағынан да дұрыс құрылған. Бірақ неліктен ол білім алушының сөзін біздің қазақы санамыз қабылдай алмай, бөтенсітіп тұрады? Өйткені оқушы немесе студент санасында әуелгі ойын орыс тілінде құрып алған да, оны тек акустикалық кодқа түсірер кезде қазақшаға аударған. Оны білім алушылардың өздері де растайды. Яғни екінші тіл біздің қолданылуы доминант ретінде санамызда бала кезімізден бастап бірте-бірте ана тілімізді ығыстыра бастайды. Осыдан «*Біз қай тілде ойлансақ, сол тілдің құлымыз*» деген сөз бекерден қалмаса керек.

Көп тілді білу адамды рухани жағынан байытады, жаңа білім алу көздерін табуға көмектеседі дейміз. Әрине, оны біз жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен өзге тілді меңгеру барысында әрбір адам өз ана тіліне сонысымен нұқсан келтіріп алмауын ойлануы керек. Тіпті белгілі ғалым В.Аракиннің (ғалымның өзі де көптеген еуропа және кейбір түркі тілдерін білген) айтуынша, адам басқа тілді үйренген кезде өз ана тіліне қорғаныш қабатын түзе алады. Яғни екінші тілдің когнитивтік санасының белгілі бір деңгейлеріне өтуіне жол бермейді [160, б.56].

Аталғандар белгілі бір әлеуметтік топ деңгейіндегі ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуына әсер ететін макродеңгейдегі факторлар болса, одан тыс жеке тұлғаның ауызша сөз мәдениетіне ықпал ететін микродеңгейдегі факторлар да бар. Олардың біріншісіне **субмәдениетті** атай аламыз. Субмәдениет (лат. *sub* — төменгі, нем. *kultur* — мәдениет) – ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде

пайда болып, сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды[161]. Қазіргі қоғамда жастардың ауызша сөйлеу тіліне, әлеуметтанушы ғалымдардың пікірінше, көптеген субмәдениеттің ықпалы көрінеді. Олардың ішінде ең ірілері ретінде белгілі бір музыка ағымына, әртүрлі қызығушылықтарға байланыстыларын атауға болады екен [162].

Жастардың ауызша сөз мәдениетіне **референтті топтардың** өзіндік әсері бар. Адам өмірінде оған қарап, бой түзейтін адамдары болады. Сол адамдар референтті топты құрайды. Біздің зерттеуімізде филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытуда әсер ететін референтті топ өкілдері ретінде олардың отбасын, достарын және оқытушыларын атай аламыз. Референтті топтардың әсерін мынадан да көре аламыз: оқу барысында қалыптасқан әр студенттік топтың өзіндік сөйлеу мәнері, мәдениеті болады. Оны сол топтағы көшбасшылар қалыптастырады. Мысалы, бір топтың студенттері өз ойын еркін жеткізуге бейім тұрса, екінші топты сөйлетудің өзі қиынға соғады. Сөйлеуі қиын топтың ішінде белсенді студенттер болса да, 3-4 курсқа қарай олардың да қалыптасқан үрдіске төселетіндері байқалған.

Біз жұмысымыздың басында макродеңгейдегі **референтті топ, сөйлеу жағдаяты** секілді факторларға кеңінен тоқталған болатынбыз. Ал ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуына адамның алған **білімінің** қандай әсер бар дегенге келсек, білім біздің тек ауызша сөз мәдениетіміздің дамуына емес, жалпы тұлға ретінде, әлеуметтік-когнитивтік тұрғыдан қалыптасуымызға да ықпалы көп. Білім беру философиясы теориясында ол туралы терең зерттелген. Ал ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру тұрғысынан мынадай екі үлкен ерекшелікті айтуымызға болады: біріншісі – болашақта СӨЗ-бен тікелей жұмыс істейтін мамандық иелерінің ауызша сөз мәдениеті басқаларына қарағанда деңгейі біршама жоғары болатыны сөзсіз. Екіншіден, студенттердің ауызша сөз мәдениеті білім алу барысында динамикалық сипатқа ие болады. Осыған орай, студенттердің ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын үш кезеңге бөліп қарастырғанды жөн көрдік:



Сурет 15 – Студенттердің ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдері

Бастапқы кезең студенттің жаңа әлеуметтік рөліне, ортасына бейімделу уақытымен сәйкес келеді. Ол 2-курстың ортасына дейін жалғасады. Аралық

кезең 2-курстың екінші жартысынан 3-курсқа дейін созылса, 3-курстың соңы мен 4-курста толығымен қорытынды кезең жүреді. Әр кезеңнің өзіндік айтуға тұрарлық ерекшеліктері бар. Ауызша сөз мәдениетінің динамикалық сипаты студенттердің 4 жыл бойы құндылықтарының қалыптасуына, мақсаттарына тікелей байланысты. Мысалы, 1-курс студенттері *«Қазіргі сіздің алға қойған басты мақсатыңыз не?»* деп қойылған сұраққа 88, 3%-ы «жақсы маман болу» деп жауап берген. Ал сіздің түсінігіңіздегі «жақсы маманды» сипаттаңыз дегенде, тек 12%-ы ғана ауызша сөз мәдениетінің маңызын және соған ұқсас нұсқаларды көрсеткен. Демек,, 1-курс студенттері ауызша сөз мәдениетінің болашақ мамандығына қажеттілігін аса сезінбейді. 2-курс білім алушылары біршама ауызша сөз мәдениетіне бет бұра бастайды десек болады. Оны «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында үздік оқитын студенттің 2-курс соңында Instagram желісіне қалдырған мынадай бір жазбасы дәлел бола алады: *«Америка ғалымдары 75 жыл бойы 724 адамның өмірін бақылаған екен. Бала күндерінен жыл сайын олардың жұмысы, денсаулығы, тұрмысы, отбасы т.б. жайында ақпарат тіркеп отырады. Кедейлеу және ауқаттырақ аудандардан шыққан 724 адамның ішінде бірнеше президент, Нобель сыйлығының иегері, бизнесмен, Голливуд жұлдызы және басқа да түрлі адамдар бар екен. Бұл адамзат тарихындағы ең үлкен және ұзақ әлеуметтік зерттеу десе де орынды. Сонда олардың жасаған қорытындысы, адамды бақытты қылатын ақша емес екен. Адамды бақытты қылатын адамдармен қарым-қатынас сапасы. Әлеуметтік өмірі неғұрлым оңды болса, сол адамның денсаулығы мықты келеді және ұзақ жасаса, ал жалғыздықтан жапа шегетін адамдар ауруға да бейім келіп, дүниеден ертерек өтеді екен. Ал осыдан кейін коммуникацияның қажеттілігін қалай жоққа шығарасың? (Қ.Шонбай «Екінші болма» кітабынан)».*

Көріп отырғанымыздай, 2-курста студенттер жалпы ауызша коммуникацияның маңызын әбден түсінеді. Тағы бір 2-курс студентінің Instagram парақшасындағы жазбасында: *«2 жыл бойы оқығанымда ұққандарымның бірі – әр адамға әртүрлі подход жасау керек. Бірімен жұмсақ сөйлессең, бірімен басқаша ... Сенің сөйлегеніңе көп нәрсе байланысты екен».* Осыдан бұл кезеңдегі студенттердің ауызекі, бейтарап, әдеби сөйлеу тілінің аражігін ажырата алатындай деңгейге жететінін көреміз.

3-курста мектепте болатын белсенді практиканың арқасында филолог-студенттер мамандықтарына аса қажетті педагогикалық дискурспен іс жүзінде танысып, оның маңыздылығын түсінеді. Дәл осы кезеңде білім алушылар шаршытоп алдында сөйлеу мәдениетін жете меңгеруге деген қызығушылықтары арта түседі. Оны олардың түрлі студенттік конференцияларға, дебат сайыстарына қатысулары дәлелдейді.

Ал 4-курста ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілікті толықтай сезініп, оны дамыту бағытында жасалатын жұмыстары айқындалады. Жалпы, 4-курс студентінің ауызша сөз мәдениеті деңгейін келесідей сипаттауға болады.


- әдеби сөйлеу тілінің нормалары туралы түсініктің болуы, оны сақтауға тырысу. Дегенмен сөйлеу барысында әлі де стилистикалық қателердің жіберуі;
- сөйлеуде оның қатысымдық және этикалық нормаларын сақтауды қадағалауы;

- күмәнді жағдайларда сөздік, анықтағыштарды қолдануға үйренуі;
- үлгі сөз ретінде өз оқытушылары, әйгілі ғалымдар мен беделді тілшілердің сөзіне қарап бой түзеуі;
- кей жағдайда кәсіби сөздерді, терминдерді т.б. орынсыз қолдануы кездеседі.

Жалпы, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетінің қалыптасуы мен дамуын кезеңдерге бөліп зерттеу мен оқытудың маңызы зор. Жоғарыда білім алушылардың жоғары оқу орнына келгенде көбінесе ауызша сөз мәдениетінің ортадан төмен деңгейінде болатындығын айтқан едік. Сонда біз осы кезге дейін ауызша сөз мәдениеті ортадан төмен деңгейде келген студентті бірден әдеби сөйлеу тілі деңгейіне жеткізуге тырысып жүрдік. Осыдан көп қиындыққа ұшырадық. Мысалы, шаршытоп алдында сөйлеп үйренбеген балаға ерекше лексикалық қабаты, морфологиялық құрылысы және синтаксистік жүйесі, терминологиялық қоры барғылыми дискурста сөйлеуді талап еттік [163, б.71]. Ал ауызша сөз мәдениетін кезеңдерге бөліп қарастыру және оқытуда оны ескеру жақсырақ нәтиже береді деп ойлаймыз.

1.4 Ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың дидактикалық ұстанымдары

Оқыту дегеніміз – ішкі және сыртқы іс-әрекеттердің жиынтығынан құралған, адамды, қоғамды, мәдениетті тануына мүмкіндік беретін, адамдардың адам ретінде қалыптасуына жол ашатын, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндіктер көрсететін, белгілі бір кәсіби шеберлікке ие қылатын ерекше үдеріс. Осы оқытудың заңдылықтарының табиғатын дидактика ғылымы бір арнаға тоғыстырып, дербес ғылым ретінде танытады [164, б.42]. Яғни ауызша сөз мәдениетін оқыту мен қалыптастыру, дамыту әдістемесі міндетті түрде педагогика ғылымы, соның ішінде дидактикалық ұстанымдарға негізделеді.



Сурет 16 – Ауызша сөз мәдениетін меңгертуде басшылыққа алынатын жалпы дидактикалық ұстанымдар

Дидактикалық ұстанымдар – оқытудың мазмұнын ұйымдастыру түрлерін,

әдістерін, оқытудың мақсаты мен заңдылықтарына сай анықтайтын қағидалар жүйесі [126, б.10]. Жалпы дидактикалық ұстанымдар «қатып» қалған догма емес, дегенмен оқытуда оны үнемі басшылыққа алып отыруды қажет етеді. Олар: оқыту әрекетіне бағыт береді, оны жеңіл қабылдауына әсер етеді, педагогикалық әрекеттің жақсаруына жағдай жасап отырады. Ұстанымдарды жетекшілікке ала отырып, оқытушы оқыту әрекетін жүйелейді, бір қалыпқа түсіреді және жаңартады [165, б.46].

Педагогикада дидактикалық ұстанымдардың *ғылымилық, жүйелілік пен бірізділік, білім алушылар білімінің беріктігі, саналылық пен белсенділік, теорияның тәжірибемен байланысы, түсініктілік, оқытудың білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы, ізгілендіру* т.б. түрлері қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ ауызша сөз мәдениетін меңгертуде жоғарыда аталған жалпы дидактикалық ұстанымдардан басқа арнайы ұстанымдарды да басшылыққа алған дұрыс.

Әуелі дидактикада қолданылатын ұстанымдардың ауызша сөз мәдениетін оқытуда қалай жүзеге асатынына тоқталайық.

Ғылымилық ұстанымға сәйкес білім алушылар ауызша тіл туралы жүйелі білім алуы тиіс. Кез келген ғылым оның басты түсініктерін ажыратудан басталады. Сондықтан ауызша сөз мәдениетін оқытуда жалпы ауызша тіл мен жазба тілдің айырмашылықтары, ауызша тілдің бөлінісі, дискурс жайлы теориялық білімдердің орны ерекше. Осы ретте оқытудың ғылымилық ұстанымының маңызы зор. Ауызша сөз мәдениетін дамыту әдістемесінде ғылымилық ұстанымның орындалуының төмендегідей шарттарын атап көрсетсек болады:

- 1) ауызша тіл зерттелуінің теориялық базасын меңгерту;
- 2) меңгертуде индуктивті және дедуктивті әдістерді пайдалану;
- 3) білім алушылардың аудиотаспаға жазылған жазбаларды жинап, оларға өзіндік талдауын жүргізе алуына мүмкіндік жасау.

Мысалы, ауызша тілге, жалпы ауызша сөз мәдениетіне қатысты ұғым, түсініктерге келгенде, білім алушылар тұрмақ, ғалымдар арасында да әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Ауызша сөз мәдениеті мен шешендіктану секілді тығыз байланысты салалардың зерттеу нысандары толықтай анықталуы тиіс [166, б.97]. Сондықтан филолог-студенттерге әр ұғымның болмысын аша отырып таныту оқытудың ғылымилық ұстанымының жүгі болмақ [167].

Ауызша сөз мәдениетін оқыту әдістемесі қажетті дағдыларды қарапайымнан күрделіге, жалпыдан жалқыға қарай меңгеруге мүмкіндік беретін білімнің берілуінің **жүйелілік пен бірізділік** ұстанымына да сүйенеді. Ауызекі сөйлеу тілін ғана меңгеріп келген білім алушының сөйлеу тілін әдеби ауызша тілге дейін жеткізудің өзі қажетті білімнің жүйелі әрі бірізді берілуінің нәтижесінде ғана жүзеге аспақ. Сонымен, қажетті дағдыларды бірізді, жүйелі қалыптастыру үшін:

- 1) оқытылатын пән мазмұнындағы, тақырып таңдаудағы жүйелілікті бұзбау;
- 2) өткен материалдарды спиральді байланыс әдісімен үздіксіз қайталатып отыру;

3) үнемі өтілгенге анализ жасап, қорытындылау секілді шарттарды сақтау ауызша сөз мәдениетін қалыптастыруда да үлкен нәтиже бермек.

Білім алушылар білімінің беріктігі көбінде объективті (пән мазмұны, оны меңгерту формасы т.б.) және субъективті (білім алушылардың жеке бас ерекшеліктері) факторларға байланысты. Ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінде аталған факторларды ескере отырып жүргізу керек. Білімнің беріктігіне мазмұнды беруде әртүрлі формалар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы қол жеткізуге болатынын естен шығармаған дұрыс. Мысалы, ауызша сөз мәдениетін көтеруде кейс-жағдаяттарды қолданудың орны ерекше. Олар арқылы филолог-студенттерді педагогикалық дискурсқа тарта отырып, қай жағдайда қандай қарым-қатынас стратегиясы мен тактикасын қолдануға болатынын санасында берік орната аламыз [168, б.12].

Ауызша сөз мәдениетін дамытуда аса қажет келесі ұстанымдардың бірі – **көрнекілік** ұстанымы. К.Ушинскийдің пікірінше, көрнекілік тек көру арқылы жүзеге аспайды, ол басқа да сезім мүшелері жұмысының нәтижесі болмақ. Сондықтан ауызша сөз мәдениетін меңгертуде аудиожазбалардың маңызын ерекше атап өткіміз келеді. Түрлі жағдаяттарда сөйленген сөздердің аудиожазбаларын тыңдаудың негізінде білім алушы ауызша тілдің табиғатын, оның прагматикалық қолданыстағы ерекшеліктерін жақсы түсіне алады. Сондай-ақ шаршытопта ұтымды сөйлей білетін шешен адамдардың сөзін видеоүзінділерден тамашалау да жемісті нәтиже бермек.

Кейбір зерттеушілер оқытушы сабақ кезінде «коммуникативтік көшбасшы» болғандықтан, оның сөзі де білім алушыларға көрнекілік есебінде жүреді деп есептейді [169, б.74]. Яғни оқытушының сабақ барысында айтқан әрбір сөзінің «үлгі сөз» бола алуы аса маңызды. Тіпті студенттердің оқытушының ауызша сөз мәдениетіне қарап, оның адамгершілік қасиеттеріне де баға беретін жағдайлар да кездеседі [170, б.19]. Әсіресе, оқытушыны бірінші рет көргендегі сөзі білім алушылардың есінде көпке дейін қалатыны дәлелденіп отыр [171, б.148].

Түсініктілік ұстанымын ауызша сөз мәдениетін меңгертуге бағытталған тапсырмалар жүйесін жасауда ерекше басшылыққа алу қажет. «Кез келген тапсырма мазмұндық-қатынастық және рухани-эмоционалдық міндетті шешуге бағытталуы тиіс» [172, б.44]. Сондықтан мақсатқа сай тапсырмалардың мазмұны мен формасы да алдын ала ойластырылғаны абзал. Мысалы, ауызша сөз мәдениетін дамытуға қатысты ауызша тіл мен жазба тілдің арақатынасын түсінуге, сөздің қатысымдық сапаларын, педагогикалық дискурс негіздерін меңгертуге т.б. бағытталған тапсырмалар деп бөлу құпталады. Сонымен қатар түсініктілік ұстанымына сай білім алушылар да алға қойылған мақсат пен міндеттерден хабардар болып отырғанын дұрыс деп санаймыз.

Саналылық пен белсенділік ұстанымына келер болсақ, өз бетімен меңгерілген білім санаға жақсы сіңеді. Білімді саналы меңгеруге оқу желісі, өз бетімен жұмыс, белсенділік, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, оқушының танымдық іс-әрекетін басқару, мұғалімнің әдіс-құралдары көмектеседі. Оқушының өзінің танымдық белсенділігі оқытуда аса қажет жағдай және ол өз кезегінде оқу материалын терең және берік түсінуге ықпал етеді [173].

Сондықтан ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінде саналылық пен белсенділік ұстанымына сәйкес, төмендегідей шарттарды басшылыққа алған жөн:

- 1) танымдық іс-әрекеттің барлық түрлерін қамту;
- 2) талдау, салыстыру, жинақтау әдістерін қолдану;
- 3) білім алушыларға берілетін білімнің әрбір құрамдас бөлігіне мән беру;
- 4) әр айтылған тұжырымға мысал келтіру;
- 5) білім алушылардың пән аясындағы базалық біліміне сүйену;
- 6) ынтымақтастық әдісіне сәйкес оқытуды «оқытушы – студент», «студент – студент» тұрғысынан құру.

Теорияның тәжірибемен байланысы ұстанымы негізінен, білімнің тәжірибеден алыстаған тұста құндылығының төмендей түсуін айқын көрсетеді. Бұл тілдік білімнің теориялық басымдықпен оқыту қарсаңында аса өзекті. Аталған ұстанымның табиғатын толықтай ашу үшін филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамыту мақсатында берілген мынадай тапсырманың мазмұны мен оның орындалу нәтижесін көрсеткіміз келіп отыр. 2-курс білім алушыларына «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәні аясында (Қосымша Б) «Функционалды стильдердің бес түрі де көрініс тапқан, өзара байланысты, мағыналы мәтін құрау» тапсырмасы берілген болатын. Нәтижесінде тапсырма болашақ тілшілерге сөзге жақын қауым болғанымен, оңайға соға қойған жоқ. Алайда нәтижесінде өте қызықты әрі мағыналы мәтіндер дүниеге келді. Солардың бірқатарларын келтіре кетсек:

Көзбен көр де, ішпен біл...

«Махаббатпен жаратқан адамзатты...»

Осынау шексіз әлемде махаббат пен бақыт егіз ұғым сияқтанып көрінеді. Жалпы махаббат ұғымы сізді де, бізді де жиі толғандырады сөзсіз. Бар ма, әлде, жоқ па?

Қалам ұшынан бал тамызған ақын-жазушыларымыз екі сөзінің бірінде «махаббатты» жырға қосқан. Сол бір көзге көрінбейтін сезімді зерттеп қарасам, бәрі оңай. Махаббат – адам ағзасындағы: дофамин, серотонин, адреналин, эндорфин, вазопрессин гормондарының мидан бөлінуі арқылы жүзеге асатын қарапайым процесс. Сол «сегіз әріп, бір арманды» кез келген адам өз бақылауында ұстай алады. Әйгілі профессор Фишер өзінің ресми бағдарламасында: «Махаббат 17 айдан үш жылға дейін өмір сүреді» деп баяндаған болатын. Рас. Себебі, әлгі гармондардың процесі белгілі бір жүйеге түседі. Одан кейін адамдар өздерін бақытсызбыз деп ойлап, махаббатқа деген сенімі мүлде жоғалады. Шындығында олай емес. Бұдан соң махаббаттың ең соңғы кезеңі – сыйластық пен нәзік қана бауырбасу басталады. Бұл адамдардың бір-біріне риясыз сенгенде пайда болатын «вазопрессин» процесі. Осылайша махаббатты кезең-кезеңімен бастан кешіреміз. Қаниша ғұламалардың «махаббат» жайлы еңбектерін оқысам да, «махаббат жоқ» деген жазуды әлі көрмедім...Қаниша жерден, қандай мықты ғалымдар зерттеп, дәлелдеп тастаса да, бұл аса бір ерекше, албырт сезім. Махаббатың ғаламатын да, алапат азабын да сезініп көргеннің өзі – бақыт. Сол бір гормондар бөлінбесе, өмірдің қызығы не? Не десеңіз де, махаббатсыз дүние

бос қой. Ең бастысы, «сайқал сезімнің» соңына түсіп, нысабыңыз бен өзіңізді жоғалтып алмасаңыз болғаны (Алтын Сәрсенбаева).

Әр нәрсе уақытымен

Бар демін ішіне жинап, сәл-пәл күрсінген кейіппен табалдырықты аттады. Бұл қадам осымен 27-сі болар. Есікті ашып, әдемі, кең, жарық кабинетке кіріп еді, алдында егде тартқан, жүзін аздап әжім басқан орта бойлы ер кісі отыр екен. Асқарға қарайтын түрі жоқ. Қолынан қалта телефоны мен жұмыс телефоны түсер емес. Кезек-кезек тоқтамайтын қоңыраулар. Бір сәт телефон тұтқасы қойылған сәтте:

- Ассалаумағалейкум, аға, - деп тіл қатты Асқар.

- А? Ее, уағалейкум, - деп шала-пала амандық танытты.

- Менің есімім – Асқар. Жұмыс бойынша келіп тұр едім. Дипломмен.

- Диплом? Жақсы екен. Жұмысқа өтінішіңізді қалдырыңыз, - деп қалам ұсынды.

«Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, «Рахат» өндіріс компаниясына Жұбанов Асқардан өтініш». Өтінішті директордың қолына ұсынып, орнынан тұрды. Директор өтінішке көз салып: - Осындайда жазу стилі болады екен ғой, - деп мырс күлді. Иә, жазуы өзгелерге мүлдем ұқсамайды. Мүмкін, бұл екі қолмен де жаза алу қабілетінен болар? Басқаларға ұқсамайтын ерекшелік емес пе? Өзіме ұнайды деп жымылып отыра берді.

- Жақсы, сіздің өтінішіңіз қаралатын болады. Сіз сыртта мені күтіңіз. Менде жиналыс. Аяқталғаннан кейін сөйлесерміз, дәл қазір ештеңе айта алмаймын. Асқар үшін бұл сөздерді есту – бақыт еді. Себебі осыған дейін жұмыс іздеп келген жердің барлығы бұлай айтпақ түгілі, бетіне де қарамаған еді. Мақұл деумен сыртқа шықты.

Кабинет алдында отырғанына 3 сағаттан асты. Жан-жағындағы барлық жазуды, суреттерді 1040 рет қарап шықты. Бір қабырғада: «Шексіз әлемде де «Рахатпен» рахаттаныңыз» деген жазуды көрді. Шексіз әлемге рахатты алып кете алатындар бар ма деп басын шайқады. Бір қабырғада: «Рахат» АҚ – сусамыр (диабет) ауруынан зардап шегетіндерге таптырмас өнім» деп жазыпты. Айта берсек, барлық мақтау мен мадақты айналаңа үйіп-төгіпті. Осылай әр қабырғаға көз салып отыр еді, қасына жап-жас қыз келіп: - Кешіріңіз, біреуді күтіп отырсыз ба? Бізде жұмыс уақыты аяқталды. Асқар не дерін білмей қалды. Күтіп отырған директорының қайтып кеткенін естігенде көңлі су сепкендей басылды. Бұл да өтірік болғаны ма деп ойлады. Басын салбыратып үйіне қайтты. Тағы да жұмыссыздық...

... Осылай дегбірі қашып жүрген күндерін бүгінде есіне алып, шүкір деп қояды. Қазір өзінің жеке компаниясы, зәулім үйі, 5 баласы бар. Бақытқа қол жеткізді деген осы емес пе? (Жадыра Жанарбек)

Студенттер тапсырманы орындап болған ауызша өз әсерлерімен бөлісті, сөздің қатысымдық сапаларына талдау жасады. Біреулеріне функционалды стильдерді бір арнада тоғыстыру қиындық тудырса, біреуіне мәтіндерін мағыналы ету күрделі болған. Бірақ жалпы алғанда, тапсырма барлығына ұнаған деп айтсақ болады. Білім алушылардың өз сөздеріне сүйенсек,

«тапсырма қиял ұшқырлығын дамытуға, аялық білімді кеңейтуге, функционалды стильдер туралы тек теориялық білім алып қана қоймай, оларды қолданудағы ерекшеліктерін де түсінуге ықпал еткен» [174].

Баршаға белгілі, алайда іс жүзіне асыру қиындық тудырып келе жатқан ұстанымдардың тағы бір түрі – ол **білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру** ұстанымы. Білім алушылар жас ерекшелігі, дайындық деңгейі, қабілеттері, оқудағы және жалпы қызығушылықтары, бастапқы білім деңгейі, әлеуметтік қалыптасуы, мәдени тәрбиесі, оқудағы қиыншылықтары т.б. тұрғысынан әртүрлі болуы мүмкін. Ал олардың аталған ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, соған сәйкес тапсырмалар беру жақсы нәтижелерге жеткізетіні сөзсіз. Керісінше болған жағдайда білім алушы ауызша сөз мәдениетін меңгермей ғана қоймай, оған деген қызығушылығы мүлдем жоғалуы да мүмкін.

Ғалым Ж.Дәулетбекова білім мазмұны мен көлемінің баланың ойлау, қабылдау деңгейлеріне сай болуымен қатар, ұлттық болмысына да сәйкестенуін ескеру маңызды екендігін айтады [175, б.136]. Сондай-ақ білім алушылардың ауыл немесе қала мектептерінің түлегі болуы, ақындық, мәнерлеп оқу секілді қабілеттерінің бойынан табылуы да олардың жеке бас ерекшеліктерін танытады деп есептейміз. Себебі ауыл және қала мектептерін бітіріп келген білім алушылардың ауызша сөз мәдениетінің бастапқы деңгейі әртүрлі болатыны жүргізілген эксперимент кезінде анықталған болатын. Олардың қолданатын сөздік қорының өзінде едәуір айырмашылықтар бар екенін айта кеткіміз келеді. Ақындық дарыны бар білім алушылардың да қарапайым қатардағыларына қарағанда сөз өнеріне бір табан жақын болатыны түсінікті. Сондықтан оларға берілетін тапсырмалар да бірдей болмауы керек. Тапсырма бірінің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырса, бірінікін дамытып, енді біреуінікін шындап отыруы тиіс. Осыған орай, зерттеу жұмысының негізінде жалпы оқырмандарға арналған «Ауызша сөз мәдениетіңізді көтергіңіз келе ме?» атты жаттығулар мен практикалық тапсырмалар жинағы жасалған болатын (Қосымша В). Жинақтың басты ерекшелігі – ондағы тапсырмалардың түрлі деңгейлерге сай етіп берілуінде. Мұның өзі аталған ұстанымның маңыздылығын дәлелдей түседі.

Алғашқы педагогикалық психология еңбектерінің авторы – Ж.Аймауытов: «Тәртіп пен оқыту жақындасып айқасу керек. Жақсылықтың не екенін білу аз, жақсы істі ете алатын ерлік керек. Бұл – оқыту мен тәртіптің істері. Бала әлеуметтік рухында тәрбиеленуі керек. Ол мектеп ережесін құрметтей біліп, әлеумет, мемлекет тілегіне өз тілегін бағындырып үйренуі керек» [176, б.346] деген екен. Тәрбие мен білім – егіз ұғымдар. Ал осы екеуінің басын қоспақ жалпы дидактиканың **ізгілендіру** ұстанымының ісі. Білім алушының тілге құрмет сезімін қалыптастырып, куммулятивтік қызметін сезінуге баулитын тақырып пен тапсырмалар мазмұнына бұл ұстаным негіз етіп алынады. Мысалы, қарапайым тіл, сөз, сөйлеуге қатысты мақал-мәтелдер жинату арқылы білім алушылардың санасында көптеген адамгершілік қасиеттер жайлы түсінік қалыптастыруға болады. Ал «ауызша сөз мәдениетін дамытуға баулитын практикалық жұмыстар арқылы сөздің адамдар арасын жалғастыратын басты

өзек екенін түсіну, сөздің адам болмысын анықтайтын бірден-бір көрсеткіш екенін түйсіну, дискурста, пікірталастарда әдепті сөйлеудің мәнін ұғыну, сөздің дара тұлға қасиетімен бірлігін тану ауызша сөз мәдениетін оқытуда білім берумен қатар ізгілікке, әдеп пен адамгершілікке баулу міндеті жүзеге асырылатынының дәлелі» [175, б.138].

Ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінде ерекше орын алатындардың бірі – **қатысымдық** ұстаным. Бұл ұстаным бойынша ауызша сөз мәдениетін оқытуда сөйлеу әрекетінің түрлері (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) негізге алынады. Ауызша тіл сөйлеу әрекетінің түрлерімен өте тығыз байланысты. Әсіресе, болашақ ұстаздарға олардың әрқайсысын тиісті деңгейде меңгерудің маңызы зор. Психологтардың пайымдауынша, адам орташа есеппен сөйлеу әрекетінің түрлеріне сергек жүрген кездерінің 70%-ын жұмсайды екен. Оларды тарқатып көрсетер болсақ, шамамен: 30%-ы айтылым, 45%-ы тыңдалым, 16%-ы оқылым және 9%-ы жазылым деп бөлуге болады [177, б.133]. Осы ретте сөйлеу әрекеті түрлерінің негізгі және педагогикалық мақсаттағы қолданыстарына тоқтала кеткен жөн:



Сурет 17 – Педагогикалық дискурстағы айтылымның түрлері



Сурет 18 – Тыңдалым әрекетінің мақсаты, қызметтері

Оқытушы сабақ үстінде төмендегідей мақсаттармен тыңдайды көрінеді:

- білім алушылардың пәнді игеру кезінде ақпаратты қаншалықты деңгейде меңгергенін білу;
- тапсырмалардың орындалуын қадағалау;
- оқу міндеттерін шешу кезінде білім алушылар тарапынан туындаған сұрақтарға жауап беру.

Кесте 18 – Оқылымның педагогикалық дискурста алатын орны

Жағдаят	Оқылуы тиіс әдебиеттің сипаттамасы	Оқылым қызметі	Оқылымның түрі	Оқылым нәтижесі
Жаңа сабақ материалын түсіндіру	Ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдістемелік әдебиет	Танымдық	Танысу мақсатында (әдебиеттерді іріктеу кезеңінде), меңгеру мақсатында (таңдалған әдебиеттерді оқу барысында)	Сабақты ауызша түсіндіру мәтіні
Білім алушылардың жазба жұмыстарын тексеру	Шығарма, мазмұндама, эссе т.б.	Танымдық, ақпараттық	Зерттеушілік	Педагогикалық рецензия, бағалау
Көркем шығарманы талдау	Көркем туындылар, әдебиеттегі сыни еңбектер	Танымдық, эстетикалық	Зерттеушілік	Реферативті шолу, қорытынды сөз
Оқу-әдістемелік мақсаттағы жиналыстар	Ғылыми, әдістемелік, психология және педагогикалық әдебиеттер	Танымдық, реттеушілік	Танысу мақсатында (әдебиеттерді іріктеу кезеңінде), меңгеру мақсатында (таңдалған әдебиеттерді оқу барысында)	Реферат, хабарлау ауызша баяндама
Кәсіби тұрғыдан жетілу	Ғылыми және әдістемелік әдебиеттер, мақалалар	Танымдық	Зерттеушілік	Мақала, ауызша баяндама, рецензия

Кесте 19 – Оқытушының жазылым әрекетінің жүзеге асуы

Қолданылу аясы	Жанрлары	Жанрлық ерекшеліктері
Ресми орта	Бұйрық, нұсқаулық, өтініш, есеп, білім алушыға берілетін мінездеме	Адресат пен адресант арасындағы ресмилік, нақтылық
Ғылыми орта	Дәріс мәтіні, ғылыми мақала, реферат, педагогикалық рецензия т.б.	Логикалық байланыс, түсініктілік, ғылымилық
Публицистикалық сипаты бар орта	Педагогикалық эссе, мақала	Оқырманға тікелей бағытталуы, эмоционалды-экспрессивті реңктің болуы

Байқағанымыздай, сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің қолданыстағы ерекшеліктерін білудің филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамыту әдістемесінде маңызы зор. Тіпті мүлдем бір карағанда байланысы жоқ болып көрінуі мүмкін жазылым әрекетінің өзі ауызша және жазба сөз мәдениетінің арақатынасын ажырату арқылы жүзеге асады. Сондықтан қатысымдық ұстанымның аталған пәнді игеру барысындағы орны ерекше.

Жоғарыда ауызша сөз мәдениетін меңгертуде жалпы дидактикалықпен қатар арнайы ұстанымдарды да басшылыққа алудың қажеттілігі туралы айтылған болатын. Арнайы түрлері ретінде *тіл сезімін дамыту, пәнаралық байланыс, қызығушылықты ояту, модельдеу, медиатехнологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану, сыни тұрғыдан ойлау сауаттылығын дамыту* ұстанымдарын басшылыққа алып отырмыз.



Сурет 19 – Ауызша сөз мәдениетін оқытуда басшылыққа алынатын арнайы ұстанымдар

Тіл сезімін дамыту ұстанымы – тілдегі астарлы ойды, мазмұнды дәл тану, өз ойын түсінікті жеткізуге үйретуде басшылыққа алатын ұстаным. Біз әдетте ойын жеткізу үшін қажетті сөздерді дәл тауып қолданатын немесе сөз мағынасын білмесе де, шынайы мағынасына жуығын таба алатын адамға «тілді сезінуі жақсы», «тілді сезінеді екен» деп жатамыз. Демек, тіл сезімі дегеніміз – стилистикалық, синтаксистік, лексикалық салада тілдің сөйлеу талаптарын когнитивтік деңгейде қолдану [126, б.10].

Тіл сезімінің туа бітуі немесе жүре қалыптасуы жөнінде ғалымдар арасында даулы пікірлер көп-ақ. Дегенмен зерттеушілердің басым бөлігі тіл сезімін дамытуға болатындығын айтады [178]. Ол үшін сөздіктің түрлерімен көбірек жұмыс жасауды, үлгі сөздерді тыңдау, көркем шығармаларды оқу секілді әдістер ұсынылады. Қазіргі таңда тіл сезімін «сезінбек» түгілі, ол туралы ұғымның жоқтығы ауызша сөз мәдениеті әдістемесінде жасауда басшылыққа алынатын маңызды ұстанымдардың бірі екендігін дәлелдейді.

Оқытуда жақсы нәтижеге жетудің бірден-бір кілті – **пәнаралық байланыс** екенін білеміз. Әуелі ауызша сөз мәдениеті қандай пәндермен интеграциялық байланыста оқытыла алады деген сұраққа тоқталайық. Мысалы, ауызша сөз мәдениетін оқытудың көптеген аспектілері «Қазақ тілінің стилистикасы» пәнімен шекаралас келеді. Тіпті бір кездері «Стилистика және сөз мәдениеті» деген пәннің аясында екеуі қатар алынып та жүрген. «Стилистика өзіне тән ұғымдар мен категорияларға ие: стиль, функционалды стиль, стилистикалық бояу, стилистикалық құрал, стилистикалық белгі, стилистикалық мағына, стилистикалық норма, стиль құраушы факторлар, стильдің тілдік жүйелілігі» [96, б.18]. Аталған ұғымдар мен категориялар, функционалды стильдерден бастап, ауызша сөз мәдениетінің де құрамдас бөлшектеріне кіреді деуімізге әбден болады. Сөзімізді дәлелдеу үшін стилистика сабақтарында, оқу құралдарында беріліп жүрген бірнеше жаттығу мен тапсырма үлгілерін көрсетіп [96], олардың ауызша сөз мәдениетіне қатыстылығын айтайық:

Берілген мысалдарды жақшаның ішіндегі сөздердің тиістісін қойыңыз. Сөз тандауда неге сүйенгеніңізді түсіндіріңіз.

1. Біз Украина мен Америка (ортасындағы, аралығындағы, арасындағы) қарым-қатынасты нығайтамыз деп хабарлаймыз (Газеттен). 2. Әлі күнге дейін бұл жақсы (үрдіс, үдеріс, дәстүр) жалғасып келеді. 3. Бес-алты шақырым ат-шанаға сөз (болып, болады, боп) па? 4. Музыка (ойнап, естіліп, ырғалаңдап), патша шатырының алдында халық ойыны басталды (Ғ.Мүсірепов). 5. Отырарда өліммен ұшырасып, ұлын берген сағаттан бастап, отыз жыл бойы Темір бір рет (езу тартқан емес, күлген емес, езулігін тартқан емес) (Ғ.Мүсірепов).

Бұл жаттығу сөздің қатысымдық сапаларының бірі – сөз дәлдігін, дұрыстығын меңгертуге бағытталған. Мысалы, жүргізілген эксперимент барысында филолог-студенттердің көбісі «үрдіс» пен «үдеріс» сөздерінің қолданысын білмейтіні анықталған. Демек, тапсырманы ауызша сөз мәдениетін дамытуға қолдануымызға болады.

Берілген сөйлемдерде жіберілген қатенің себебін түсіндіріп, түзетіңіз.

Орта деңгейде білім беретін оқу орындарының басшылары мұның себебін – жоғары оқу орындарында бәрінің қолы жете бермейтіндігін көреді. Бұл жолы «кәрі болмайтын» гимнаст қыз еліне күміс жүлде иеленеді деп хабарлайды. Жаңаша жергілікті басқару жүйесін Кәсіби Үкімет жасақтап түздік. Әділетсіздіктің қанат жаюы. Терроризм айыбымен жиі-жиі ұсталу фактісі тіркеле бастады. Бұл істен сыртқы күштердің ізі білінеді. Бұл жерде де қиыншылықтар болмай қалмады.

Стилистикалық қате тек жазба мәтіндерде ғана емес, сонымен қатар

ауызша тілде де орын алуы мүмкін. Әсіресе, стилистикалық қатенің бейтарап сөйлеу тілінде, әдеби сөйлеу тілінде орын алуы қауіпті. Себебі біз сол арқылы басқа адамның санасында қате қолданысты сіңіреміз.

Ә.Кекілбаев шығармаларынан алынған үзінділердегі сөздердің дыбыстық үйлесімділігіне баға беріңіз.

1. Қолына тізгін тимесе де, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтың басы алтын, құйрығы күміс ботаға буаз боз інгендей жапырап отап, сапырып суламай, тыраңдап аунап, бұртаңдап туламай, өз қадірін өзі біліп ... анық баспағы шарт. 2. Жайса белге, жапса көлге сыймайтын мал. 3. Азаттықтың асқақ болмауға, адалдықтың аңғал болуға қақысы жоқ екен. 4. Қолы ұзындар жабылып қалтасына, тілі ұзындар жабылып жағасына жармасып, қадымын аштырмай қармаласып жатқан қаршадай мемлекетіңе қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, болысып бағу. 5. Қазақтың желкөз керегесінің ар жағында желбуаз әңгіме жетпей қалушы ма еді?

Ауызша сөз мәдениетін оқытудың басты мақсаты – білім алушыны ойын еркін, ұғынықты, әсерлі айта алатын дәрежеге жеткізу. Яғни жоғарыда берілген тапсырма сөздердің үйлесімділігіне ғана назар аудартуды емес, сондай-ақ сөз қолданыстағы шеберлікті көрсетуді де көздейді. Оның үстіне Ә.Кекілбаев – үлгі сөз иесі бола алатындай тұлға екенін естен шығармауымыз керек. Осы орайда филолог-студенттерге ауызша сөз мәдениетін меңгертуде пәнаралық байланыс ретінде басшылыққа алатын тағы бір саланың шеті көрінгендей. Ол – шешендіктану, нақтырақ айтсақ, педагогикалық шешендіктану.

Шешендіктанудың маңыздылығы, тілдік тұлғаның қалыптасуындағы оның рөлі туралы көптеген тілшілер, философтар болсын аз айтпаған [179, б.375]. Ауызша сөз мәдениетінің ең жоғарғы формасы – шешендік. Алайда шешен сөйлеу тек ауызша әдеби тілді меңгергенде ғана жүзеге асады деген ұғым қалыптаспау керек. Себебі күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде де, бейтарап сөйлеу тілінде де шешендіктің үлгісін көрсетуге болады. Шешендікті риторика, риториканы – шешендік деген түсінік қалыптасқан [180, б.13]. Ал шешендіктану – дұрыс, көркем сөйлеудің заңдылықтарын қарастыратын ғылым. «Шешендіктанудың ғылым және оқу пәні ретінде дамуы мыңдаған жылдарды қамтиды. Әрбір кезеңге сәйкес оның мазмұны да әрқилы. Ол әдебиеттің ерекше жанры есебінде де, сөйлеу шеберлігінің белгілі бір түрі есебінде де, ауызша сөйлеу ғылымы әрі өнері ретінде де қарастырылады. Қазіргі таңдағы зерттеу еңбектерінде шешендіктану кешенді пән ретінде қаралып, құрамына тілдік қарым-қатынастың логикалық, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, көркем әдеби және тағы басқа аспектілерін қамтиды» [181, б.7]. Шешендік, ең бастысы, сөйлеу актісінің атауы, яғни шешен сөйлей білу дегенді білдіреді. Оның әлеуметтік қызметі басымырақ. Ал шешендік сөз дегеніміз – сол шешендік өнерде пайдаланылатын шикізат, яғни шешен сөйлеушінің топ алдында сөйлейтін сөзі [182, б.356]. Шешендік сөздің табиғаты туралы ғалым Р.Әмір нақты пікір берген болатын: «Сөздің мазмұнын анықтау, жоспарлау, оны құрау жолымен қатар, шешендік сөздің сөйлем құрау, сөз талғау, интонациялық бейнесін анықтау сияқты таза тіл қазынасына тірелетін жайлары тағы бар. Тілдік амалдарға жататындар түрлі экспрессивті,

эмоциялық сөздер, сөйлемдер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, полемикалық пікірді білдіру мақсатына арналған риторикалық сөйлемдер, дауыс ырғағы, сөздерді, сөйлемдерді ритмикалық үндес етіп теру, құру т.б. Бұл амалдар ғасырлар бойы қалыптасқан. Сол амалдарды дұрыс біліп, талғап жұмсау – шешендік сөздің талабы»[183, б.56]. Сөз – басқару мен ұйымдастырудың басты қаруы болғандықтан, шешен сөйлеу көптеген қоғамдық қатынастарды реттей алады. Ежелден бері шешендікті бірі сендіре білу өнері (Аристотель), «әдемі, әсерлі сөйлей алу» (Квинтилиан), «сөз өнері туралы ғылым» (М.В.Ломоносов), «ойды дұрыс жеткізе білу» (Н.Ф.Кошанский) ретінде танып келді. Бұрын қазақ тіл білімінде шешендік өнер тек би-шешендердің бізге қалдырған мұрасы мен оларды оқытумен ғана шектелген. Ал қазір шешендік – қай салада болмасын ауызша және жазбаша формада ойды әсерлі, сауатты жеткізе білу болып саналады. Басқаша айтқанда, шешендік – тұлғаны сөз арқылы тәрбиелеудің құралы. Яғни бүгіндері шешендіктанудың аясы едәуір кеңейді деп толыққанды айтсақ болады [184, б.47]. Оған дәлел ретінде шешендіктің қамтып жүрген салаларын көрсетсек орынды, олар: әлеуметтік-саяси мәнді шешендік сөздер, академиялық шешендік сөздер, сот ісінде қолданылатын шешендік сөздер, әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік сөздер және дін қызметінде қолданылатын шешендік сөздер. Ал бұл түрлерінің ішінара жіктемесін шешендік сөздердің идеясы мен мазмұнын зерттеген Г.Апресянның еңбегі негізінде [185, б.62], өз тарапымыздан қосқан толықтырулармен төмендегідей көрсеткіміз келеді:



Сурет 20 – Шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық бөлінісі

Осы ретте «қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы саясат

шешен сөз, билік шешен сөз, білімдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз деп жарты ғасыр бұрын алғаш рет тақырыптық-мазмұндық топтастыру ұсынып, олардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме бергенін зерттеушілердің біле бермейтінін» [115, б.40] айта кеткіміз келеді. Сонымен қатар аталған шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық түрлерінің өзіндік тән белгілері мен ерекшеліктері Г.Қосымованың [112] еңбектерінде толыққанды берілген. Ауызша сөз мәдениетін меңгертуді филолог-студенттерге тек академиялық және педагогикалық шешендік сөздер негізінде жүргізбей, шешендік сөздің барлық түрлерімен таныстыру болашақ мұғалімдердің ауызша сөз мәдениеті жайлы түсініктерін едәуір кеңейтеді.

Шешендік – шаршытоп алдында сөйлеудің негізі. Шаршытоп алдында сөйлей білу қазіргі таңда барлық мамандық иелеріне қажет десек артық айтпаймыз. «Шаршытоп алдында сөз сөйлеуге даярланушы әрбір адамның алдынан міндетті түрде бір шоғыр мәселе бас көтереді. Алғашқы кезекте сөз сөйлеудің мақсатына сай *«Кімдерге сөйлеймін?»*, *«Оларға не айтамын?»*, *«Оларға мұны не үшін айтамын?»* секілді сауалдар туындайды. Сондай-ақ, сөйленер сөздің сыртқы «техникалық» жағын айқындайтын *«Қалай дұрыс айту керек?»*, *«Қалай түсінікті айту керек?»*, *«Қалай қызықты айту керек?»*, *«Қалай сендіре сөйлеу керек?»* сияқты сұрақтарға жауап бере алатындай болу керек. Осы орайда аудиторияға көздеген межеде әсер ету мақсатында шаршытоп алдында сөйлеуге әзірлену және сөйлеу заңдылықтары туралы ғылым саласы шешендіктанудың көмекке келуі тән» [181, б.7].

Шаршысөз өз кезегінде мақсатына қарай адресаттың *көңілін көтеру* (қызықты өмірлік оқиға, анекдот т.б.), *ақпарат беру* (ауызша түсініктеме, хабарландыру, нұсқаулық, дәріс, сабақ, баяндама, қойылған сұраққа ауызша жауап т.б.), *рухани қолдау* (жаттықтырушының ойын барысындағы, кандидаттың өзін қолдаушылар алдындағы, түрлі тренингтердегі спикерлердің сөзі т.б.), *сендіру* (саясаткерлердің, діни уағыз айтушылардың, митингіге шығушылардың, қандай да бір мәселе бойынша атақты адамдардың сөзі т.б.), *үгіттеу* (жарнама жасау, саяси митингілердегі кандидатты қолдауға шақыру т.б.) үшін айтылатын және *этикеттік мазмұндағы сөздер* (құттықтау сөз, таныстыру, мадақтау сөз, қорытынды сөз, жоқтау т.б.) деп бөлінеді екен [186, б.9]. Ал филолог-студент өзінің болашақ кәсібінде шаршысөздің аталған түрлерінің барлығын қамтиды десек болады. Сондықтан шешендіктің осы бір қырын да меңгеру – болашақ ұстаздар үшін аса маңызды.

Шешендік ғылымын зерттеушілер оның қолданыс аясына қарай **жалпы** және **арнайы** түрлерін көрсетеді. Жалпы шешендік ауызша тілдің түрлі жағдаятта жүзеге асу мен жоғарыда аталған шаршытопта сөйлеудің заңдылықтарын зерттейді. Ол төмендегідей бөлімдерді қамтиды екен:

Шешендік канон – ол шаршытоп алдында сөйленер сөздің құрылымдық жүйесі деп айтсақ болады. Ол айтар ойдың туындауынан бастап, сөз арқылы жарыққа шығу кезеңдерін толығымен қарастырады.


Пікірталасқа түсу мәдениеті – қашан да қоғамда қажетті сұраныстардың бірі. Пікірталаста тек сөзбен «қызыл кеңірдек» болмай, өз ойын басқаларға сауатты жеткізу білу үшін адам шаршытоп алдындағы ауызша сөз мәдениетін

білуі тиіс.

Этношешендік әр ұлттың шаршытоп алдында сөйлеу ерекшеліктерін қамтиды. Бұлбөлімі іскерлік шешендіктің дамуына байланысты көп зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып келеді.

Жалпы шешендіктің *әңгімелесу мәдениеті, күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас шешендігі* секілді бөлімдерінің де ауызша сөз мәдениеті әдістемесін қалыптастыруда ықпалы зор[187, б.11].

Ал арнайы шешендік белгілі бір салаларда шешендіктің қолданылу ерекшеліктерін қамтиды. Ол салалардың ішінде біз өз мақсатымызға сәйкес педагогикалық шешендіктануға тоқталғымыз келеді. Сөз мәдениеті мен шешендік өнерді байланыстыра зерттеуші Б.Қалимұқашева педагогикалық шешендіктің шығу арнасын төмендегі сызба түрінде өте ұғынықты жеткізіп, өзіндік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады [164, б.27]:



Сурет 21 – Педагогикалық шешендіктің шығу арнасы (Б.Қалимұқашева бойынша)

Тәлімдік-педагогикалық шешендіктің, яғни педагогикалық шешендіктанудың ерекшелігі неде? Бүгінгі филолог-студент (біздің жағдайымызда болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі) – ертеңгі мектеп оқытушысы екенін естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан олардың шешендікті игеруге деген қажеттіліктері жоғары [188, б.59]. Болашақ мұғалімдердің шешендікті қажет ету себебіне тоқталайық.

Біріншіден, педагогикалық шешендік ұстазға өз сөзін нақты, дәл, орынды әрі ұғынықты етіп құруға көмегін тигізеді әрі білім алушылармен шығармашылық, әріптестік негізде ұдайы қазақ тілі немесе әдебиет сабақтарында пікірталас ұйымдастыру арқылы өз сабағын қызықты көрініске

айналдырып, берілетін мағлұмат көлемін көбейтуге, әсерлі, сапалы жеткізуге мүмкіндік алады.

Екіншіден, педагогикалық шешендік мұғалімге небір қиын деген сыныптармен оңтайлы байланыс орнатуға, терең қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде бұрын сөйлесу мүмкін болмаған, ал ұстаздың баяндауын білім алушылардың түсінбеуі, ырықсыздық танытуы, тіпті қажет етпеуі салдарынан мақсатқа жетпей қалу қаупінен құтқарады.

Үшіншіден, кез келген педагогтік әсер-ықпал, яғни оқытушының өзін шәкірттер алдында айқындауы сөз арқылы іске асады: ол оқытады, тәрбиелейді, өз көзқарасын ұсынады және оған оқушыны иліктіреді, талас туғызады, білім алушының санасына сыйымды ғажайып көркем бейнелер сыйлайды.

Төртіншіден, педагогикалық шешендік оқу үдерісі барысында туындайтын көптеген «Неліктен?» деген сұраққа жауап береді [164, б.28-29].

Сонымен, ауызша сөз мәдениеті шешендік (риторика) тұрғысынан:

- сөйлеуші санасы қызметінің, ойлануының дара айқындалуын;
- сөйлеушінің не айтпак, кімге айтпак мәселесіне бейжай қарамай, ерекше ықылас танытуын;
- сөздің қатысымдық сапаларын игеруі мен оның мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана алуын;
- функционалды стильдердің қолданыс ерекшеліктерін толық білуін;
- сөйлеу қабілеттерін шыңдауға деген талпынысының болуын;
- сөйлеу техникасын жақсы меңгеруін;
- айтар сөзінің желісі мен жүйесін ойластыруын қамтиды екен [189, б.238].

Демек, «шешендік –1) көркемдіктегі құнды үдеріс, мәдени-әлеуметтік бағдардың желісі, зиялылардың жеңісі; 2) тұлға тұғырнамасының, әлеуметтік бітімнің, ел ынтымағының, халық шығармашылығының айғағы; 3) сөз, тіл, ой өнері, сөйлесу өнегесі; 4) кісілік мәдениеттің құралы және құрамы. Бәрі де өсер елдің, мәнді адам өмірінің кеңістігін кеңейтетін, уақытын созатын, өздерін оздыратын көп қырлы, алуан сырлы ағым, қозғалыстың жасампаз арнасы. Осы сапалық ерекшеліктер мен салиқалы әрекеттерді зерттеу, басшылыққа алу – әдебиетші, педагог, тілші, философ, тарихшы, заңгер, психолог, мемлекет басқару қызметкерінің, қысқасы кез келген азамат пен іскер жандардың, кәсіби мамандардың ортақ мүддесі және нақты міндеті [180, б.11].

Ауызша сөз мәдениетінің әдістемесін жасауда негізге алынатын пәнаралық байланыс ұстанымын сөз еткенде, айтпай кетуге болмайтын тағы бір сала бар. Ол – әдебиет саласы. Әдебиетті оқыту әдістемесінде біраз зерттеулер жүргізіп, құнды пікірлер айтқан ғалым Қ.Бітібаева: «Әдебиеттен білім беру мақсаттарының бірі – өз пікірі, эстетикалық талғамы бар сауатты, мәдениетті тұлға даярлау. Яғни ауызша да, жазбаша да еркін, шешен, көркем сөйлеуге, жаза білуге үйрету, осы мәселелердегі машықтарды дамыту» [190, б.7] деп көрсеткен болатын. Сондықтан әдебиеттің тіл сабақтарымен, әсіресе сөз мәдениетімен «бауырластығы дәлелдеуді қажет етпейді. Егер әдебиетті көркем бір ғимарат, ғажайып мүсін десек, соны құрайтын заттар – тіл, сөз байлығы. Бұл екі пәнді бір-бірінен бөліп алып қарастыру да қисынсыз» [190, б.10].

Мейлі мектеп те, мейлі жоғары оқу орнында болсын, әдебиет пәндерінің

ауқымы да кең, маңызы да зор, мүмкіндігі де мол болып келеді. Басқа әдеби шығармалардың түрлерін былай қойғанда, бір ғана халық ауыз әдебиеті үлгілерін оқытудың өзі білім алушылардың ауызша сөйлеу тілін дамытатыны анық [191, б.28]. Пән аясында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер білім алушыға тек көркем шығармалардың мазмұнына бойлауға емес, сонымен қатар ауызша сөз мәдениетін жетілдіруге де жағдай жасайды. Атап айтатын болсақ, көркем мәтінді ауызша талдау жұмыстары, ауызша суреттемелер, бейнелемелер, кескіндемелер жасату, киносценарийлер құрастыру, қойылым қойдыру, мәнерлеп оқу, жаттау, ауызша мазмұндау, аудиториядан тыс жүргізілетін әдеби жұмыстар (әдеби-шығармашылық үйірмелер, әдеби конференциялар, кездесулер, жарыстар, әдеби оқулар) т.б. білім алушының ауызша сөз мәдениетін қалыптастырып, жетілдіруге өзіндік үлесін қосады.

Пәнаралық байланыс ұстанымын қорытындылай кетсек, «берілетін бүкіл білім, ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан білім алушылардың ауызша сөйлеу тілін дамыту – тек тілші, әдебиетшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл оқу орнының, барлық пән оқытушыларының да басты міндеті, борышы, барлығына тән бірыңғай талап» [190, б.215] дегіміз келеді.

Ауызша сөз мәдениетін меңгертуде басшылыққа алатын келесі бір арнайы ұстанымның түрі – ол **қызығушылықты ояту** дедік. Жалпы қызығушылықтың табиғаты мен оның туындауы жайлы біржақты пікір жоқтың қасы деуге болады. Себебі қызығушылық көптеген ғылым салаларының (философия, педагогика, физиология, әлеуметтану, психология т.б.) зерттеу нысаны болғандықтан, әр ғылым қызығушылыққа әртүрлі анықтама береді. Тіпті ғалымдар арасында да қызығушылыққа деген көзқарастар түрліше. Мысалы, бірқатар зерттеушілер қызығушылық адам еркінен тыс пайда болады десе, А.Герцен Н.Добролюбов, К.Ушинский тәрізді педагог-ғалымдар қызығушылықты бақылауда ұстауға болатынын айтқан. Яғни олар оқушылардың пәнге деген қызығушылығының төмендеуі жеке бас ерекшеліктеріне ғана емес, сол пәнді оқыту әдіс-тәсілдеріне де тікелей байланысты дегенді алға тартады [192, б.56]. Осындай бірнеше психологиялық және педагогикалық еңбектерді қарастыра келе, қызығушылыққа байланысты төмендегідей тұжырымдар жасауға болады екен:

- қызығушылық – адам санасындағы таза психикалық құбылыс;
- қызығушылық тіл секілді әлеуметтік сипатқа ие, сондықтан оны басқаруға, қалыптастыруға болады;
- қызығушылық – тұлғаның таңдаулы әрекеті;
- қызығушылық мақсатына қарай бірнеше түрге бөліне алады: тікелей және жанама, терең және үстірт, тұрақты және тұрақты емес, жағымды және жағымсыз т.б.;
- қызығушылық «қажеттілік», «мотив», «құндылық», «эмоция» секілді басқа да ұғымдармен астасып жатады.

Ал ауызша сөз мәдениетін дамытуға деген қызығушылық кешенді мәселе десек болады. Оны тек мектеп немесе жоғары оқу орнындағы сөз мәдениетіне қатысты пәндердің аясында шешу мүмкін емес. Өйткені ауызша сөз мәдениетіне қызығушылық қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік және

рухани өмірлерін қамтиды. Сөзімізге дәлел ретінде қала мектептерінің 9-11 сыныптар арасындағы барлығы 74 оқушыны құрайтын сауалнама жүргізілген болатын. Оларға «*Ауызша сөз мәдениетін дамытуға қызығушылығыңызды қалай бағалайсыз?*» деген сұраққа қойылып, нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштер анықталды:

Кесте 20 – 9-11 сынып аралығындағы оқушылардың ауызша сөз мәдениетін дамытуға деген қызығушылық деңгейі

Сынып	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Қызығушылық деңгейі			
<i>төмен</i>	76,9%	66,5%	55,5%
<i>орташа</i>	23,1%	30%	37,5%
<i>жоғары</i>	-	3,5%	7%

Аталған сауалнамамен қатар дәл осы респонденттерге «*Қай өнер түріне қызығушылығыңыз басым?*» деген сұрақ та қойылған еді. Нәтижесінде жауаптар мынадай болды:

Кесте 21 – 9-11 сынып аралығындағы оқушылардың өнер түрлеріне қызығушылық көрсеткіштері

Өнер түрлері	Сынып		
	9	10	11
Әдебиет	9%	12%	12,5%
Музыка	40%	45%	42,5%
Бейнелеу	1,5%	0,1%	0,5%
Театр	0,4%	0,2%	1%
Кино	45%	40%	41%
Би	4,1%	2,7%	2,5%

Осылайша, оқушылардың қызығушылықтары БАҚ тарапынан көбірек мән беріліп жүрген өнер түрлеріне басым екендігі анықталды. Ал ауызша сөз мәдениетін дамытуға тікелей қатысты өнер түрлеріне деген қызығушылық деңгейі өте төмен. Демек, ауызша сөз мәдениетін дамыту әдістемесінде оған деген қызығушылықты біз тек қана жаттығулар мен тапсырмалардың негізінде ғана емес, білім алушылардың жалпы рухани дамуына да баса назар аудару керектігі көрінеді.

Жоғарыда аталған эксперимент нәтижесінен қазіргі өскелең ұрпақтың санасына БАҚ-тың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсері көп екенін байқадық. Сондықтан ауызша сөз мәдениеті үшін күрес те осы құралдардың көмегімен жүргізілуі тиіс. Бұл өз кезегінде әдістемеміздің **медиатехнологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану** ұстанымының табиғатын ашпақ. Ұстанымның дұрыс-бұрыстығын тексеру үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын, барлығы 47 білім алушыны құрайтын тағы бір сауалнама жүргізілді. Оның сұрақтары мен нәтижелері төмендегідей

болды:

1-сұрақ: «Сабаққа қажетті ақпаратты табу үшін ғаламторға жүгінесіз бе?». Нәтижесі: «Бірінші ғаламтордан іздеймін» - 87%, «Кітаптан табуға тырысамын» - 13%.

2-сұрақ: «Қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілерді қаншалықты жиі пайдаланасыз?». Нәтижесі: «Жиі» - 89%, «Сирек» - 10%, «Пайдаланбаймын» - 1%.

3-сұрақ: «Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларға көбірек көңіл бөлінуі керек деп есептейсіз бе?». Нәтижесі: «Иә» - 73%, «Жоқ» - 27%.

4-сұрақ: «Оқу үдерісінде пәнге қажетті электронды оқу құралдарының болуын қалар ма едіңіз?». Нәтижесі: «Иә» - 93%, «Жоқ» - 7%.

5-сұрақ: «Сіз өз оқу тәжірибеңізбен басқа жоғары оқу орнындағы білім алушылармен интерактивті түрде бөлісіп тұрғыңыз келе ме?». Нәтижесі: «Иә» - 76%, «Жоқ» - 33%.

Байқағанымыздай, білім алушылардың басым көпшілігі оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық және медиатеchnологиялардың мүмкіндіктерін пайдалануға қарсы емес. Біріншіден, білім алушылардың қызығушылығын ояту, екіншіден, оқытудың нәтижелілігін арттыру үшін аталған технологияларды пайдаланған дұрыс. Ал қалай пайдалану туралы ұсыныстарға жұмыстың келесі бөлімінде кеңірек тоқталатын боламыз.

Арнайы дидактикалық ұстанымдардың тағы бір түрі – ауызша сөз мәдениетін **сыни тұрғыдан ойлау сауаттылығын дамытуды** ескере отырып оқыту. Сыни тұрғыдан ойлау туралы қазіргі таңда аз айтылып жүрген жоқ. Тіпті әдістемелік әдебиеттердің 90%-ы соған негізделіп жазылып жатыр десек артық айтпаймыз. Білім беру жүйесінде «сыни тұрғыдан ойлау» ұғымын қатыстырып сөйлеу сәнге де айналып бара жатыр. Ал шын мәнісінде, сыни тұрғыдан ойлауды біз қаншалықты дұрыс және терең түсінеміз? Негізінде, бұл ұғым шексіз ақпараттар мен еліктеушілік заманында бізге аса қажет. Сыни тұрғыдан ойлау жөнінде жазылып жүрген зерттеулерде: «Сыни сауаттылықты білімді өмірлік мәселелерді шешуге арналған құрал деп түсіну керек. Студент басына орасан зор көлемде мәлімет жинап алып, олардың өмірде не үшін керектігін және қалайша қолданылатындығын білмей жүрсе, ондай білімнің қажеті қанша? Білім – өмірде өз қажетін таба алатын білік пен дағды. Сондықтан не үйренсек те, оның барлығы да өмірмен тығыз байланыста болғаны жөн» [129, б.108-109] деп көрсетеді. Ал сыни тұрғыдан ойлау бізге, яғни ауызша сөз мәдениетін дамытуда қалай көмектеседі дегенде, ауызша сөзді жүйесі мен құрылымына дұрыс, сауатты баға беру, мәтінді сыни тұрғыдан ауызша талдау және сөйлейтін сөзімізді дайындау секілді жағдайларды мысалға келтіруімізге болады.

Ауызша сөзмәдениетін жетілдіруде ескеру керек арнайы дидактикалық ұстанымдардың соңғысы – **модельдеу** ұстанымы. Кез келген мәселені зерттеу мен оқытуда оның қалыптасқан жағдайына сай моделін жасау тиімді. Модельдеудің көмегімен ауызша сөз мәдениетінің қалыптасып, дамуына ықпал ететін факторлардың өзара байланысын да нақты көрсетуге болады. Сондай-ақ

ауызша сөз мәдениетін оқытуда оқу тәжірибесінен соң қажетті құзыреттіліктерді игерген студенттің моделін, алған білімінің сапасын, үйренген дағды-біліктіліктерін анықтауда модельдеу ұстанымына жүгінген дұрыс деп есептейміз.

Түйіндей айтқанда, «дидактика» сөзінің өзі грек тілінде «оқыту», «дәлелдеу» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл сөздің ауызша сөз мәдениеті әдістемесін түзуде де маңызы зор. Себебі дидактикалық ұстанымдар қандай да оқытудағы мақсатқа жетуде бізге жүйелі жол салып, оқу сапасын арттыруға көмектеседі.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Қарастырылып отырған зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауы тіл – сөз – сөйлеу арақатынасы мен зерттелу тарихына, ауызша тіл мен жазба тілдің өзіндік ерекшеліктеріне, қазақ ауызша тілі мәселелерінің қарастырылуы және оны зерттеу мен оқытудың маңызына, ауызша сөз мәдениеті, педагогикалық дискурс мәселелеріне, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын жасауға, ауызша сөз мәдениетін жаңаша оқытудың дидактикалық ұстанымдарын айқындауға арналған.

Жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, төмендегідей тұжырымдарды келтіруге болады:

Біріншіден, тіл – ортақ, сөз бен сөйлеу жекелік сипатқа ие. Сөз тілге қарағанда өзгермелі. Алайда тіл мүлдем өзгермейді деген түсінік қалыптаспауы керек. Тек оның өзгеруі әлеуметтік және қоғамдық қажеттіліктерге байланысты болып отырады. Тіл, сөз, сөйлеуге қатысты ұғымдық ерекшеліктердің халық санасындағы көрінісін халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, ақын-жыраулардың толғауларынан, зиялылардың айтқан сөздерінен көруге болады.

Екіншіден, ауызша тіл мен жазба тілдің аражігін ажырату оңайға соқпайды. Дегенмен ауызша тіл мен жазба тіл тек өмір сүру формаларымен ғана емес, коммуникация барысында қолданылатын тілдік амалдары, құралдарымен де дараланады. Сонымен қатар олар қолданыстағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық белгілерімен де ерекшеленеді.

Үшіншіден, ауызша тіл ауызекі сөйлеу тілі, бейтарап сөйлеу тілі және ауызша әдеби тілге бөлінеді. Қоғамымызда қалыптасқан қазіргі тілдік жағдайымызда бейтарап сөйлеу тілін дамыту – тіліміздің өміршеңдігін сақтап қалудың кепілі болмақ.

Төртіншіден, қазақ тіл білімінде бүгінге дейін ауызша тіл мен ауызша сөз мәдениетінің зерттелуіне қажетті алғышарттар жасалып келді. Дегенмен олар әлі де тереңірек қарастырылуды қажет ететін мәселелер болып табылады.

Бесіншіден, зерттеу жұмысының басты нысаны – филолог-студенттердің, яғни болашақ мұғалімдердің ауызша тілі болғандықтан, ауызша сөз мәдениеті және оның әдістемесі педагогикалық дискурс аясында қаралуы керек. Педагогикалық дискурс – институционалды дискурстың бір түрі. Оны зерттеудің негізінде педагогикалық дискурста қолданылатын стратегиялар мен тактикалардың жүйесі жасалып, өзіндік ерекшеліктері айқындалды.

Алтыншыдан, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытудың когнитивтік және лингвоәлеуметтік тұжырымдамасын жасау олардың (филолог-студенттердің) танымдық ерекшеліктеріне, әлеуметтік ортаға бейімделуіне негізделеді. Зерттеудің эксперименттік жұмыстарында тіл тұтынушылары сөз мәдениеті тұрғысынан элитарлы, орта, ортадан төмен және төмен деңгейлерге бөлінетіндігі анықталды.

Жетіншіден, жоғары оқу орнында білім алушылардың ауызша сөз мәдениетінің қалыптасып, дамуы динамикалық сипатқа ие. Ол даму барлық оқу барысының төрт жылын да қамтиды.

Сегізіншіден, ауызша сөз мәдениетінің әдістемесі жалпы және арнайы дидактикалық ұстанымдарға сүйенеді. Ұстанымдарды дұрыс таңдау әрі оқытуда оңтайлы пайдалану алға қойған мақсатқа жеткізетіні анық.

2 АУЫЗША ТІЛДІҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫН МЕНГЕРТУ АРҚЫЛЫ ФИЛОЛОГ-СТУДЕНТТЕРДІҢ АУЫЗША СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

2.1 Жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқытудың жайы

Ауызша сөз мәдениеті жеке пән ретінде оқытылмағанымен, оның нысанына жататын кейбір мәселелер басқа тіл білімінің саласы негізінде қаралып, оқытылып келді. Мысалы, тіл – сөз – сөйлеу арақатынасы «Тіл біліміне кіріспе», «Жалпы тіл білімі», тілдік құралдардың түрлері мен қызметтері «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», сөйлеу стратегиялары мен тактикалары «Прагмалингвистика», «Функционалды грамматика», шаршытопта сөйлеуге қойылатын талаптар «Шешендік өнер», тілдік құбылыстар «Әлеуметтік лингвистика», сөздің қатысымдық сапалары, сөз тазалығы «Лингвоэкология», тілдің қатысымдық тұрғыдан зерттелуі «Тілдік қатынас негіздері», тіл мен сана, таным арасындағы байланыс «Когнитивтік лингвистика», тіл мен рухани сана, халық танымы мәселелері «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану» пәндерінің аясында оқытылып келеді. Бұдан басқа «Қазақ тілінің стилистикасы» мен «Сөз мәдениеті» ауызша сөз мәдениетіне мазмұны жақын пәндер болып саналады. Осыған орай, зерттеуімізде ұсынылған пән жеке «Ауызша сөз мәдениеті» деп аталмай, жазба сөз мәдениеті мен шешендікпен (риторика), педагогикалық дискурспен байланыста құрастырылды. Басымдық ауызша сөз мәдениетіне беріледі.

Ауызша сөз мәдениеті мен педагогикалық шешендік мәселелерінің 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында қамтылуына келетін болсақ, қазіргі кезде білім бағдарламасында оқытылатын міндетті пәндер қатарында тікелей аталған мәселелерге арналған пән жоқ [193, б.41]. Тіл мамандарын даярлаудағы маңызды пәндердің бірі «Сөз мәдениеті» міндетті пәндер қатарынан орын алмаған. Мысалы, атап айтар болсақ, 2003 жылғы Типтік оқу бағдарламасында «Қазақ тілінің стилистикасы», «Сөз мәдениеті», «Шешендік өнердің негіздері» пәндері жеке-жеке оқытылатын [194, б.41]. Соның ішінде зерттеуші Ғ.Жексембаеваның басшылығымен жасалған «Сөз мәдениеті» пәнінің бағдарламасы тіл саясаты, тілдің мәні мен қоғамдық қызметі, тіл мен сөйлеу, сөз мәдениеті және оның мақсаты мен міндеттері, сөйлеу техникасы, сөз қолдану мәдениеті, тілдік норма мәселелерін қамтыған. Ауызша сөз мәдениеті жалпы сөз мәдениетінің бір саласы ретінде ғана берілген. Соған қарамастан, ауызша тілге қажетті мәліметтердің ұшын шығара білген. Осы тұрғыдан келгенде, зерттеу жұмысымыздың алғышарттары Оқу нормативтерінде қамтылғанын көреміз. Сөзіміз дәлелді болу үшін бағдарламадан жұмысымызға жақын тұжырымнан үзінді келтірейік. Бағдарламада: «Ауызша сөздің өзі әдеби сөйлеу тілі, ауызекі сөйлеу тілі болып бөлінеді. Ауызша әдеби тілде сөйленетін (топ алдында) сөздерге әртүрлі митинг, жиналыстарда жасалатын баяндамалар, лекторлардың, оқытушылардың т.б. сөздері жатады. Сөйлеудің ресми сипатта өтетіндігі, сөйлемдердің құрылысы ықшам, ақпараттық жағы басым,

аудиториялық байланыстың екіжақты болатындығы, ойды жеткізудің тілден тыс көмекші құралдарының қатысатындығы ауызша әдеби тілдің белгісі болмақ. Ауызекі сөйлеу тіліне адамдардың күнделікті бір-бірімен жүзбе-жүз сөйлесуі, сөйлеу актісінің еркіндікке құрылатындығы, эмоциялық мәнінің басымдығы жатады», – деп көрсетілген [194, б.44].

Г.Қосымованың авторлығымен дайындалған «Шешендік өнердің негіздері» пәні шешендік сөздің әлеуметтік мәні, ол туралы жүргізілген зерттеу еңбектері, шешендік сөздің түрлері, негізгі белгілері, көркемдік ерекшеліктері, қазіргі шешендіктің жайы секілді мәселелерді қозғайды [194, б.64-75].

Қазір жоғары оқу орнының білім жүйесі, негізінен, бакалавриат деңгейіне негізделген. Осыған орай, білім беру бағдарламалары, жоғары оқу орындарының өзіндік ерекшеліктері, ұстанатын бағыты болады [195, б.182]. Алайда барлығының басын қосатын бір нәрсе бар: кез келген оқу орны тек инженер, дәрігер немесе мұғалімді ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тілді еркін меңгерген, оны коммуникативтік саланың қайсысында болмасын, қолдана алатын, жоғары білімі бар мәдениетті тұлғаларды дайындап шығаруы тиіс. Университет түлегі ауызша және жазбаша формада күнделікті өмірде, жұмыста, тұлғааралық пен институционалды коммуникация кезінде, өз ішінде және оның сыртында да қарым-қатынас орната білуі керек. Аталмыш дағдының өздігінен пайда болмайтыны түсінікті. «Мектеп бұл дағдылардың қандай да бір алғышарттарын қалыптастырғанымен, толыққанды оқушының бойында бекітіп бере алмайды» [196, б.162]. Бірақ әлемдік жаһандану үрдісі жоғары білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізбей қоймады. Осылайша бүгін жаратылыстану мен техникалық салаларды былай қойғанда, гуманитарлық бағыттағы мамандықтардың пәндер тізімінен «оптимизацияға» байланысты сөз мәдениетіне, шешендікке қатысты сабақтар алынып тасталып жатқан жайы бар [197, б.361]. Мысалы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2015 жылдан бергі Типтік оқу бағдарламаларында «Сөз мәдениеті» де, «Шешендік өнер» де қамтылмаған. Яғни бұл пәндер міндеттілердің қатарында емес. Бұрын сөз мәдениетінің нысаны болған мәселелер «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің аясында, «Қазақ тілін кәсіби оқытуда меңгерілетін құзыреттіліктер» деген тақырыпшасының деңгейінде оқытылып жүр [198, б.16]. 2018 жылғы жаңа оқу бағдарламасы бойынша «Кәсіби қазақ тілі» курсы таңдау компонентінен қысқартылған. Осылай жалғаса берсе, уақыт өте келе, ұрпақ ауысқан сайын бір-бірімізді түсінуден қалатын заман тумасына кім кепіл болмақ? Сондықтан сөз мәдениеті, риторика (шешендік) секілді пәндерден бас тарту – аса қауіпті [197, б.361].

Өзекті мәселені шешу бағытында әрбір жоғары оқу орны мамандықтың оқу бағдарламасын әзірлегенде, ауызша сөз мәдениетін де, жазбаша сөз мәдениетін де, шешендікті де қамтитын пәндерді енгізуді жоспарлайды. Атап айтқанда, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ауызша сөз мәдениеті мазмұнына жақын «Қазақ тілінің коммуникативтік синтаксисі», «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас», «Тұлға арасындағы коммуникация психологиясы», «Тілдік норма және жаңа сөз қолданыстары» тәрізді пәндер оқытылады. Бірақ олар

мемлекеттің тарапынан міндеттелген пәндер емес. Сондықтан олар жаһандану үдерісіне қаншалықты төтеп бере алатыны алаңдататыны анық.

Қысқаша айтқанда, жоғары білім беру жүйесі тек өз саласының маманын ғана емес, болашақ қоғамның бір бөлшегін даярлайды. Сондықтан әрбір сапалы оқу орны өз білім алушысына тиімді коммуникация құрудың алғышарттарын меңгертуі қажет. Ол өз кезегінде жұмыста да, тіпті отбасын құруда рөл ойнайды. Демек, ежелде пайда болған сөз мәдениеті, риториканың бүгінде өмірдің қай саласында болмасын, өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ деуге толық негіз бар [197, б.362].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының оқу бағдарламасы жетілдіруді қажет етеді. Мәселен, Педагогикалық шешендіктің (Педагогикалық шешендіктану, Педагогикалық риторика) болашақ ұстаздарды даярлайтын бірқатар жоғары оқу орындарында ескерусіз қалуын атап көрсетуше болады. Алғаш Педагогикалық риторика пәнінің маңызын зерттеуші М.Әжіғалиев «Жоғары оқу орындарында «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың әдістемелік жүйесі» атты диссертациялық жұмысында маңыздылығын көрсеткен болатын. Педагогикалық шешендік пәнінің болмысын: «Бұл курс – айқын түрде екшелген кәсіби-практикалық бағытқа ие. Мақсаты – студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің және оқушыларды дамытудың маңызды амалы ретінде, педагог маманның кәсіби іс-әрекетіндегі маңызды құралы ретінде сөйлей білуге көмектесу. Міндеттері – студенттерді тілдік қатынас туралы, олардың түрлері, сөз сапалығы дағдыларын қалыптастыру; өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету; сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден құтыла білу жолдарын меңгерту; болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым-қатынас, мейлінше, тиімді болу үшін өзіндік дауысқа, сөйлеу аппаратына ие болуға үйрету; кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу болмақ», – деп көрсетіп, «Педагогикалық шешендіктану» пәнінің жоғары оқу орындарында оқытылу барысының зерттелуіне сипаттама беріп, оны оқытудың психологиялық, лингвистикалық, педагогикалық негіздерін атап, білім алушыларға меңгертудің арнайы әрі тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады [127, б.22]. Аталған мәселелерді ескере отырып, біз зерттеу жұмысымыздың нәтижесі ретінде оқу үдерісіне еніп отырған пәнді **«Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті»** деп атауды жөн көрдік (Қосымша Г).

Ауызша сөз мәдениетін оқытудың арнайы жүйеленген әдістемелерін талдауда негізгі нысана – әдістемелердегі тиімді әдіс-тәсілдер мен қалыптастырылуы, сондай-ақ жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін талдау болып табылады [164, б.79]. Сондықтан осы кезге дейін пайдаланылып келген бірқатар оқулықтар, оқу құралдары мен әдістемелік еңбектерге шолу жасалынды. Осы орайда ауызша сөз мәдениетіне қатысты арнайы әдістемелік еңбектердің болмауына байланысты, біз жалпы сөз мәдениеті, соның ішінде ауызша сөз мәдениетіне қатысты тұстарын келтіретінімізді айта кеткіміз келеді. Сондай-ақ барлық осы мәселеге қатысты еңбектерді сөз мәдениетін және шешендік аспектісін қамтитын әдістемелік еңбектер деп екіге бөліп қарауға болады.

Аталған бағытта тұңғыш жазылған әдістемелік еңбектердің бірі –

М.Балақаев пен М.Серғалиевтің «Қазақ тілінің мәдениеті» оқулығы. Оқулықта әдеби тіл туралы түсінік, оның қалыптасуы мен даму арналары, тілдік норма, жұрт алдында сөйлеу мәдениеті, сөз қолдану мәдениеті, грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі, сөз мәдениетінің негізгі қатысымдық сапалары мәселелері қамтылған. Еңбектегі зерттеу жұмысымыз үшін маңыздысы – жұрт алдында сөйлеу мәдениеті. Авторлар бұл аталған тарауда ауызша тілде лекторлар мен үгітшілерге қойылатын басты талаптарға кеңінен тоқталады. Мысалы, елді аузына қаратқан небір шешендерден үйренемін деушілерге төмендегідей кеңестер беріп өтеді:

1) *Дүниеде тыңдаушылардың өзі жақсы білетінді өздеріне тәптіштеп айтып жатудан жаман нәрсе жоқ. Сенің өзгеге айтқаның кісіге білім беретіндей, кісінің жүрегін қозғайтындай нәрі болуы керек. Сөзіңде қате жібермеу үшін білгенсімеу керек. Білмегенді біліп барып жұрт алдында сөйлейтін бол. «Айтылған сөз атылған оқпен тең». Оны қайтып ала алмайсың.*

2) *Өз сөзін қадірлейтін кісі тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады.*

3) *Сөйлеген сөзің анық, дәл, айқын естілетін болсын. Сөйлеушінің даусы құбылмалы, әрі жайдары болуға тиіс. Сөйлеген сөзім дәмді болсын деген лектор, үгітші, баяндамашы сөздерін дұрыстап айтуға ерекше көңіл бөлу керек.*

4) *Сөзің тартымды болсын десең, оған аздап болса да бет-аузыңның, қолыңның қимылын қатыстыр. Сөзіңнің мағынасына, сөйлеміңнің мазмұнына үйлесімді ырғақ тауып, қол қимылдатудың, бас шұлғаудың мәні зор.*

5) *Тыңдаушыларға көз қырын салмай, екі көзін қағаздан алмай сөйлейтін кісіні жұрт онша ұнатпайды, біреу жазып берген сөзді оқып, өзгелерді алдап тұрғандай көреді. Жұрт алдында сөйлеуші бір нүктеге қадалып қатып қалмай, алдында отырғандардың жеке тобына, жеке кісілерге көз жіберіп, алдымда сен, сендер отырсыңдар дегендей көз тастау керек.*

6) *Айтайын деген ойыңды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастама. Шаблон – барлық өнердің, әсіресе сөз өнерінің жсауы.*

7) *Айтқан сөзің қысқа әрі тұжырымды болсын. Аз сөзбен айтуға болатын ойды керексіз көп сөздермен езгілеп, өзгенің уақытын алып отыратын, тыңдаушысын әбден ығыр қылатын адамды қазақ «көкмылжың» дейді. Сондықтан құраған сөйлемің ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздерің таныс әрі мазмұнды болсын.*

8) *Жұрт сөзіңді бағалап, өзіңді қадір тұтып тыңдау үшін ойыңды белгілі логикалық байланыста, сөйлемдердің бірін-бірі тудырып тұрғандай ете сөйле. Сөйлем мен сөйлем арасында, сөйлеу мен сөйлеу арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзден баһар алмайды. Жүйелі сөз жөнін табады [89, 6.50-52].*

Авторлар шаршытоп алдында сөйлеуге кеңес қана беріп өтпей, шешендіктің озық үлгісін түйіндеген. Себебі ой жазбаша формада жеткізілсе де, қабылдауға жеңіл, сөздері оқырманға өтімді берілген. Қазіргі таңда әдістемелік еңбектерде осы тектес кеңестер көп қамтыла бермейді. Яғни зерттеулерде сөз мәдениетінің теориялық жағы молынан қамтылғанымен,

қарапайым практикалық маңызы бар ұсыныстарды табу қиын.

Төменде әдістемелік еңбектерде қамтылатын тақырыптарды кесте түрінде беріп, ауызша сөз мәдениетін дамытуға бағытталған үздік тапсырмалар мен жаттығуларды үлгі ретінде ұсындық. Сонымен қатар М.Әбдіхалықов, Б.Күнтуарова мен Л.Парфенованың авторлық бірлестігімен жарық көрген «Сөздік қатынас негіздері» оқулығының тақырыптық-мазмұндық кешені берілген. Оқулық ауызша сөз мәдениетін қалыптастыруда қатысымдық ұстанымды басшылыққа алады [8].

Кесте 22 – М.Әбдіхалықов, Б.Күнтуарова мен Л.Парфенованың «Сөздік қатынас негіздері» оқулығының тақырыптық-мазмұндық қамтылуы

Тарау атауы	Қамтылатын тақырыптар
I тарау. Сөздік қатынас теориясының негізгі ұғымдары	1.1 Сөздік қатынас 1.2 Ұлттық тілдің түрлері және сөздің қызметтік стильдері 1.3 Лексика және фразеология 1.4 Қызметтік стильдер 1.5 Терминологиялық лексика
II тарау. Сөз мәдениетінің негіздері	2.1 Сөз мәдениеті ұғымының мәнісі 2.2 Сөйлеу нормалары және сөйлеу мәдениеті 2.3 Сөздік нормалардың түрлері 2.4 Сөз байлығы
III тарау. Сөздік қатынас дағдыларын дамыту және жетілдіру	3.1 Оқу дағдыларының дамуы және жетілдірілуі 3.2 Тыңдау дағдыларын дамыту және жетілдіру 3.3 Жазба тілдің дағдыларын дамыту және жетілдіру 3.4 Ауызша тілдің дағдыларын дамыту және жетілдіру 3.5 Сөздің құрылуы 3.6 Сөз сөйлеу
IV тарау. Сөйлеу техникасы	4.1 Сөйлеу аппараты 4.2 Тыныс алу және оны жаттықтыру 4.3 Дикция (Сөзді айқын айту) 4.4 Интонация 4.5 Кідіріс
V тарау. Сөздік қатынас түрлері	5.1 Тұрмыстық, күнделікті сөйлеу 5.2 Іскерлік әңгімелесулер 5.3 Келіссөздер 5.4 Телефон арқылы байланыс
VI тарау. Сөздік қатынастың этикасы мен психологиясы	6.1 Этика және сөз 6.2 Этика және сөйлеу әрекетінің түрлері 6.3 Сөздік қатынас психологиясы 6.4 Сөздік қатынастардағы тиімді стратегиялар мен тактикалар

Оқулықтың артықшылығы ретінде шаршытоп алдында сөйлеуге қажетті

мәселелерді қамтуын, ауызша жүзеге асатын іскерлік әңгімелердің жүргізілуіне мән беруін атай аламыз. Сонымен қатар филолог-студенттер де оқулықтан өзіне қажеттісін таба алады. Мысалы, термин сөздерді түсіндіруде пайдаланылатын бірнеше тиімді әдістер көрсетіледі. Олар болашақ мұғалімдерге педагогикалық дискурста қажет. Сондай-ақ еңбекте берілген жаттығулар мен тапсырмалар тиімді құрылған. Сөзімізді нақтылай түсу үшін, ауызша сөз мәдениетін дамытуда қолданылатын төмендегі тапсырмаларға назар аударайық:

5 минуттық үгіттеу сөзін дайындаңыз. Сөздің тақырыбын таңдаңыз. Оны тұжырымдаңыз. Сөздеріңізді арнайтын аудиторияны белгілеңіз. Логикалық және психологиялық дәлелдердің жүйесін ойластырыңыз.

Тапсырмаға қажетті материалдар:

Үгіттеу сөзінің жоспары: 1) көңіл аударту, қызықтыру; 2) сөз болатын мәселені сипаттау, оның негізгі тезисін тұжырымдау; 3) тезисті дәлелдеу үшін айғақтар келтіру; 4) қорытынды жасау, тұжырымдау.

Үгіттеу сөзі үшін үлгі тақырыптар: 1) Отандық өнімді сатып алыңыздар! 2) Бізге оқуға келіңіздер! 3) Берілген кітапты, мақаланы оқыңыз. 4) Кинофильмнің немесе қойылымның тұсаукесеріне келіңіз. 5) Ауызша сөз мәдениетіңізді дамытыңыз!

Үгіт сөзді бағалау сызбасы: 1) Тақырыбы мен мақсаты: аудиторияға сәйкес келе ме? 2) Кіріспе: – қызықты ма? – тиісті дәрежеде әсер ете алды ма? 3) Негізгі бөлім: – дәлелдемелері жеткілікті ме? – мысалдары орынды келтірілді ме? 4) Қорытынды: – сөзінде әрекетке түрткі жасау болды ма? – сізді сендіре немесе көндіре алды ма? 5) Сөйлеуі: – сөз сенімді түрде айтылды ма? – жүріс-тұрысы дұрыс болды ма? – қол қимылдары орынды болды ма? – сөйлеу қарқыны сәтті болды ма? т.б. [8, б.237].

Берілген тапсырма ауызша сөздің құрылымын меңгеру мен оны талдап үйренуде өте тиімді болмақ. «Тілімізді шұбарлап жүрген тағы бір кесел – канцеляриттерді, яғни кеңсе қағаздарында пайдаланылатын сөздерді орынсыз қолдану. Мұндай **жасанды** да **жансыз** тіркестер шешен сөзінің сұрқын кетіріп қана қоймай, мағынасына да күңгірт реңк дарытады» [164, б.39]. Осыған орай, оқулықта төмендегідей тапсырма берілген:

Сөйлемдерден тілдік штамптарды, қажетсіз құрылымдарды, кеңсе сөздері (канцелярит) мен тіркестерін табыңыз:

1. Ағымдағы бағалардың артық екендігі дәлелденді. 2. Бар тәжірибелерді алмасу өте пайдалы болды. 3. Кейбір басшылар қажетті және толғағы жеткен мәселелерге көңіл аудармауда. 4. Басқарудың ескі әдістері дұрыс емес, қате деп табылды. 5. Біз сағат кешкі алтының о жақ, бұ жағында кездесуді ойлап отырмыз. 6. Өткен жылы жүгерінің будандастырылған тұқымының жеткіліксіздігінен оның өнімділігі биылғы жылмен салыстырғанда, анағұрлым төмен болды [8, б.43].

Көрсетілгендей, тапсырмаларды орындау арқылы білім алушы ауызша сөзінде жасандылықтан аулақ болады. Сондай-ақ оқулықта білім алушының ауызша сөз мәдениеті деңгейін анықтауға септігін тигізетін тест сұрақтары да берілген.

Б.Қапасованың «Тіл мәдениеті: шешендік өнер» атты оқулығында сөз

мәдениеті мен шешендік мәселелері қарастырылған. «Оқулық сөз мәдениеті мен шешендік өнердің тілдік ерекшеліктерін қоғам дамуымен қарастырады. Аталған нысанның негізгі теориялық мәселелерін түсіндіре отырып, практикалық тапсырма мен жаттығу жұмыстарымен бекітіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқулықтың тәжірибелік сипаты басым. Қазіргі қоғамға қажет іскерлік тіл оралымдары мен құрылымдарының ауызша үлгілерін қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері мен пікірталас мәдениетін игертуге бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар студенттердің өз бетімен дайындалуына мүмкіндік береді» [199, б.2].

Кесте 23 – Б.Қапасованың «Тіл мәдениеті: шешендік өнер» оқулығының тақырыптық-мазмұндық қамтылуы

Бөлім атауы	Қамтылатын тақырыптар
I бөлім. Қазақ тілі – ұлт тілі	1.1 Тіл мәдениеті және ұлттық мұрат 1.2 Ұлт тілі тарихының деректері 1.3 Тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметтері 1.4 Қоғамдық қатынастағы ұлттық тілдің мәні 1.5 Әлеуметтік-тұрмыстық қатынас тілі
II бөлім. Сөз мәдениеті	2.1 Ауызекі сөйлеу тілі 2.2 Жұрт алдында сөйлеу 2.3 Сөз қолдану мәдениеті 2.4 Сөз дәлдігі және тұрақты тіркестер 2.5 Сөйлеудегі сөз бен мағына бірлігі 2.6 Сөйлеудегі қосымша құралдар 2.7 Сөздің түсініктілігі, әсерлілігі, байлығы, тазалығы, сөз әдебі
III бөлім. Іскерлік қарым-қатынас тілі	3.1 Іскерлік қарым-қатынастағы ауызша сөйлеу тілі 3.2 Іскерлік қарым-қатынастағы жазба тіл үлгілері 3.3 Жеке адамға қатысты іс-қағаздар
IV бөлім. Шешендік өнер	4.1 Шешендік сөз түрлері 4.2 Шешен. Шешенге қойылатын талаптар 4.3 Шешендік сөздегі әдеби-эстетикалық ғибрат
V бөлім. Қазақ ұлттық шешендік өнер ерекшеліктері	5.1 Қазақ қоғамындағы белгілі шешендер мен билер 5.2 Мақал-мәтел. Нақыл сөздер 5.3 Шешендік толғау, терме
VI бөлім. Пікірталас мәдениеті	6.1 Пікірталасқа дайындық. Пікірталасты жоспарлау 6.2 Пікірталас және оның ерекшеліктері 6.3 Ойталқы 6.4 Пікірсайыс 6.5 Жарнама 6.6 Айтыс 6.7 Пікірталасқа қажет білім мен білік негіздері

Оқулықта берілген тапсырмалар жүйелілігімен ерекшеленеді. Атап

көрсеткенде, сөздің түсініктілігі тақырыбын бекіту мақсатында мынадай тапсырма берілген:

Мәтінді 5-сыныптың оқушысына түсінікті тілде қалай айтуға болады? Өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

Дербес лексикалық мағыналарын жоғалтқан түбірлерден жасалған аң-құс, жануарлар мен жәндіктер, сондай-ақ өсімдік атаулары біріктіріліп жазылады. Осы қатарға екінші сыңары ағаш (ағашы), бақа, балық, бүлдірген, гүл, жапырақ, жеміс, жидек, көк, қат, құрай, құрт, құс, от (оты), тамыр, томар, шешек деген сөздер болып келген өсімдік, аң-құс аттары да жатқызылды, өйткені жоғарыда көрсетілген сөздер нақты бір өсімдіктің, аң-құстың, жәндіктің атаулары емес, жалпы атаулар, сондықтан өзінің алдындағы сөзбен бірігіп қана белгілі бір нақты атауға айналып тұр: қарағаш, барқытағаш, қойбүлдірген, қарақат, тасбақа, қазоты т.б. Ал ағаш, гүл сияқты сөздермен келген күрделі атаулардың бірінші сыңары сол өсімдіктің, ағаштың атауын жеке тұрып та білдіретін болса, бөлек жазылады. Бұл ретте ағаш, гүл сөздері көбінесе тәуелдік жалғаулы болып келеді. Мысалы: алма ағашы, жаңғақ ағашы, астра гүлі т.б. (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі) [199, б.93-94].

Сөздің қатысымдық сапаларын меңгертуде олар туралы білім алушыларға тек теориялық мағлұмат беріп қоймай, оның іс жүзінде жүзеге асырылуын сезініп көрулері керек. Сонымен қатар олар өздерінің мұғалімдік кәсіби шеберліктерін де шыңдауға мүмкіндік бар.

Ауызша сөз мәдениеті мәселелерін қамтитын әдістемелік еңбектердің бірі – С.Медеубекұлының «Шешенсөз» атты оқу құралы. Автор өз еңбегі туралы: «Оқу құралында Ахмет Байтұрсынов айқындамасын жазып кеткен ауызша ақпарат айту арқылы қоғамдық санаға қозғау салу өнері – шешенсөздің зерттелуі, туу, қалыптасу сатылары тұңғыш рет сараланады, зерделенеді. Шешенсөздің анықтамасы және оған қатысты ұғымдар мен түсініктердің ғылыми қорытындылары жасалады», – деп сипаттама берген [133, б.2].

Автор еңбегінде А.Байтұрсынұлының терминдік ұғымдарын пайдаланады. Ол А.Байтұрсынұлының терминжасамдағы шеберлігін ерекше атап, дәлелдейді. Автордың әрбір теориялық тақырыптан кейін міндетті түрде пысықтау сұрақтарын, бекітуге арналған тапсырма, «Жадында жүрсін жақсы сөз», «Оңашада ой жүгірте оқуға» деген айдармен тақырыптың мазмұнын ашатын ақпараттарды беріп отыруы оқулықтың ерекшелігін көрсетеді. «Ауызша әдебиет жанрлары мен шешенсөз айтындарының сабақтастығы қандай?», «Дүниеге ауызша әдебиет туындысы бірінші келе ме, әлде шешенсөз айтыны бірінші келе ме?», «Қимылсөздің тарихи тамырының бүгінгі күнмен сабақтастығы бар ма?», «Ақпарат алу және ақпарат таратудың алғашқы тәсілдері және шешенсөз қажеттілігі», «Дәріс, ақыл, кеңес, сабақ, пікір, жарыссөз шешенсөздің қай түріне жатады?» деген тәрізді пысықтау сұрақтары білім алушылардың ауызша сөз мәдениеті жайлы білімдерін толықтыра түседі.

Ж.Молдабековтың «Шешендік» атты оқу құралы – соңғы жылдары жарық көрген, жаңа ғылыми-әдістемелік еңбектердің бірі. Авторға осы еңбегі үшін

«Ы.Алтынсарин атындағы сыйлығы» берілді. «Оқу құралында шешендік сөздің, өзін танытудың өрнегі, тарихи-идеялық негіздері, оның шығыстық, батыстық, өлкелік, ұлттық түрлері қарастырылған. Шешендікке арнайы танымдық-философиялық және қолтаңбалы тұрғыдан талдау жасалынған. Шешендік пен тіл, діл, дін арақатынасы, қазақ шешендігіндегі идеялық айтыс-тартыстар, тұлғалық ой жарысы, тілдесудің қиысыны, сұхбаттасу және үнқату мәселелері де зерделенген» [180, б.2]. Сондай-ақ ғалым шешендікті асқан «шешендікпен» сипаттайды. Солардың бірқатарын ұсынсақ: «Шешендік – ойлаудың шығыстық желісі», «Шешендік – жарыстағы күштілік», «Шешендік – шындыққа жету», «Шешендік – өзімен жұмыс істеу», «Шешендік – адамдықты ардақтау», «Шешендік – хаққа жол», «Шешендік – рухани кемелдік, рухани кемелдену», «Шешендік – жүрек ережесі», «Шешендік – өнер өрнегі мен өрісі» т.б.[180]. Осы сипаттаулар арқылы автор педагогикалық шешендіктің болмысын анықтаған деп түйіндеуге болады.

Зерттеуші Д.Әлкебаеваның «Сөз мәдениеті» оқу құралы жайында алдыңғы бөлімдерде баяндалған. Жалпы, еңбекте: «Бұл оқу құралы – тіл мамандарына арналған еңбек деп қана тұжырым жасауға болмайды. Себебі сөз мәдениеті – ұлттық мәдениеттің биік тұғыры, ұлт мәдениетінің негізгі өлшемі, басты критерийі болғандықтан, барша көпшілік қауымға арналады. Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық базасы мен тәжірибелік ұстанымдарын меңгертуге арналған әрі ғылыми-танымдық құрал ретінде ғылым-білім саласының қызметкерлеріне, қалың қазақ жұртшылығына, Қазақстанда өмір сүріп жатқан кез келген ұлт өкіліне арналған», – деп көрсетілген [9, б.8]. Оқу құралының болашақ ұстаздар үшін теориялық және практикалық құндылығы жоғары. Еңбекте ауызша сөз мәдениеті аспектісін де қамтитын, арнайы зерттелмеген, басы ашылып айтылмаған тың тұжырымдар да бар.

Кесте 23 – Д.Әлкебаеваның «Сөз мәдениеті» оқу құралының тақырыптық-мазмұндық қамтылуы

Бөлім атауы	Қамтылатын тақырыптар
1	2
I бөлім. Қазіргі сөз мәдениеті, оның тарихи тағдыры	1.1 Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі 1.2 Сөз мәдениетінің теориялық негізі – сөзтану саласы 1.3 Сөз және прагматика 1.4 Сөзтану ғылымының терминологиялық аппараты
II бөлім. Қазіргі сөзтану ғылымының ғылыми-теориялық мәселелері	2.1 Сөз және оның әлеуметтік рөлі 2.2 Сөз жанрлары 2.3 Сөйлеу стратегиясы мен тактикасы 2.4 Сөйлеу ситуациялары 2.5 Сөздің коммуникативтік сапалары

23-кестенің жалғасы

1	2
III бөлім. Сөйлеу қызметі	3.1 Сөз сөйлеу процесі 3.2 Сөйлеу актілері 3.3 Сөйлеу стереотипі 3.4 Сөйлеу этикасы 3.5 Сөйлеу әрекетіндегі бейвербалды амалдар туралы 3.6 Сөз және фоника 3.7 Сөз мәдениеті
IV бөлім. Сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі. Сөз экологиясы	4.1 Сөз мәдениетіндегі экологиялық мәселелер 4.2 Сөз экологиясы, оның кейбір аспектілері 4.3 Тіл саясаты 4.4 Мемлекеттік тіл саясатының өзегі – заңдарға лингвистикалық сараптама жүргізу 4.5 Тілдік сана 4.6 Жеке тұлғаның сөйлеу мәдениеті
V бөлім. Сөйлеу қателіктері	5.1 Сөйлеу қателіктерінің түрлері 5.2 Орфографиялық қателіктер 5.3 Орфоэпиялық қателіктер 5.4 Грамматика-морфологиялық қателіктер 5.5 Пунктуациялық қателіктер 5.6 Коммуникативтік норма қателіктері 5.7 Сөйлеу этикасы нормаларының бұзылуы 5.8 Логикалық қателіктер

Аталған тақырыптардың ішінде сөйлеудегі орын алатын қателіктердің дәлелді мысалдармен қамтылуы оқу құралының артықшылығы ретінде атап көрсетуге болады.

Ауызша тілді дамытуға қатысты мәселелер тек сөз мәдениетіне байланысты әдістемелік еңбектерде ғана емес, сонымен қатар «Жалпы білім беретін пәндер» цикліндегі «Практикалық қазақ тілі» пәні аясында жүргізіліп жүрген жұмыстардан да кездестіруге болады. Сондай оқу құралдарының бірінен үзінді келтіре кетейік:

Мына сөйлемдерді өз ойыңызбен (ауызша) аяқтаңыз. Әрбір сөйлемге бірнеше нұсқа ұсынсаңыз болады.

«Кең байтақ даланы көргенімде

Бұршік атқан талдарды көргенімде

Жаңа шыққан көк шөпті көргенімде

Жайнаған гүлдерді көргенімде

Жануарды көздеген аңшыны көргенімде

Бұтағы сынған ағашты көргенімде

Суы тартылған теңізді көргенімде» [200, б.110].

Нобель сыйлығына лайықты қазақ ғұламаларының тізімін көрсетілім

түрінде әзірлеңіздер. Неге сол адамдарды таңдадыңыздар? Дәлелдеңіздер [200, б.145].

Мына төмендегі мақал-мәтелдерден шылауларды тауып, беріп тұрған мағыналарын ажыратыңыздар.

- 1) Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам.
- 2) Ит иесі үшін жүгіреді,
Құс тамағы үшін ұшады.
- 3) «Көктемде бір тойдым,
Көбік қарда бір тойдым» депті-міс тоқты.
- 4) Ет жақсысы қарта-ды,
Ол да нәсіліне тартады.
- 5) Жарлы болсаң да, арлы бол [201, б.143-144].

Берілген тапсырмалар білім алушылардың сөйлеуін дамытуға бағытталған. Мысалы, бірінші тапсырмада сөздің логикалық құрылымын сақтауға, тапқырлыққа үйретсе, екіншісінде шаршытоп алдында сөйлеу өнерін қалыптастырады. Ал үшінші тапсырма тек шылауларды ғана тауып қоймай, сондай-ақ мақал-мәтелдердің мағынасын ашып, оны есте сақтайды. Осы тектес жаттығуларды қазақ тіл білімінің басқа да салаларын меңгертетін пән оқу құралдарынан табуға болады. Айталық, М.Жолшаеваның «Функционалды грамматика» оқу құралында мынадай пысықтау сұрақтарының үлгісі бар:

1) «Жағдаят» дегенді қалай түсінесіз? 2) Сөйлеу жағдаяты деген не және оған нелер жатады? 3) «Категориалдық жағдаят» терминін ғалымдар қалай анықтайды? [104, б.60].

Берілген сұрақтар білім алушыларға сөйлеу әрекетін функционалдылық аспектісінен тануға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, ауызша сөз мәдениеті «Сөз мәдениеті» немесе «Шешендік» пәндерінің аясында ғана оқытылмауы тиіс. Ол – үздіксіз үдеріс болғандықтан, оны әр оқытушы өз пәнінің негізінде кешенді түрде жүргізуі керек деп есептейміз.

2.2 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Қазіргі кезде психология мен педагогика ғылымдарында жасалынған жұмыстың нәтижесін көрсету үшін модельдеу әдісі жиі қолданылып келеді. Модельдеу әдісінің өзегі болып тұрған «модель» ұғымы ғылым саласының барлығында қолданылады. Модель – сызба, таңбалық форма немесе физикалық конструкция жүзінде жасалынған жасанды нысан. Басқаша айтқанда, біздің көздеп отырған мақсатқа жету жолымызға қысқаша беретін сипаттама.

Білім саласындағы модельдерді зерттеуші В.Ильин модельге деген бірнеше талаптар қояды: біріншіден, модель зерттелетін құбылыс немесе үдерістің бүтіндігін көрсетуі керек; екіншіден, оның жүзеге асу шарттары мен пайдаланылатын құралдарына сипаттама беруі тиіс; үшіншіден, ол жүйелі түрде құрылуы қажет [202, б.76].


Зерттеулерде модельдерді шартты түрде үш түрге бөлу ұсынылған: физикалық (моделі жасалынып отырған нысанға өте жақын), математикалық (нысаннан гөрі оған әсер етуші ішкі және сыртқы факторларға көбірек мән беріледі) және логика-семиотикалық (нысан мен оның құрамдас бөліктерін сызба арқылы беру) [203, б.217]. Сондай-ақ ғылыми зерттеу тұрғысынан модельдеу қарапайым және күрделі болады. Қарапайым түрі арнайы дәлелді зерттеуді қажет етпейтін, тек нысанның ерекшелігін көрсету үшін түрлі сызбалар, кестелер т.б. арқылы беріледі. Күрделі модельдеу нысанды толыққанды зерттеп, оның басқа белгілерімен өзара салыстыра жасалады. Аталған модель типтерінің арасында қатаң тәртіп жоқ, яғни бір мақсатқа жету үшін екі модель типтерін де қосып пайдалануға болады. Педагогикалық модельлогика-семиотикалық модельге және зерттеу тұрғысынан қарапайым да, күрделі түріне де жатуы мүмкін.

«Педагогикалық модель – зерттеу нысанының сапаларын, белгісін, сипаттамасын, тәжірибеге негізделген оның жұмыс істеуін ұйымдастыру ұстанымдарын қамтып көрсететін мазмұндық жүйе. Педагогикалық модельдердің өзі мазмұндық және құрылымдық түрлерге бөлінеді. Мазмұндық модельдер – зерттелетін педагогикалық нысанның мазмұны ретінде танылатын педагогикалық модельдің түрі. Ал құрылымдық модельдер зерттелінетін педагогикалық нысанның құрылымы ретінде танылады» [204, б.84-85]. Педагогикалық модельдеу мәселесіне көптеген ғалымдар зерттеу жүргізуде. Олардың түпкі мақсаты – педагогикалық модель мазмұнын, оның құрамдас бөліктерін, модельдеу кезіндегі қиындықтарды анықтау. Біз өз зерттеу жұмысымызда, яғни филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру үдерісін модельдеу барысында П.Балабанов [205], Н.Борытко [206], А.Дахин [207], Д.Джонс [208], Я.Дитрих [209], Е.Заир-Бек [210], Д.Крамер [211], Е.Кручай [212], М.Невзоров [213], В.Радионов [214], С.Суворова [215], Н.Яковлева [216] т.б. зерттеушілердің еңбектерін негізге алдық. Аталған ғалымдардың зерттеулерін саралай келе, педагогикалық модельдеу үдерісінің төмендегідей кезеңдері болатыны анықталды:

24-кесте. Педагогикалық модельдеу кезеңдері

Кезеңдер	Мазмұны
Дайындық	1) модельдеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау; 2) мақсатқа жетуге қажетті факторларды нақтылау; 3) жетекші ойдың құрылымын түзу.
Зерттеу	модельдеу нәтижесін жобалау
Технологиялық	1) педагогикалық нысанның нақты моделін құрастыру; 2) педагогикалық нысанға қажет әдіс-тәсілдерді таңдау; 3) міндеттерді шешуге бағытталған бағдарлама жасау.
Жүзеге асыру	1) модельді толығымен құрастыру; 2) шынайы нәтижені күтілетін нәтижемен салыстыру; 3) модельдеу барысында жүргізілген жұмыстарды қорытындылау.

Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауда қазіргі таңда оқытушыларға қойылатын төмендегідей талаптарда ескерілуі қажет.




Сурет 22 – Жаңа заман ұстазына қойылатын талаптар [217, б.22]

Оқытушының коммуникативті құзырлығы (құзыреттілігі) басқа құзыреттіліктерінің жүзеге асуына қызмет етуі қажет. Сондықтан ауызша сөз мәдениетін оқытуды педагогикалық модельдеуде аталған қағидалар басшылыққа алынады.

Әрбір педагогикалық модель бір мақсатты көздегеніндей, әрқайсысының өзіндік жасалу тұжырымдамасы болады. Бірқатар философия және

педагогикалық әдебиеттерді саралау барысында «тұжырымдама» ұғымының екі мағынасы бары анықталды. Біріншісі – тұжырымдаманы педагогикалық зерттеудің базалық идеясы дегенді айтса, екінші мағынасы ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін ұсынуды қамтиды. Зерттеу жұмысымызда тұжырымдаманы зерттеліп отырған нысанды жан-жақты ашатындай маңызды тұжырымдардың жиынтығы деп есептеп, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың төмендегідей тұжырымдамасын ұсынамыз:




Сурет 23 – Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасы

Ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасының басты мақсаты әрбір білім алушының танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, болашақ мамандардың, алдымен ауызша сөз дағдысын, содан соң ауызша сөз жүйесі мен құрылымын дамыту болып табылады. Ол үшін тұжырымдамаға жүйе, педагогикалық әрекет, үдеріс және кәсіби-педагогикалық дайындық компоненті тұрғысынан қарастырудың маңызы зор.

Аталған тұжырымдаманың негізінде «ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделі» жасалды. Яғни тіл – сөз – сөйлеу

арақатынасын жете түсінетін, ауызша тілдің ұғымдық аппаратын білетін, ауызша тіл мен жазба тілдің қолданыстағы ерекшеліктерін ажырата алатын, ауызша тіл сатыларын (ауызекі, бейтарап және әдеби) толық меңгерген, ауызша сөз мәдениетінің қалыптасу мен даму кезеңдерінен (бастапқы, аралық, қорытынды) өткен, ауызша сөз үлгісіне талдау жүргізетін, ауызша сөз мәдениетінің нормалық (орфоэпиялық заңдылықтар бойынша) және жүйетүзушілік, этикалық аспектілерін сезінетін, сөздің қатысымдық сапаларын орынды қолданатын, тілдік сезімі дамыған, педагогикалық дискурсқа қатысушы ретінде өз рөлін айқындаған және ең бастысы, ауызша сөз мәдениетін дамытуға деген қажеттілікті сезінетін білім алушының үлгісі шығады.



Сурет 24 – Ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделі

Зерттеу жұмысымызда жоғарыда көрсетілген педагогикалық модельдерге сүйене отырып, жоғары оқу орнында ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың төмендегідей мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды:



Сурет 25 – Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Берілген мазмұндық-құрылымдық модельді жүзеге асыру үшін біздің

тарапымыздан 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының білім алушыларына арналған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» элективті курсы ұсынылды. Ол элективті курстың мазмұны жинақталып, соның негізінде «Сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс» атты оқу-әдістемелік құрал жарыққа шықты (Қосымша Ғ).

Сондай-ақ пән ауызша сөз мәдениетімен қатар, білім алушының бойында жазба мәдениеттің де дамуын көздегендіктен, пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспарында жазба сөз мәдениетін жетілдіруге бағытталған дәрістер мен тапсырмалар жүйесі қамтылады.

Кесте 25 – «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарындағы дәрістер тақырыбы

р/с	Дәріс тақырыбы	Дәрістің қысқаша мазмұны
1	Сөз мәдениеті және шешендік. Қазіргі теориялық концепциясы. Пәнге қойылатын мақсаттар мен міндеттер	Пәннің мақсаты пен міндеті. Сөз мәдениеті мен шешендіктің қалыптасу тарихына шолу. Қазіргі зерттелу жайы. Пәннің өзге салалармен байланысы. Глоссарий. Негізгі әдебиеттер. Пәннің теориялық концепциясы
2	Тіл – сөз – сөйлеу қатынасы, ұғымдық ерекшеліктері. Ауызша тіл мен жазба тілдің арақатынасы. Ауызша тілдің түрлері	«Тіл», «сөз», «сөйлеу» туралы айтқан ғалымдардың тұжырымдамалары. Олардың халық және ұлт зиялыларының санасындағы көрінісі. Ауызша тіл мен жазба тілдің тілдік және тілдік емес белгілері. Ауызша тілдің ауызекі, бейтарап және әдеби түрлері
3	Ауызша сөз мәдениеті, оның зерттелу аспектілері. Тілдік норма түсінігі және оның ауызша сөз мәдениетіне қатысы	Ауызша сөз мәдениеті және оның нормалық, қатысымдық, этикалық аспектілері тұрғысынан қаралуы. Сөздің қатысымдық сапаларын ауызша тіл мысалдарының негізінде түсіндіру. Норма мен жүйе түсінігінің аражігін ажырату
4	Ауызша сөз мәдениетіндегі коммуникативтік мақсат, сөз стратегиясы, тактикасы, амалдары. Педагогикалық дискурс ұғымы.	Ауызша сөз мәдениетінің прагматикалық қыры. Коммуникативтік мақсат түсінігі, оны жүзеге асыруда қолданылатын стратегиялар мен тактика түрлері. Дискурс ұғымы, оның түрлері. Педагогикалық дискурстың негізгі тіректері
5	Сөйлеу әрекеті түрлері. Олардың ауызша сөз мәдениеті мен педагогикалық дискурспен байланысы	Сөйлеу әрекеті түрлері туралы түсінік. Олардың педагогикалық дискурстағы орны мен маңызы. Ауызша сөздегі тыңдаушы мәдениеті. Дұрыс тіл табыса білудің шарттары. Тіл табысудағы сәтсіздіктердің себептері
6	Шаршытоп алдындағы сөз мәдениеті. Педагогикалық шешендіктің жанрлық түрлері.	Шаршытоп алдындағы сөз типтері мен түрлері. Шаршысөз құрылымы. Сөз сөйлеуге дайындық және сөз алу. «Жақсы сөз» сөйлеудің алғышарттары. Сөзді диалогтендіру.
	Классикалық сөз үлгісі. Қазіргі қазақ тілдік тұлғаларының сөз саптау	Қазақ шешендігінің қалыптасу кезеңдері. Өткен және бүгінгі қоғам, қайраткерлері мен тілдік тұлғалардың үздік сөйленген ауызша сөздеріне талдау жұмысын

25-кестенің жалғасы

р/с	Дәріс тақырыбы	Дәрістің қысқаша мазмұны
	мәдениеті. Олардың мұғалім тілдік тұлғасының қалыптасуына әсері.	жүргізу. Үздік педагогикалық сөйленіс. Сөйлейтін сөздің мазмұнын құру, сөз тақырыбы мен мақсаты, сөз композициясының тәсілдері.
8	Сөйлеу техникасы. Артикуляция мен дикция. Қазақ сөз ағымының ерекшеліктері	Сөйлеудің ішкі және сыртқы техникасы. Жеке дыбыстарды айту нормасы: қазақ дыбыстарының сыры. Қазақ орфоэпиясындағы үндесім және үйлесім. Екпін. Сөз ағымы бірліктері. Интонацияның қарым-қатынастағы рөлі. Қазақ сөз сазының ерекшеліктері. Сөз ағымындағы кідіріс түрлері. Сөйлеу қарқыны. Қарқынның сөз мазмұнын жеткізудегі рөлі.
9	Бейвербалды амалдар мен түрлері. Олардың шаршытоп алдында сөйлеу мен педагогикалық дискурстағы маңызы	Бейвербалды амалдар түсінігі. Қазақы қимыл, ым-ишараттар. Педагогикалық дискурста қолданылатын бейвербалды амалдар және олардың маңызы.
10	Сөз әдебі – ауызша сөз мәдениетінің құрамдас бөлігі. Сөз әдебі және ұлттық таным.	Сәлем – сөздің анасы. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі. Қаратпа сөз әдебі. Қазақы қаратпалар.
11	Ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудағы лингвоэкологияның маңызы. Тілдік орта мен тілдік тұлға. Тіл саясаты.	Лингвоэкология бағыты мен оның зерттеу нысаны. Ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудағы лингвоэкологиялық зерттеулердің пайдасы. Интерференция: басқа тілдің әсері. Қостілділік пен үштілділіктің адамның когнитивтік санасына әсері.
12	Тілдік сәтсіздіктер, олардың себептері. Оны педагогикалық дискурста болдырмаудың жолдары	Уәжді және уәжсіз ауытқулар. Ауызша сөздің дайындықты және дайындықсыз типтері. Әсіре ресмилік.
13	Өзге функционалды стильдердің ауызша тілдегі көрінісі. Шаршытоп алдында көркемсөз стилінде сөйлеу. Шаршытоп алдындағы ғылыми-көпшілік сөз. БАҚ және ауызша сөз мәдениеті. Іскери сөз.	Қазіргі іскери сөзге қойылатын талаптар. Көркемсөз стилінде ойды жарыққа шығару тәсілдері. Қанатты сөздер, плеоназм, тавтология, лаконизм, лексикалық жетімсіздік, стилистикалық қателік, экспрессивті лексика ұғымдарымен жұмыс. БАҚ ауызша тіліндегі сәтті және сәтсіз қолданыстар. Арнаулы тіл ұғымы. Ғылыми сөздің жанрлық, стильдік ерекшеліктері. Ғылыми ауызша сөз сөйлеудің алғышарттары мен талаптары
14	Жазба сөз мәдениеті және жазба риторика	Жазба сөз мәдениетіне қойылатын талаптар. Үздік жазба сөздің құрылымы
15	Жазу мәдениетіндегі орфографиялық норма	Сөздердің бірге/бөлек жазу нормасы. Бас әріп. Жазба мәтіндегі пунктуациялық ережелер

Аталған мазмұндық-құрылымдық модельді жүзеге асыру үшін алға қойған міндеттер бірнеше кезеңдерге сәйкес орындалды. Ол кезеңдерді өз мақсатымызға қарай өңдеп, оның модельдеу алды, негізгі, рефлексивті және

түзетуші секілді түрлерін ұсындық.

1-кезең – Модельдеу алды

Қадамдар: модельдеу нысанының жайын зерттеу; мақсатты айқындау мен оған жетуге бағытталған міндеттерді нақтылау; модельдеу әдіснамасын жасау; ұғымдық аппаратын түзу; модельдеудің стратегиялық бағытын бағдарлау; күтілетін нәтижені жобалау.

Мазмұны: ауызша сөз мәдениетінің (соның ішінде филолог-студенттердің) қазіргі жайын зерттеу; білім алушыларға ауызша сөз мәдениетін меңгертудің әдістемелік кешенін құрастыру; мақсатқа жетуге қажетті әдіс-тәсілдерді анықтау.

2-кезең – Негізгі

Қадам: жоспарланған міндеттерді жүзеге асыру, апробация.

Мазмұны: ауызша тілдің теориялық базасын меңгерту; білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру, дамыту немесе шыңдау.

3-кезең – Рефлексивті

Қадам: жасалған жұмысты қорытындылау.

Мазмұны: алынған нәтижені бастапқы күтілген нәтижемен салыстыру; жүргізілген жұмыс бойынша білім алушылардан кері байланыс алу және оларға сараптамалық қорытынды жасау.

4-кезең – Түзетуші

Қадам: жасалған қорытынды нәтижесі бойынша жұмыс жүргізу.

Мазмұны: апробация немесе білім алушылардан кері байланыс алу барысында анықталған әрі түзету қажет ететін мәселелермен жұмыс істеу; ауызша сөз мәдениетінің әдістемесін жасаудағы нәтижелерді жариялау.

Қорыта айтқанда, нысанға жету үшін жасалған құрылымдық-мазмұндық модель – өте күрделі, кешенді әрі жүйелі құбылыс, үдеріс. Сондықтан ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің үлгі моделіне қол жеткізуде мазмұндық-құрылымдық модельдеудің әрбір кезеңін барынша тиімді жүзеге асырудың маңызы зор.

2.3 Ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңа әдістері

Оқыту технологиялары мен әдістері әдістемелік жүйенің маңызды компоненттері болып саналады. Дамыта оқыту теориясына сәйкес, оқытушы мен білім алушының оқу үдерісін бірге ұйымдастыруын және ең бастысы, оқу міндеттерін бірге шешуін әдіс деп түсінеміз. «Әдіс – оқыту үдерісінің өзегі, алға қойған мақсат пен жеткен шынайы нәтижені байланыстыратын құрал» [218, б.470].

Әдістерді топтастырудың бірегей классификациясының болмауы оқу үдерісінің күрделілігімен және жекелеген пән ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Осындай классификациялардың бірнешеуін келтіріп өтейік:

1) *Білім алу көзіне байланысты* (Н.Верзилин, Е.Голант, Д.Лордкипанидзе, Е.Перовский т.б.):

- сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, баяндау, кітаппен жұмыс т.б.);
- көрнекілік (бақылау, иллюстрация т.б.);

- практикалық (жаттығу, практикалық тапсырма).

2) *Білім алушылардың танымдық әрекетінің сипатына қарай* (И.Лернер, Н.Скаткин):

- ақпараттық-рецептивті;
- репродуктивті;
- жартылай ізденушілік (эвристикалық);
- зерттеушілік [219, б.25].

3) *Дидактикалық міндеттерге сәйкес* (М.Данилов, Б.Есипов):

- білім алуға;
- біліктілік пен құзыреттіліктерді қалыптастыруға;
- алған білімді қолдануға;
- шығармашылық қабілетті жетілдіруге;
- білімді бекітуге;
- білімді тексеру мен бағалауға бағытталған әдістер [220, б.157].

4) *Іс-әрекеттің тұтастығы тұрғысынан* (Ю.Бабанский):

Оқуға ынталандыру әдістері:

- 1) оқуға деген қызығушылықты арттыру;
- 2) оқудағы жауапкершілік пен міндеттілік сезімдерін қалыптастыру.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен оны жүзеге асыру әдістері:

1) перцептивті (оқу ақпаратын сезіну арқылы жеткізу (оқытушы) мен қабылдау (білім алушы), сөздік, көрнекілік, аудиовизуалды, практикалық әдістер;

2) логикалық (логикалық танымды жетілдіруге бағытталған) әдістер;

3) гносеологиялық (ойлауға бағытталған) әдістер;

Бақылау (оқытушы) мен өзін-өзі бақылау (білім алушы) әдістері [221, б.9].

5) *Оқу үдерісінің мотивациялық факторын дамытуға негізделген әдістер жүйесі* (Ю.Чернова):

Кесте 26 – Оқу үдерісінің мотивациялық факторын дамытуға негізделген әдістер жүйесі [222, б.56].

№	Оқыту әдістері	Оқу мотивациясын қалыптастыру жолдары
1	Оқытудың ақпараттық-танымдық әдістері (әңгімелесу, дәріс, иллюстрация, хабарлама, кинокөрсетілім, саяхат, сұхбат, атақтыадамдармен кездесулер ұйымдастыру т.б.)	Қызықты фактілер келтіру, ғалымдар өмірі мен еңбектерімен таныстыру, пікірталас
2	Дағдылы әдістер (кітаппен жұмыс, тірек-сызбалар, жаттығу жұмыстары, практикалық тапсырмалар, тренингтер, өзіндік жұмыстар т.б.)	Тілдік жағдаят тудыру, топтық жұмыс, ынталандыру
3	Шығармашылық оқыту әдістері (Сократ моделі бойынша әңгімелесу, жекелеген жағдаяттарды талдау, іскерлік ойындар, дөңгелек үстел, т.б.)	Инновациялық білім технологияларын пайдалану, АКТ-ны қолдану
4	Бақылау және кері байланыс әдістері (семинар, конференция, симпозиум, бақылау түрлері, емтихан, курстық жұмыс, бітіру жұмысы, реферат, сауалнама т.б.)	Алған білімді бекіту, жеткен жетістіктердің көрсеткіштері, марапаттау

Зерттеу жұмысында И.Лернер мен Н.Скаткиннің классификациясы басшылыққа алғанымен, әр бөліністің өзіндік ерекшеліктері де ескерілді.

Фиололог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты ғылыми курсы дәріс, семинар, білім алушының өздік жұмыстары мен білім алушының оқытушымен жасайтын жұмыстарын қамтиды. Әрқайсысы мақсатына жету үшін оқытушы тарапынан білім мазмұнын беретін оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдер дұрыс таңдалуы керек. Пәнді меңгерту барысында бірқатар жаңа әдістер қолданылды. Атап айтқанда, болашақ мұғалімдердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда жоғары нәтижелерге жеткен әдістердің бірі – **үлгісөздердің** (үлгі сөз – сөздің сапалық ерекшелігін көрсету мақсатында қолданылса, бөлек жазылады; ал тұтас бір ұғымның атауы болғанда бірге жазылады) **негізінде оқыту** болды. Үлгі сөз – кез келген тілдік тұлғаның үздік сөйленген сөзі. Жалпы, тілдік тұлға осы терминді ғылыми айналымға енгізген В.Виноградовтың кезінен бастап тілшілердің зерттеу нысанына айналғаны белгілі. Тілдік тұлға туралы ойлар И.Бодуэн де Куртенэнің зерттеулерінде де кездеседі. Қазіргі кезде тілдік тұлғаға бағытталған зерттеу жұмыстары лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық және лингводидактикалық бағытта жүргізіледі. Осылардың ішінде үлгісөздерді зерттеу лингвистикалық бағытта ұстанса, үлгісөздердің негізінде оқыту лингводидактикалық бағытты ұстанады.

Әр адамның табысқа жету жолы әртүрлі. Дегенмен жетістікке жету феноменін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, табысты адамдардың барлығына ортақ дүние – шаршытоп алдында сауатты әрі әсерлі сөйлей білу өнері. Демек, үлгі сөз иелерін шешен деп атаймыз. «Шешен сөзі қырғыз, қарақалпақ, өзбек, башқұрт тілдерінде де қазақ тіліндегідей мағынада қолданылады. Түркі тілдерінің бұл тобында шешен сөзінен туындаған *шешенсу*, *шешенсіну* сөздері кездеседі. Өзбек тілінде «чечан» сөзінің «неге болса да ұста, шебер», тува тілінде («чечен») «әдемі, көркем» деген қосымша мағыналары бар. Моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде *кәкен*, *сэсэ(н)*, *цэцэ* сөзінің «данышпан», «ақылгөй», «дана», «тапқыр» деген мағыналарымен қатар, «мерген» деген мағынасы да бар. Чечен (сасан) сөзінің бұл мағыналары алтай, якут, тува тілдерінде де кездеседі» [223, б.222]. Сонымен, шешен дегеніміз – ой-санасымен белсенді, мінез-құлқымен төзімді, өмірлік пайымы мол, әсерлі, әдемі, бейнелі көркем тілімен оқырмандарының бойын билеп әкетерлік әсер ететін, тыңдарманды бір нәрсеге сендіріп, бір нәрсеге ұмтылдыратын, ойлы сөзге тапқыр, талпынысқа ынта-ықыласы басым тұлға [180, б.117].

Демек, адамның жағымды қасиеттерінің бірі ауызша сөз мәдениетіне байланысты екенін байқадық. Оған А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, Қ.Сәтбаев, Қ.Жұбанов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов т.б. секілді қазақ зиялыларының үлгі сөздері дәлел. Оқу үдерісінде олардың сөйлеу мәдениетін өмірлерінен үлгілер келтіре отырып дәлелдеу өте тиімді. Мысалы, кезінде «Қ.Сәтбаев қасиеті хақында ой тармақтай келіп, әлемге әйгілі Әуезов ғұламаның алуан мамандық иелерімен өз тілдерінде үндесе, ұғыса білетіндігін былайша баяндайды: «Сан сала білімнен көп дерегі, білімі бар. Қаныштың бір үлкен ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және


тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі» [219, б.25].

Оқытушының бойында да осы секілді қасиеттің болуы керегі анық. Себебі оқушылардың арасында жоғарыда келтірілген Қ.Сәтбаевқа қатысты мәтіндегідей болашақ атақты химик, биолог, физик, филолог отырулары мүмкін. Олардың әрқайсысымен тіл табыса білудің негіздерімен болашақ мамандарды жоғары оқу орнында оқу үрдісінде қаруландырамыз.

Эксперимент барысында «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс білім алушыларынан «Қазақ үлгісөз иесі ретінде кімдерді білесіз?» деген сауал қойылды. Нәтижесінде, студенттердің жауаптарында Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, М.Шаханов, Б.Тілеухан, М.Тазабек, М.Мырзахметұлы, М.Жолдасбек, Ә.Байменов, И.Тасмағамбетов, Р.Зайтов, Қ.Сарин, Б.Имашев, Б.Нұржекеев, С.Майғазиев, Қ.Әбілдина, Д.Нұржігіт, Д.Төлепберген, А.Осман, А.Жұмаділдаев т.б. қоғамда белгілі тұлғалардың есімдері аталған. Кейбір білім алушылар өз оқытушыларынан тап көрсеткен. Бүгінде қоғам, әсіресе, жастар үлгі сөздерге зәру. Үлгі сөздер ертеден қажеттіліктерден туындаған. Оған дәлел ретінде танымал әншілер Instagram парақшаларына өздерінің берген сұхбаттарын жариялағанда, тіркелушілерге ұнаса: *«Сіз қазақша сөйлегенде, жаным рақаттанады», «Сен секілді «таза» қазақша сөйлейтіндер көбейсе зой», «Қалайша, сіз адамның жетер жеріне жеткізіп сөйлейсіз!», «Сіз сөйлегенде, қазақ екеніме мақтанамын»* секілді жазбаларды оқуға болады. Жазғандары немесе сұхбаттары сәтсіз шыққан жағдайда: *«Осы сіз қазақша сөйлемей-ақ қойыңызшы»* немесе *«Қазақтың сөзін қор қылдыңыз-ау!»* деп халық өз бағасын беріп жатады.

Филолог-студенттерге үлгісөздерді жалаң түрде тыңдатпай, мүмкіндігінше ***бейнежазбаларды да көрсету әдісін*** қолданған тиімді. Себебі бейнежазбаны көру арқылы студент сөйленген сөзді тыңдап қана қоймай, оның көрермен, тыңдаушылармен байланыс орнатуын, сөйлеу барысында қолданған бейвербалды амалдарынан да хабардар болып отырады. Сондай-ақ әдістің тиімділігін арттыру үшін үлгісөзді тыңдау немесе көру барысында оны құрылымына талдау жұмыстарын жүргізуге болады. Осы ретте пәннің жүргізілуі барысында 30-ға тарта үлгісөз дискіге түсіріліп, жинақталып, оқу үдерісінде тиімді пайдаланылды. Болашақ тіл мен әдебиет мамандарының ауызша сөз мәдениетімен қатар, шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістердің бірі – **постерлерді қолдану**. Постер, негізінен, ғылыми айналымға жарнама саласынан келген. Яғни постер дегеніміз – ауқымды мазмұнды ақпаратты көрнекі түрде қысқаша жеткізу. Постер әдісінің ерекшелігі – оны барлық пәннің аясында қолдануға болатындығында. Постерлер қолданылу мақсатына қарай, кең көлемді және шағын болады. Кең көлемді, көбіне, студенттің өздік жұмыстарын орындауға пайдаланылады. Шағын постерлер күнделікті семинар сабақтары барысында қолданылады. Пәнімізде қамтылған «Шаршытоп алдындағы сөз мәдениеті. Педагогикалық шешендіктің жанрлық түрлері» тақырыбын игеру барысында 2-курс филолог-студенттеріне мынадай тапсырма берілді: *Студенттер 3-4 адамнан тұратын шағын топтарға бөлінеді. Әрқайсысына қазақ мақал-мәтелдері таратылып беріледі. Білім*

алушылар нақыл сөздің мағынасына шатындай сурет салып, оны қорғауға дайындалады. Дайындыққа 10-15 минут уақыт беріледі. Нәтижесінде, студенттер шаршы топ алдындағы сөз мәдениеті талаптарын ескере отырып, педагогикалық шешендіктің жанрлық түрі – түсіндіру әдісінің озық үлгісін көрсетулері керек. Аталған әдісті пайдалану барысында филолог-студенттер төмендегідей постер үлгілерін қорғады:




Сурет 26 – Білім алушылардың «Жылтырағанның бәрі алтын емес» мәтеліне қорғаған постер үлгісі



Сурет 27 – Білім алушылардың «Қойшы көп болса, қой арам өледі» мәтеліне қорғаған постер үлгісі



Сурет 28 – Білім алушылардың «Сиырдың басына туған күн бұзауға да туады» мәтеліне қорғаған постерінің үлгісі



Сурет 29 – Білім алушылардың «Семіздікті қой ғана көтереді» мәтеліне қорғаған постерінің үлгісі

Постерді қорғау барысында студенттер өзара бағалау әдісін қолданады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қолданылып жүрген **интербелсенді әдістер** ауызша сөз мәдениетін оқытуда аса тиімді [224, б.25]. Осыған сәйкес, бағалауда түрлі стратегиялық әдістер («Екі жұлдыз, бір тілек», «SWOT талдау» т.б.) пайдаланылады. Білімді бағалауда топ мүшелерінің сөздің қатысымдық сапаларын сақтап, сөздерінің құрылымдық мазмұнының дұрыс құрылуы секілді талаптарға сай жауап бергендері ескеріледі.

Оқу барысында тиімді қолданылып жүрген әдістердің бірі – **портфолио**. «Портфолио – студенттің семестр бойы орындаған жұмыстары мен жетістіктерінің нәтижесі және оның дәлелі. Аталған әдіс студенттердің білімін қорытынды әрекет бойынша бағаламай, үдеріс бойынша бағалауға мүмкіндік береді. Портфолио білім алушы мен оқытушының мақсатына қарай *меншікті* (студенттер өздеріне құрастырады), *есеп беру* (студенттер оқытушы бақылауымен құрастырады) және *жоба-портфолио* (студенттер өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін құрастырады) болып бөлінсе, мазмұны бойынша *жетістіктер* (студенттердің белгілі бір уақыт аралығындағы жұмыстары), *ой-толғаныс* (студенттердің көзделген мақсаттарға жетуін бағалау), *өзекті мәселені шешуге бағытталған* (өзекті мәселені шешудің мақсаттарын, шешу үдерісі мен нәтижелерін көрсететін барлық материалдар) және *тақырыптық* (белгілі бір тақырып аумағында студенттердің жұмысын көрсететін материалдар) портфолиосы болады» [225, б.186-189]. Тәжірибеде филолог-студенттерге өзекті мәселені шешуге бағытталған портфолионы жасатуға баса мән берілді. Нәтижесінде, білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыруға байланысты портфолиоларының мазмұны мынадай жұмыстармен толықтырылды:

- топтық жұмыс нәтижелері;
- шығармашылық жұмыстар;
- ауызша тілге қатысты сауалнамалар мен оларды талдау нәтижелері;
- тақырып бойынша өздік тапсырмалар;
- оқытушының тапсырмасымен жинақталған түрлі аудиожазбалар, бейнежазбалар;
- өзін-өзі бағалаулары;

- тақырып бойынша ізденіп оқыған еңбектердің тірек жазбалары;
- пән тақырыптары бойынша жасалған баяндамалар.

Портфолио арқылы студенттің оқу материалын игеріп-игермегенін ғана емес, оның пәнді қалай игергенін, қандай тақырыптар бойынша толықтыруды қажет ететінін анықтауға болады.

Білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін эстетикалық тұрғыдан дамытатын әдістердің бірі – көркем **мәтін арқылы дамыту**. Әдісті жүзеге асыру барысында мәтінді таңдауға ерекше мән берілді. Ол мәтін ауызша сөйлеу тіліне жақын жазылған болуы керек. Ондай мәтіндердің мазмұнын, негізінен Алашорда қайраткерлері шығармалары құрайды. Сол кезеңдегі зиялылардың тілін зерттеуші, профессор Б.Момынова олардың тілдік құрылымға енгізген ерекшеліктері ретінде «ауызша тіл элементтерінің өңделіп отыруы мен жазба тілдік құрылымдардың араласып келіп отыруын» атап өтеді [226, б.44]. Мысалы, «Бейімбет Майлин әңгімелері қазақ прозасының алғашқы үлгілерінің бірінен саналады. Қазақ прозасының алғашқы үлгісі Майлин шығармаларын қазіргі көркем әдебиет үздігі санауымыздың бір себебі – ондағы ауызша сөйлеу тілі мен оның элементтері қолданылуының ерекшеліктеріне байланыстырамыз. Осы орайда біз пәнді сөйлеу тілі мен көркемсөз стилін ұштастырған үлгі мәтін «Шұғаның белгісінен» бастаймыз. «Шұғаның белгісінде» айтылмаған не қалды дерсіз? Әрине, осыдан тура 102 жыл бұрын 16 жасар жас жігіттің қаламынан туған, бір демде оқылып, әсері айықтырмайтын, кезінде академик-жазушы Ғ.Мүсірепов пен академик З.Қабдоловты тамсандырған және ол кісілердің қаламынан өзі сияқты ғажап талдау тудырған 22 беттен тұратын шығарма туралы көп айтылды. Бейімбет Майлин деп, Шұғаны көп айттық. Сонда жазушының тілінде бір оқығанда, «Әттең, бітіп қалғаны-ай!» деп өкінетіндей не бар? Сөйтсек, мұнда XX ғасыр басындағы қазақтың ауызша әңгіме айту дәстүрі, қаймағы бұзылмаған қазақтың ауызша әдеби сөйлеу тілі бар екен. Яғни оның негізінде бүгінгі шаршысөз стилінің де, көркемсөз, іскери, ғылыми сөз сияқты барлық функционалды стильдердің жүгін бір өзі арқалаған ауызша әдеби сөз жатыр екен. Туындыда сол тілдің айна-қатесіз, бұлжымай қағазға басылуы, жазба тілге айналған ауызша тіл бары белгілі болды. БІЗДЕР сол қазақы ауызша тілімізді сағынған екенбіз. Әңгімедегі сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі, сөз қысқалығы деген нормаларды студенттердің шығармашылық жұмыстарына үлгі етіп алдыру болатын. Қазақ ауызша әңгіме айту дәстүріне, ауызша әдеби сөзді жазба сөзге айналдырып, қарапайымдылықтан көркемдік, одан ұлылық жасай білген Бейімбетке жасалған жарнама болатыны анық» [227, б.74-79].

Сондай-ақ кезінде «француз жазушысы әрі философы Жан-Жак Руссо өзінің «Эмиль немесе тәрбие туралы» атты кітабында: «Баланы өмір сүруге үйрету керек», – деп жазған болатын. Өйткені өмір сүру – адамның ең басты мақсаты мен міндеті. Ал өмір сүру дегеніміз – өмірдің әрбір мезетін, әрбір көрінісін толыққанды, бар мүмкіншіліктеріңмен сезіну: дана деп көп ғұмыр сүрген адамды емес, өмірді жан-жақты сезіне білген адамды атамаймыз ба?». Сол үшін де шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам болып шығуы қажет. Ол өз жүрегі мен

жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өзіндік көзқарасы бар тұлға болуы керек» [225, б.24]. Сондықтан белгілі бір айтар тағылымды ойы бар мәтіндерді де оқытып, оны ауызша талқылау жүргізу арқылы білім алушылардың бойында полемикалық қатысымғадайындалуға, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға мүмкіндік беріледі. Осымен байланысты төмендегідей мәтінді беруге болады [228, б.143]:

Бір күні қызы әкесіне шағымданады:

- Әке, мен сондай бақытсызбын. Не істерімді де білмеймін. Өмірмен күресуден шаршадым. Бір кедергіден құтылсам, екіншісі тағы шыға келеді.

Әкесі аспаз болатын, қызын ас үйге ертіп әкеледі де, үш қазанға бірдей етіп су құйып, отқа қояды. Су қайнай бастағанда біріне картоп, екіншісіне жұмыртқа, үшіншісіне кофе дәндерін салады. Қызына үн қатпай, қайнатып отырады. Қызы әкесінің әрекетіне таңданып, бір жағынан іші пысып кетеді. 20 минуттан кейін әкесі отты сөндіреді. Картоп пен жұмыртқаны алып, бөлек ыдысқа салады да, кофені ұрттап, бір кесеге құяды.

- Қызым, не көріп тұрсың?

- Картоп, жұмыртқа, кофе, - деп, қызы асығыс жауап береді.

- Жақындап қарашы, картопты ұстап көрші, - дейді әкесі.

Қызы картоптың жұмсарғанын көреді. Әкесі жұмыртқаны алып, жарып көруін ұсынғанда, қызы оның қатайғанын байқайды. Соңында, кофені ішіп көруін өтінгенде, оның хош иісі қызының жүзіне күлкі ұялатады.

- Әке, бұл не деген сөз, түсінбедім? – деп сұрайды қызы.

- Картоп та, жұмыртқа да, кофенің дәндері де бірдей қайнаған судың ішінде тұрып, бірдей қиыншылық көрді. Бірақ бұл қиыншылықты әрқайсысы әртүрлі қабылдады. Өзін қаттымын деп есептеген картоп қайнаған суда жұмсарып сала берді. Нәзік қабықпен қорғалған жұмыртқаның ішіндегі сұйықтық керісінше қатайды. Өте мықты деген кофе дәндері болса, қайнаған суды өзгертіп, оған жаңалық әкелді. Ендеше, сен бұлардың қайсысысың? - деп сұрады әкесі қызынан. – Басыңа қиыншылық түскенде сен қалай жауап бересің? Сен картопсың ба, жұмыртқасың ба, әлде кофесің бе?

(«Оқу сауаттылығы» кітабынан)

Мәтіннің соңғы «Сен картопсың ба, жұмыртқасың ба, әлде кофесің бе?» деген сұрағын студенттерге қойып, олардың ауызша жауап берулерін сұраймыз. Нәтижесінде олар өз ойын полемикалық дискурста дұрыс жеткізе алуды үйренеді.

Пікірталас әдісі – білім алушылардың шағын топта өзекті бір мәселе бойынша өз ойларын пікірталасқа қатысушы басқа да тұлғалардың көзқарастарын ескере отырып, дәлелдеу. «Пікірталас – оқу мен оқытудың тиімді әдістерінің бірі, өйткені студенттер қандай да бір өміршең мәселе немесе проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерді ескеруге және оларды өз қажетіне пайдалануға үйренеді» [225, б.278]. Аталған қасиеттер филолог-студенттерге қажет болары анық. Алайда қазір «пікірталас негізінде оқыту» деп атын атап айтқанымызбен, оқу үдерісінде пікірталастың барлық шарттарына сәйкес

ұйымдастыра бермейміз. Сабақ үстінде пікірталас ұйымдастырамыз деп, студенттер шулап, даурығып, бір-бірімен келіспей жатқаннан әрі аса алмаймыз. Бұл біздің қазіргі студент-жастардың арасында пікірталас мәдениетінің көрсеткіші болып отыр. Ол көрсеткіш пікірталас ережелерін біліп-білмеумен, білсе де, оны сақтауға тырыспаумен өлшенеді. Оқытушылар, әдетте, бір-екі сәтсіз ұйымдастырылған пікірталасдан кейін бұл әдісті қайта пайдаланбайды. Бір нәрсенің толық қалыптасуы үшін оған дайындықтың, белгілі бір кезеңдердің болуы заңды. Сондықтан білім алушылардың, әсіресе филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамыту үшін, орайы келгенде пікірталасты ұйымдастырған тиімді.

Ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру барысында **жаттығу әдістері** қолданылды. Жалпы, сөз мәдениетіне қатысты жаттығулар жүйесін толыққанды қалыптасқан деуге келмейді. Себебі көп жылдар бойы сөз мәдениеті стилистикамен қатар оқытылып келгендіктен, екі пәннің жаттығулар жүйесінің аражігі толығымен ажыратылмаған.

Ауызша сөз мәдениетін дамытуға бағытталған жаттығулар жүйесін жасаудың басты ұстанымы – жүйелілік. Алға қойған мақсатқа жету үшін жаттығулар мен практикалық тапсырмалардың реттілігін қалай қойған дұрыс? Ең бірінші, ол «қарапайымнан күрделіге қарай» ережесін сақтауы керек. Екіншіден, білім алушылардың іс-әрекеті тұрғысынан әртүрлі әрі қызықты болуы тиіс. Жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінің дұрыс құрылуы – оқыту тиімділігінің бірден-бір көрсеткіші. Жалпы әдістемелік еңбектерге сүйене отырып, ауызша сөз мәдениетін дамытуға арналған жаттығулардың түрлерін төмендегідей етіп топтауға болады:

1) Дайындық жаттығулары. Жаттығулардың басты мақсаты – ауызша тіл мен ауызша сөз мәдениетінің, педагогикалық дискурстың тірек ұғымдары туралы түсінік беру. Басқаша айтқанда, олар білімнің теориялық базасын құрайды. Оқыту үдерісінде мынадай жаттығулардың үлгісі орындалды:

А.Байтұрсынұлының ауызша сөзге қатысты қолданған термин сөздеріне назар аударыңыздар. Олар қазіргі таңда қандай баламалармен аталып жүр? Сіздер қайсысын қолдар едіңіздер? Жауаптарыңызды ортаға салыңыздар. Пікірлеріңізді білдіріңіздер.

Шешенсөз, қимылсөз, бейнесөз, дыбыссөз, айтын, айтым, айташы, айтаман, айтарман, сөзгер, замансөзгер, көсемсөзгер, алқаман, алқасөз, саясатсөз, биліксөз, білімірсөз, уағызсөз, бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа, көзбесөз, келіссөз, сөйлесім, тілдесім, қатысым.


Көрсетілген жаттығулардың негізінде студенттердің филологиялық сөздік қорларын кеңейіп қана қоймай, терминдердің мағынасын терең түсінеді, жады-естеріне ұзақ сақтайды. Сонымен қатар бұл топтағы жаттығуларды төмендегідей жалғастыруға болады:

Сөйлемдерден көңіл-күйді білдіру мақсатында екпін түскен сөздерді тауып, қай дыбыстар арқылы, қалай беріліп тұрғанын түсіндіріңіздер.

1) – Тұу, ұшу деген қандай жақсы еді! Неғып сонша ұшпай отырғамыз? Дүние қандай кең еді (Ғ.М.). 2) – О-о... тұра тұр, мына отағасының сарқытынан атып кетейін, – деп Сатан шалға алақанын тосты (І.Ж.).3) –

Мәссаған, міне, саған, ақсақал! – деп күліп жіберіппін мен (Ә.Әлім). 4) – Жө-өн, балам, сөйтіп сен мынау көгілдір таулардың арғы бетінен келген екенсің ғой (Ә.Әлім). 5) – Бр-р-р. Адамның табиғи құштарлығын теңемейтін нәрсеге теңейді екенсің (Ә.Әлім) [229, б.55].

Мұнда студент екпін, интонация секілді базалық ұғымдарды тереңірек түсініп, оны тілдік фактілер негізінде дәлелдеп үйренеді. Білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін және шешендігін дамыту ісінде сөз қолданысына көбірек мән беріледі де, сөйлеу аппаратын дамытатын жаттығулар тысқары қалады. Мысалы, сыбызғы, сазсырнай секілді аспаптарда ойнайтын музыкантқа дыбыстардың қайдан, қалай шығатынын сұрағанда, көбі аспапты сипаттап береді. Ал қарапайым ауа ағынын әуен толқындарына айналдыратынын сұрағанда, оның тосылатыны – заңдылық. Осы тәрізді сөз атты құралмен тікелей жұмыс істейтін тіл мамандарының да сөйлеу аппараты туралы білімі таяз болуы мүмкін. Шындығында, дыбыс толқындары қалай пайда болады? Адамның дауысы, тембрі неге әртүрлі? Дауыс арқылы сезімді, эмоцияны жеткізу амалдары қандай? Мұнда қандай акустикалық, физиологиялық және психологиялық заңдылықтар басшылыққа алынады? Филолог-студент кейбір сұрақтардың жауаптарын «Фонетика» пәнінің аясынан іздейді. Бірақ бұл – теориялық жағы. Оның тәжірибедегі қолданысын, ауызша сөйлеуде тиімді пайдаланудың жолдарын шешендікке немесе ауызша сөз мәдениетіне баулитын сабақтарда қарастырылуы керек. Мәселен, төмендегі адамның сөйлеу аппаратының сызбасына назар аударып көрейік.



Сурет 30 – Адамның сөйлеу аппараты

Адамның сөйлеу аппараты – өте күрделі. Оны басқаруды үйрету, дұрыс қолдануға төселдіру – барлығы сөйлеуге дайындық кезеңінде жүргізілуі тиіс. Бұл мәселеде студенттің суретке қарап түсінуінің де маңызы зор.

С.Аташев тілдің ішкі құрылым жүйесіне қатысты нормаларды айтқанда, мына

мәселелерге назар аудартады:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстардың дұрыс, анық айтылуы (фонологиялық-дикциялық);
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірістерді сақтау және дауыс тембрі (интоналогиялық-просодиялық);
- екпіннің түсуін және түрлерін сақтау (акцентологиялық);
- сөйлеу мәдениетіне қатысты нормалардың сақталуы (қатысымдық);
- тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді іріктеу (образды-эстетикалық);
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтық, дәстүр-салттық ерекшеліктерді сақтау (коммуникативтік-этникалық);
- сөйлегенде ойдың көлемін, мазмұндық құрылымын, хабардың жеткізу жүйесін реттеу (информативтік-коммуникативтік, контекстік)», – деп көрсетеді [230, б.56]. Мұндағы алғашқы үш сатысы ауызша сөйлеуге қатысты. Демек, ауызша сөз мәдениетін, шешендікті меңгерген студентке бастапқы кезеңдердегі мәселелер маңызды. М.Құдайбергенова: «Дыбыстау, екпін, интонация туралы дағдысын қалыптастыру төрт компоненттен тұрады: а) көрсету, еліктеу; ә) дыбыстау, екпін, интонацияны айтылу жолын, оның артикуляциясын түсіндіру; б) арнаулы жаттығу жүргізу; в) айтып дағдыландыру», – деп бөледі [126, б.15]. Бұл жаттығулардың сипаты көбінде физиологиялық болғандықтан, білім алушылардың назарына ілінбейді. Сондықтан бұл типтегі жаттығулардың ауызша сөйлеудегі маңызын түсіндіріп көрсеткенде және оларды жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолданғанда, студенттердің қызығушылығы мен ынтасын арттыруға болады.

2) Көрнекілік жаттығуларының негізгі мақсаты – арнайы берілген оқу материалдары негізінде қажетті тұжырымдарды дәлелдеу. Оған ауызша тілдің өзіндік ерекшеліктерін көрсету үшін дыбыстық және видеожазбаларды қолдану тиімді. Сөздіктермен жұмыс осы топтағы жаттығулар қатарына жатады. Сөздің дұрыс айтылуын тексеру мақсатында орфоэпиялық сөздікпен, белгілі бір сөздің қолданыстағы мағынасын анықтауда – түсіндірмелі сөздікпен, сөздің қатысымдық сапаларының бірі, сөз байлығын жетілдіруде – синонимдер, антонимдер сөздігімен, одан басқа жиілік, этимологиялық, терминдер сөздіктерімен жұмыстар тиімді.

3) Негізгі, бекіту жаттығулары. Аталмыш жаттығулар күнделікті әр дәрістен кейін, оны бекіту мақсатында орындалатын жаттығулар мен тапсырмаларды атап көрсетуге болады. Ауызша сөз мәдениеті әдістемесінде бұлардың маңызы зор. Себебі пән мазмұнын меңгеру деңгейі осы типтегі атқарылатын жұмыстарға тікелей байланысты.

4) Қайталау, қорытындылау жаттығуларына білім алушылардың өзіндік (СӨЖ) және оқытушының көмегімен орындалатын (СОӨЖ) жұмыстарын кіргізе аламыз. Яғни бұл топтағы тапсырмалардың міндеті – игерген білімге шолу жасау, білгендерін дәрісте айтылған тақырыптардан тыс бір мәселе төңірегінде дәлелдеу, талдау.

5) Шығармашылық жаттығулар. Пәнді меңгертудің әр

кезеңінде жүргізуге болатын жұмыстар. Олар филолог-студенттерді болашақ кәсібіне бейімделуіне, табиғи болмысына бойлауына мүмкіндік береді. Оқыту барысында қолданылған жоғары нәтижелер берген шығармашылық жаттығулар үлгілері төмендегідей:

«Ғалым, педагог В.Карасиктің келтірген педагогикалық дискурс бойынша белгілеген құндылықтарымен танысыңыздар.

- Білімнің өзі – құндылық, сондықтан тынбай оқу керек. Ол үшін білімнің қайнар көздері болған мұғалімге, ең бастысы – кітаптарға, оқу үдерісіне және білім алған орынға құрмет көрсету қажет.

- Алған білім терең немесе үстірт болады. Әрқашан терең білім алуға ұмтылған дұрыс. Ал үстірт алынған білімді барыныша толықтырып отырған жақсы.

- Білім қайталаумен сіңеді. Соған сай үнемі алынған білімді тәжірибеде жүзеге асырып көруге ұмтылған дұрыс.

- Ұстаз – әрқашан өз шәкіртіне үлгі.

Өз ойыңызды білдіріңіз. Аталған құндылықтар мұғалім мен оқушының қарым-қатынас үдерісімен қалай байланысады? Педагогикалық дискурстың негізінде туындайтын құндылықтар, В.Карасиктің пікірінше, толық емес. Сіздің ойыңызша, тізімді қандай философиялық, психологиялық, дидактикалық және риторикалық сипаттағы құндылықтармен толықтыру қажет?».

Құндылықтар тізімін толықтыру кезінде студенттердің көпшілігінің пікірі басқа бір беделді пікір иесіне негізделгенін байқаймыз. Сондай-ақ «Тізімді» толықтыру мақсатында айтылған пікірлерді бірнеше топтарға бөлуге болады. Алдымен философиялық сипаттағы пікірлерге тоқталсақ:

1) «Сократтың әйгілі сөзін білесіздер ме? «Мен өзімнің ештеңе білмейтінімді білемін». Яғни ұстаздықта өз білімін мінсіз деп санауға орын жоқ!» (2-курс студенті М.Мелдебек).

2) «Ұлы Абай: «Адамның адамишылығы жақсы ұстаздан болады» деген. Яғни оқушының бойындағы «адамгершілік дәнегі» ұстаздың қолымен себіледі» (2-курс студенті Ж.Балтамұратова).

Студенттердің берген жауаптарында психологиялық және дидактикалық сипаттағы пікірлер де болады. Осы орайда айта кететініміз, оқыту барысында мұғалімнің ауызша тілінің мазмұндық бөлігін меңгерту кезіндетіімді әдістерге назар аударылды:

1) «М.Горькийдің мынадай сөзі бар: «Мұғалім әділ болғысы келсе, өзі де зерек оқушы бола білуі керек». Демек, сабақ барысында оқушы ғана емес, мұғалім де өз білімін толықтырып отыратынына сенімді болуы қажет» (2-курс студенті Б.Қадырбай).

Пікірлерін білдіруші студенттердің енді бір тобы әдістемелік сипаттағы ойларын айтты. Солардың бірқатарынан мысал үзінділері:

1) «Оқушылардың сөз мәдениетін қалыптастыру – филолог-оқытушының басты міндеті. Ал оның бастауында не тұрады деп ойлайсыздар? Ол, әрине, мұғалімнің өзінің сөзі. Осыдан келіп, үлгі сөз болуға тиіс оқытушының сөзі оқушылардың бойында тілдік талғамды, өз ауызша тіліне деген сыни


көзқарасты қалыптастырып, оны жетілдіруге деген қажеттілікті оятады» (2-курс студенті А.Абильдаева).

2) «Тыңдау сөйлеуге қарағанда, әлдеқайда қиынырақ екендігінде ешкімнің дауы жоқ шығар. Яғни мұғалім өз ауызша тілінің құрылымына ғана емес, оның сөйлену техникасына да мән беруі керек. Оқушылар үшін өзін тыңдатуды «қиынның қиынына» айналдырмауы керек» (2-курс студенті Ә.Зәкәрия).

Мұндай сипаттағы тапсырмалар тек білім беру және коммуникативтік қарым-қатынас орната білу тұрғысынан ғана маңызды емес. Тапсырма мазмұны адамгершілік, этикалық аспектілерді де қозғайды. Педагогикалық дискурсты зерттеушілердің пайымдауынша, «қоғамның басты құндылықтарын қалыптастыру мүмкіндігі білім беру саласы адамгершілік өлшемдерге негізделгенде ғана жүзеге асады». Ал бұл өз кезегінде сол білімді беріп отырған мұғалімнің тұлғасына, оның әрбір сөзінің дұрыс әрі жүйелі құрылуына тікелей байланысты [231,6.182-185].

Сонымен қатар: «Мұғаліммен сұхбат жүргізуге сұрақтар дайындаңыз. Сіздің басты міндетіңіз – түрлі жағдаяттағы (сабақ, ата-аналар жиналысы, әдістемелік бірлестіктерде жасалған баяндама, оқушымен жеке сөйлесу т.б.) ауызша сөз түрлерінің (дайындықты және дайындықсыз, машықты және машықсыз) маңызын анықтау», «Кез келген мұғалім мен оқушы арасында ауызша қарым-қатынас орын алған фильмнен үзінді көріңіз. Оған талдау жүргізіңіз», «Бір әдеби кейіпкерді таңдап алыңыз. Мысалы: Қожса, Құрмаи, Қайрош («Қазақ солдаты»), Аян («Жусан исі»), Гарри Поттер т.б. Оны өз оқушыңыз деп елестетіңіз. Оған ауызша мінездеме беріңіз» секілді тапсырмалар да студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытып, ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Ауызша сөз мәдениетін дамытубарысында тиімді әдістердің бірі – **әңгімелесу** әдісі. Әңгімелесу бірнеше түрге бөлінеді:



Сурет 31 – Әңгімелесудің түрлері

Оқытудағы әңгімелесу әдісі іскерлік түріне жатып, жағдаятқа байланысты, оның ішінде де, белгілі бір түріне кіреді. Әңгімелесу әдісінің ерекшелігі әрі тиімділігі – оның сабақта және сабақтан тыс та қолданылуы. Әңгімелесуді білім алушының ауызша сөйлеу тілі деңгейін анықтауда, оны дамытудың қай бағытта жүргізілуі тиіс екендігі бағамдауда қолдану өте тиімді.

АКТ және медиатехнологияларды қолдану әдісі. ЖОО-да оқу үдерісінде электронды білім беруге (*electronic learning, E-Learning, E-learning, e-learning, eLearning, Elearning, Cyber learning*) ерекше көңіл бөліне бастады. Электронды білім беру – қазіргі кезде оқу контентін жасаудан бастап оны бағалауға дейінгі білім берудің барлық аспектілерін қамтиды. 2016 жылы TechNavio зерттеу орталығының басшылығымен жүргізілген «2016-2020 жылдар аралығындағы электронды білім берудің жаһандық нарығы» атты зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша электронды білім берудің үш компоненті көрсетілген: мультимедиялық технологиялар мен компьютер негізінде оқыту – *computer-based learning (CBL)*, оқытуда ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану – *Internet-based learning (IBL)* және веб-білім беру – *web-based learning (WBL)* [232, б.3]. Тәжірибеде филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамытуда электронды білім берудің үш компоненті де қамтылады.

Мультимедиялық технологиялар мен компьютерлік оқыту негізінде білім беру компонентіне «Электронды қазақ үй» құралы [233] мен *Audacity* редакторы қолданылды. Жалпы, электронды қазақ үй – тілді дамытып, ұлттық рухты көтеретін заманауи тәрбие құралы ретінде танылған.




Сурет 32 – «Электронды қазақ үй» құралы [234]

ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолдауымен, көптеген ақын-жазушылар, әнші-композиторлардың ұсыныстары ескеріле отырып жасалған бұл өнертабыс – қазақ ауызша тілінің әдеби түрі үлгісін көрсету мен оны меңгертуде тиімді құрал. «Электронды қазақ үй» ертегілер (1), балалар әндері (2), күйлер (3), дәстүрлі әндер, терме-толғаулар және отаншылдық рухтағы әндер (4) және бесік жырлары мен

Абайдың қара сөздері (5) тәрізді бес бөлімді қамтиды. Барлығы 1200 шығарма енгізілген. Тәжірибеде «Сөйлеу техникасы. Артикуляция мен дикция. Қазақ сөз ағымының ерекшеліктері» тақырыбында қазақ сөз ағымының ерекшеліктерін түсіндіруде өте тиімді болды. «Электронды қазақ үйдегі» әрбір жазба қазақ дыбыстық үндесімі мен үйлесіміне сай оқылғандықтан, әрқайсысы қазақ ауызша әдеби тілінің үлгісі негізін құрды.

Audacity редакторы – дыбыстық жазбалармен жұмыс істеуде өте қолайлы қондырғы. Ол «Электронды білім беруде ең жиі қолданылатын 100 бағдарлама» тізімінде 25-орынды иеленеді. Ауызша сөз мәдениетін оқыту барысында студенттердің дыбыстық жазбаларға жиі жүгінуіне тура келеді. Басқа бағдарламаларға қарағанда, *Audacity* редакторының төмендегідей артықшылықтары бар:

- дыбыс таспасына жазылған барлық жазбалардың сақталуы;
- бір жазғанда, 16 файлға дейін жазуға мүмкіндік;
- дыбыстық жазбаны қолдану барысындағы болған дыбыстарды алып тастау т.б. мүмкіндіктердің болуы.




Сурет 33 – Білім аулшылардың *Audacity* редакторының көмегімен жасаған дыбыстық жазбалары

Тәжірибеде студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытуда ғаламтор мүмкіндіктерін пайдалану да оң нәтижелер берді. YouTube және басқа да бірнеше сайттарға жүктелген, әрқайсысы 6-10 минуттан тұратын «Дұрыс сөйлейік» атты дыбыстық бағдарламалар циклі білім алушылардың шаршытоп алдында сөйлеу, жалпы, қазақ ауызша сөз мәдениеті туралы танымдарын кеңейтті. Дыбыстық бағдарлама филология ғылымдарының докторы А.Фазылжан мен жүргізушінің арасындағы сұрақ-жауапқа негізделген және ол барлығы 80 аудиодан тұрады. Тыңдалымтүрлері оқу мақсатымызға сәйкес орындалды, солардың ішінде төмендегі тақырыптарды тыңдау білім алушылар

үшін пайдалы болды:

- 1) Прагматика деген не?
- 2) Тілдің екі түрлі өмір сүру формасы: ауызша және жазбаша;
- 3) Тілдік емес құралдардың ауызша қарым-қатынастағы рөлі;
- 4) Ауызша және жазбаша сөз нормалары;
- 5) Жеке дыбыстарды айту нормасы: қазақ дыбыстарының сыры;
- 6) Жеке сөздерді айту нормасы;
- 7) Сөз ішіндегі дыбыстық өзгерістер заңдылығы;
- 8) Қазақ сөз ағымының ерекшеліктері. Сөз ағымы бірліктері;
- 9) Интонацияның қарым-қатынастағы рөлі;
- 10) Қазақ сөз сазының ерекшеліктері;
- 11) Қазақ сөзінің құрылысы: екпін мәселесі;
- 12) Орфоэпиялық нормадан ауытқулар. Уәжді және уәжсіз ауытқулар;
- 13) Интерференция: басқа тілдің әсері. Оған қалай тосқауыл қоямыз?
- 14) Әуеннің сөз мазмұнын жеткізудегі рөлі;
- 15) Ресми-іскерлік ауызша қатынастағы сөз әдебі;
- 16) Ауызша сөздің үлкен екі типі: дайындықты және дайындықсыз;
- 17) Сөз стильдері және олардың ауызша формадағы көрінісі;
- 18) Сөз сапасы: дұрыстығы, тазалығы, байлығы, дәлдігі, қысқалығы мен нұсқалығы, бедері;
- 19) Сөйлеу тілінде орын алатын қателіктер;
- 20) Шешендік өнер дегеніміз не? т.б.



Сурет 34 – YouTube арнасындағы «Дұрыс сөйлейік» атты А.Фазылжанның қатысуымен жасалған аудиобағдарлама

Оқыту тәжірибесінде «Дұрыс сөйлейік» дыбыстық бағдарламасы студенттің қазақ ауызша тілінің заңдылықтарын толық меңгеруге септігін тигізді.

Сонымен қатарғылыми курсты оқыту барысында **квест сабақ** әдісі қолданылды. Квест сабақтың басты мақсаты студенттердің танымдық қызығушылығын арттыра отырып, мақсатқа сәйкес нәтижелерге жету болып табылады. Пән аясында барлығы 20-ға жуық ақпараттық-танымдық веб-сайттардың ауызша сөз мәдениетін дамытуға қатыстылығы анықталып, олармен жұмыс түрлері белгіленді (Қосымша Д).

Бағалау – оқу үдерісінің ажырамас бөлігі. Осы тұрғыдан электронды бағалаудың (*E-assessments*) дәстүрлі бағалау жүйесіне қарағанда, мынадай артықшылықтары бар:


1) бейне-дыбыстық құралдар мен түрлі анимациялар негізінде бағалаудың практикалық құндылығын арттыруға болады;

2) жауаптар автоматтандырылған бағдарламаларға негізделгендіктен, тексеруге аз уақыт қажет әрі қойылатын баға объективті болады;

3) нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік болады;

4) тапсырма мен олардың орындалу нәтижесін сақтау ыңғайлы [235, б.387].

Оқу үдерісінде білім нәтижелерін бағалау көбіне *Google Forms* арқылы жүзеге асты. Жұмыстың эксперименттік оқыту тәжірибесінің алғашқы кезеңінде аталған әдіс жиі қолданылды. Сонымен қатар білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін бағалау мақсатында жасалған портфолио да *Google Sites* арқылы электронды әзірленді.




Сурет 35 – Білім алушының пән бойынша жасаған электронды портфолиосы

Оқыту үдерісінде ғаламтор мүмкіндіктерінен және сан алуан әлеуметтік желілердегі бағдарламалар қолданылды. Осы тұрғыдан Skype – Microsoft арқылы

тарайтын интернет көмегімен мәтін, дауыс, бейне түріндегі байланыс орнататын желі. Skype-ты қолдану біздің мақсатқа сәйкес өте тиімді болды. Білім алушылар Skype-пен жасалған қысқаша баяндамалары арқылы өз жұмысына сырт көзбен қарап, өзін-өзі бағалай алатын мүмкіндік алды. Дәл осы мақсатпен *Twitter* әлеуметтік желісі де тиімді қолданылды. Бұлар – ауызша сөз мәдениетіне қатысты жүзеге асты. Ал жазба сөз мәдениетін дамыту үшін жоғарыда аталғандардан басқа да әлеуметтік желілерді пайдалануға болады. Сондай-ақ ауызша сөз мәдениетін оқыту, бір қарағанда, көзбе-көз сөйлесуді қажет ететіндей көрінгенімен, оны *Moodle*, *Webex* платформалары арқылы онлайн режимде оқыту мүмкіндіктері мол екендігі тәжірибеде байқалды.

Тікелей сабақ үстінде қолданылатын оқыту әдістерінен басқа, аудиториядан тыс іс-шаралар да білім алушылардың ауызша сөз мәдениетінің қалыптасып, дамуына өз ықпалын тигізеді. Солардың бірі жоғары оқу орындарында сөз мәдениеті, стилистика және шешендіктен сабақ беретін оқытушылардың республикалық *ассоциациясы құрылды*. Ассоциацияның аясында аталған пәндерді оқытудың өзекті мәселелері талқыланып, олардың шешу жолдары қарастырылып отырады. Сонымен қатар білім алушылардың ауызша сөз мәдениеті мен шаршытоп алдында сөйлей білу өнерін дамытатын түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндіктері мол болады. Оның веб-сайты төменде көрсетіледі:



Сурет 36 – Сөз мәдениеті, стилистика және шешендіктен сабақ беретін оқытушылардың республикалық ассоциациясының веб-сайты

Сонымен қатар пән мазмұнын игеруде тірек-сызбалар, дидактикалық, іскери ойындар арқылы оқыту әдістері де тиімді қолданылды. Қорытындылай келгенде, жоғарыда аталған **оқыту әдістері** филолог-

студенттердің, жалпы, барлық мамандықтарда оқитын білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін, ауызша сөйлеудің қыр-сырын меңгеруге толық мүмкіндік берді.

2.4 Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік оқыту тәжірибесінің нәтижелері

Диссертациялық жұмыстың негізгі өзегі – ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың әдістемелік жүйесін ұсыну. Тәжірибеде алдымен филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетіне қатысты түзетуді қажет ететін негізгі мәселелер анықталды. Осыған сәйкес оқытудың нәтижесі мен тиімділігін айқындау мақсатында эксперимент жұмыстары Сулейман Демирель атындағы университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-4 курс студенттері және Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық Университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенттері арасында жүргізілді. Барлық саны – 104 студент. Соның ішінде 50 білім алушы эксперимент және 54 студент бақылау тобында болды. Жүргізілген эксперименттік зерттеу жұмысы филолог-студенттердің, яғни болашақ педагогтардың ауызша сөз мәдениетін дамыту мен педагогикалық дискурс негіздерін меңгертудің әдістемелік жүйесін жүзеге асыруға бағытталған.

Эксперименттік жұмыстар үш кезеңде жүргізілді:

1) білім алушылардың ауызша тіл, ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурс туралы білім, білік деңгейлерін анықтау эксперименті;

2) ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін дамыту әдістемесін жүзеге асыратын қалыптастыру эксперименті;

3) ұсынылған әдістеменің негізінде оқытудың нәтижелерін тексеру мақсатында ұйымдастырылған қорытындылау эксперименті.

Аталған үш кезеңнің ұйымдастырылуы қысқаша төмендегі кестеде көрсетіледі:

Кесте 27 – Педагогикалық эксперименттің ұйымдастырылуы

Кезең атауы	Эксперименттік тәжірибе кезеңдерінің міндеттері	Зерттеу әдістері	Қорытынды нәтижелері
1	2	3	4
Анықтау	Тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, саралау. Түрлі жағдаяттағы және педагогикалық дискурстағы ауызша тілдің қолданылуына талдау жасау. Негізгі тұжырымдардың анықталуы. Зерттеудің педагогикалық	Ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі басты тұжырымдарды іріктеу, айқындау. Оқу үдерісін бақылау. Сауалнама жүргізу. Эксперименттік топпен жұмыс жүргізу. Нәтижеге	Негізгі ғылыми тұжырымдар анықталды. Анықтау эксперименті жүргізілді.

27-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	стратегияларының белгіленуі. Ғылыми тірек аппаратын нақтылау. Қалыптастыру кезеңіне дайындық жүргізу.	статистикалық-сапалық әдістер негізінде талдау мен сараптамалар жасау.	
Қалыптастыру	Негізгі ғылыми тұжырымдарды апробациядан өткізу. Құрылымдық-мазмұндық модель бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру.	Зерттеу мақсатына сәйкес педагогикалық диагностикалық әдістердің жүзеге асуын бейімдеу.	Эксперименттік топқа жаңа «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау курсы бойынша дәрістер оқылып, практикалық жұмыстар өткізілді.
Қорытындылау	Қалыптастыру кезеңінде алынған нәтижелерді талдау, сараптау. Құрылымдық-мазмұндық модельге қажетті түзетулерді енгізу. Эксперименттік жұмыс нәтижелерінің сандық-сапалық көрсеткіштерін айқындау, әдістемелік жүйенің тиімділігін анықтау.	Математикалық статистикалық әдістер бойынша нәтижелердің көрсеткіштерін салыстыру. Нәтижелерді кестелер мен диаграммаларда беру. Педагогикалық экспериментті қорытындылау.	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдістемелік тұжырымдары айқындалды, әдістемелік жүйенің тиімділігі дәлелденді.

Білім алушылардың ауызша сөз мәдениеті, шешендік және педагогикалық дискурс туралы білім, білік деңгейлерін нақтылау мақсатында **анықтау эксперименті** жүргізілді. Оның басты мақсаты – студенттерге қажетті теориялық және практикалық маңызы бар жұмыстардың бағытын айқындау, ЖОО-да оқытылу жайына талдау жасау, сондай-ақ ауызша сөз мәдениетін филолог-студенттерге меңгертудің қажеттілігі мен тиімді әдістерін анықтау болып табылады. Мақсатқа жетудегі белгіленген міндеттер:

- ауызша сөз мәдениетіне қатысты оқытылатын пәндердің мазмұнын саралау, талдау жұмыстарын жүргізу;
- студенттің ауызша сөз мәдениетінің тірек ұғымдарына қатысты білім, білік, құзыреттіліктерін анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, педагогикалық жағдаяттарға негізделген топтық жұмыстар ұйымдастыру;
- ұйымдастырылған жұмыстардың нәтижелері негізінде жаңа «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» атты таңдау пәнінің оқу бағдарламасы, силлабус, оқу-әдістемелік кешені жобасын даярлау.

Сауалнама сұрақтары екі блок бойынша жүргізілді. Бірінші блок жалпы сұрақтарға негізделсе, екінші блок білім алушылардың ауызша сөз мәдениетіне қатысты жекелеген қабілеттерін, негізгі түзетулерді қажет ететін мәселелерді

анықтауға бағытталған. **Бірінші блоктың** сұрақтары мен олардан алынған нәтижелер төмендегідей болды:

1) *«Ауызша сөз мәдениеті», «шешендік» және «педагогикалық дискурс» ұғымдарын қалай түсінесіз?*

2) *Қазіргі қоғам мүшелерінің ауызша сөз мәдениетіне қандай баға бересіз? Пікіріңізді дәлелдеңіз.*

3) *Өзіңізді тіл тұтынушысының қай деңгейіне жатқызасыз? (төрт деңгейдің де сипаттамасы сауалнамада көрсетілген).*

4) *Ауызша сөз мәдениеті мен шешен сөйлеуді дамыту үшін қандай жұмыстар жүргізілуі тиіс?*

5) *Саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, өнер адамдарының арасында сіз үшін сөзі үлгі боларлықтай тұлғалар бар ма?*


6) *Ал өз ортаңызда үлгі сөзге ие адам бар ма?*

7) *Ауызша сөз мәдениетіңізді дамытудың қажеттілігін сезінесіз бе?*

8) *Мұғалімдік мамандығын таңдауыңызға не түрткі болды?*

9) *Педагогикалық практикадан өту барысында ауызша қарым-қатынаста қандай да бір қиындықтар кездесті ме?*

Білім алушылардың басым көпшілігі ауызша сөз мәдениеті деп нормаларға сай сөйлеуді (67%), шешендікті би-шешендердің сөздері деп (58%) түсінетіндігі анықталды. Ал педагогикалық дискурстың мағынасын толық ашатын жауап кездеспеді. Студенттердің 5%-ы ғана дұрыс жауабына жақын нұсқаларын ұсынды. Қазіргі қоғам мүшелерінің ауызша сөз мәдениетіне студенттер өте нашар (53%), ауыр (31%), қанағаттанарлық (11%), жақсы, бірақ түзетуді қажет етеді (5%) деген баға берді. Жауаптарына дәлел ретінде адамдардың анайы, балағат сөздерді көп қолданатындығын, сөз тазалығын сақтамайтындығын, сөздік қорының аздығы, дөрекілікті т.б. алға тартқан. «Өзіңізді тіл тұтынушысының қай деңгейіне жатқызасыз?» деген сұраққа курс студенттердің жауаптары арасындағы айырмашылықтар байқалады. Олар:



Сурет 37 – «Өзіңізді тіл тұтынушысының қай деңгейіне жатқызасыз?» деген сұраққа әр курс студенттерінің жауаптарының көрсеткіштері

Мұндай көрсеткіш студенттердің ауызша сөз мәдениеті әлеуметтік және динамикалық сипатқа ие екендігін дәлелдейді. «Ауызша сөз мәдениеті мен шешен сөйлеуді дамыту үшін қандай жұмыстар жүргізілуі тиіс?» деген сауалға әртүрлі жауаптар алынды. Солардың ішіндегі кейбіреуін келтіре кетсек: «Ауызша сөз мәдениеті мен шешендікке балабақшадан баулу керек», «Отбасы мүшелері жақсы үлгі сөз көрсете білуі тиіс», «Халықтың мәдениеттілігін көтеру керек», «Қажетті әдебиеттерді көп оқу», «Пайдасыз шоу-бағдарламаларды тоқтатып, әншілердің әндерін сүзгіден өткізу керек», «Дұрыс әрі сауатты сөйлейтін адамдармен көп араласу», «Сауатты жазуға мән бергеніміздей, ауызша да дұрыс сөйлеуге тырысуымыз қажет» т.б. Саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, өнер адамдарының арасында сөзі үлгі боларлық тұлғалар ретінде Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, М.Шаханов, Б.Тілеухан, М.Тазабек, М.Мырзахметұлы, М.Жолдасбек, Ә.Байменов, И.Тасмағамбетов, Р.Зайтов, Қ.Сарин, Б.Имашев, Б.Нұржекеев, С.Майғазиев, Қ.Әбілдина, Д.Нұржігіт, Д.Төлепберген, А.Осман, А.Жұмаділдаев, Ж.Ерман есімдерін атап өткен. Таныс ортасында үлгі сөз иелері деп отбасы мүшелерін (25%), оқытушыларын (48%), достарын (19%) көрсеткен. Студенттердің 8%-ы өз таныстарынан үлгі сөз иесі жоқ екендігін атаған. Студенттің басым көпшілігі оқытушылардың сөзіне мән беретіндігі айқындалды. Респонденттердің барлығы ауызша сөз мәдениетін дамытудың қажеттілігін сезінетіндігі белгілі болды. Білім алушылардың мұғалім мамандығын таңдауына түрткі болған себептерге жауаптарын үшке бөліп қарастырсақ болады: жоғары гуманистік көзқарастарға негізделген уәж (13,2%), кәсіби тұрғыдан дамуға негізделген мотив (54%), педагогикамен байланысы жоқ прагматикалық уәж (32,8%). Бұлардың түрлерін төмендегідей жауаптардың негізінде бөлдік:

Кесте 28 – Білім алушылардың мұғалім мамандығын таңдау себептерінің көрінісі

Уәж түрі	Білім алушылардың жауап үлгілері
Жоғары гуманистік көзқарастарға негізделген уәж	Шығармашылық тұрғыдан дамуға мүмкіндік бар.
	Мұғалім баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыра алады.
	Қоғамға өз пайдамды тигізгім келеді.
	Өзімді адамзатты тәрбиелеуге арнағым келеді.
Кәсіби тұрғыдан дамуға негізделген уәж	Қабілеттерім таңдаған мамандығыма сәйкес келеді.
	Ана тілімді жақсы көремін және оның дамуына өз үлесімді қосқым келеді.
	Мұғалім мамандығының мәртебесін көтергім келеді.
	Барлық талаптарға жауап беретін, заманауи жеке педагогикалық оқу орнын ашуды армандаймын.
	Сіңірген еңбегімді оқушылардың жетістіктерінен көргім келеді.

28-кестенің жалғасы

Педагогикамен байланысы жоқ прагматикалық уәж	Ең бастысы – жоғары білім туралы құжат алу.
	Журналист маманы болғанды қалаймын.
	Ата-анамның қалауымен оқып жатырмын.
	Белгілі бір себептермен мұғалім мамандығынтаңдауыма тура келді.

Бірінші блоктағы соңғы сұрақ бойынша, студенттер педагогикалық практикадан өту барысында ауызша қарым-қатынаста сабақ түсіндірген кезде *сөздің логикалық құрылымының сақталмауы, сөздік қордың аздығын сезіну, жүйесіз ой және сөз қайталауларына жол беру, сөз тазалығын сақтай алмау, термин ұғымдарды түсіндіру тәрізді қиындықтар* кездескенін баяндаған.

Екінші блок сұрақтары студенттердің өзін-өзі бағалау мақсатында сөз мәдениеті деңгейлерін анықтауға бағытталғандықтан, олар төмендегідей мазмұнда ұйымдастырылды (алынған нәтижелер пайыздық көрсеткіш түрінде жанына берілді):

1) Ауызша сөз саптау білігіңізді сипаттаңыз (бірнеше нұсқаны көрсетуге болады):

Кесте 29 – 1-сұрақ бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Нұсқа	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
анық	15,5%	17%
түсініксіз	20%	12,5%
бірқалыпты	10%	7%
байланыссыз	7%	7,8%
мәнерлі	10,1%	13,1%
еркін	30%	24%
түсінуге қиын	23%	19,8%
қызықты	19%	20,6%
эмоционалды	55%	61,9%
нақты	16%	14,6%
сенімсіз	40%	48,7%
сенімді	32,3%	29%

2) Қай әрекетті дұрыс және барлық ережелерге сай жасаймын деп ойлайсыз? (бірнеше нұсқаны көрсетуге болады)

Кесте 30 – 2-сұрақ бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Нұсқа	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
тыңдау	43%	35%

30-кестенің жалғасы

әңгімелесу	64%	72,6%
амандасу	93%	81,5%
өтіну	31,3%	29%
бас тарту	28%	18,4%
ризашылығымды білдіру	42,4%	25,3%
кешірім сұрау	20%	16,9%
қоштасу	53%	45,3%
наразылық білдіру	18,9%	32%

3) *Адамдармен ауызша қарым-қатынаста сіз үшін ең қиыны не?*

Кесте 31 – 3-сұрақ бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Нұсқа	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
сөз бастау	31%	23%
сөз өрбіту	15%	11%
ойымды толық, дұрыс жеткізу	54%	66%

4) *Көшеде бейтаныс адаммен сөйлесіп кетуіңіз мүмкін бе?*

Кесте 32 – 4-сұрақ бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Нұсқа	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
иә, мүмкін	35%	43%
мүмкін емес	13%	7%
жағдайға қарай	62%	50%

5) *Оқытушы сізден сабақ айтуыңызды сұрады. Сіз... (екі нұсқаны белгілеуіңіз керек):*

Кесте 33 – 5-сұрақ бойынша бақылау және эксперимент тобының көрсеткіштері

Нұсқа	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
аудиторияның алдына шығып сөйлегенді ұнатасыз	24%	36%
орныңызда тұрып айтқанды ұнатасыз	68%	57%
оқытушының жетекші сұрақтар қоюын өтінесіз	9,8%	15%
өз сөзіңізді монолог ретінде айтқанды қалайсыз	74%	85%

Екіншіден, анықтау экспериментінде педагогикалық жағдаят негізінде **топтық жұмыс** жүргізілді.Топтық жұмыстың басында қазіргі кезде қоғамда қолданыста дау тудырып жүрген клише-мысалдар беріліп, олардың негізінде **тест сұрақтары** алынды. Сұрақтардың мазмұны мен нәтиже көрсеткіштері төмендегідей болды:

Дұрыс жауаптарын таңдаңыз:

Кесте 34 – Топтық жұмыс негізінде алынған тест сұрақтарының жауаптары

Клише-мысалдар	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
а) – Анашым, сізді <i>шайға</i> шақырып жатыр.	24%	36%
ә) – Анашым, сізді <i>шәйге</i> шақырып жатыр.	68%	57%
а) – <i>Туған</i> күніңмен құттықтаймын!	62%	71%
ә) – <i>Туылған</i> күніңмен құттықтаймын!	38%	29%
а) – Ертең <i>көріскенше!</i>	44%	32%
ә) – Ертең <i>кездескенше!</i>	56%	68%
а) – <i>Өкінішке орай</i> , сабағым ойдағыдай өтпеді.	75%	73%
ә) – Сабағымның ойдағыдай өтпегені <i>өкінішті.</i>	25%	27%
а) – Мен барлығы жақсы болады деп <i>ойлаймын.</i>	59%	62%
ә) – Мен <i>ойлаймын</i> , бәрі жақсы болады.	41%	28%
а) – Ешқашан <i>қартаймаңыз!</i>	34%	25%
ә) – Өмір жасыңыз <i>ұзақ болсын!</i>	66%	75%
а) – Барлығы <i>саламатты</i> өмір салтын насихаттап жүр.	3%	0,6%
ә) – Барлығы <i>салауатты</i> өмір салтын насихаттап жүр.	97%	99,4%
а) – Автобуста адам көп болғаны соншалық, әрең <i>шықтым.</i>	32%	46%
ә) – Автобуста адам көп болғаны соншалық, әрең <i>түстім.</i>	68%	54%
а) – Маған жанашыр болғаныңызға <i>көп рақмет!</i>	47%	38%
ә) – Маған жанашыр болғаныңызға <i>үлкен рақмет!</i>	53%	62%

Тест сұрақтары алынған соң, олардың дұрыс жауаптары студенттерге айтылып, талқыланды. Кейін әрқайсысы 7-10 минут аралығындағы мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сабақ үзінділерінің **бейнежазбалары** тыңдатылды. Тыңдалым алдында студенттердің жалпы тыңдау мәдениетінің деңгейін білу мақсатында олардан төмендегідей **сұрақтарға жауап** алынды:

- 1) Алдыңызда тұрған адамның сөзін бөлмей тыңдауға тырысасыз ба?
- 2) Әңгімелесуші адамның ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік жасайсыз ба?
- 3) Диалогта келіспейтін пікіріңіз болса, бірден айтасыз ба?
- 4) Адамдармен сөйлесу барысында орын алатын қалыптасып кеткен әдетіңіз (шашыңызды түзете беру, қолыңызды орынсыз сермеу т.б.) бар ма?
- 5) Әңгімелесуші адамның жағдайын барынша түсінуге тырысасыз ба?
- 6) Әңгімелесуді тезірек бітіруге әрекет жасайсыз ба?
- 7) Пікір таластырғанды ұнатасыз ба?
- 8) Тыңдап отырғанда, қосымша сұрақтар қоясыз ба?

Сұрақтар бойынша студенттердің жауаптары сараланып, бірнеше нұсқаларға топтастырылды:

Кесте 35 – Студенттердің дұрыс тыңдай білу шарттарын меңгеру көрсеткіштері

Дұрыс тыңдай білудің шарттары	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
Сөзін бөлмеу	87%	83%
Жағымды ахуал туғызу	64%	59%
Қызығушылық таныту	94%	92%
Бейвербалды амалдарға мән беру	36%	23%
Пікірталасқа түсуді қаламау	36%	25%
Сұрақтар қоя білу	17%	21%

Тәжірибеде тыңдалым бойынша екі дәріс мазмұнынан үзінді берілді. Біріншісі – үздік педагогикалық сөйленіс үлгісінен үзінді, екіншісі – сәтсіз шыққан педагогикалық сөйленіс үзіндісі. Оларды тыңдағаннан кейін студенттерге төмендегідей формадағы кестелер беріліп, әр үзіндінің әсер ету факторларына талдау жүргізілді.

Кесте 36 – Студенттердің үздік дәріс үзіндісін талдауы мен олардың нәтижелері

Факторлар	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1	2	3
1. Дұрыс артикуляция	75%	80,5%
2. Сөздің логикалық құрылымының (басы, негізгі	62,5%	55,5%


36-кестенің жалғасы

1	2	3
бөлімі, қорытындысы) сақталуы		
3. Сөйлеудің бірқалыпты қарқыны	21%	38,8%
4. Интонацияның дұрыс қойылуы	42,8%	31,9%
5. Дауыс тембрінің жағымды болуы	39%	29,1%
6. Кідірістердің аз болуы немесе кідірістің орынды қолданылуы	30%	26,4%
7. Сөз экспрессивтілігі	41%	23,6%
8. Екпіннің дұрыс қолданылуы	54%	19,4%
9. Сөзге сәйкес ым-ишаралардың қолданылуы	43,1%	13,8%
10. Сөзіне сендіре білу деңгейі	92%	12,5%

Кесте 37 – Студенттердің сәтсіз шыққан дәріс үзіндісін талдауы мен олардың нәтижелері

Факторлар	Бақылау тобы	Эксперимент тобы
1. Сөйлеу қарқынының тым баяу болуы	81%	70,8%
2. Сөздің логикалық құрылымының дұрыс сақталмауы	56%	45,8%
3. Артикуляцияның дұрыс болмауы	44%	36,1%
4. Ым-ишараның мүлдем қолданылмауы	35,5%	29,2%
5. Дауыс тембрінің тым төмен болуы	23,8%	20,8%
6. Кідірістердің көп қолданылуы	17%	19,5%
7. Сөз экспрессивтілігінің төмен болуы	26%	18,1%

Топтық жұмыстың соңында студенттерден оқытушы үшін қолданылуы тиіс сөздің қатысымдық сапасын көрсету ұсынылды. Мәселені алға қою барысында филолог-студенттердің сөздің қатысымдық сапалары туралы көп естігенімен, нақты түсініктерінің болмағаны анықталды. Кейбір қатысымдық сапалардың (сөз дұрыстығы мен дәлдігі) білім алушылар санасында аражігі ажыратылмағаны да дәлелденді. Нәтижесінде мынадай көрсеткіштер анықталды:



Сурет 38 – Студенттердің оқытушы үшін қолданылуы тиіс сөздің қатысымдық сапасының көрсеткіші

Сондай-ақ «Тілдік тұлға тұрғысынан оқытушының үлгі сөзін сипаттаңыз» деген тапсырмаға студенттер: *«материалды жеңіл әрі түсінікті тілде түсіндіреді», «сөзді шұбыртпайды», «түсініксіз болуы мүмкін жерлерін нақты мысалдармен дәйектеп береді», «сөйлеген сөзінен оқытушының жан-жақтылығы байқалады», «сұрақтар қояды, пікірталастарға жағдай жасайды», «өзара әрекеттік байланысты сақтап отырады», «тілінің тазалығына мән береді», «сыртқы келбетіне мән береді», «өз пәніне қызығушылық тудыра біледі», «сөйлеуі (дикциясы тұрғысынан) түсінікті», «тыңдармандарын қажет кезде серпілтіп, сергітіп алады» тәрізді жауаптар берген.*

Екінші кезеңде Оқыту қалыптастыру эксперименті жүргізілді. Қалыптастыру экспериментінің басты мақсаты – зерттеу тарапынан ұсынылған жаңа «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» таңдау пәнінің аясында құрастырылған әдістемелік жүйенің тиімділігін оқыту тәжірибесімен жүзеге асыру.

Қалыптастыру экспериментінің басты міндеттері:

- студенттердің ауызша тіл, ауызша сөз мәдениеті және педагогикалық дискурстың негізгі тірек ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру;
- жалпы мәдениеттілікке баулу, соның ішінде сөз мәдениетіне жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;
- студенттердің ауызша сөйлеу мәдениеті құзыреттіліктерін қалыптастырумен қатар, ойлау, пайымдау, шығармашылық, эстетикалық қабілеттерін дамыту, тілдік сезімін шыңдау;
- кез келген коммуникативтік және педагогикалық жағдаяттарда ауызша тілдің прагматикалық қолданысын меңгерту.

Оқыту эксперименті кезеңінде төмендегідей оқу материалдары

қолданылды:

- *көрнекіліктер*: суреттер, фотосуреттер, диаграммалар, кестелер, сызбалар, карикатуралар, шаршытоп алдында сөз сөйлеудің құрылымдық сызбалары т.б.;
- *сөздік* материалдар: мәтіндер мен сауалнамалар, жоспар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, өлең үлгілері т.б.;
- *аудиоматериалдар* (үлгісөздер, түрлі коммуникативтік жағдаяттар үзінділері т.б.);
- *көрнекілік-сөздік* материалдар: дыбыстық жазбалар, кинофильмдер, бейнебаяндар т.б.

Эксперимент аталған пәннің білім мазмұны мен ұсынылған әдістемелік кешен (оқу әдістемелік құрал мен жаттығулар жинағы) негізінде жүргізілді. Ұсынылған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» таңдау пәнінің **негізгі мақсаты** – филолог-студенттерге қазақ ауызша тілінің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы ауызша сөйлеуге тән ғылыми түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру, олардың ауызша дұрыс сөйлеу құзыреттіліктерін дамыту. Осыған сәйкес, пән төмендегідей **міндеттерді** көздейді:

- тілдің жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі рөлі туралы ғылыми түсінік қалыптастыру;
- ауызша сөз мәдениетінің сатыларын игерту;
- тілдің эстетикалық табиғаты туралы ұғымдарды меңгерту;
- жаңа тілдік жағдаяттарда ауызша қарым-қатынас жасау құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- стиль түрлеріне сай тілдік талғамдарын жетілдіру;
- шаршытоп алдында сөйлеуге төселдіру, көпшілік алдында сөз мәдениетінің құрылымын меңгерту;
- педагогикалық шешендіктің мәні мен тарихы, оның мазмұны, компоненттері туралы түсінік қалыптастыру.

Осыдан келіп, пәннен төмендегідей **нәтижелер** күтіледі:

- ауызша сөз мәдениетінің сатыларын меңгереді;
- ауызша сөйлеу тілінің ерекшелігі мен стильдік бедерін ажырата алады;
- сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысты сөз мәдениеті дағдыларын біледі;
- ауызша сөйлеу тіліндегі ықшамдылық, үнемділік қағидаларын қолдана алады;
- шаршытоп алдында сөйлеуге дайындық сатыларын меңгереді;
- көпшілік алдында ауызша сөйлеу мәдениеті құрылымын меңгереді;
- пікірталас түрлерін игереді;
- ғылыми көпшілік алдында сөйлеудің шарттары мен міндеттерін жүзеге асыра алады;
- әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, ғылым-білім мазмұны тәрізді ауызша мәтіндерді құрайды;
- жаңа тілдік жағдаяттарда таңдаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығына байланысты тілдік құралдарды орынды пайдалана алады;
- сөйлеуде көріктеу құралдары мен айшықтау тәсілдерін, сөздің қатысымдық сапаларын ұтымды қолдана алады;
- пікірталасуда этикеттік орамдарды пайдаланып, сөйлесушілердің

әлеуметтік белгілеріне қарай қарым-қатынас жасайды;

- ғылыми, ресми стиль түрлерінде тілдік талғамға сай ауызша формада ойын жеткізе алады.

Пәннің аясында оқыту ұстанымдары басшылыққа алынып, тиімді деп табылған әдіс-тәсілдер қолданылды. Мысалы, «Сөз мәдениеті және шешендік. Қазіргі теориялық концепциясы. Пәнге қойылатын мақсаттар мен міндеттер» тақырыбын меңгерудеге байланыста Шығармашылық дәріс сабағында пәннің *теориялық концепциясын білім алушылар ПОПС формуласы арқылы* бірге жасап шығарды. Пән аясында жасалатын *электронды портфолио* жайлы түсінік берілді.

Квест семинар сабағында ауызша сөз мәдениеті мен шешендікті дамытуға арналған веб-сайттар тізімі жасалды.

«Тіл, сөз, сөйлеу туралы ғалымдардың тұжырымдамалары. Олардың халық және ұлт зиялыларының санасындағы көрінісі. Ауызша тіл мен жазба тілдің тілдік және тілдік емес белгілері. Ауызша тілдің ауызекі, бейтарап және әдеби түрлері» көрнекілік дәрісі барысында тіл, сөз, сөйлеу туралы ғалымдардың тұжырымдамалары бойынша 5 минуттық *демо-баяндама жасалып*, ауызша тіл мен жазба тілдің айырмашылықтары көрінетін *салыстырмалы кесте түзілді*. Ауызша тілдің ауызекі, бейтарап және әдеби түрлеріне мысал ретінде *дыбыстық жазбалар жиналды*. *Орфоэпиялық сөздікті* пайдаланып, сөздің айтылуы мен жазылуына байланысты талдау жасалды. Тіл, сөз, сөйлеуге қатысты *мақал-мәтелдер жарысы* ұйымдастырылды.

Ауызша сөз мәдениеті және оның нормалық, қатысымдық, этикалық аспектілері тұрғысынан қаралуын, сөздің қатысымдық сапаларын ауызша тіл мысалдарының негізінде норма мен жүйе түсінігінің аражігін ажырату үшін түрлі педагогикалық жағдаяттар аясында *кейс әдісі* бойынша *рөлдік ойындар* жүзеге асырылды. Ауызша сөз мәдениетінің прагматикалық қыры; коммуникативтік мақсат түсінігі, оны жүзеге асыруда қолданылатын стратегиялар мен тактика түрлері; дискурс ұғымы, оның түрлері; педагогикалық дискурстың негізгі тіректерін меңгертуге байланысты семинарда аудио және бейнежазбалар арқылы педагогикалық дискурстағы түрлі жағдаяттарға *SWOT талдау* жүргізілді. Тіл табысудағы сәтсіздіктердің себептерін айқындау мақсатында түрлі жанрдағы тыңдалым мәтіндерін тыңдап, *ассоциограмма* жасау арқылы тыңдаушы мен сөйлеуші мәдениеті талқыланды. *Іскерлік ойындар* арқылы сөзді диалогтендіру жолдары меңгертілді. Қазақ шешендігінің қалыптасу кезеңдеріне *хронологиялық кесте түзіліп*, «Үздік педагогикалық сөйленіс» *жарысы* ұйымдастырылды. Сөйлеу техникасы, артикуляция мен дикцияны жетілдіруге бағытталған *кешенді жаттығу жұмыстары* жүргізілді. Білім алушылардың өлеңді *жатқа, мәнерлеп оқу* (мысалы, кез келген бір өлеңді әртүрлі эмоциямен оқыту) дағдысы жетілдірілді. *Әртүрлі ойындар* («Қолтырауын», «Сымсыз телефон» т.б.) арқылы бейвербалды амалдардың түрлері меңгертілді.


«Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі. Қаратпа сөз әдебі. Қазақы қаратпалар» тақырыбына құрылған бейне-дәрісте әлем халықтарының

сәлемдесу әдебінің сыртқы және ішкі мазмұнын ашатындай *көріністер* қойылды.

Тілдік орта мен тілдік тұлға ұғымдарын түсіндіру бойынша пресс-конференция семинарында қостілділік пен үштілділіктің адамның когнитивтік санасына әсер ететін ықпалына байланысты *пікірталас* жағдаяттары ұйымдастырылды.

Сондай-ақ сабаққа басқа пән оқытушыларын (психология, әлеуметтану т.б.) шақырып, *бинарлы дәріс сабағында* «Уәжді және уәжсіз ауытқулар. Ауызша сөздің дайындықты және дайындықсыз типтері. Әсіре ресмилік» тақырыбын меңгертуде *әлеуметтік желілерді пайдалану* арқылы студент ауызша сөздің дайындықты типін жүзеге асырып, өз сөйлеу мәдениетін бағалады.

Өзге функционалды стильдердің ауызша тілдегі көрінісін көрсету мақсатында әртүрлі автордың бір тақырыпта, бірақ әр стильде сөйлеген сөздерінен *үлгілер келтіру* тапсырмасы берілді. БАҚ ауызша тіліндегі сәтті және сәтсіз қолданыстарға үлгілер келтіріп, ғылыми стильде жазылған мақаланы ауызша *баяндауды* қосымша тапсырма ретінде ұсындық. Сонымен қатарқоғамда үздік деп танылған үлгі сөздер арнайы дискіге жинақталып, тыңдатылды және олар құрылымдық тұрғыдан талданды.



Сурет 39 – Студенттерге тыңдатып, талдату мақсатында арнайы жинақталған авторлық бағдарлама

Сондай-ақ ауызша тілдің қатысымдық сапаларын студенттерге меңгерту үшін нақты коммуникативтік жағдаяттарға негізделген оқыту-үйрету бейнежазбалары жинақталды.



Сурет 40 – Ауызша сөздің қатысымдық сапаларын меңгертуге бағытталған оқыту-үйрету бейнежазбалары бойынша даярланған авторлық бағдарлама


Аталған бейнежазбалар жалпы көпшілік қауымға да бағытталғандықтан, олар Youtube желісінде арнайы канал ашылып, қойылды:



Сурет 41 – Ауызша сөздің қатысымдық сапаларын меңгертуге бағытталған Youtube желісіндегі авторлық оқыту-үйрету бейнежазбаларынан көрініс

Семинар сабақтарында жазба сөз мәдениетіне қойылатын талаптар мен үздік жазба сөздің құрылымын модельдеуде студенттерге белгілі бір тақырып аясында жазба риториканың үлгісі болатындай *эссе* немесе басқа да *жазба жұмыстың түрлерін орындау* тапсырылды. Сонымен қатар оқытушының алдын ала даярлаған материалдары негізінде ең үздік эссе құрылымдарына *талдау жасалды*. Жазу мәдениетіндегі орфографиялық норманы, сөздердің бірге/бөлек жазылуын меңгертуде өздік жұмыстар орындалды. Атап айтар болсақ, студенттерді «Бірге» және «Бөлек» топтарына бөліп, әрқайсысы бір-біріне өз топтарының мазмұнын *тірек-сызбалар* негізінде түсіндірді. Бірге-бөлек жазылатын сөздер ауызша айтылу нұсқаларымен салыстырмалы түрде талданып, сараланды.

Жалпы алғанда, оқу үдерісінде дәріс немесе семинар сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тиімді қолданылды. Осы мақсатта қазіргі кезде білім беру саласындағы танымал *компьютерлік бағдарламалар* пайдаланылды. Солардың бірі – LearningApps бағдарламасы.




Сурет 42 – LearningApps бағдарламасы (<https://learningapps.org/>) арқылы жасалған тапсырма үлгісі

Көрсетілген компьютерлік оқыту тәжірибесінде бағдарламаны жаңа сабақты бекіту кезеңінде қолданған өте тиімді екені дәлелденді. Жоғарыда берілген тапсырма ауызша сөздің қатысымдық сапаларының бірі – сөз байлығына қатысты ұғымдарды өткен кезде жасалған. Тұрақты сөз тіркестері – сөз байлығының бірден бір көрсеткіші. Тапсырманың берілгені бойынша, яғни фразеологизмдерді мағынасымен сәйкестендіру арқылы білім жадында берік сақталады. Бұдан басқа бағдарламаның көмегімен «жұбын табу», «бос орынды толтыру», «суреттермен жұмыс», «ретімен орналастыру» секілді тапсырма түрлері орындалды.

Одан басқа да дәріс және семинар сабақтарында көптеген жаңа

компьютерлік бағдарламалар қолданылды. Олардың кейбіреуімен төмендегі берілген суреттерден көруге болады:



Сурет 43 – «Vimeo» бейнежазбалар жасауға арналған бағдарламасымен (<https://vimeo.com/>) жасалған дәріс үзіндісі



Сурет 44 – «Moodle» бағдарламасы арқылы жасалған пәннің оқу-әдістемелік кешені (<https://moodle.org/?lang=kk>)

Дәріс және семинар сабақтарынан басқа студенттің өздік жұмысы (СӨЖ), студенттің оқытушымен орындайтын жұмыстары (СОӨЖ) өз деңгейінде өткізілді. Студенттің өздік жұмыстарының мақсаты – өз бетінше білім алуға,


өзіндік ой қорытулар жасауға баулу. Төменде «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәні аясында орындалған СӨЖ тақырыптары ұсынылады. Студенттер осы тақырыптар бойынша шығармашылық деңгейдегі менталді кестелер мен постерлер жасады, библиографиялық көрсеткіштер мен альбомдар даярлады, сондай-ақ бейнероликтері бар көрсетілімдер, слайдтар түріндегі презентациялар, ауызша сөз мәдениетіне қатысты жинаған сөздерден әртүрлі сөздіктер құрастырды, шаршысөз алдында сөйлеу мәдениетіне қатысты модельдер даярлап, ашық, жабық тестер мен сөзжұмбақ т.б. өздік жұмыс түрлерін орындады.

Кесте 38 – «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» пәнінің аясында орындалған студенттің өздік жұмыстары

СӨЖ тақырыптары

1	Сөз мәдениетінің қазіргі даму бағыттары
2	Сөз мәдениеті және прагматиканың арақатынасы
3	Орфоэпиялық және орфографиялық нормалар, оның теориялық негіздері
4	Сөз мәдениетінің қазіргі зерттелу аспектілері
5	Ұлттық сипаттағы коммуникативті стратегиялар мен тактикалар
6	Әлеуметтік-тұрмыстық және ресми-іскерлік қатынастағы сөз әдебі
7	Ауызша тілге қатысты отандық және шетелдік зерттеу жұмыстары
8	Билингвизм құбылысы. Оның ана тілге әсері
9	Коммуникативтік мақсат пен діт ұғымдары
10	Сөйлеу әрекеттерінің педагогикалық дискурстағы маңызы
11	Ұлттық сипаттағы бейвербалды амалдар мен олардың қазіргі қолданысы
12	Ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудағы лингвоэкологиялық зерттеулердің пайдасы
13	Интерференция құбылысы және оның адам санасына әсері
14	Қарқынның сөз мазмұнын жеткізудегі рөлі
15	Тілдік тұлға және оның когнитивті санасы

Сонымен қатар оқыту экспериментінде аудиториядан тыс студенттің ауызша сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Жоғарыда ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың әдістерінің бірі ретінде мәтінмен жұмыс туралы ақпарат берілген. Осыған орай жеңіл әрі жылдам оқылатын шығармалардың негізінде, «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» сабағына мазмұны жақын пәннің оқытушысымен бірлесіп *«Оқырман бәйгесі» жарысы* ұйымдастырылды. Оның мақсаты – қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, оқырмандардың ауызша және жазба сөз мәдениетін қалыптастыру. Аталған сайыс әртүрлі кезеңмен өткізілді. Жарыс соңында шығарманы талқылау барысында студенттер полемикалық дағдыларын шыңдауға мүмкіндік алады.



ЖАРЫС

Жарыс өткізілетін кітап:
«Ертегісіз өткен балалық»
(А.Баймұхаметов, 112 бет)

Жауаптылар:
БББ координаторы Ж.Дүйсебекова,
пән оқытушысы Қ.Ибрагимов,
«Мағжан» клубының жетекшісі Д.Жанел.

«Оқырман бәйгесі» ЖАРЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Мақсаты: қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, оқу дағдысын жетілдіру.
- «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» қатысады (1–4-курс)
- Жарысқа қатысу ТЕГІН. Қатысушыларға кітап ТЕГІН беріледі және сынақ аяқталған соң кері қайтарылу керек. Тіркеуге жауаптылар: KZP-3
- Сынақ уақыты: 4 қазан, 16:00.
- Марапаттау салтанаты: 4 қазан, 16:10.
- Марапаттау салтанатының қонағы «Ертегісіз өткен балалық» кітабын қазақшаға аударған ақын Саят Қамшыгермен кездесу
- Жүлделі орындар:

1-орын 5000 теңге (1-еу), 2-орын 3000 теңге (2-еу), 3-орын 1000 теңге (3-еу)	Арнайы сыйлықтар: «Күпия» (авторы Қ.Шонбай), «Тайм менеджмент» (Ш.Әділова), «Күміс кітап» (Б.Бұқарбай) т.б.)
--	---

SU
SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

Ұйымдастыру комитеті:
«Мағжан» әдеби клубы, KZP-3

Сурет 45 – «Оқырман бәйгесі» сайысының алғашқы кезеңі



ЖАРЫС

Жауаптылар: БББ координаторы Жайнагүл Дүйсебекова
пән оқытушысы Қанат Ибрагимов

"Оқырман бәйгесі" сайысының ережелері

- Мақсаты: қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, кітап оқу дағдысын жетілдіру.
- Қатысушылар: барлық факультет студенттері (1-4 курс)
- Тіркелу: жарысқа қатысу ТЕГІН. Тіркеуге жауаптылар: KZP-3, парақшада тіркелу сілтемесі бар
- Сынақ уақыты: сайыс 8 қазан – 25 қазан арасында өтеді
- ◆ Жүлделі орындар:

1-орын 25000 теңге (1-еу) 2-орын 15000 теңге (2-еу) 3-орын 5000 теңге (3-еу)	және қатысушыларға арнайы ынталандыру сыйлықтар ◆ «Күпия» (Қ.Шонбай), ◆ «Тайм менеджмент» (Ш.Әділова), ◆ «Күміс кітап» (Б.Бұқарбай) т.б. табысталады.
--	--
- Ұйымдастыру комитеті: KZP-3 және «Мағжан» клубы

Сурет 46 – «Оқырман бәйгесі» сайысының екінші кезеңі



ЖАРЫС

Жарыс өткізілетін кітап:
«Балалық шаққа саяхат»
(Б.Соқпақбаев)

Жауаптылар:
БББ координаторы Ж.Дүйсебекова,
пән оқытушысы Қ.Ибрагимов

«Оқырман бәйгесі» САЙЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ 4-кезең

- Мақсаты: қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, оқу дағдысын жетілдіру.
- СДУ студенттері (1–4-курс), магистранттары, докторанттары қатысады
- Жарысқа қатысу ТЕГІН. Тіркелу үшін линк: tiny.cc/sdu_oqyrman
- Сынақ 21 қараша, бейсенбі күні өтеді. Сынақтың ұзақтығы – 60 мин
- Марапаттау салтанаты: 22 қараша, 17:00.
- Жүлделі орындар:

1-орын 25000 теңге (1-еу), 2-орын 15000 теңге (2-еу), 3-орын 5000 теңге (3-еу)	Онлайн оқу: tiny.cc/sdu_bala epub: tiny.cc/balalyq_saqqa_saihat
--	--

SU
SULEYMAN DEMIREL UNIVERSITY

Ұйымдастыру комитеті:
«Мағжан» әдеби клубы, KZP-3

Сурет 47 – «Оқырман бәйгесі» сайысының үшінші кезеңі

Қорыта айтқанда, аталған білім сайыстары өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Ұсынылған әдістеменің тиімділігін анықтау мақсатында **қорытынды эксперимент** жүргізілді. Қорытынды эксперименттің басты мақсаты – бақылау мен эксперименттік топтағы білім алушылардың тақырып аясындағы білім мен білік көрсеткіштеріне сандық және сапалық талдау жасау. Мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер алға қойылды:

- білім алушылардың ауызша тіл мен ауызша сөз мәдениеті, олардың педагогикалық дискурстағы қолданысы заңдылықтарын меңгеруін анықтау;
- педагогикалық шешендікке бейімделу деңгейін белгілеу;
- қолданылған әдістемелік жүйенің нәтижелері негізінде тиімділігін айқындау.

Осы мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда берілген **құрылым бойынша шаршысөз үлгісін құрастыру, сипаттау тапсырмасы** мен **өзін-өзі бағалау тапсырмасы** берілді. Бірінші, жүргізілген пән бойынша өзін-өзі бағалау нәтижесі төмендегідей болды:

Кесте 39 – Студенттердің пән бойынша өзін-өзі бағалауға байланысты жауаптарының сандық көрсеткіштері

<i>Пән ... тұрғысынан пайдалы болды.</i>	Білім алушылардың саны (%)
ауызша сөз мәдениетін дамыту	89
шаршытоп алдында сөйлеп үйрену	57
сөйлеу техникасын меңгеру	35


Екіншіден, білім алушылардың ауызша сөздің құрылымдық мазмұнын меңгеру деңгейін бағамдау мақсатында төмендегі құрылым бойынша еркін тақырыпта 7-10 минуттық шаршысөз үлгісін құрастырып, оны шаршытоп алдында баяндап беру тапсырмасы берілді.

Кесте 40 – Білім алушыларға қорытынды эксперимент тапсырмасына берілген шаршысөздің мазмұндық құрылымы [8, б.236].


Сөз бөлімдері
I Кіріспе сөз <i>Міндеттері:</i> - болашақ әңгіменің тақырыбына қызығушылық туғызу; - байланыс орнату; - тыңдаушыны сөзді тыңдауға дайындау; - мәселенің өзектілігін негіздеу.
II Негізгі сөз <i>Міндеттері:</i> - көтерілген мәселелерді ретімен баяндау; - олардың дұрыстығын дәлелдеу; - тыңдаушыларға қажетті қорытындылар жасату.

Сөз бөлімдері
III Қорытынды сөз <i>Міндеттері:</i> - ойын жинақтау; - баяндаудың түйінін атап көрсету; - мәселенің шешу жолдарын айқындау.

Аталған тапсырманың нәтижесі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:




Сурет 48 – Бақылау топтарының қорытынды эксперимент тапсырмасын игеру көрсеткіші



Сурет 49 – Эксперимент тобының қорытынды эксперимент тапсырмасын игеру көрсеткіші

Алынған көрсеткіштер бойынша бақылау және эксперимент топтарының нәтижелерін салыстырмалы түрде көрсетер болсақ:



Сурет 50 – Бақылау және эксперимент топтары нәтижелерінің салыстырмалы динамикасы

Сонымен қатар, «Өзіңізді болиақ педагог ретінде сезініп, өз үлгі сөзіңізді сипаттаңыз» деген тапсырмаға **бақылаушы топ**:


- нормаларға сай сөйлейді;
- бәріне түсінікті сөйлейді;
- нормадан ауытқуға жол бермейді;
- сөз тазалығын сақтайды;
- жекелеген дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтады секілді жауаптарды ғана

ұсына алса, **эксперименттік топтың** жауаптары төмендегідей толыққанды болды:

- штамп, клише, жауырын болған сөздерді қолданбауға тырысады;
- сөзінен өзінің жеке бас қасиеттерін көрсете алады (білімділігі, тәрбиелігі, рухани байлығы, дүниетанымының кеңдігі т.б.);
- сөз арасында ұтымды окказионалды қолданыстарды пайдаланады;
- әрбір сөзін ой елегінен өткізеді;
- сөзі адамға сенім ұялатады (нақты фактілерге, аргументтерге сүйенеді);
- сөзі нақты әрі дұрыс құрылады;
- сөзі аудиторияға (оқушыларға) бағытталады;
- көпсөзділікке орын бермейді;
- сөзі тыңдаушылардың ауызша сөз мәдениетін дамытуға негіз бола алады;
- орфоэпиялық нормадан ауытқушылық байқалмайды;
- ауызша тілдің басқа типтерінің элементтерін орынды қолданады;
- өз сөзімен жағымды ахуал туғыза алады;
- сөзі эмоционалды, орынды;
- сөзі аудиторияда отырғандардың (оқушылардың) барлығына түсінікті;

- терминдерді көп қолдануға тырыспайды;
- сөз әдебін барынша сақтайды;
- сөйлеу барысында оқушылардың пікірін ескереді;
- «керек», «қажет», «тиісті» деген сөздерді орнымен қолданады;
- оқушыларды пікірталастарға қатысуға мүмкіндік береді;
- пікірталастарға белсенді қатысады;
- бейвербалды амалдарды орнымен қолданады;
- сөйлеген сөзі логикалық тұрғыдан дұрыс құралады;
- қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін орынды пайдаланады;
- сөзінің артикуляциялық жағынан қамтылуына баса мән береді;
- оқушылармен қарым-қатынаста болымсыздық мәніндегі етістіктерді қолданбауға тырысады т.б.

Төменде эксперимент тобының пәнді игеру нәтижесінде балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаларының сапалық көрсеткіштері беріледі.



Сурет 53 – Бақылау және эксперимент топтары пән бойынша оқу үлгерімдерінің салыстырмалы динамикасы

Эксперимент нәтижелерін қорытындылай келгенде, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- 1) Ұсынылған арнайы дидактикалық ұстанымдар зерттеу мақсатымызға сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыруға оң ықпал етті.
- 2) Қолданылған оқыту әдістері, оқу құралдары, оқу материалдары оқытудың нәтижелілігін арттырды.
- 3) Зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде дәлелденді.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеу жұмысының екінші тарауы жоғары білім беру жүйесінде ауызша сөз мәдениетін оқыту жайына шолу жасауға, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруға, ауызша сөз мәдениетін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін ұсынуға және білім алушылардың ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің эксперименттік жүйесінің нәтижелерін талдауға арналған.

Осы аталғандарды негізге ала отырып, төмендегідей тұжырымдарды атауға болады:

Біріншіден, ауызша сөз мәдениеті басқа да көптеген тіл білімі салаларының нысаны бола алады. Ол өз кезегінде ауызша сөз мәдениетін дамыту кешенді жүргізілетін үдеріс екенін дәлелдейді.

Екіншіден, сөз мәдениеті, соның ішінде ауызша сөз мәдениеті мемлекет тарапынан бекітілетін үлгілік оқу бағдарламаларында қайта қамтылуы тиіс. Себебі еңбек нарығында бәсекелестікке қабілетті тұлғаның бір сипаты – дұрыс сөйлеу, ойын еркін де сауатты жеткізе алу. Сондықтан оқу бағдарламаларында ауызша сөз мәдениетін қалыптастыратын пәндер міндеттілердің қатарынан табылуы керек.

Үшіншіден, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамыту белгілі бір құрылымдық-мазмұндық модельге сүйенеді. Ол модель ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру концепциясының негізінде жасалады.

Төртіншіден, ауызша сөз мәдениетін оқытуда түрлі әдістер мен технологияларға жүгінуге болады. Атап айтар болсақ, үлгісөздердің негізінде оқыту, постер арқылы оқыту, мәтін арқылы дамыту, пікірталас, әңгімелесу мен кешенді жаттығу жұмыстары, АКТ және медиатеchnологиялардың мүмкіндіктерін қолданудың ауызша сөз мәдениетін оқытуда берер пайдасы мол.

Бесіншіден, филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың эксперименттік оқыту тәжірибесінің нәтижелері бастапқы назар аударуға тиісті мәселелерді анықтап, ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды

Жоғары оқу орнында оқытылатын пәндердің мазмұндық және құрылымдық жүйесі ерекше болады. Оның ерекшелігі білім мазмұнының студенттің болашақ мамандығына сай берілуімен айқындалады. Оқытылатын пәндер де аталған талапқа сай жүргізілуі тиіс. Әрине, кез келген мамандық иесіне ауызша сөз мәдениетінің жеткілікті деңгейде болуы, шаршытоп алдында сауатты сөйлей білуі қажет. Тілші, заңгер, педагог тәрізді мамандықтарға ауызша сөз мәдениетін дамыту қажеттілікпен қатар, сол маман даярлығына қойылатын басты талаптар болып табылады. Қойылған міндеттерді шешуде ауызша сөз мәдениетінің теориялық алғышарттары ретінде сөз мәдениетінің ортологиялық саласы, қолданбалы стилистика және шешендіктің негіздерін басшылыққа алудың маңызы зор.

Ауызша тіл – күрделі үдеріс. Ол тек тіл білімі саласының (психоллингвистика, әлеуметтік лингвистика, нейролингвистика, фонетика, сөз мәдениеті, стилистика т.б.) тарапынан ғана зерттелмей, сондай-ақ психология, физиология, педагогика, әдебиеттану, әлеуметтану салаларының да зерттеу нысанына айналып отыр. Осыған орай, зерттеу барысында қазақ және әлемдік тіл білімінде ауызша сөз мәдениетіне қатысты зерттеулер талданып, сараланды. Тәжірибеде тиімділігі дәлелденді. Зерттеу барысында студенттердің ауызша сөз мәдениетін педагогикалық дискурс аясында қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері анықталды. Нәтижесінде, қазақ тіл білімінің ауызша сөз мәдениеті саласы мен оны оқыту әдістемесіне өзіндік қосар үлесі бар теориялық-әдістемелік тұжырымдарға қол жеткізілді:

1) Тіл, сөз бен сөйлеудің өзара ұғымдық арақатынасын білу маңызды. Аталған ұғымдардың психологиялық және педагогикалық аспектілерінің зерттеу жұмысының нысанына тікелей қатысы бар. Осы тұрғыдан алғанда диссертацияда «тіл», «сөз», «сөйлеу» ұғымдарының аражігі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен тілдегі сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, халық зиялыларының айтқан тағылымды ой-пікірлері негізінде ажыратылды.

2) Тіл білімінің өзекті мәселелерін зерттеуде антропоөзектік бағыттың дамуына байланысты қазіргі кезге дейін тіл білімінің басты нысаны болып келген жазба тілмен қатар, ауызша тілдің зерттелуінің маңызы зор. Ауызша тіл мен жазба тіл өмір сүру формаларымен ғана емес, коммуникация барысында қолданылатын тілдік амал-тәсілдерімен де ерекшеленеді, сондықтан студенттердің сөз мәдениетін дамытуда ауызша тіл және жазба тіл тұрғысынан қарастырудың рөлі ерекше.

3) Ауызша тілді типтерге бөлудегі қажеттілікті тұлғаның когнитивтік және әлеуметтік дамуы тудырып отыр. Ауызша тілдің түрлері өзіндік сипаттық белгілерімен ерекшеленеді. Соның ішінде бүгінде бейтарап ауызша сөйлеу тілін дамыту – қазақ тілінің өміршендігін арттырудың бірден бір жолы бола алады. Осыған орай, филолог-студенттердің ауызша тілдің түрлерін меңгеруі кәсіби маман болуы тұрғысынан маңызды қызмет атқарады.

4) Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту – ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың негізі. Қазақ тіл білімінде ауызша сөз мәдениеті

жалпы сөз мәдениеті мен стилистиканың, шешендік өнерінің аясында қарастырылды. Ауызша сөз мәдениетінің жазба сөз мәдениетімен салыстырғанда, нормалық, қатысымдық және этикалық аспектілері тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы тұрғысынан мәселелердің ерекшеліктерін білу болашақ филолог маманның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға негіз болады.

5) Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастыру мен дамыту педагогикалық дискурс аясында қарастырылып оқытылуы керек. Педагогикалық дискурс өз кезегінде ірі коммуникативтік-педагогикалық функцияларды атқарғандықтан, оның жүзеге асуында ауызша сөз мәдениетінің рөлі жоғары.

6) Студенттерге ауызша сөз мәдениеті, оның ғылыми негіздерін меңгертуде сөйлеу тілінің стильдік бедері, идеология, БАҚ, өмір сүру салты, ауызша сөз мәдениетіне деген қажеттілік секілді макродеңгейдегі және субмәдениет, референтті топ, сөйлеу жағдаяты мен тілдік тұлғаның білімі секілді микродеңгейдегі факторларды ескеру маңызды.

7) Студенттердің ауызша сөз мәдениеті – білімді игеру барысында динамикалық сипатқа ие. Сондықтан білім алушылардың ауызша сөз мәдениеті дамуының әрбір кезеңі мен олардың өзіндік ерекшеліктерін ескеру арқылы оқыту жоғары нәтижелерге жеткізеді.

8) Оқытудың тиімді ұйымдастыру түрлерін, оқыту әдістерін, оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес анықтайтын қағидалар жүйесін түзу күрделі үдеріс болғандықтан, ауызша сөз мәдениетін меңгертудің ғылыми-дидактикалық ұстанымдарын белгілеу маңызды. Осы ретте филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін дамытуда жалпы және арнайы дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынды. Білім алушылардың жас және дара психологиялық ерекшеліктерін ескеру, ғылымилық, ізгілендіру, түсініктілік, теорияның тәжірибемен байланысы, жүйелілік пен бірізділік, білімінің беріктігі, саналылық пен белсенділік, қатысымдық ауызша сөз мәдениетін меңгертуде басшылыққа алынатын жалпы дидактикалық ұстанымдар болса, тіл сезімін дамыту, пәнаралық байланыс, модельдеу, қызығушылықты ояту, сыни тұрғыдан ойлау сауаттылығын дамыту, медиатеchnологиялардың мүмкіндігін пайдалану т.б. жеке пәндік дидактикалық қағидаттар жүзеге асырылды.

9) Студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, ұсынылды. Модельді жасауда ауызша сөз мәдениетін жүйе, педагогикалық іс-әрекет, үдеріс және кәсіби-педагогикалық дайындық компоненті ретінде танытатын арнайы тұжырымдама басшылыққа алынды. Сондай-ақ модельдеуде ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан педагог маманға деген әлеуметтік сұраныс пен білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескерілді.

10) Филолог-студенттердің ауызша сөз мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынудың негізінде тіл – сөз – сөйлеу арақатынасын жете түсінетін, ауызша тілдің ұғымдық аппаратын білетін, ауызша тіл мен жазба тілдің қолданыстағы ерекшеліктерін ажырата алатын,

ауызша тіл сатыларын (ауызекі, бейтарап және әдеби) толық меңгерген, сөздің қатысымдық сапаларын орынды қолданатын, ауызша сөз мәдениетінің нормалық, жүйетүзушілік және этикалық аспектілерін сезінетін, тілдік сезімі дамыған, педагогикалық дискурсқа қатысушы ретінде өз рөлін айқындай білетін ауызша сөз мәдениеті қалыптасқан филолог-студенттің моделі жасалды.

11) Білім алушыларға ауызша сөз мәдениетін оқытуда қолданылатын тиімді оқыту әдістері таңдалды. Олардың қатарына үлгісөздердің негізінде оқыту, постер жасату арқылы оқыту, тілді көркем мәтін арқылы дамыту, пікірталас ұйымдастыру, кешенді жаттығу жұмыстарын жүргізу, әңгімелесу, АКТ және медиатеchnологиялардың мүмкіндіктерін қолдану, ойындар, тірек-сызбалар арқылы оқыту әдістері жатады. Алға қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына арналған «Риторика және педагогтың сөйлеу мәдениеті» таңдау курсының мазмұны әзірленіп, ұсынылды.

12) Болашақ мамандарға ауызша сөз мәдениетін меңгерту әдістемесін негіздеуде анықтаушы, қалыптастырушы және қорытынды эксперимент жүргізіліп, нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жұмыстары жүргізілді. Қорытынды нәтижелер ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігін дәлелдеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Қазақстан Республикасындағы 1997 жылғы 11 шілдедегі №151-І тіл туралы Заңы (ҚР 2014 жылғы 29 желтоқсанындағы №269-V Заңымен енгізілген өзгертулермен). Қазақстан республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 32 б.
- 2 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген. Қазақстан республикасындағы тілдер туралы негізгі заң актілері. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 32 б.
- 3 Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. – Алматы.: Рауан, 1991. – 200 б.
- 4 Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 518 б.
- 5 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 328 б.
- 6 Абилхайрова Ж. Филолог-студенттердің тіл мәдениетін жетілдіру әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.02. – Алматы, 2010. – 132 б.
- 7 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
- 8 Әбдіхалықов М., Күнтуарова Б., Парфенова Л. Сөздік қатынас негіздері: Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2010. – 376 б.
- 9 Әлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.
- 10 Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1984. – 75 б.
- 11 Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2014. – 290 б.
- 12 Nimisha Kaushik «Difference Between Language and Speech» // www.differencebetween.net/language/words-language/difference-between-language-and-speech 05.06.19.
- 13 Львов М.Р. Основы теории речи. Учебное пособие. – М.: Академия, 2000. – 248 с.
- 14 Дементьев В. Теория речевых жанров. – М.: Знак, 2010. – 597 с.
- 15 Норман Б. Жанр разговорника: между текстом и языком // Жанры речи. Вып. 3. – Саратов, 2002. – 318 с.
- 16 Балашова Л. В. Номинации речевых жанров и их компонентов в современном русском языке. – Саратов, 2009. – 440 стр.
- 17 Anusiewicz J. Potoczność jako sposób doświadczania świata i jako postawa wobec świata // Język a kultura. – Wrocław, 1989. – № 5. – P. 118-126.
- 18 Ballmer Th., Brennenstull W. Speech act classification: A study in the lexical analysis of English speech activity verbs. – Berlin, 1981. – 274 p.
- 19 Вежбицкая А., Годдард К. Дискурс и культура. – Саратов, 2002. – 440 с.
- 20 Милованова Ж. Жанрово-речевые особенности педагогического

дискурса // Языковая личность: жанровая речевая деятельность: Тез. докл. науч. конф. – Волгоград, 1998. – 477 с.

21 Ладыженская Т. Живое слово. М.: Просвещение, 1986. – 400 с.

22 Herring S. A Faceted Classification Scheme for Computer-Mediated Discourse // <http://languageatinternet.de/articles/761>. 18.04.2019.

23 Schiffrin D. Approaches to Discourse. – Oxford: Cambridge, 1994. – 470 p.

24 Wilson D. Relevance: Communication and Cognition. – Oxford: Cambridge, 1995. – 331 p.

25 Бахтин М. Проблема речевых жанров. Из архивных записей к работе «Проблема речевых жанров». Проблема текста // М. М. Бахтин Собр. соч.: В 5 т. – Т. 5. Работы 1940-х – начала 1960-х годов. – М., 1996. – 529 с.

26 Абдулжанова З. Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты: филос. докторы (PhD) ғыл. ... дис. 15.00.03. – Алматы, 2014. – 150 б.

27 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 272 б.

28 Соссюр де Ф. Труды по языкознанию. – М., Прогресс, 1977. – 686 с.

29 Игінісова А. Мектеп оқушыларының сөз мәдениеті. – Алматы, 2001. – 160 б.

30 Леонтьев А.А. Слово в речевой деятельности. – М., 1965. – 310 с.

31 Головин Б.Н. Введение в языкознание. 2-ое издание. – М.: 1978. – 332 с.

32 Беляев Б. О взаимоотношении мышления, языка и речи // Вопросы психологии, 1958. – №5. – С. 32-37.

33 Хасенов Ә. Тілі білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 152 б.

34 Бизақов С. Көңіл күй лебіздерін білдіретін сөз орамдары (Өңд. толықт. екінші бас.). – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2016. – 384 б.

35 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы : Ана тілі, 1997. – 208 б.

36 Арықбаева А. Диалогтағы сөйлеушінің субъективтік қарым-қатынасы // Тіл, аударма және тілдерді оқытудың қазіргі технологиялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2002. – 350-354 б.

37 Архипова Е. Основы развития речи учащихся: учебник и практикум для вузов / Е.В.Архипова. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 202 с.

38 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

39 Kuderinova K., Akhmetzhanova Z., Fazylzhanova A., Duisebekova Zh., Ibraemova J. The Theory of Phoneme in Kazakh Linguistics // Journal of Language and Literature, ISSN: 2078-0303. – 2016. – Vol. 7, No. 4. – P. 285-290.

40 Земская Е. Городская устная речь и задачи ее изучения // Разновидности городской устной речи. – М., 1988. – С. 5-44.

41 Балли Ш. Общая лингвистика и вопросы французского языка. – М., 1955. – 412 б.

42 Пигрова Е. Метакоммуникативные маркеры в устной спонтанной речи: дис. ...канд. фил. Наук: 10.02.01. – Санкт-Петербург, 2001. – 168 с.

43 Бубнова Г., Гарбовский Н. Письменная и устная коммуникация. Синтаксис и просодия. – М.: 1991. – 269 стр.

44 Филиппов К. Лингвистика текста и современный анализ устной речи: учебное пособие / К.А.Филиппов. – СПб.: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2016. – 228 с.

45 Louwerse M., Mitchell H. Toward a Taxonomy of a Set of Discourse Markers in Dialog: A Theoretical and Computational Linguistic Account // Discourse Processes, 2003. – №35 (3). – P. 199-239.

46 Якубинский Л. О диалогической речи // Язык и его функционирование. Избранные работы. – М., 1986. – С. 17-59.

47 Дүйсебекова Ж. Ауызекі сөйлеу тілінің жалпы сипаттамасы // Сулейман Демирель атындағы университет Хабаршысы. – Алматы, 2016. – №2. – 28-34 б.

48 Дүйсебекова Ж. Ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Филология сериясы. – Алматы, 2018. – №4 (62). – 250-254 б.

49 Стилистика и литературное редактирование: учебник / под ред. проф. В.И.Максимова. – 3-е изд., стереотипное. – М.: Гардарики, 2008. – 653 с.

50 Эглит Л. Русский сленг в социолингвистическом аспекте // Тіл, аударма және тілдерді оқытудың қазіргі технологиялары: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2002. – 350 б.

51 Күдерінова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы: оқу құралы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2013. – 344 б.

52 Linell P. Written Language Bias in Linguistics. – Sweden University of Linköping Dept . of Communication Studies, 1982. – 208 p.

53 Duisebekova Zh., Nurzhanova A., Suleimenova Zh. Linguodidactic basis for teaching culture of speech to foreign students // «Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана». – Алматы, 2019. – №4. – С. 89-96.

54 Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи. – Алма-Ата, 1972. – 180 с.

55 Герасимов В., Ромашко С. Прагматика устного общения // Звучащий текст. – М., 1983. – С. 427-454.

56 Макаров М. Интерпретативный анализ дискурса в малой группе: автореф. ... докт. фил. наук: 10.02.19. – Саратов, 1998. – 46 с.

57 Sinclair J., Coulthard M. Towards an Analysis of Discourse // Advances in Spoken Discourse Analysis. – London, 1992. – P. 1-34.

58 Байкулова А. Устное неофициальное общение и его разновидности: дис. ...док. фил. наук: 10.02.01. – Саратов, 2015. – 590 с.

59 Разговорная речь в системе функциональных стилей современного литературного русского языка. Грамматика / Под ред. О.Сиротониной. – Саратов, 1992. – 152 с.

60 Байкулова А. Неофициальное общение: подходы к его классификации и методике исследования // Известия Волгоградского гос. Пед. Ун-та. Серия Филологические науки. – Волгоград, 2014. – №7 (90). – С. 8-11.

61 Күдерінова Қ. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің маңызы //

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2018. – №4. – 140-146 б.

62 Земская Е. Политематичность как характерное свойство непринужденного диалога // Разновидности городской устной речи. – М., 1988. – С. 234-240.

63 Трошина Н. Типология звучащего текста // Звучащий текст. – М., 1983. – С. 151-172.

